


**ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**Университеттің 60 жылдығына арналған
«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ:
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕРІ»**

атты

**халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдарының жинағы**

**Сборник материалов международной
научно-практической конференции
«МОДЕРНИЗАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В УСЛОВИЯХ НОВОГО КАЗАХСТАНА:
ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРИКЛАДНЫЕ АСПЕКТЫ»
посвящённой 60 - летию университета**

Павлодар, 2022

УДК 37
ББК 74
У 58

Редакциялық алқа:

Павлодар педагогикалық университетінің басқарма төрағасы – ректор Ж.О.Жилбаев; ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор Б.С.Есенгельдин; ҒЗК департаменті директоры Б.А. Байдалинова; ҒҒЖМ деканы, т.ғ.к., доцент А.Е.Каримова, ПЖМ деканы, п.ғ.к., профессор Б.А.Нурмагамбетова, ЖЖМ деканы, философия докторы (PhD) Е.С.Габдуллин, ӨжСЖМ деканы, п.ғ.к. В.И. Лебедева

Университеттің 60 жылдығына арналған «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы: – Павлодар: ППУ, 2022. – 1011 б.

ISBN 978-601-267-722-5

Жинаққа конференция материалдары енгізілді. Басылым ғалымдарға, оқытушылар мен мұғалімдерге, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге, жалпы көпшілік оқырман қауымға арналады.

Мақалалар авторлық редакцияда басылды.

Редакционная коллегия:

Председатель правления – Ректор Павлодарского педагогического университета Ж.О.Жилбаев; Проректор по НР и МС Есенгельдин Б.С.; Директор ДПИ Байдалинова Б.А.; декан ВШГН, к.и.н., доцент Каримова А.Е., декан ВШП, д.п.н., профессор Нурмагамбетова Б.А., декан ВШЕ, доктор философии (PhD) Габдуллин Е.С., декан ВШИиС, к.п.н., доцент Лебедева В.И.

Сборник материалов международной научно-практической конференции «МОДЕРНИЗАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ НОВОГО КАЗАХСТАНА: ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРИКЛАДНЫЕ АСПЕКТЫ» посвящённой 60 - летию университета – Павлодар: ППУ, 2022. – 1011 с.

В сборник вошли материалы международной научно-практической конференции посвящённой 60 - летию университета. Издание адресовано ученым, преподавателям и учителям, докторантам, магистрантам, студентам, а также широкому кругу читателей.

Статьи изданы в авторской редакции.

© Павлодарский педагогический университет, 2022

1 секция:
**Теория и практика педагогической деятельности: проблемы,
решения и эффективность.**

**«Жеткіншектер әлеуметтенуін педагогикалық-психологиялық
түзету жолдары»**

Э.А. Айтенова, Н.А. Қожамбердиева
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
emma_14@mail.ru

Аннотация. Мақалада тұлғаның әлеуметтену ерекшеліктері мазмұндалған. Жеткіншектердің педагогикалық-психологиялық даму дағдарыстарына сипаттама жасалған. Әлеуметтенудің даму үрдісі, оның қазіргі ғылыми зерттелу бағыттары, педагог-психологтардың тұжырымдары мен теориялық әдістемелік талдаулары да қарастырылған.

Кілт сөздер: Әлеуметтену, мазохизм, садизм, деструкция, конформизм, ресоциализация, десоциализация.

Аннотация. В статье изложены особенности социализации личности. Разработана характеристика кризисов психолого-педагогического развития подростков. Рассмотрены тенденции развития социализации, направления ее современного научного изучения, концепции, выводы и теоретико-методический анализ педагогов-психологов.

Ключевые слова: Социализация, мазохизм, садизм, деструкция, конформизм, ресоциализация, десоциализация.

Annotation. The article describes the features of socialization of personality. The characteristic of crises of psychological and pedagogical development of adolescents is developed. The tendencies of the development of socialization, the directions of its modern scientific study, concepts, conclusions and theoretical and methodological analysis of teachers-psychologists are considered.

Keywords: Socialization, masochism, sadism, destruction, conformism, resocialization, desocialization.

Елбасы «Бізге өз қоғамымызды құра отырып, біздің азаматтардың дені сау болуы және оларды таза табиғи кең өріс ала түсетін күш жігерлерді қолдану қажет» - делінген. Осы мақсатты іске асырудағы біздің стратегия келесі бөліктерден тұрады: «Халықтың денсаулығындағы аурудың алу және салауатты өмір салтына ынталандыру» деген болатын халқымыздың болашағын айқындайтын «Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасында Елбасымыз ел белгісі Барысты белгілей отырып, «ол жана асулар мен

шындарды бағындыруға мақсатына жетелейтін елеусіз, бірақ сенімді соқпақтарды іздестіруде табанды да бірбеткей болу тиіс» деген еді [1].

Қазіргі қалыптасқан білім беру жүйесі барлық күш-жігерді тәрбиеленуші өмірдің жағдайына бейімделуіне бағыттады. Адам – қоғамның ең жоғары құндылығы және қоғамдық дамудың өз мақсаты ретінде қарастырылады. Өмірдің әлеуметтік жағдайының өзгеруімен, қоғамның және жеке тұлғаның қажеттіліктерінің дамуымен әлеуметтік факторлар қалыптасады. Қоғамның үнемі өркендеп дамуы, онда өмір сүріп отырған әрбір жеке адамның күш-қуатымен өмірлік ұстанымына тәуелділігі, тұлға білімі мен тәрбиесі, тұлғалық дамуы мен қалыптасуы әлеуметтік тұрғыда қолдау мен сүйемелдеуді қажет етеді.

Педагогикалық тәжірибеде баланың жан-жақты дамуы мен мінез-құлқы жағынан қалыптасуының жеткіншек шағы ең қиын кез болып есептеледі. Адам өмір сүруі мен қимыл-қозғалысы арқылы өзінің әрекетін бағалауға үйренеді, адамгершілік нормаларын меңгереді. Оны әрине басқа адамдармен қарым-қатынаста өзінің іс-әрекетін салыстыру арқылы жүзеге асырады. Олар жеткішектік шақта бала өзінің қоғамдағы орнына жетер жолда болатын, оның ерекшеліктердің қоғамдық өміріне өтуі жүзеге асатын кезең деп қарады. Жеткіншектік кезеңде адамгершелік қасиеттер, мінез құлық нормалары ерекшеленеді, адамдардың қоғамға қатынастары анықталына бастайды, жетекші іс-әрекет түрі-қарым-қатынас болады. Қарым-қатынас іс-әрекеттің барлық түрінде балалардың тұлғалық және психологиялық жаңа сапаларының қалыптастырушы негізі.

Біз өз алдына жеке қарастыратын әлеуметтендіру факторларының ішіндегі аса маңызды әрі ықпал ету күші басымы -қоғамның алғашқы ұжымы болатын – отбасы, бала оның ықпалын бәрінен бұрын, тез қабылдағыш қасиеті артып тұрған кішкентай кезінде ерекше сезінеді. Отбасы жағдайы, оның әлеуметтік деңгейі, ата-аналарының айналысатын кәсіптері, материалдық жағдайы және олардың білім деңгейі баланың өмірлік жолын айқындайды. Балаға ата-аналар беретін саналы және мақсатты тәрбиемен қатар, отбасының жағдайы да ықпал етеді және бұл ықпал өскен сайын, ол тіпті баланың тұлғалық қалыптасуында көрініс табады

«Әлеуметтендіру» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың басында американдық психология мектебі өкілдерінің еңбектерінде қолданыла бастады. Сондықтан да болар, бұл ұғымды ғылымға ендірушілердің алдыңғы санатында американдық психолог-ғалымдар А.Бондураның, Д.Доллэрдтің, Дж.Кольманның, А.Парктың, В.Уолтерстің және басқаларының аттары атала бастайды. Дегенмен, бұл феноменнің мән – мағынасы мен қоғамда атқаратын қызметін екшелеуге деген қызығушылық өткен ғасырдың 70-жылдары белең алды. Мұның себебі – батыстық жалаң, даңғаза, бейресми өмір салтынан түңілген жас, өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында немқұрайлық психология пайда бола бастады. Бейресми топтар көбейіп кетті. Басқару жүйесіне жаппай наразылық көрсетулер орын алды. Өмірден түңіліп, өз - өзіне қол

жұмсаушылық, нашаға әуестенушілік, жезөкшелік, тағы да басқа қоғамға жат құбылыстар өрітеді [2].

О.Нұсқабаевтың пікірінше «әлеуметтендіру» ұғымы өзінің мазмұны жағынан «тәрбие», «білім беру» және «оқыту» ұғымдары мазмұндық қосындыларының мәнінен де тереңірек, ауқымды. Ол «тәрбие, оқыту, білім беру ұғымдары әлеуметтендіру ұғымының құрамдас элементтері, мазмұнын толықтырар бөлшектік компоненттері» деп тұжырымдайды. Ал, түрлі ғылымдар мазмұнында «әлеуметтендіру» жеке тұлғаны қоғамдық қатынастар мен талаптар негізінде тәрбиелеудің сапалы белгісі ретінде қарастырылады [3].

Белгілі психолог И.С.Конның анықтауынша «әлеуметтендіру дегеніміз, индивидке әлеуметтік тәжірибені меңгерту арқылы жеке тұлға ретінде қалыптастыру үрдісі» десе, Г.Андрееваның түсіндіруінше «...әлеуметтендіруді бір жағынан, тұлғаның белгілі бір әлеуметтік ортаға еніп, онда жинақталған әлеуметтік тәжірибені меңгеруін, екінші жағынан, индивид өзінің белсенді іс - әрекетінің ықпалымен әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесінің ұдайы толықтырылып отыруын қамтамасыз ете алуы, әлеуметтік ортаға белсенді қосылуы». Сонымен, жас ұрпақтың әлеуметтенуі дегеніміз – жас, өсіп келе жатқан әр бір баланың басқалармен қарым – қатынас және іс - әрекет барысында өзі өмір сүріп отырған қоғамда қабылданып, тұрақтанған адамгершілік сапалары мен мінез- құлық нормаларын, тәртіп ережелері мен құндылықтарды өз бойына сіңіріп, әлеуметтік тәжірибені меңгеріп, қалыптасуы, өмірге бейімделуі. Жас ұрпақтың әлеуметтенуі, бір жағынан ол өмір сүріп отырған қоғамдағы түрлі сипаттағы факторлар мен әр түрлі өмірлік жағдаяттардың ықпалымен әсер етудің стихиялы жолымен қалыптасса, екіншіден, мақсатты тәлім-тәрбиелік жұмыстар арқылы адамгершілігі жоғары азамат, қоғамдық талапқа сай, біліктілігі сан қырлы маман ретінде қалыптасуы жүзеге асырылады.

Әлеуметтену процесінде анықталатындар: мазмұны, кеңдігі, әлеуметтену механизмі, әлеуметтік институттар, факторлар мен кезеңдері. Әлеуметтену мазмұны – тұлға әлеуметтік және мәдени «дәзір» ретінде нені ұсынады және әлеуметтену процесінде индивидтің қандай әлемді суреттеу, мақсаттары, стереотиптері, құндылықтары қалыптасуымен мәнді [4].

Әлеуметтену мазмұнын екі жақты анықтауға болады. Біріншісі, барлық әлеуметтік құбылыстар: саяси бағдарлар мен доктрина, көпшілік ақпарат құралдары, мәдениет жиынтығы; екіншісі, индивидтің осының барлығына қатынасы. Ал бұл қатынас тұлғаның өзінің ерекшелігінен және сол тап болған әлеуметтік ситуацияға байланысты.

«Тұлғаның әлеуметтік мазмұны мінезінен, әдет, еліктеуінен, көзқарасының қалыптасуынан көруге болады» - дейді Т.Шибутани. Демократиялық мемлекетте әлеуметтену мәнін «Мен» жүзеге асыру, тұлғалық мүмкіндігі мен сол мүмкіндіктерінің ашылуымен қорытындыланады.

Тоталитарлық мемлекетте барлығы керісінше болады. Мұндай жағдайда Э.Фроммның пікірінше, әлеуметтенудің мынадай, тәсілдері: мазохизм, садизм, деструкция, конформизм мүмкін болады.

Мазохизм – бағынуға талпыну, моральдық кемсіну. Садизм – басқа адамдарды өзіне жағдайына байланысты тәуелдендіру, олардың алдындағы өлшемсіз билігі мен қорыту арқылы үстемдігін құру. Деструкция - өзінің қауқарсыздығы арқасында айналадағы дүниені күйретумен көрінетін әлеуметтену тәсілі. Э.Фромм пікірінше, айналадағы дүниені күйрету, ол – қарсы тұрудағы жан кешті соңғы тәсілі. Конформизм - өзінің «Менін» қабылдамай, роботқа айналдыру.

Индивид үшін айналасындағылардың пікірі маңызды, әрі мәнді, соған еліктеуде индивидтің «Мен» сезімі дамиды. Мұны «айналық «Мен» деп атайды. Өзге адамдар – бала үшін айна, олармен үнемі қарым-қатынаста болумен оның өзіндік «Мені» қалыптасады, яғни «айналық «Мен» айналасындағы адамдармен индивидтің өзара әрекеттестік нәтижесінде қалыптасады. «Айналық «Мен» баланың өзіндік санасының маңызды элементі. Осының арқасында оның өзіндік бағалауы, өзіне айналадағылардың көзімен қарау білігі қалыптасады. Өзін қоршаған адамдардан өзін саналы белгілеуге үйретеді, мұнымен қоса, өзінің «Меніне» мақтаншы, құрметтеуі немесе керісінше кемсінуі жасалады [5].

Алғашқы топтардағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің уақыт өткен сайын кеңеюі субъективтік «Мен» барынша тұрақталып, белгіленіп қалады. Соған байланысты индивид айналасындағылардың талаптарына байланысты өзін-өзі тексеру сезімі жасалынады және ол әлеуметтік топ нормасы мен құндылықтарын меңгерумен байланысты болады.

Кемеліне келген «Мен» белгілеріне «өзгенің талдап, қорытылған» ролын өзіне қабылдаудағы индивид қабілеті. Дж.Мид оны ұжымдық талап пен мақсаттың сол индивидке қатысты талдап, қорытылған образы деп түсінді. Индивид әлеуметтік топтың мақсаты мен құндылығының белсенді мүшесі ретінде онда өзінің субъективті «Менін» саналы меңгеруімен тұлға ретінде қалыптасады. Сол кезеңнен бастап ұжымның басқа мүшелерімен бірдей топтың жалпы мәселелерін шешуге қатысып, топтың жалпы жұмысы мен қызығушылығына тұтастай бөлісе алады [6].

Француз ғалымы Г.Тарда пікірінше, әлеуметтенуге мыналарды ендіреді:

- 1) еліктеу;
- 2) ұқсастыру;
- 3) басқару.

Дегенмен, бұл механизмдер барынша бай және әр түрлі. Тұлғаның әлеуметтенуі түрлі қарым-қатынас түрлері (көпшілік, топтық, тұлғааралық, іскерлік, формальды емес), көпшілік ақпараттық құралдар, мәдениет әсері арқылы жүзеге асады.

Тұлғаның әлеуметтенуінің әлеуметтік-психологиялық факторларын екі үлкен топқа бөлуге болады:

1) Әлеуметтік - әлеуметтенудің әлеуметтік-мәдени аспектісінің бейнеленуі мен сол мәселенің тарихи, мәдени, этникалық ерекшелігінің қамтылуы.

2) Жеке тұлғалық – тұлғаның өмірлік жолын белгілейтін кезені [7].

Отандық психология объективті көрсеткіштерді индивидтің әлеуметтік статусының өзгеруі, жаңа әлеуметтік рольдерді меңгеруімен бірге, субъективті, соның ішінде ұқсастықты да ескереді.

Ұқсастық (идентичность) – бұл басқа индивидтен бірегей дербес, жеке, жүзеге асуын сезінуі немесе басқа топтан топтық құндылықты пайдаланып, өзгешеленуі, бірегей топтың бөлшегі ретінде өзін сезінуі.

Өмірлік цикл - бұл әлеуметтік «Мен» сапалы кезенінің қалыптасуы ретінде қарастырылатын адамның биограсындағы маңызды негізгі кезеңдері: мектепке дейінгі кезең, мектепте оқуы, студенттік өмірі, үйленуі, отандық борышты атқаруы, мамандық таңдауы, еңбекке орналасуы, зейнетке шығуы.

Өмір сүрудің әрбір кезені өзара толықтырып тұратын екі процесінде әлеуметтену (десоциализация) мен реәлеуметтену (ресоциализация) қоса жүреді.

Деәлеуметтену (десоциализация) – бұл ескі құндылық, норма, роль мен мінез тәртібінен арылу процесі.

Реәлеуметтену (ресоциализация) – бұл жаңа құндылық, норма, рольдер мен ескінің орнына мінездің жаңа ережелерін үйрену процесі.

Аәлеуметтену (асоциализация) – бұл қоғамға қарсы әлеуметтік норма, құндылыққа қарсы негативті роль, мақсат, мінез стереотиптерін меңгеруі, оны қоғамдық байланысында түрін өзгертіп, қоғамның тұрақтылығын бұзуда пайдалануымен түсіндіріледі.

Әлеуметтенуден қалушылық - әлеуметтенудің әр кезеңіне қоғам белгілеген мінез образы нормаларын өз кезінде меңгермей, тұлғаның кешігіп позитивті меңгеруі.

Сонымен, әлеуметтену дегеніміз – бұл индивидтің әлеуметтік құндылықтар жүйесін иеленуі (интернализациялануы) мен әлеуметтік институттардың мақсатты ықпал ету жағдайында мінездің әлеуметтік адаптациялануы, тұлғаның түрлі өмірлік жағдайларда стихиялы ықпал ету жағдайы.

Әлеуметтену сапасы мен сипаты сол қоғамның әлеуметтік мақсаттарына сай белгіленеді.

Әлеуметтендірумен және әлеуметтік бақылаумен айналысатын қоғам, әлеуметтік институттар тұлғаның қоғамға қарсы жолға түскенін тіркей және тиісті ресоциализация шараларын қабылдай алады. Бұл жағдайда әлеуметтендіру процесін жүзеге асыратын жоғарыда айтылған әлеуметтік институттар – жанұя, мектеп, еңбек, әскери, оқу ұжымдары, қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау органдарының алдын алу құрылымдары іске қосылады. Көбінесе осындай шаралар көмегімен тұлғаны ресоциализациялау процесін бостандығынан айырмай-ақ жүргізуге болады. Бірақ асоциализация қоғамнан жасырын жүргізілсе, аталған әлеуметтендіру институттарының

қызметінде белгілі бір кемшіліктер, келіспеушіліктер жіберілсе және тұлға қылмыстық жаза қолданылатын әлеуметтік қауіпті іс жасаса, онда ол үкім бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан табылуы мүмкін.

Ресоциализацияның бұл кезеңінің мәні тұлғада қоғаммен әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіру мен жетілдіруде, асоциалдық мінез –құлық пен рөлдерді қиратуда, мінез-құлықтың оң үлгілерін, әлеуметтік құндылықтарды игеруде, бекітуде болып табылады. Мұндай жағдайда кәмелетке толмағандарға арналған еңбек-тәрбие колониялары, еңбекпен түзеуге негізделген жалпы, қатал және ерекше режимдегі коллониялар мен ересек жастағы сотталғандарға арналған түрмелер сияқты арнайы институттар ресоциализацияны жүргізеді. Мұндай әлеуметтік институттардың басты мақсаты сотталғандарды түзету және қайта тәрбиелеу, яғни оларды ресоциализациялау болып табылады [8].

Алайда оқушы сабақтың материалын, әлеуметтік ережелерді ғана игеріп қоймайды, әрі өзінің әлеуметтік тәжірибесін байытады, оны мұғалімдер кездейсоқтық деп түсініп жатады. Мұғалім мен оқушының әлеуметтік өзара әрекет тәжірибесі меңгеріледі. Бұл тәжірибе позитивті де негативті де болуы мүмкін. Жоғарыда келтірілген мысалдан көргендей реттелінетін социализация көп жағдайда тәрбиемен байланысты.

Педагогикалық психологияда социализацияны екіге бөледі: бірінші және екінші. Әдетте екінші социализацияны еңбекті бөлумен және оған сәйкес білімдерді әлеуметтік бөлумен байланыстырады. Басқаша айтсақ, екінші социализация белгілі бір ерекше рөлдің білімдерді меңгеруі болып табылады, әлеуметтік рөлдер еңбекті бөлумен тура және жанамалай байланысты болады.

Б.Г.Ананьевтің концепциясы аясында социализация адамның тұлға ретінде және іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптасуын білдіретін екі бағытты процесс деп түсініледі. Мұндай социализацияның соңғы нәтижесі индивидуалдылықты қалыптастыру болып табылады. Индивидуализация деп мұнда нақты тұлғаның даму процесі түсіндірілген.

Сонымен әлеуметтену процесі үнемі жүзеге асырылады тіпті кемел жаста да тоқтамайды. Тұлғаның әлеуметтену процесі өзінің өту сипаты бойынша белгілі бір мақсаты болса да аяқ жағы анық емес болатын процеске жатады. Сондықтан да әлеуметтену даму үрдісінде өмір тәжірибесінен құралады. Мұнда әлеуметтену әлеуметтік тәжірибені меңгеру болса, инкультурация тарихи қалыптасқан әртүрлі дәуірлердегі адамның іс-әрекетінің рухани және материалды өнімдерін ассимиляцияланған әрекет тәсілдері мен жалпы адамзаттық мәдениетті индивидтің игеру процесі болып табылады.

Әдебиет

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010 ж.

2 Биекенов К.У.Әлеуметтану [Мәтін] : оқулық / К.У. Биекенов, С.К. Биекенова, Г.А. Кенжакимова. – Алматы : Эверо, 2017. – 444 б.

3 Тоқсанбаева Н.Қ. Қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетті жүйелендіру факторы ретінде - А. 2010.

4 Жарықбаев Қ. Әдеп және жантану. - А.: Атамұра, 2014.

5 Адлер А. Практика и теория индивидуальной психологии. - СПб, 2017.

6 Бапаева М.К., Әбеуова И.Ә., Бапаева С.Т. Тұлға психологиясы. – А., 2010.

7 Жұбаназарова Н. Жасерекшелік психологиясы. – А., 2015.

8 Әбеуова И.Ә. Элементтік психология. – А, 2016.

«Бастауыш мектеп математикасын жаңартылған мазмұнда оқыту әдістемесі»

Ақылбекова Д.О., Кененбаева М.А.

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласы

e-mail: murzatayeva74@mail.ru

Аннотация. Бүтін сандарды қосу, азайту, көбейту және бөлудің арифметикалық әрекеттерін зерттеу математиканың бастапқы курсының негізгі тақырыбы болып табылады. Бұл материалды мектеп бағдарламасына енгізудің негізгі мақсаттарының бірі – оқушылардың есептеу мәдениетін, есептерді дұрыс шешу дағдыларын қалыптастыру, математикалық тілде сөйлеуді дамыту және т.б.

Осы мақсаттарда оқытушыға көмектесетін жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту әдістері оқушылардың математикаға деген алғашқы қызығушылығын тудырады. Бір тақырып төңірегіндегі білім, білік, дағдыларды кезендестіріп, оқушыларға түсінікті етіп табыстау бұл бағдарламаның ең үлкен және ең маңызды артықшылығы.

Арифметикалық амалдардан басталатын математиканы оқу процесі бүкіл білім алу жолында үлкен рөл атқарады. Сондықтан бастауыш мектепте арифметикалық амалдарды оқыту әдістемесіне тоқталдық.

Кілтті сөздер: Арифметикалық амалдар, жаңарталған оқу бағдарламасы, спиральді білім беру бағдарламасы, оқыту әдістері, әдістеме

Аннотация. Изучение арифметических действий сложения, вычитания, умножения и деления целых чисел является основной темой начального курса математики. Одной из основных целей включения данного материала в школьную программу является формирование у учащихся вычислительной культуры, навыков правильного решения задач, развитие речи на математическом языке и др. В соответствии с обновленной образовательной программой, которая помогает преподавателю в этих целях, методы

обучения вызывают у учащихся первоначальный интерес к математике. Поэтапная передача знаний, умений, навыков по одной теме в понятной для учащихся форме является самым большим и важным преимуществом этой программы. Процесс изучения математики, который начинается с арифметических операций, играет большую роль на всем пути к получению знаний. Поэтому мы остановились на методике обучения арифметическим операциям в начальной школе.

Ключевые слова: арифметические операции, обновленная учебная программа, спиральная образовательная программа, методы обучения, методика

Abstract. The study of arithmetic operations of addition, subtraction, multiplication and division of integers is the main topic of the initial course of mathematics. One of the main goals of including this material in the school curriculum is the formation of students' computational culture, skills of correct problem solving, the development of speech in a mathematical language, etc. In accordance with the updated educational program, which helps the teacher to achieve these goals, teaching methods arouse students' initial interest in mathematics. The gradual transfer of knowledge, skills, and skills on one topic in a form understandable to students is the biggest and most important advantage of this program. The process of learning mathematics, which begins with arithmetic operations, plays a big role all the way to gaining knowledge. Therefore, we stopped at the methodology of teaching arithmetic operations in elementary school.

Keywords: arithmetic operations, updated curriculum, spiral educational program, teaching methods, methodology.

Бастауыш мектеп жасында балаларда бірқатар маңызды білім, білік, іскерлік дағдылар қалыптасады. Жалпы сан, амалдар, өрнектерді шешу туралы алғашқы білімдер пайда бола бастайды. Оқушылардың математикадан бастауыш мектеп кезінде алатын білімдері математиканың өзінен басқа да бірқатар пәндерді ілгері қарай оқуға негіз болады[1,36].

Математикалық пәндердің ерекшелігі – олардың жүйелілігі. Берілген әрбір білім мен дағды одан бұрын оқытылған білім мен дағдыға негізделеді. Арифметиканы толықтай біліп алмай оқушыларда геометрияны, алгебраны, тригонометрияны түсіну қиындықтары туындайды. Сол себепті, математиканың негізгі дидактикалық ережесін: оңайдан қиынға, белгіліден белгісізге, нақтыдан дерексізге көшу еш уақытта практикада пайдаланудан шықпайтын жүйе. Ал бастауыш мектептің математика оқулығы арифметикалық амалдарды концентр бойынша оқытуда қарастырылған.

Осы ерекшелік бастауыш мектепте арифметикалық амалдарды оқытуда шиыршықты немесе спиральді білім беру бағдарламасының маңызды орнын көрсетеді[4,26].

Спираль қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» атты еңбегінде қарастырылған

танымдық теорияға негізделеді. Оның пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті бастауыш мектеп оқушылары да түсіне алады[5,26]..

Спиральді немесе шиыршықты білім беру бағдарламасы бойынша: тақырыптар оқу процесі жүріп жатқан кезеңнің әртүрлі деңгейлерінде қайталанып отырады. Әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым күрделі материал тереңдетіліп оқытылады.

Мысалы, «Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер» тақырыбы жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша 1-4 сыныпқа дейінгі аралықта бірнеше рет қайталанатын[5,5 б]:

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
	Оқушы келесілерді меңгеруі тиіс:			
1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	1.1.1.1 натурал сандар және нөл санының құрылу жолын түсіну; 10/11-20 көлемінде тура және кері санау; натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	2.1.1.1 100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну; 100 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	3.1.1.1 1000-ға дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну; 1000 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	4.1.1.1 көп таңбалы сандардың құрылу жолын түсіну, натурал сандар қатарындағы 1 000 000 көлеміндегі санның орнын анықтау

Нақты және жалпы қабылданған фактілерге негізделген математика ғылымдарын осындай бағдарлама арқылы оқушыларға оқыту өте тиімді. Алайда, бағдарлама қаншалықты дұрыс және ыңғайлы құрастырылса да, сабақ барысында мұғалім қолданатын әдістердің маңыздылығы екінші орындық жағдай емес. Дұрыс таңдалған және орынды қолданылған әдіс-тәсілдер арифметикалық амалдар сияқты маңызды тақырыпты дұрыс түсіндіруге көмектеседі.

Әңгімелей түсіндіру әдісі арифметикалық амалдарды оқыту әдістемесінің негізі болып табылады. Бұл әдіс қисынды бірізділік анықтау, себеп-салдарлы байланыстарды ашу, игеріліп жатқан құбылыстар немесе принциптер арасындағы тәуелділіктерді байқау үшін пайдаланылады.

Алғашқы арифметикалық амалдар туралы білім 1 сыныптың «Сандармен амалдар орындау» бөлімінде беріледі. «Қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды - жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну» мақсатына жету үшін оқушыларға алдымен амалдардың белгіленуі түсіндіріледі. Санау мен цифрларды реті бойынша орналастыру дағдылары қалыптастырылғаннан кейін, оқытушыға «+» - плюс, «-» - минус арифметикалық амалдарын белгілеу мен қолдануды үйрету, мағынасын түсіндіру тапсырылады. Осы маңызды кезеңде әңгімелей түсіндіру әдісі жалғыз орындалмайды. Көрнекіліктерді пайдалану әдісі де үлкен рөл атқарады. Дұрыс пайдаланылған қосымша құралдар оқушылардың

қызығушылығын тақырып төңірегінде ұстап тұруға жәрдемдеседі және білім алу процесі туралы позитивті әсер қалдырады.

Шиыршықты немесе спиральді білім беру бағдарламасына сәйкес «*» - көбейту және «/» - бөлу амалдары бірден «+» - қосу мен «-» - азайтуды түсіну кезеңінде берілмейді. «Сандармен амалдар орындау» бөлімі 2 сыныпта қайталанады да, жаңа болса да, өте маңызды ақпараттармен толықтырылады. «Көбейтуді бірдей қосылғыштардың қосындысын табу, бөлуді – заттардың түрлеріне қарай және тең бөліктерге бөлу ретінде түсіну» процесі жүзеге асырыла бастайды. Бұл кезеңде оқушыларға таныс әңгімелей түсіндіру, көрнекіліктерді пайдалану әдістерімен бірге топтық жұмыс әдісін де пайдалануға болады. Жаппай оқытуға қарағанда, жаңа ұғымдарды, түсініктерді, дағдыларды қалыптастыруға аз уақыт жұмсалатын бұл әдіс оқушылардың танымдық белсендігін және өзара қарым-қатынастарын жақсартады.

Көпшілік арасында математика туралы шығармашылыққа жетелемейтін, «дұрыс» және «бұрыс» жауаптардан ғана тұратын «қиын пән» ретінде жағымсыз көзқарас қалыптасқан. Кейбіреулері математиканы ойлау мен қарым-қатынас құралы емес, қатаң ережелер жиынтығы деп есептейді. Оқытушылардың негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың математика қоршаған ортаны түсіну мен түсіндіруге байланысты пән екенін ұғынуына көмектесу.

Арифметиканы оқыту әдістемесі ұстаздардан үлкен шығармашылықты талап ететін процесс. Көптеген білімдердің негізі болып отырған арифметика туралы жағымды көзқарас оқушыларға жалпы нақты ғылымдарға шолудағы алғашқы белес болып табылады.

Бастауыш мектеп математикасын оқыту барсында арифметикалық амалдарды сапалы оқыту, әрдайым өз жемісін береді деп ойлаймыз.

Әдебиет

1. Қожабеков А.М. «Математиканы оқытуда жаңа инновациялық әдістерді қолдану» // Математика және физика. – 2021ж. №1 2-3б.
2. Бабаев С.Б. «Педагогика» Алматы. 2019ж.
3. Рассел Григг: «Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау» Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020ж.
4. «Бастауыш мектептерде арифметиканы оқыту технологиясының негізі» <https://prezi.com/fricpz1yoqiq/presentation/>
5. «Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Математика» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы» <https://view.officeapps.live.com/op/view.aspx?src=https%3A%2F%2Fust%2Egz%3A443%2Ffrontend%2Fweb%2Fmaterials%2Fdocx%2Ffiles%2F1553959499%2Edocx&wdAccPdf=0&wdEmbedFS=1>

Қазақ тілі сабақтарында АКТ жаңа бағдарламаларын тиімді қолдану

Ж.Қ. Сағынтаева, Ш.А. Алданыш

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

e-mail: aldanysh2021@bk.ru

Түйіндеме Мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологиясының мүмкіндіктері ғылыми дәйектеліп, сипатталады. Оны қазақ тілі сабақтарында пайдаланудың мәні мен маңызы ашылып, тиімді пайдаланудың жолдары беріледі. АКТ-ның жаңа бағдарламалары сараланып, оның көздері айқындалып көрсетіледі. АКТ бағдарламаларының ерекшеліктері тәжірибеден алынып, білім берудегі орны нақтыланады. АКТ-ні пайдалануда мұғалімнің рөлі, басты міндеттеріне көңіл бөлінеді.

Кілтті сөздер: АКТ, АКТ жаңа бағдарламалары, АКТ элементтері, оқыту технологиялары, ақпараттық қоғам

Аннотация: В статье научно доказаны и описаны возможности информационных и коммуникационных технологий. Раскрывается смысл и важность его использования на уроках казахского языка, приводятся способы эффективного использования. Новые программы ИКТ дифференцируются и определяются их источники. Из опыта взяты особенности ИКТ-программ и уточнено их место в образовании. Обращается внимание на роль и основные задачи учителя в использовании ИКТ.

Ключевые слова: ИКТ, новые программы ИКТ, элементы ИКТ, технологии обучения, информационное общество

Annotation: The article scientifically proved and described the possibilities of information and communication technologies. The meaning and importance of its use in the lessons of the Kazakh language is revealed, ways of effective use are given. New ICT programs are differentiated and their sources identified. The features of ICT programs are taken from experience and their place in education is clarified. Attention is drawn to the role and main tasks of the teacher in the use of ICT.

Keywords: ICT, new ICT programs, elements of ICT, learning technologies, information society

Бүгінгі күні елімізде ақпараттық қоғамға өту үдерісін іске асырудың негізгі бағытының бірі – ақпаратты алу, өңдеу, тарату мен тасымалдау. Бұл әрекеттерді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірден-бір жолы-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жүйелі түрде қолдану. Ақпараттық қоғам құру, онымен байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың біздің өмірімізде пайда болуы, білім беру жүйесін ұйымдастыруға жаңаша көзқарастар мен ұсыныстарды алып келген болатын. Қоғам талабына сай білімді ұрпақ тәрбиелеуде өз қызметінде ғылыми-техниканың соңғы жетістіктерін дұрыс пайдалана білетін кәсіби құзырлы

маман дайындауды талап етеді. Адам қызметінің түрлі салаларында бұл технологияның белең алып енуі білім беру саласына да ықпалын тигізгені анық. АКТ-ны сабақта қолдану оқушылардың сабақта оқыту технологияларын қолданып қана қоймай, оның өмірлік тәжірибесінің өсіп, жаңа интеллектуалды фондының қалыптасуына әрекет жасайды. Оқыту процесін АКТ арқылы құру оқушылардың алдына жаңа міндеттер мен мүмкіндіктер ашып, одан жаңа білімдерді, жаңаша ойлауды, оқытудың жаңа принциптері мен ұғымдарын алып келеді.

Технологиялардың пайда болуы, ең алдымен, әртүрлі теориялық және тәжірибелік іс-әрекет аймақтарына техникалық жаңалықтардың енуімен байланысты. Осы ұғымдарға Я.А. Коменский, Б.Т. Лихачев, В.П. Беспалько, С.Сполдинг, В.В. Сериков, В.М. Монахов, М.В. Кларин, И.Я. Лернер, П.И. Пидкасистый, В.В. Гузеев, Н.Д. Хмель, Г.Т. Хайруллин және басқа зерттеуші ғалымдар түсініктеме берген. XVI ғасырда Я.А. Коменский оқыту техникалық, яғни «технологиялық» болуы қажеттігін айтқан екен.

Технология – бұл іс-әрекетті ұйымдастыру және оны жүзеге асыруда құралдарды таңдау ережесі (В.В. Гузеев). В.В.Гузеев қазіргі кезеңдегі технологияның бұрынғыдан айырмашылығын көрсете отырып, мынадай тұжырым жасайды: «Бұрын бір құралды құрастырып, оны ұқсас жағдайларда бірнеше жылдар бойы қолдануға болатын. Қазір ұқсас жағдайлардың бар екенінің өзі қарама-қайшы келеді» [1, 163 б.].

Ғылым арнасына «технология» ұғымы ХХ ғасырдың 60 жылдары АҚШ пен Англияда қалыптасып, бүгінгі уақытта білім беру саласында жан-жақты дамып, тәжірибе жүзінде барлық дүние жүзі елдері қолдануда. Дегенмен ғалымдар пікіріне жүгінсек «Технология» терминіне берілген анықтамалар әлі де болса бір жүйге келтірілмеген болып табылады. Соған қарамастан зерттеушілердің технологиямен оқытудың төмендегідей тұжырымдарын ұсынып отырғанын көре аламыз.

- Оқытуда дайындықсыз әрекеттерді болдырмау;
- Оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұны оқу-тәрбие үрдісінің жобасына негізделуі қажет [5, 87 б.].

Оқыту технологиясы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолында алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың, әдіс түрлерінің жүйесі болып табылады. Қажетті мазмұны, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес тандай білу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Сапалы білімді қамтамасыз етуде қолданылып жатқан әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар күннен күнге дамып, олардың саны артуда. Оларды қазақ тілін оқытуда, жалпы қай пәнді болсын, ұтымды қолдана білу мұғалімнің шеберлегіне байланысты болып келеді. Қазіргі оқытуда ғылыми еңбектерге сүйенсек, 50-ден аса түрі қолданылып жүр. Олар мынадай негізде ұсынылады:

- Дамыта оқыту технологиясы

- Модульдік оқыту технологиясы
- Ірі блогты шоғырландыра оқыту технологиясы
- Перспективалық-озық оқыту технологиясы
- Ойындық оқыту технологиясы
- Оқу материалдарын сызбалық және белгілік модельдерінің негізінде жеделдетіп, оқыту технологиясы
 - Жекелеген оқытудың технологиясы
 - Сынып ішіндегі саралап оқыту технологиясы
 - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар [2, 63 б.].

Зерттеу мақаламызда ерекше тоқталғымыз келіп отырған қазіргі заманда оқыту үрдісінде орны бөлек, заман сұранысы, оқытудың талабы болып табылып отырған - «ақпараттық-коммуникациялық технология».

Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) – бұл ақпаратты өңдеудің алгоритмдерін, тәсілдерін, механизмдерін, құралдарын сипаттайтын жалпылама түсінік. АКТ-ның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу.

Оқыту процессінде жиі қолданылатын АКТ элементтері:

1. электронды оқулықтар
2. интерактивті тақта
3. электронды энциклопедиялар мен анықтамалықтар
4. тренажерлер мен тестілеу бағдарламалары
5. Интернет желісінің ресурстары
6. суреттер мен иллюстрациялары бар DVD және CD дисктер
7. видео және аудиотехника
8. электронды презентациялар
9. интерактивті конференциялар мен конкурстар
10. ғылыми-зерттеушілік жобалар мен жұмыстар.

Ақпараттық-коммуникациялық құрылғыларды сабақта төмендегідей түрде қолдануға болады:

— тақырып бойынша презентациялар мен көрнекі құралдар дайындап қолдану;

— пән бойынша видео және аудио жазбаларды дайындап көрсету;

— интернет желісінің анықтамалық ресурстары: кітапхана сайттары, қазақ тілі, әдебиет, мәдениет туралы энциклопедиялық басылымдар сайттары, оқушыларға арналған әртүрлі ақпараттық сайттар;

— оқушылардың жобалық қызметі, олардың компьютерлік презентациялар, электронды есептер жасауы [3, 36-41бб].

Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар келесідей жағдайларға мүмкіндік береді: оқуды тиімді және ақпараттылықты жоғары етуге, білім алушылардың ақпараттық қабылдауының барлық түрлерін қамтуына, әр адамға оқуда өзіндік бағыт-бағдар беретін ашық білім беру жүйесін құруға, оқытудың стилі мен әдісі бойынша ерекшеленетін балалар санатын оқу процесіне тартуға немесе ынталандыруға, күндізгі және қашықтықтан оқу үдерісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға көмек береді.

Сонымен, компьютер мұғалімнің белсенді көмекшісі болып табылады. Интерактивті сабақ ақпараттық-танымдық мазмұнмен бірге оны көрсету барысында компьютерлік слайдтарды қолданудың арқасында эмоционалды бояуға ие болды. Қазіргі күні бұрын қолданып жүрген «PowerPoint» қосымшаларында көп өзгерістер болғанымен, бүгінгі таңда **View.genial.ly**, **Figma**, **Prezi** сияқты бағдарламалар презентация жасауға көмек береді. Бұл бағдарламада жасалған презентациялар оқушыны қызықтыратыны сөзсіз. Бұл мұғалімнің біліктілігіне қойылатын талаптарды арттырады. Қазіргі мұғалім компьютерлік технологияны қажетті деңгейде білуі және бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеу дағдысына ие болуы керек.

Мұғалімнің АКТ көмегімен шеше алатын міндеттері:

- сабақты жетілдіру;
- пәнге деген қызығушылықты арттыру;
- оқытудағы даралануды арттыру;
- білім берудегі өнімділікті арттыру,
- оқуға деген ынтаны арттыру;
- оқытудың басынан бастап АКТ-ны қолдана білу [4, 13-18 бб].

Қазақ тілі сабағында оқу ақпаратын ақпараттық технология жағдайында меңгерумен байланысты оқу әрекетінің түрлері:

1) эмпирикалық әрекет қабылдау кезеңі ретінде:

- монитор экранындағы фонны назар аудару;
- фондағы жекеленген жаттығуларға зейін аудару;
- нақты жаттығуды және айрықшаланған сөздерді суреттеу;
- нақты сөйлемдерді кешенді бейнелеу.

2) жаттығуды танытуға бағытталған эвристикалық әрекет ретінде:

- жаттығуды абстрактілі ойлау; - жаттығуды түрлендіру жолдарын іздеу.

3) жаттығуды түрлендіру мен жаңа білім алуға бағытталған репродуктивтік әрекет ретінде:

- таңдалған жаттығу бойынша сөйлемді түрлендіру;
- таныс жаттығу түрлерін жасау;
- берілген жаттығуды бағалау;

4) дағдыны қалыптастыруға арналған практикалық әрекет;

- дағдыны таныс жағдайда қолдану;

- таныс емес жағдайда дағды қалыптастыру.

Осы кезеңдер бойынша сынып оқушыларының қазақ тілі сабағында оқу әрекеті қалыптасып, белсенді қызмет етуге ұмтылады. Бұл әр оқушының дербес компьютердің және мұғалімнің көмегімен өзара түсінісу ортасында қазақ тілі сабағында жаңа білімдерді қабылдау, танымдық іс-әрекетін дамытуына айтарлықтай септігін тигізеді және оқушының танымын, тілдік күзінеттілігін қалыптастыруда бірігіп жұмыс жасаудың жоғары түрлеріне көтереді. Компьютер мен интерактивті тақтаны оқушылардың тілдік күзінеттілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану интеллектуалдық, эстетикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, ал көрнекі құрал ретінде пайдалану оқу-танымдық үрдіс тиімділігін арттырады. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, тілін дамытып, тілдік қарым-қатынасты игеруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру басты мәселеге айналып отыр. Жоғарыда келтірілген АКТ-ны қолдану арқылы қазіргі сабақ беру жүйесін қызықты етіп өткізуге болады. Ол үшін мұғалім теориялық білімін практикалық жүзінде цифрлық бағдарламаларды ұтымды қолдануы шарт. Сабақтың қызықты етіп қоймай, уақытымызды тиімді өткізетін бағдарламаларды ұсынғым келеді:

1. Triventy
2. Wheel of names
3. Plickers
4. QR код
5. ZipGrade
6. Joyteka
7. Umaigra
8. VideoScribe

Triventy – онлайн жүйе арқылы сабаққа арналған тест немесе викторина жасауға болады. Бұл бағдарлама арқылы сіз өзіңіздің сабағыңызды қорытындылауға мүмкіндік аласыз.

Wheel of names – бұл бағдарламаны интербелсенді тақтаның көмегімен іске асыруға болады. Бағдарлама үй жұмысын сұрап, кері байланыс кезінде қолдануға тиімді болып келеді.

Plickers – оқушылардың назарын тақырыпқа аударуға көмек беретін таптырмас программа болып табылады. Смартфонды пайдалана отырып уақытты үнемдеуге көмек беретін бағдарлама.

QR код – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. QR кодты сабақта қолдана алу арқылы сіз өзіңіздің кәсіби, жан-жақты маман екеніңізді көрсете аласыз.

Тақырыпқа арналған презентация жасау. Презентация - сіздің тақырыбыңызды түсінікті түрде жеткізудің бір жолы десек те болады. Презентация арқылы өтетін тақырыпқа деген қызығушылықты арттырып қоймай, оқушылардың назарын өзіне аударуға мүмкіндік аламыз. Қазіргі білім беру процесіндегі презентацияға арналған бағдарламалар: View.genial.ly, Figma, Prezi, Canva, VideoScribe. Көрсетілген бағдарлама ашық қолдануға болатын әлеуметтік сайттарда қолжетімді болып келеді. Жоғарыда келтірілген бағдарламалар қазақ тілі сабағында ғана емес, барлық пәндерде қолдануға өте тиімді. АКТ-ны сабақта нәтижелі етіп қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты.

Қорыта келе, жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Ол үшін сапалы білім мен жылдар бойғы тәжірибенің іс жүзінде орындалуы шарт болып табылады. ХХІ ғасыр білімділер ғасыры деп танылған болатын. Иновациялық жаңа технологиялардың барлық саласындағы жаңалықтар оны менгеруді, түсінуді, пайдалануды қажет етеді. Осы тұста сол білімді игеретін ұрпақ тәрбиелеу – ұстаздың басты міндеті. Сол үшін ұлттық мектебімізде жаңа білім беруді алға қойып, оны өзіміз білуіміз абзал. Ондағы білім берудің жаңа бағыттары мен технологиялары баланың дарынына, ұлттық тәрбиесіне, бабалар тарихын негізге ала отырып жүргізілуі керек дегенді ұсынамын. Жылдар өткен сайын оқытудың бағыты, жаңашылдыққа ұмтылуы артып келе жатыр. Сол себепті ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоғам талабына сай менгеруді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сатыбаева А.Т., Сатыбаева Г.К., Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2008. –32 б.

2. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. –Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. –234 бет.

3. Елубай С. Білім беру технологиясының қазіргі проблемалары. – Алматы, 2001.

4. Доллинер Л. Ақпараттық коммуникациялық технологияларының мәселелері және болашағы // Информатика негіздері ғылыми-әдістемелік журнал, 2008. -№1. 2-6 бб.

5. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары //Бастауыш мектеп,1999. -№3.

«Бастауыш мектептің жаңартылған бағдарламасы бойынша оқыту әдістемесі»

Ашкен А.К., Кененбаева М.А.

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласы

e-mail: murzatayeva74@mail.ru

Аннотация. Жаңартылған білім мазмұны бұл білім мен тәрбие берудегі жаңа әдіс-тәсілдер және оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесінің өзгеруі. Жаңартылған білім беруді жүзеге асыру ең алдымен жеке тұлға қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Бастауыш математика курсы бағдарламасында алгебра элементтерінің ішінде дидактикалық тұрғыдан алғанда аса маңыздысы – теңдеу жайында түсінік беру және оны шешудің тәсілдерін оқытып, үйрету, сондай-ақ есепті алгебралық тәсілмен (теңдеудің көмегімен) шешудің мән-мағынасын ашу болып табылады.

Кілт сөздер: жаңартылған оқу бағдарламасы, оқыту әдістері, бастауыш мектеп, арифметикалық амалдар, теңдеулер жүйесі.

Аннотация. Обновленное содержание образования это новые подходы в образовании и воспитании и изменение системы оценки достижений учащихся. Реализация обновленного образования - это прежде всего формирование и развитие личности. Среди элементов алгебры в программе курса начальной математики наиболее важным с дидактической точки зрения является дать представление об уравнении и научить его методам решения, а также раскрыть смысл решения задачи алгебраическим способом (с помощью уравнения).

Ключевые слова: обновленная учебная программа, методы обучения, начальная школа, арифметические операции, системы уравнений.

Abstract. The updated content of education is new approaches in education and upbringing and a change in the system of assessing student achievements. The implementation of an updated education is, first of all, the formation and development of a personality. Among the elements of algebra in the program of the course of elementary mathematics, the most important from a didactic point of view is to give an idea of the equation and teach it the methods of solution, as well as to reveal the meaning of solving the problem in an algebraic way (using an equation)

Keywords: updated curriculum, teaching methods, elementary school, arithmetic operations, systems of equations.

Бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Баланың кейінгі және болшақтағы білімі бастауыш буындағы білімінің сапалығына тікелей байланысты. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың негізгі ерекшелігі- білімді қызығушылықпен алуы. Ол үшін

оқу үрдісін бала талпынатындай және қызығатындай ұйымдастыру керек. Алдына қойған мақсатқа жету үшін мұғалім кез келген технологияны таңдауға ерікті. Білім беруде тиімді нәтижеге жету үшін оқыту әдістері мен құралдарын іріктеу, оқу үрдісін құру – мұғалім құзырындағы іс[1,21-25б].

Құзіретті мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жаңашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі. Мұғалімдер оқушы дамуына көп мән беруді және осыған сәйкес оқу үрдісін құруды ойластырады. Сабақ барысында ақпараттық, ойын, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологияларының элементтерін қолданылады. Бұл технологиялардың оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда алатын орны ерекше. Оқушының ойы шыңдалып белгілі бір жетістіктерге жетеді, танымдық белсенділігі, сабаққа қызығушылығы артады, өз бетінше талпынады[2,14б].

Біз жаңартылған мазмұнда білім беру мазмұнын талдай келе, теңдеу тақырыбын оқыту әдістемесіне тоқталуды жөн көрдік. Себебі теңдеу тақырыбы шиыршық негізінде берілген. Бұл тақырып жалпы білім беретін мектептің барлық сыныптарында кездеседі. Сондықтан бастауыш мектепте теңдеу шешу бойынша фундамент дұрыс қалануы керек. Бастауыш математика курсы бағдарламасында көрсетілгендей, алгебра элементтерінің ішінде дидактикалық тұрғыдан алғанда аса маңыздысы – теңдеу жайында түсінік беру және оны шешудің тәсілдерін оқытып үйрету, сондай-ақ есепті алгебралық тәсілмен (теңдеудің көмегімен) шешудің мән-мағынасын ашу болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сатысындағы білім мазмұны

модельдерінің бір нұсқасын бейнелейтін математика бағдарламасының түсініктеме бөлімінде былай деп айтылған: Математикалық бастауыш білім мазмұны біртекті емес және екі (әр түрлі) деңгейді қамтиды; міндетті және

мүмкіндік деңгейлері. Міндетті деңгейге бастауыш мектеп көлемінде игеріліу тиісті материалдар жатады. Олар теріс емес бүтін сандардың ауызша және жазбаша нумерациясы; аса маңызды шамалар және олардың өлшем бірліктері; жай есептердің негізгі түрлері және оларды шешу, т.б. Осы деңгейдің материалын әр оқушы қанағаттанарлықтан төмен емес деңгейде меңгеруі тиіс[3,25б].

Теңдеуді шешудің алдымен «сынап көру», яғни «таңдап (іріктеп)» алу тәсілі, содан кейін тура санды теңдіктің немесе өзара кері амалдардың қасиеттеріне негізделген тәсілдері енгізілген. Әр алуан жаттығуларды (жай есептерді шығару, ойлаған санды табу және т.б.) орындауда теңдеу құрылған., ал теңдеудің көмегімен есепті шешу тәсілінің мән – мағынасы және ерекшелігі екі амалмен шығарылатын есепті құрастыру барысында ашылған. Теңдеу тақырыбын бастауыш сыныптарда

«сынап көру» әдісімен шығару қарастырылған. 1 –сыныпта және 2-сыныпта қосу және азайту амалдарына берілген теңдеулерді шешу әдісі «сынап көру» әдісімен-ақ шығарылсын, ал 3-ші сыныпта көбейту және бөлу амалдарына берілген есептер де «сынап көру», сонан кейін өзара кері амалдардың қасиеттеріне сүйеніп арқылы шығару әдісі арқылы берілген. Сонда бастауыш мектепте теңдеуді шешу тек сынап көру әдісімен ғана шектеле ме? Олар қашанғы сынап көре береді? Алғашында жаттықтыру үшін «сынап көру» әдісі қолдансын-ақ, сонан кейін бастауыш сыныптан бастап теңдеуді амалдар компоненттері арасындағы байланыс арқылы бірден нақты түрде бермеске, яғни «белгісіз қосылғышты табу үшін қосындыдан белгілі қосылғышты азайтамыз» т.с.с. деп нақты ереже берілуі керек сияқты. Бастауыш сынып жасындағы баланың еске сақтау қасиеті ерекше , сондықтан теориялық білімді де ғылыми түрде нақты беруіміз керек деп ойлаймыз. Жоғарғы сыныптарда пән аралық байланыста да оқушылар теңдеу шешуде немесе физика, химия сабақтарында формула бойынша белгісіз шаманы өрнектей алмауы осы теңдеу шешу тақырыбын беруде сабақтастықтың қарастырылмауынан туындайтын жағдай деп ойлаймыз. Теңдеуді шешудің алғаш енгізілетін тәсілі-"тандап (іріктеп) алу" ол теңдеудегі сандық деректер таблицалық жағдайлармен байланысты болғанда мейлінше тиімді. Мысалы, $x:5=4$ теңдеуді шешу үшін 5-ке бөлудің таблицалық жағдайлары еске түсіріледі, яғни 5, 10, 20, 25, 30, 35 т.с. 5-ке бөлінеді соның ішінде оқушылар бөлгенде 4 шығатынына оқушылар назар аударады. Теңдеуді шешу барысында іздеп отырған сан іріктеліп алынғанда нәтижелер ауызша тексеріліп, ақтық нәтиже анықталғанға дейін ол жалғастырыла беретіндіктен, теңдеу шешуінің дұрыслығын арнайы тексеріп және оны жазудың қажеті болмайды. Бұл тәсіл теңдеуді шешу дағдыларын қалыптастырудың бастама кезінде ең үйлесімді және барынша тиімді.

Бірақ, ілгеріде теңдеуді шешудің одан да, тиімді тәсілдері енгізіледі ол-берілген және іздеп отырған сандар арасындағы өзара байланысқа негізделген арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу. Мысалы, $x+3=19$ теңдеуін шешу керек болсын. Оқушылар өздеріне белгілі тәсіл "тандап алуды" пайдаланады, яғни 0-ден 7-ге дейін сандарды тексеріп көреді. Бұған біраз уақыт кететіне олардың назары аударылады. Енді осы теңдеуді шешудің тиімді тәсілін іздестірейін. Теңдіктің сол бөлігінде x пен 3-тің қосындысы, ал оң бөлігінде 19. Демек 19 қосынды, x пен 3 қосылғыштар. Ал қосындыдан қосылғыштардың бірін алсақ, екіншісі шығады.

$x=19-3$. Әрі қарай нәтиже есептеледі. Сәйкес теңдеудің шешуін жазудың үлгісі беріледі.

1сыныптан бастап «теңдеуді жаз, теңдеуді шеш» деген тапсырмалар беріледі де 6-сынып математикасында: «Құрамында әріппен белгіленген белгісізі (айнымалысы) бар теңдік теңдеу деп аталады. Мысалы, $5x + 8 = 18$; $6x + 7 = -5$ – теңдеулер. x – белгісіз айнымалы. Теңдеу теріс сандармен берілген. Белгісіз санның немесе айнымалының теңдеуді тура санды теңдікке айналдыратын мәні теңдеудің түбірі деп аталады. Негізгі

алгебралық ұғымдарға курста «санды теңсіздік және теңдік», «өрнек», «санды өрнектің мәні», «қосындының мәні», «айырманың мәні», «әріпті өрнек», «әріпті өрнектің мәні», «әріптің әрбір мәніне өрнектің бір ғана мәнінің сәйкес болатыны», «қарапайым теңдеулер және оларды шешу тәсілдері», «алгебралық тәсілмен есептер шығару» және тағы басқалары жатады. Бұл ұғымдарға бастауыш сыныптарда анықтама берілмейді, олар көрнекілік, жаттығулар арқылы қалыптастырылады.

Дәл осылайша жай есептерді арифметикалық амалдардың компоненттерін негізделетінін оқушыларға ұғындырған соң кесте түрінде берілген жай есептерді шығару арифметикалық амалдардың компоненттерін табуға негізделетінін оқушыларға ұғындырған соң кесте түрінде берілген жай есептерді оқи білуге және шығаруға, үйретуге болады. Осы мақсатта мынадай есепті қарастырған жөн:

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы оқитындарды сапалы біліммен қамтып, халықаралық рейтингте білім көрсеткіштерінің жоғарылауы мен қазақстандық білім беру жүйесінің дәрежесін арттыру үшін, ең алдымен педагог мамандарының мәртебесін арттыру, олардың қызмет бойынша мансаптық өсуі және кәсіби біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету, сонымен қатар педагог мамандарының еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды дамыту мәселелеріне көңіл бөлінген. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білімді, білікті мамандар даярлайтын кәсіби білім беретін орталықтарының басты мақсаты – мамандықты бойына сіңдіру ғана болса, ал қазір бүкіл әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін, тұлғаның құзырлық қабілетіне сүйене отырып нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. [2, б. 185-186]

Болашақ педагог-психолог өз ісінің маманы болуымен қатар, оқушыны жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін тыңдау, сыйлау және құрметтей білуі керек. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, бүгінгі заман талабына сай, мұғалім, өз білімін жетілдіріп, алдыңғы бірсарынды сабақтан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабағына кіріктіре отырып сабағын қызықтырса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Болашақтың нұрлы әрі жарық болуына әсер етіп, адамзат қоғамын алға жетелейтін күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеп дамуы оның өзіндік ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Бүгінгі күні қоғам алдында тұрған басты міндеттерінің бірі бәсекеге қабілетті, шығармашыл, кәсіби дамыған, өз бетінше шешім қабылдай алатын, тұлғалық қасиеттері дамыған, кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды дайындау.

Өзгермелі қоғамдағы кәсіби және тұлғалық қасиеттері дамыған мұғалім-педагогикалық құралдардың бәрін жетік меңгерген, тұрақты өзін-өзі дамытуға талпынған, рухани дамыған, шығармашыл тұлға құзыреті. Білім беру саласында кенже болу елдің болашағына, мемлекет қауіпсіздігіне, тұлғалық қасиеттердің дамуына тікелей әсер етеді. Білім беру стандарттары негізінде баланың тұлғалық қасиетінің дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адами құндылықтарға бағытталуы, парасаттылық, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке даралық намыс сезімі болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі баланың тұлғалық қалыптасуы мен кәсіби дамуының көрсеткіштері деп қарастыруға болады.[3, б.75-79]

Ізденімпаз маманның шығармашылығындағы ерекше бағыт – оның сабақты қызықты әрі түрлендіріп, оқушының жүрегіне жол таба білуі. Білім беруде кәсіби және тұлғалық қасиеті дамыған маман деп өз пәнін толық білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының қалыптасуына жағдай жасайтын, тұлғалық-ізгілікті бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлігі мен өзінің іс-әрекетін жүйелі түрде атқаруға қабілетті, оқытудың озық технологияларын меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап, сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби педагогты айтамыз. Педагог сабақта әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың ұсыныс-пікірлерін ашық түрде айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімділікті арттыруға жағдай жасап отыру керек.

Болашақ педагог – оқушылардың негізгі: құндылық-бағдар, жалпы мәдениет, оқу-танымдық, ақпараттық, әлеуметтік-тұлғалық құзырлықтарын дамытуға дайын, білімге ерекше құштарлығы бар оқушылармен жұмыс істеуді жүзеге асыра білуі қажет. Болашақ педагог-психологтар әр түрлі кезеңдердегі жастардың бейімделуінде пайда болатын мәселелерді шешіп және кеңес беріп қана қоймай, сондай-ақ сол сыныптағы оқушылардың арасынан дарынды және қиын балаларды анықтап әрқайсысымен жеке сұхбаттаса отырып кеңес беруі қажет. Маман даярлауда, алдымен, әрбір педагог-психологтардың жеке тұлғасын дамыту талап етіледі. Бұл күрделі әрі

ұзақ процесс. Бірақ, оның негізі кәсіби даярлау барысында жетіледі. [4,б.60-65]

Қазіргі педагог-психологқа болашақ өркениетті, демократиялық мемлекетті құратын жас ұрпақтың ең әуелі адамгершілік тұлғалық қасиеттерін дамытып, содан соң оның жан мен тән сапасын арттырып, техникалық прогреске сәйкес жан-жақты қолданбалы білім беру міндеттері қойылады. Ол үшін оқу ғимараттары жаңа технологиялық құралдармен, мәдени қажеттіліктермен толық қамтамасыз етілуі тиіс.

Жалпы білім беру мекемелерінің іс-әрекетінің нәтижелігі ең бірінші педагог-психологтарға байланысты. Олардың жеке даралық қасиеттері, педагогикалық біліктілігі, адамгершілік, тұлғалық қасиеттері, ақыл-ой парасаты, педагогикалық мәселелерді шешуге деген шығармашылық ізденісі, өнегелілігі, рухани байлығы қоғамның әлеуметтік алғышарты.

Болашақ маман даярлау мәселесі оның кәсіби сапалары мен тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың маңызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсетуге, еркін байланысқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби қасиеттері – болашақ ұрпақты оқытуда біліктіліктер, ойлау жолдарын, әрекет етуде түрлі әдіс-тәсілдерді меңгерумен байланысты. Өзінің кәсіби еңбегіне сүйсіне қарау адалдық пен табандылық, тәрбие нәтижелеріне қол жеткізуге қуану, өзінің педагогикалық мамандығын үнемі дамытушылық деп санаймын. Сонымен болашақ педагог-психологтың кәсіби тұлғалық қасиеттеріне мыналарды жатқызамыз:

- мәліметтерді жетік түсіндіру және еркін баяндау;
- оқушылардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін есепке алу қабілеттілігі;
- сымбатты келбет, мәнерлі сөз бен мимика, көркемдік;
- оқушыларға назар аудару, яғни жеке ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар өмірлік қағидаларын, отбасыларын біліп, әрдайым кеңес беруге ұмтылу;
- жағдайға қарай кері байланыс пен тапқырлық;
- мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдай білу;
- әділ бағалау, адалдық, оқушылардың үлгерімін жүйелі түрде бақылау.

Қазіргі кезең жаңа технологиялардың дамып, білім мен ғылымның шарықтап тұрған заманы. Сол үшін мұғалім қоғамдағы өзгермелі әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез бейімделгіш, жаңаша ойлау қабілеті дамыған, жан-жақты біліктілігі мен білімі болуы қажет. Өз пәнінің айналасында қалып қойған ұстаз оқушыларға білім мен тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Болашақ педагог-психолог жоғарғы оқу орнында бастапқы күннен-ақ кәсіби бағытталуын дамыту үшін талмай еңбектеніп, өзін тәрбиелеу үрдісімен айналысуға жан-жақты дайындалу керек. Педагогикалық оқу орнында мамандық бойынша педагогтарды

даярлауға басым көңіл бөледі. Болашақ педагог-психолог оқу барысында ғылымды меңгеріп, оның жөн-жосығын білгені жөн. Тек пән бойынша ғана білім алып қоймай, сол пәннің негізгі тәрбиелік мәнін ұғынуы керек. Адамзат тарихының дамуында жақсы мектебі мен үлгілі, біліктілігі жоғары кәсіби маманы бар мемлекеттер ғана алға озып шыққан. Мұғалімнің беделін төмендету қашанда болмасын мемлекетті аздырып, әдет-ғұрыпты нашарлататын жағдайлармен аяқталған. А.Дистервег айтқандай, мұғалім өз білімі мен тәрбиесін үнемі жетілдіріп отырғанда ғана басқаларға білім беріп, тәрбиелеуге қабілетті.

Әдебиет

- 1.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана,2020ж.
- 2.Тұрғынбаева Б.А. Ғылыми-педагогикалық мамандар дайындаудың жаңа формасы.-Алматы,2013.
- 3.Таутенбаева А. Тәрбие негізі ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтар., 2013.
- 4.Кенжебаева К.С. Болашақ педагогтерді жоғары әлеуметтік интеллект профилінің сипаттамасы.-Алматы,2016.

«Условия успешной реализации модели инклюзивного образования в системе образования Республики Казахстан»

Д.П. Мучкин

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

Н.А. Алпысбай

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

e-mail: nurbolat.alpisba@mail.ru

e-mail: pochta_dem_m@mail.ru

Андатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді табысты жүзеге асыру шарттарын зерттеудің өзектілігі айтылады. Мақала авторлары тиісті ғылыми ақпарат көздерін талдау негізінде инклюзивті білім берудің мәселелері анықтайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру моделін табысты енгізу үшін іс жүзінде негізделген және тексерілген шарттарды ұсынады.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру моделін табысты іске асыру жағдайлары.

Аннотация. В статье аргументируется актуальность исследования условий для успешной реализации инклюзивного образования в

организациях образования Республики Казахстан. Авторами статьи, на основании анализа источников актуальной научной информации, обозначаются проблемы инклюзивного образования, а так же предлагаются, практически обоснованные и апробированные условия успешной реализации модели инклюзивного образования в организациях образования Республики Казахстан.

Ключевые слова: условия успешной реализации модели инклюзивного образования.

Annotation. The article argues the relevance of studying the conditions for the successful implementation of inclusive education in educational institutions of the Republic of Kazakhstan. The authors of the article, based on the analysis of sources of relevant scientific information, identify the problems of inclusive education, and also offer practically substantiated and tested conditions for the successful implementation of the model of inclusive education in educational institutions of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: conditions for successful implementation of the model of inclusive education.

В соответствии с документом «Национальный план развития Республики Казахстан до 2025 года» (в редакции Указа Президента РК от 26.02.2021 № 521) одним из общенациональных приоритетов является «качественное образование» [1]. В свою очередь, для реализации данного приоритетного направления развития нашей страны необходимо решить ряд задач, среди которых первое место отведено задаче обеспечения доступа и равенства в сфере образования. В то же время, одним из факторов обеспечения доступа и равенства в сфере образования, как указано в выше упомянутом документе, является необходимость создания во всех организациях образования условий для инклюзивного образования [там же].

Следует отметить, что в контексте системы образования термин «инклюзия» (*англ.* inclusion - включение) и «инклюзивное образование» впервые появился в США в 80-е годы XXв., использовался он для обозначения ситуации совместного обучения. Чуть позже данный термин получил своё широкое распространение во многом благодаря прошедшей под эгидой ЮНЕСКО в 1994 году в г.Саламанка (Испания) всемирной конференция по образованию лиц с особыми потребностями, где были провозглашены принципы инклюзивного образования [2]. Однако, как указывает М.В. Ермакова: «В настоящее время терминология, связанная с инклюзивным образованием, находится в стадии становления, преимущественно инклюзивное образование понимается, как образовательная практика, которая была инициирована «родителями детей-инвалидов и теми педагогами, психологами, кто верит в ее необходимость не только для детей с ограниченными возможностями, но для всего образования в целом» [3]. В то же время, в образовательной практике «часто можно встретить понимание терминов «интеграция» и «инклюзия» как синонимов»

[там же], однако, как подчёркивает Н. Назарова: «Уже в начале 80-х годов XX в. американские исследователи заговорили о недопустимости «кампании» по отношению к введению интеграции. Они подчёркивали, что ситуация, когда с ребёнком инвалидом работает неподготовленный учитель массовой школы, должна рассматриваться как криминальная» [2]. Основным и существенным отличием «интеграции» и «инклюзии», по мнению Н. Назаровой, является то, что «Инклюзивное образование предусматривает не только активное включение и участие детей и подростков с ограниченными возможностями в образовательном процессе обычной школы, но в большей мере перестройку всего процесса массового образования как системы для обеспечения образовательных потребностей всех детей» [там же].

В данной работе мы не ставим перед собой задачу проводить сравнительный анализ содержания терминов «интеграция» и «инклюзия», а также не собираемся самостоятельно раскрывать сущность указанных дефиниций. В дальнейшем, в данной работе мы будем понимать термин «инклюзивное образование» так, как это указано в документе «Закон Республики Казахстан об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2022 г.), а именно: «процесс, обеспечивающий равный доступ к образованию для всех обучающихся с учетом особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей» [4].

И так, определившись с содержанием термина «инклюзивное образование», мы поставили целью своей работы поиск ответа на вопрос о том, какие же необходимо создать условия в организациях образования для эффективного инклюзивного образования, а также, как минимум, теоретически предложить модель успешной реализации данного вида деятельности. Следует отметить, что наше исследование выполнялось в рамках общевузовской программы педагогических исследований, финансируемой Павлодарским педагогическим университетом на 2022-2024 гг.

Как показал анализ источников научной информации, находящихся в свободном доступе, изучению различных проблемных аспектов инклюзивного образования посвящены труды таких казахстанских исследователей как: А.Т. Акажанова, Б.Б. Амрина, Г.С. Беркенова, И.Г. Елисеева, А.Т. Ержанова, А.С. Жандарова, Т.А. Жангазиева, М.К. Курбаналиева, Д.В. Лепешев, О.Г. Лепешева, А.Т. Саттыбаева, Р.А. Сулейменова (теоретико-методологические вопросы); Т.С. Алхатова (коррекционно-развивающее обучение), А.Т. Исакова (управление образованием в дошкольных организациях), Е.В. Данильченко, С.Н. Рягин, А.Н. Тесленко (возрастные особенности детей), А.М. Ерсалина, Н. Имангалиева, Г. Шугаева (потенциальные перспективы развития) и др. Ознакомление с содержанием работ указанных выше авторов, позволило нам согласиться с точкой зрения А.Х. Кукубаевой, которая считает, что «В Казахстане мы ищем свой путь развития инклюзивного образования, когда требуется ориентация системы образования на разные возможности детей,

оказание психолого-педагогической поддержки разной категории обучающихся с учетом потребностей и возможностей. На пути развития инклюзивного образования имеются определенные трудности, связанные с несовершенством учебных программ; отсутствием специальной подготовки учителей для работы с детьми, имеющими широкий спектр образовательных потребностей; необоснованным отбором детей для совместного обучения со здоровыми детьми и без соответствующих условий для оказания коррекционной поддержки. В системе образования не всегда создаются подходящие условия для развития личности ребенка с учетом современных требований системы образования» [5. С.17].

В то же время следует отметить, что на данный момент, в нашей стране уже имеются апробированные и используемые на практике разработки, направленные на реализацию конкретных условий в организациях образования для успешного применения инклюзивного образования. Так одной из ведущих организаций, проводящих работу в исследуемой нами сфере, является Коммунальное государственное учреждение «Психолого-медико-педагогическая консультация №1» акимата города Астана (далее – ПМПК №1), которое было создано в 1999 году с целью диагностики и консультирования, а также определения типа образовательной программы детей с ООП. Данной организацией исследуются «происходящие в Казахстане процессы продвижения инклюзии, требующие понимания самой сути инклюзивных процессов, изменения отношения современного общества к проблемам социальной инклюзии, к людям с инвалидностью, а также пути активного поиска и разработки эффективных технологий обучения, сопровождения детей и подростков в системе образования. Отметим, что специалисты ПМПК №1 не только способствуют распространению инклюзивной политики, но и активно распространяют практический и теоретический методический материал с намерением удовлетворения особых образовательных потребностей детей с ООП в школах» [6].

Анализ содержания теоретических и практических методических материалов, апробированных специалистами ПМПК №1, позволил прийти к заключению о том, что обязательными элементами модели реализации инклюзивного образования должны быть:

- разработка индивидуального (специального; сокращённого) учебного плана и учебных программ для обучающихся или воспитанников с ООП;
- психолого-педагогическое сопровождение обучающихся или воспитанников с ООП;
- систематическое прохождение курсов повышения квалификации для работников образования участвующих в реализации инклюзивного образования;
- создание универсальной без барьерной среды для обучающихся или воспитанников с ООП в организациях образования.

Следует отметить, что на практике реализация модели инклюзивного образования требует выполнения определённых условий. В нашей работе мы

соглашаемся с С.М. Ташмаковой (заведующая ПМПК №1) и Ж.К. Сагиловой (логопед-дефектолог ПМПК №1) [6] которые утверждают, что для успешной реализации модели инклюзивного образования необходимо:

- *Разработка индивидуального (специального; сокращённого) учебного плана и учебных программ для обучающихся или воспитанников с ООП.* Данное решение должно принимается Советом школы и ПМПК на основании рекомендаций службы психолого-педагогического сопровождения по одному или нескольким учебным предметам. Образовательный процесс для детей с ООП может осуществляется как посредством традиционных средств, форм и методов, так и с использованием их в сочетании со специальными и альтернативными, то есть образовательный процесс должен быть адаптирован под индивидуальные особенности обучающегося или воспитанника;

- *Психолого-педагогическое сопровождение обучающегося или воспитанника с ООП.* Психолого-педагогическое сопровождение следует понимать, как особый вид помощи (или поддержки) ребенку в образовательном процессе, представляющий собой целостную, системно организованную деятельность, в ходе которой создаются социально-психологические и педагогические условия для успешного обучения и развития каждого обучающегося в соответствии с его возможностями и потребностями. Реализация сопровождения должна осуществляться командой специалистов в сотрудничестве с педагогическим коллективом школы. Для обеспечения слаженной работы команды специалистов в школе создается служба психолого-педагогического сопровождения (СППС), которая должна являться полноценным структурным подразделением общеобразовательной школы. Для этого руководитель школы должен издать приказ о создании службы и утвердить положение о её функционировании. В состав службы психолого-педагогического сопровождения должны входить: директор школы, заместитель директора по учебно-воспитательной работе, учитель-логопед, педагог-психолог, учитель-дефектолог, социальный педагог, инструктор ЛФК, а также другие специалисты и педагоги по необходимости;

- *Систематическое прохождение курсов повышения квалификации для работников образования участвующих в реализации инклюзивного образования.* Педагоги в обязательном порядке должны пройти курсы по инклюзивному образованию, чтобы иметь основные знания по коррекционной педагогике, коррекционной психологии, нормальной и патологической физиологии и анатомии, которые будут использовать при разработке авторской программы и планирования занятий исходя из индивидуальных особенностей в развитии детей с ООП;

- *Создание универсальной без барьерной среды.* Очевидно, что необходимым условием реализации данного элемента модели инклюзивного образования является наличие материальных средств у конкретной организации образования (помещение, финансирование, обслуживающий

персонал и т.п.). Но очень важно понимать, что если данный элемент модели инклюзивного образования не будет реализован, то это не позволит обеспечить удовлетворение образовательных потребностей в организациях образования маломобильным категориям детей (с нарушениями зрения, слуха, опорно-двигательного аппарата и т.п.) которые нуждаются в обустройстве общих универсальных путей движения и приспособлении окружающей среды к своим индивидуальным особенностям.

Таким образом, как мы считаем, предложенный в данной работе вариант модели инклюзивного образования, а также обозначенные нами условия для её успешной реализации могут способствовать решению задачи обеспечения доступа и равенства в сфере образования в Республике Казахстан.

Литература

1. Об утверждении Национального плана развития Республики Казахстан до 2025 года и признании утратившими силу некоторых указов Президента Республики Казахстан [Электронный ресурс] / Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636>
2. Назарова Н. Интегрированное (инклюзивное) образование: генезис и проблемы внедрения // Социальная педагогика. 2010. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/integrirovannoe-inklyuzivnoe-obrazovanie-genezis-i-problemy-vnedreniya-1>
3. Ермакова М.В. Инклюзивное образование или как помочь ребенку? // Universum: психология и образование. 2017. №12 (42). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/inklyuzivnoe-obrazovanie-ili-kak-pomoch-rebenku>
4. Закон Республики Казахстан об образовании [Электронный ресурс] / https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747&show_di=1
5. Кукубаева А.Х., Аубакирова А.А, Бердыбекова Н.С. Роль инклюзивного образования и пути его развития // НИП/S&R. 2020. №S4.2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-inklyuzivnogo-obrazovaniya-i-puti-ego-razvitiya>
6. Ташмакова С.М., Сагилова Ж.К. Практическая реализация модели инклюзивного образования в казахстанской школе // НИП/S&R. 2020. №S4.2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/prakticheskaya-realizatsiya-modeli-inklyuzivnogo-obrazovaniya-v-kazahstanskoy-shkole>

Исследование выполнено в рамках общеузовской программы педагогических исследований, финансируемой Павлодарским педагогическим университетом.

«Білім беру сапасын арттыруда оқытушының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру»

Жорабеков Е.Ү.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы
e-mail: umka_b.l@mail.ru

Түйіндеме. Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған «Жаңа формация маманы болу – білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі саналады. Мақалада білім беруді жаңа бағытта түрлендіруде, білім беру процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі сипатталады.

Тірек сөздер: құзыреттілік, жаңа формация, кәсіби рефлексия, өзін-өзі тану, интербелсенді оқыту.

Аннотация. «Статья специалистом новой формации, привыкшим находить новые пути и методы в повышении качества образования, ориентированного на результат, – одна из актуальных проблем сферы образования. В статье описывается учитель-исследователь и Учитель-лидер в преобразовании образования в новое направление, реформировании образовательного процесса учитель-исследователь новой формации.

Ключевые слова: компетентность, новая формация, профессиональная рефлексия, самопознание, интерактивное обучение.

Annotation. "Becoming a specialist of a new formation, accustomed to finding new ways and methods to improve the quality of result-oriented education, is one of the urgent problems of the education sector. The article describes a teacher-researcher and a teacher-leader in the transformation of education into a new direction, the reform of the educational process of a teacher-researcher of a new formation.

Keywords: competence, new formation, professional reflection, self-knowledge, interactive learning.

Бүгінгі қоғамда оқытушыдан тек кәсіби білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын талап етеді. Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, терминнің дербес анықтамасына айқындап алу керек. Зерттеуші С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс – әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері». Методикалық терминдер сөздігінде «Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу

қабілеттілігі», – деп көрсетілген. Жан-жақты дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік жұмыстар мен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Сол себепті, оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында педагогтардың өздеріне бағытталған іс – әрекеттерін жаңаша ұйымдастыру өте маңызды саналады.

Кәсіби құзыреттілік – оқу нәтижесінде меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше білу, білім алушылар дайындығы сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа болып табылады. Оқытушылардың кәсіби құзіреттіліктерінің қалыптасуын анықтауда А.К.Макарованың «кәсіби құзіреттілік – бұл педагогикалық іс-әрекет іске асырылатын, оқыту мен тәрбиелеуде жақсы нәтижелерге қол жеткізген еңбегі» - деген пікіріне сүйенуге болады. Оқытушылардың педагогикалық кәсіби біліктілігін көтеру тек кәсіптік құзіреттілікті арттырудың шарты болып қана қоймай, сонымен бірге өзін-өзі жетілдірудің алғы шарты болуы қажет [1].

Зерттеуші ғалым, академик Ш.А.Амонашвили мұғалімнің кәсіби қызметі мен рөліне ерекше назар аударған. «Мұғалімге елдің болашағын қалыптастыруда ең басты рөл берілген» - деп атап кеткен. «Барлық мамандықтың ішінде оқытушы мамандығы ең ардақты, ең қиын және ең маңызды мамандық» - деп айқын көрсеткен. Сондай-ақ ғалым, академик Д.С.Лихачев «Жақсы тәлім-тәрбиені мектепте немесе жанұядан ғана алмайды, адам өзін-өзі де тәрбиелей алады. Тек нағыз тәрбиелік түсінігін айқындап алу қажет. Тәрбиелі адам – бұл басқа адамдардың пікірімен санасқысы келетін және санаса алатын, өзінің инабаттылығы өзіне ұнайтын, дағдыға айналдырған адам. Бұл үлкендермен де, жасы кішілермен де, мәртебесі төмендермен де бірдей сыпайы адам», - деп есептейді.

Оқытушы мамандығының тұлғалық сапасы оның кәсібилігінен алшақ емес. Кәсіби дайындық процесінде білім, дағды, ойлау қабілеті, іс-әрекет әдістерін арнайы алумен байланысты жүре пайда болған құзіреттіліктерді де есепке алады. Оның ішінде: пәнді оқыту, пәнді оқыту әдістемесі, психологиялық дайындық, кең көлемді мәдени таным, педагогикалық шеберлікті меңгеру, педагогикалық еңбек технологиялары, ұйымдастырушылық іскерлік пен дағдыларды, педагогикалық такт, педагогикалық техниканы игеру, қарым-қатынас технологиясын, шешендік өнер және басқа да қасиеттерді меңгеру керек.

Педагогтың кәсіби еңбегіне деген сүйіспеншілік сапасын меңгеруде оқытушы келесідей ұстанымдарды басшылыққа алуы керек.

- педагогтың әсері саналы стратегиялық мақсатқа бағынуы тиіс;
- кәсіби рефлексия, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуға қабілеті;
- психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгеруі, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру [2].

Интербелсенді оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

- барлық білім алушыларға бірлескен таным процесіне белсенді арласуға мүмкіндік жасау;
- білім алушыларға өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, ой толғануына мүмкіндік жасау;
- білім алушыларға білімді өздігімен құрастыратын орта құру;
- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік бағытын (көзқарас, дүниетаным) ұстану.

Бұл тұлғаның тұрақты қасиеттеріне айналып, тек студенттердің аудиториясында ғана орын алып қана қоймай, сонымен бірге өмірдің басқа да жақтарынан тиянақты түрде көрінеді. Нәтижесінде жоғары оқу орындарында интербелсенді оқыту білім игеру процесін ұйымдастыруда студенттердің барлығын дәріс, семинар және өзіндік жұмыс сабақтарында бірлескен таным процесіне белсенді араласуға, жеке студенттің өзінің дағдысы мен білімін ортаға салып талқылау, өз ойларын талдауға, пікірталас, өз пікірін дәлелдеу және тағы басқа негізде ұйымдастыруға болады. Бүгінде интерактивті әдістерді қолдану арқылы интербелсенді дәріс, семинар сабақтарында студенттердің белсенділігін арттыру, қызығушылығын арттыру тиімді екендігі белгілі. Қазіргі кезеңдегі жаңа оқыту технологиялардың дамуы барысында ұстаздардың рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, ұстаз тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар студенттердің өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі болып саналады. Интерактивті әдістерге: топпен бірге жұмыс, пікір–таластар, проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, рөлдік ойындар, блиц-сұрақтар әдісі, кейс – стадийлер, миға шабуыл әдісі, викториналар, мини зерттеулер, іскерлік ойындар, инсерт әдісі, анкета алу әдісі және т.б. кіреді. Көрсетілген интербелсенді әдістерді қолдану арқылы- жоғарғы оқу орындарындағы дәріс, семинар (практикалық) сабақтар, студенттің өзіндік жұмыстар ын (СӨЖ) жаңаша ұйымдастыру, оқытушының рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, ғылыми теориялық, педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, студенттерді саналылыққа, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, зерттеушілікке тәрбиелеудің маңызы жоғары [3].

Педагогикалық қабілеттіліктер әр педагогтың тұлғалық әлеуеті мен мүмкіндіктеріне сай қалыптасып, кәсіптік іс-әрекет барысында өзін-өзі жетілдіру жолдарын анықтайды. Сондықтан әрбір мұғалімнің бейімі мен икеміне қарай қалыптасатын педагогикалық қабілеттіліктерді философиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік аспектілер тұрғысынан қарастыру мұғалім бойында қалыптасатын кәсіби құзіреттіліктерді жетілдіруге үлкен ықпал етеді.

Педагог – бұл тәрбие беру басымдылықтарының негізгі жолсерігі. Тәрбие үдерісінің басты нәтижесі мұғалімнің кәсіби - тұлғалық қасиеттеріне байланысты саналады. Аталған кәсіби іс-әрекетте құзыретті әдісті іске асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде оқытушының жоғары тұлғалық

беделін – оқыту және тәрбие нәтижесінде өзінің елінің тағдырын, өзінің әрбір білім алушының тағдырын жауапкершілікпен түсінетін бірден-бір маңызды тұлға деп қарастырамыз.

Педагог үнемі ізденісте бола отырып, жаңаша оқытуды іске асыруда түрлі инновациялық технологиялардың әдіс – тәсілдерін өз ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай жеке қолданады. Сонымен қатар психологиялық–педагогикалық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін өз ісінде шебер сұрағына жауап беруге даяр болуға тиіс екені сөзсіз [4].

Педагогтың іс – әрекетінің нәтижесін зерттеулер мен зерделеуге сүйене отырып, қазіргі уақытта оқытушы мына төмендегі сипаттамаға лайық болуы тиіс екендігі атап көрсетіледі:

- теориялық білімі жоғары меңгерген, ұдайы ізденіп, өзінің пәндік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік білімін, мәдениет дәрежесін жоғары көтеруші адам болуы;

- коммуникативті, қоғамдық ортада беделді адам болуы;

- өз мамандығын жақсы меңгерген, біліктілігі жоғары, кәсіптік шеберлігін ұдайы ғылымға негіздей отырып дамытатын адам болуы;

- белгілі педагогикалық технологияның толық әдістемесін меңгерген, ғылымның әр саласынан хабардар, жан – жақты білімінің болуы.

Педагог өз мамандығының кәсіби маманы болуымен қатар, оның бойында білім алушының көзқарасы мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге дайын, көзі ашық, жан – жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселелерін өзі жақсы білуі керек» деген тұжырымында «Шығармашыл ұстаз шығармашыл шәкірт дайындайды» деген ойы айқын аңғарылады [5].

Жаһандық білім беруде оқытушы тұлғасы – бұл әлемдік тәжірибені құраушы және мәдениетті таратушы тұлға болып табылады. Әлемдік стандарт бойынша заманауи ұстаз – бұл жекелеген шығармашылық, шынайы проблемалы-педагогикалық және сыни ойлауды меңгерген, рефлексия және мақсатқа бағытталған диагностикалық негізде нақты педагогикалық жағдайлардағы оқытудың жаңа технологиялары мен әлемдік озық тәжірибелерді жүзеге асыратын көпвариантты бағдарламаларды құрушы тұлға саналады.

Әдебиет

1. Садықов Т.С. О разработке ведущих идей в профессиональной подготовке будущего специалиста // Вестник АГУ им. Абая. №5(5), 2007.

2. Иванова Н.Д., Берикханова А.Е. Культура умственного труда - залог успешной компетентностной подготовки будущих специалистов. - Алматы, 2010.

3. Лапина О.А. Введение в педагогическую специальность: Учеб. Пособие для вузов/ О.А.Лапина, Н.Н.Пядушкина. - М.: Академия, 2011.

4. Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие для студентов пед. специальностей. /Хан Н.Н., Калиева С.И., Жексенбаева У.Б., Колумбаева Ш.Ж., Калиева Г.И., Берикханова А.Е./ - Алматы, 2010.

5. Құдайқұлов С.М., Құдайқұлов М.Ә. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік. Алматы, «Школа XXI века», 2009.

«Даму ерекшеліктері бар балаларды қолдаудың аспектілері»

Ж.Т. Измайлова

оқытушы - эксперт, «Павлодар педагогикалық университеті»,

Павлодар қ

Г.Е. Нурбаева

**э.ғ.к., «Қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған
профессоры, Торайғыров университеті, Павлодар қ**

e-mail: nuvi79@mail.ru

Аннотация. В статье автором изучена сущность социальной инклюзии в Республике Казахстан, а также законодательные актов, которые напрямую затрагивают интересы детей с инвалидностью и международные стандарты.

Ключевые слова: инклюзивное образование, законы, дети с особенностями развития

Аңдатпа. Мақалада автор Қазақстан Республикасындағы элеуметтік инклюзияның мәнін, сондай-ақ мүгедек балалардың мүдделерін және халықаралық стандарттарды тікелей қозғайтын заңнамалық актілерді зерттеді.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, инклюзивті білім берудің заңдары, ерекше қажеттіліктері бар балалар.

Annotation. In the article, the author investigated the essence of social inclusion in the Republic of Kazakhstan, as well as legislative acts directly affecting the interests of disabled children and international standards.

Keywords: inclusive education, laws, children with special needs.

Адамзат өркениеті өзінің өмір сүру кезеңінде мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты ұзақ және қайшылықты жолдан өтті. Бұл қоғамның рухани эволюциясының жолы болды, онда немқұрайлылық, өшпенділік пен

агрессия, қамқорлық пен мейірімділік үлгілері болды. Ескі қарым-қатынаста бір ғана нәрсе орындалмады - тең шарттардағы ынтымақтастық.

Таңдалған тақырыптың өзектілігі біздің қоғам дамуының қазіргі жағдайында балалардың денсаулығы мен қоғамға енуіне байланысты мәселелердің алға шығуында, олар жақын болашақта біздің қоғамның әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени салаларына қатысатын азаматтар болмақ. [1].

Бұл ретте балаларды емдеуге және оңалтуға арналған үлкен қаржылық шығыстар негізгі мәселені құрап тұр, себебі бұл мемлекеттік бюджеттен және әртүрлі қорлардан шығыстардың барған сайын ұлғаюына әкеп соғады. Экономистер бола отырып, біз Оукен Заңының қолданылуын жақсы түсінеміз, оған сәйкес мұндай балаларға қамқорлық жасайтын ата-аналар өндіріс процесінен алшақтайды және сәйкесінше бұл елдің ЖІӨ-не әсер етеді. Бұл жұмыс біздің еліміздің Президенті жариялаған 2022 - Бала жылына байланысты ерекше маңыздылық пен өзектілікке ие болады.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – инклюзивті білім беру мен оны жетілдірудің ролін арттыра отырып, жас ұрпақтың денсаулығы мен қоғамға бейімделуіне байланысты қоғамдағы проблемаларға назар аудару.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік инклюзия мен мүмкіндіктер теңдігін дамыту бойынша жүргізіліп жатқан күш-жігер мүмкіндігі шектеулі балалардың мүдделерін тікелей қозғайтын бірқатар заңнамалық актілерді әзірлеуге ықпал етті. Арнайы заңнамада тегін білім алу (бастауыш, орта және кәсіптік білім, сондай-ақ осы санатқа жататын балалар үшін тегін жоғары білім алу), медициналық мекемелерде мамандандырылған емдеу, қызмет көрсету және материалдық көмек көрсету және әлеуметтік қолдау құқықтары қарастырылған. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету саласындағы құрылыс нормалары мен стандарттарына қатысты заңнамалық актілер мүгедек балалардың барлық қажеттіліктерін көрсетпейді, бірақ олардың қажеттіліктерін жанама түрде ескереді. Соңғы екі онжылдықта адам құқықтарына, соның ішінде мүгедек балаларға қатысты қабылданған заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер мүгедек балаларды әлеуметтік қорғауға берік негіз болып қана қоймайды, сонымен қатар осы санаттағы адамдар тап болатын проблемалар мен ерекше қажеттіліктерді көрсетеді. , Қазақстанда әлеуметтік жұмыс тұжырымдамасын енгізу кезінде. Мүгедектер мен балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі күш-жігерін мойындай отырып, Қазақстан 2008 жылғы 11 желтоқсанда Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясына қол қойды. [2].

Неғұрлым дәйекті және жан-жақты заңнамалық базаны әзірлеумен қатар, Қазақстан мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты бірқатар нормативтік өзгерістерді де енгізді. Қазақстанда жүктіліктің ерте кезеңдеріндегі мүгедектерді дер кезінде анықтауға ықпал ететін жаңа ережелер қабылданды. Жаңа ережелер антенаталдық, перинаталды және неонаталдық скринингті қамтиды. Сондай-ақ балалық шақтағы ауруларды және ерте

жастағы балаларды дамытуды кешенді басқарудың жаңа әдісі енгізілді. Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау сияқты секторлар жаңа деңгейге көшті және мүгедек балаларды анықтау, қорғау, инклюзивті және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету тұрғысынан өздері үшін жаңа рөлдерге ие болды. Білім беру саласындағы педагогикалық бағалаулар дамудың артта қалуын анықтауға көмектесті. Әлеуметтік қорғау секторы баланың мүгедектігінің дәрежесін бағалайды және ауырлығына қарай еңбек нарығына қосу оның бір бөлігі болып табылатын әлеуметтік инклюзия перспективаларын бағалайды. Барлық секторлардағы күш-жігер біріктірілді және ерте балалық шақтағы даму қаупін анықтау үшін балалардың жаппай стандартталған скринингі басталды, бұл адамның өмір бойы интеграциялану стратегияларын әзірлеуге көмектеседі. Соңғы онжылдықта балалық шақтағы мүгедектік жағдайларының мониторингі айтарлықтай жақсарды. 2005-2012 жылдар аралығында Елімізде тіркелген мүгедек балалардың саны өсті, бұл Қазақстан Республикасындағы мүгедек балалардың абсолютті және салыстырмалы санының өсуін ғана емес, сонымен бірге мүгедектігі бар балаларды анықтау, есепке алу және кейіннен қорғау жағдайларының өсуін көрсетеді. Мүгедектік. Мүгедектікке байланысты әлеуметтік стигма азайғанымен, мүгедектігі бар балалар туралы белгілі бір дәрежеде жеткіліксіз хабарлау әлі де бар. Мүгедек балаларды тіркеу көрсеткішінің артуы бүкіл ел бойынша мемлекеттік қызметтермен және соған байланысты жеңілдіктермен көбірек балалар қамтылғанын көрсетеді. [3].

Мәселен, денсаулық сақтау жүйесінің деректері 16 жасқа дейінгі барлық мүгедек балалардың 88,2 пайызы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарында есепте тұрғанын, мүгедек балалардың 96 пайыздан астамы мемлекеттік жәрдемақы алатынын көрсетеді. Соңғы онжылдықтарда әлеуметтанушылар мен мүгедектік зерттеушілері мүгедектікті әлеуметтік контекстпен тығыз байланысты деп қарайды және әлеуметтік оқшаулау және онымен тығыз байланысты басқа да кемшіліктер сияқты салдарға назар аударды (Шекспир, 2006). Сонымен қатар, әлеуметтанушылар мүгедектікті әлеуметтік құбылыс деп санайды және байқалатын мүгедектік деңгейіне әсер етуде әлеуметтік жағдайлардың рөлін атап көрсетеді (Левеллин және Хоган, 2000). Осылайша, мүгедектіктің әлеуметтік моделі проблеманы қоғамға қайтаруды талап етеді, ол өз кезегінде неғұрлым жауапты рөл атқаруы керек. Мүмкін, мұндай модель медициналық үлгіде мүгедектер мен олардың отбасыларына жүктелген жауапкершіліктің бір бөлігін қоғамға қайтарады. Әлеуметтік модельде мүгедектік қоғамның бір бөлігі ретінде қарастырылады және мүгедектер (және олардың отбасылары) азаматтық және саяси құқықтарды (сайлау құқығы, сөз бостандығы), сондай-ақ экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды (денсаулық, білім және т.б.) пайдалана алады.). [4]. Қаралған әдебиеттер мүгедектермен жұмыс істеуде медициналық модельден әлеуметтік модельге көшуді ұсынады (Фугироллас, 2008). Бұл мүгедектерге тек материалдық көмек көрсету саясатынан инклюзивті ортаны қамтамасыз ететін саясатқа – мүгедектерге медициналық-

әлеуметтік қолдау көрсетуге көшуді білдіреді. Мүгедектерді қоғамға қосу олар туғаннан кейін бірден басталуы керек. Бұл мүгедектігі бар балалардың ата-аналарына балаларды тәрбиелеу мен оқытуда, оның ішінде әлеуметтік институттандыруды болдырмау мақсатында елеулі көмек көрсету керек дегенді білдіреді (БҰҰДБ, 2009). Саясат тұрғысынан медициналық елге қарағанда әлеуметтік модельді таңдаған кезде назарды адам денсаулығы мәселелерінен инклюзивтілікті, қатысуды және қызметтер мен инфрақұрылымға толық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін еңсерілуі тиіс кедергілер тізіміне ауыстыруға назар аудару қажет. . Мұндай кедергілер заңнамалық базаға (мысалы, мүмкіндігі шектеулі ересектерді/балаларды анықтау механизмі немесе әлеуметтік қорғау және көрсетілетін қызметтер), әртүрлі қызмет көрсету жүйелерімен (мысалы, денсаулық сақтау немесе білім беру) қамту дәрежесіне және қоғамда мүгедектер (және олардың отбасылары) үшін жалпы инклюзивті орта құру. Балалардағы немесе жалпы адамдардағы мүгедектік, әсіресе оның әлеуметтік және интеграциялық аспектілері бүкіл әлемде күрделі мәселе болып табылады. 2012 жылы әлемде мүмкіндігі шектеулі бір миллиардқа жуық адам болған. Олардың ішінде 110-нан 190 миллионға дейін адам жұмыс істеуде айтарлықтай қиындықтарға тап болды. Барлық мүгедектердің 150 миллионға жуығы бес жасқа дейінгі балалар болды. 400 миллионнан астам мүгедектер кедейлік шегінен төмен табысы төмен елдерде өмір сүрді (Lansdown, 2012; ЮНИСЕФ-ДДҰ, 2012). Бұған қоса, шектеулі жаһандық және салыстырмалы зерттеулерге байланысты мүгедектік көрсеткіштері хабарланғаннан да нашар болуы мүмкін. Мұндай шектеулер анықтамалардағы айырмашылықтарға, санақтар мен сауалнамалардың шектеулеріне және мүгедектікті анықтау және өлшеу үшін қолданылатын әдіснамалардың кең ауқымына байланысты жүйелердің мүгедектерді анықтау қабілетсіздігіне қатысты (Шнайдер, Лоеб және т.б., 2001; ЮНИСЕФ). Висконсин университеті, 2008). Халықаралық тұрғыдан алғанда, әртүрлі халықаралық конвенциялар балалардың, атап айтқанда, мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары мәселесін қарастырады. [5]. Бала құқықтары туралы конвенция (БҚК) мүгедек балаларға қатысты нақты ережелерді көздейтін алғашқы шарт болды (БҰҰ Бала құқықтары туралы конвенцияның 2 және 23-баптары). Дегенмен, Бала құқықтары туралы конвенцияның дамуы 1980 жылдары мүгедектік жеке тұлғаның проблемасы ретінде қарастырылған кезде орын алды (БҰҰ, 2011; Lansdowne, 2012). Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияда (МҰҚК) тек мүгедектердің құқықтарына ерекше көңіл бөлінеді. Конвенция 2008 жылы күшіне енді және 2013 жылдың қыркүйегіне дейін 134 мемлекет Конвенцияны ратификациялады (оған қол қойған 156 елдің ішінде). Конвенцияның 1-бабында мүгедектерге «әртүрлі кедергілермен өзара әрекеттесу кезінде олардың басқалармен тең негізде қоғамға толық және тиімді қатысуына кедергі келтіруі мүмкін тұрақты физикалық, психикалық, интеллектуалдық немесе сенсорлық бұзылыстары бар адамдар» анықталған. Сонымен қатар, мүгедектіктің басқа да әртүрлі анықтамалары пайдаланылады, бірақ жалпы

мүгедектіктің үш деңгейі бар: құнсыздану, функционалдық шектеу және қатысудың шектелуі (Сассер, 1990; ЮНИСЕФ, 2008). Соңғы деңгей, мысалы, қозғалысты шектеу (қолжетімсіз ғимараттар немесе көлік құралдарының болмауы), әлеуметтік оқшаулау (стигмаға байланысты факторларға байланысты) сияқты факторларға байланысты мүгедектіктің сезілуі (немесе күшеюі) мүмкін екенін ескеру маңызды. немесе саяси факторлар, яғни мүгедектерді тұрақты білім беру бағдарламаларына қол жеткізуден айыру және т.б.). [6].

Сонымен қатар, жалпы алғанда, балалар мен ересектердегі мүгедектік анықтамаларының арасында айырмашылық бар екенін атап өткен жөн. Балалық шақтағы мүгедектік немесе даму кемістігі жас нормаларына қатысты психикалық, әлеуметтік және/немесе физикалық функциядағы шектеулер ретінде анықталған (Дуркин, 2001; ЮНИСЕФ, 2008). Мұндай мүгедектік жүйке дамуының бұзылуының салдары болуы мүмкін және туылғанға дейін немесе туылған кезде немесе одан кейін дамуы мүмкін. Мұндай бұзылулардың салдары таным, қозғалыс, сөйлеу және тіл, есту, көру және мінез-құлық сияқты функционалдық салаларда көрінуі мүмкін (Davidson et al., 2003)[7]. Барлық балаларға әсер ететін жалпы әлеуметтік-экономикалық, мәдени, экологиялық факторлардан басқа, мүгедек балалар мүгедектікке байланысты қосымша қауіп-қатерлерге және зорлық-зомбылыққа ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар, кейбір мүгедек балалар жынысына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, көптеген мүгедектікке, географиялық тұрғыдан шалғай аймақта немесе аймақта орналасуына, ауылдық жерде орналасуына, қақтығыстарға немесе азшылықтарға жататындығына байланысты ерекшелену мен қолайсыздыққа көбірек ұшырауы мүмкін. Бүкіл әлемде мүгедек балалар мен олардың отбасылары кемсітушілікке, кедейлікке және әлеуметтік оқшаулануға және басқа да зорлық-зомбылық пен зорлық-зомбылыққа ұшырайды (әлеуметтік шеттету, стигма және дәрменсіздік – мүгедек балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа әкелетін себептер).

Әдебиет

1. Гончарова Е.Л., Никольская О.С., Кукушкина О.И. Дети с особыми образовательными потребностями в системе понятий культурно-исторической психологии // Альманах Института коррекционной педагогики.
2. Закон Республики Казахстан от 08.08.2002 N 345-III "О правах ребенка в Республике Казахстан" <http://pavlodar.com/zakon/?all=all&dok=02168>
3. Закон Республики Казахстан от 13 апреля 2005 года № 39-III «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30008935
4. Пугачев А.С. Инклюзивное образование // Молодой ученый. -- 2012. -- №10. -- С. 374-377.

5. Алехина С.В. Принципы инклюзии в контексте изменений образовательной практики // Психологическая наука и образование. - 2014. - Т.19. - №1. - С.5-16.
6. Лич Д. Прикладной анализ поведения. Методики инклюзии учащихся с РАС. - М.: Оперант, 2015.
7. Алехина С.В. Инклюзивное образование: практика, исследования, методология: Сборник материалов II Международной научно- практической конференции / Отв. ред. - М.: ООО «Буки Веди», 2013.

«Студенттердің психологиялық денсаулықтарын дұрыс қалыптастыру мәселесі»

Канжигалинова М. К

**Магистрант, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
Матаев Б.А**

**PhD, оқытушы-эксперт, Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.**

mkanzhigalinova@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада студенттердің психологиялық денсаулығы мәселелері, олардың факторлары, туындау себептері және оларды қалыптастыру туралы баяндалған. Мақалада психологиялық денсаулықты анықтау және шешу жолдары, психологиялық денсаулықтың маңыздылығы көрсетіледі.

Аталмыш жұмыста психологиялық денсаулық термині және оның сипаттасымен қатар, студенттердің психологиялық денсаулығы нашарлаған кездегі жағдайы сипатталады және оны қалай шешуге болатынын, оны қандай әдістер арқылы анықтауға болатыны зерделеп сараланды.

Кілтті сөздер: психологиялық денсаулық , психологиялық қызмет, диагностикалық әдістеме, коррекциялық және дамытушылық әдістер.

Аннотация. В данной статье рассказывается о проблемах психологического здоровья студентов, их факторах, причинах возникновения и их формировании. В статье освещаются пути выявления и решения проблем психологического здоровья, важность психологического здоровья.

В данной работе, наряду с термином психологическое здоровье и его характеристикой, описывается состояние студентов при ухудшении их психологического здоровья и изучается, как его решить, какими методами можно определить.

Ключевые слова: психологическое здоровье, психологическая служба, диагностическая методика, коррекционно-развивающие методы.

Annotation. This article describes the problems of psychological health of students, their factors, causes and their formation. The article highlights the ways to identify and solve psychological health problems, the importance of psychological health.

This paper, along with the term psychological health and its characteristics, describes the condition of students with the deterioration of their psychological health and studies how to solve it, which methods can be determined.

Key words: psychological health, psychological service, diagnostic methods, correctional and developmental methods.

Тұлғаның психологиялық денсаулығы туралы мәселе 20 ғасырдан бастап ғалымдарды қызықтырған, сол себепті әлі күнге дейін бұл мәселе өз өзектілігін жоғалтқан емес. Тұрақты түрде болып жатқан табиғи және экологиялық апаттар, адамдар санының күрт еселеніп кетуі және адамдардың табиғи ортадан бөлінуі, әлеуметтік нормалардың өзгеруі және саяси тұрақсыздық адамдардың психологиялық денсаулық мәселесінің өзекті болуына әкелді. Оған академик В.М. Бехтерев "психологиялық денсаулық" тақырыбын өз қызметінің басында тұжырымдай отырып, үлкен көңіл бөлді. Бұл мәселені қарастырған Л. С.Выготский, А. Н. Леонтьев, С. Л. Рубинштейн, Уолтер Кэннон, Ганс Селье және Дэвид Майерс сияқты адами психологиялық ахуалды зерттеген ғалымдар үлкен үлес қосты. "Психологиялық денсаулық" ұғымы психологияның гуманистік бағытында кеңінен қолданылады (К.Голдштейн, А. Маслоу, К. Роджерс, В. Франкл және т.б.). А. Маслоу психологиялық денсаулықтың патологиялық бұзылыстары адамның дұрыс емес, қате психологиялық дамуының салдары негізінде пайда болатын невроздар мен психоздар деп есептеді. Психологиялық тұрғыдан сау адамдар - бұл "жетілген, өзін-өзі тануының жоғары деңгейі бар, нақты өмірлік жетістіктері мен табысты тәжірибесі бар және өз жеке мүмкіндіктерін дамыта алатын адамдар". Оның пікірінше, психологиялық денсаулықтың негізгі көрсеткіштері - адамның өзін-өзі тануының көрсеткіштері, оның дамуының толықтығы мен байлығы, қалыптасқан потенциалды мәнері, жеке тұлғаның дербестігі, жеке және кәсіби өзін-өзі анықтау қабілеті, басқа адамдардың өзіндік ерекшеліктерін сол күйінде қабылдау, шығармашылық бағыт және т. б. сияқты қасиеттерді дамыту [1,256].

Шығармашылық белсенділік — адамдағы жеке-дара өзіндік ерекшелік, яғни бір адамның екінші адамнан айырмашылығын көрсететін психологиялық сипат. Адам бойындағы ерекшеліктер шығармашылық белсенділіктің тек белгілі бір іс-әрекетке орай табысқа жетуге көмектесетін белгілері ғана. Шығармашылыққа аса қажетті қасиет, мысалы, музыка саласында әуенді есту мен ырғақты сезіну, оларды бір-бірінен айыру болып табылады. Ал қимыл - әрекет реакцияларының жылдамдығы неғұрлым жоғары деңгейде болса, спорт түрлерімен шұғылдануға өзіндік әсері мен пайдасы тиері даусыз [1].

Кез-келген адамның екі-үш түрлі іс-әрекетті атқаруға бейімділігі болады. Бұл адам қабілетінің жалпы түрі, өмір сүруі мен тіршілік етуге деген икемі және әрекетшіл көрінісі. Адам әрекетсіз, еңбексіз ешқандай іс тындыра алмайтын болса, ол өмір сүре алмас еді. Жалпы, шығармашылық қабілет адамның жеке басының әрекетімен байланысты түрде жүзеге асады. Бұл адамдардың даралық ерекшеліктері. Мысалы, бірдей жағдайда бір істі бір адам тез меңгеріп, өте шапшаң, нәтижелі әрі сапалы етіп атқарса, ал екінші адам іске бірден төселіп кете алмай, сол іс-әрекетке лайық әдет-дағдыларын қалыптастырмағандықтан, істі баяу, нәтижесіз, сапасыз атқаруы мүмкін. Осындай жайттар бірінші адамның шығармашылық қабілеттілігі екінші адамға қарағанда әлдеқайда жоғары деңгейде дамығандығын көрсетеді [2].

Көптеген эмпирикалық зерттеулерде тұлға психологиясы аймағында қазіргі заманғы ғылыми білімдерді мәліметтік –жалпылауды атап көрсетеді. Мұнда көп зейінді тұлғаның бағыттылығы сұрақтарына, мынадай құрылымда қалыптасатын, яғни көзқарас, темперамент, мінез, қабілеттерге бөлінеді. Психологиялық оқулықтағы маңызды орынды тұлғаның белсенділігі, ішкі қайнар көздері мен осы белсенділіктің стимулдарының мәселелері алады. Бұл байланыста қажеттіліктер, қызығушылықтар, сезімдер сияқты психологиялық категориялар қарастырылады. Маңызды орын тұлғаның қалыптасуы мен дамуына беріледі – шарттар мен осы дамудың қозғаушы күшін талдау, зерттелу жолдары мен тұлғаның әртүрлі жас ерекшелігі кезеңдеріндегі қалыптасу амалдарын талдау болып табылады [3].

Осы шығармашылық қабілеттердің бастапқы дамуы үшін негіз–адамның өзін қайталанбас және басқаға ұқсамайтынын саналы түрде түсінуі болып табылады. Ереже бойынша мұнда түсіну ішкі қақтығысты тудырады,

сыртқы да, ішкі жоспардағы кейбір кемшіліктер анықтала бастайды. Максималды жеткіншек жасын есепке ала (дамудың дәл осы кезеңінде тұлғалық рефлексияның бастапқы қалыптасуы белгіленеді), біз өзіміздің негативті жақтармыздың байқау тенденциясы туралы айтамыз, бірақ позитивтілерді есепке алмаймыз. Жағдайдың осындай түрі әрі қарай тұлғалық рефлексияның дамуына алып бармай, өзінің мүмкіндіктері мен перспективалары туралы фрустрацияның туындауына алып келеді. Осыдан, біздің көзқарасымыз бойынша, тұлғалық рефлексияның дамуына – бозбалалар анық бір топқа жатады және осы топтың мүшелерімен ұқсастығын саналы ұғыну және қорытынды секілді, қауіпсіздік пен қолдауды сезінудің пайда болуы негіз болады. Тек осы шарт болса ғана бозбалалар мен бойжеткендер өздерінің ерекшелігі мен қайталанбастығын мойындауы бойынша жұмыс жасауы мүмкін.

Тұлғалық рефлексияның дамуының екінші сатысы - өзінің сыртқы келбетінің рефлексиясы. Ереже бойынша, бозбалалар мен бойжеткендер әлдеқашан физикалық жағынан қалыптасып жетілген. Дегенмен, олар өздерінің сыртқы келбеттерімен әрқашанда қанағаттана бермейді. Өздерінің денесінен шығатын сигналдарды түсінуге үйрену, әрқашан «сыртқы пішінін» сақтау, сыртқы келбетінің ерекшеліктерін білу және оның күшті жақтарын қолдануды білу – міне, осы екінші кезеңнің міндеттері. Дәл осы сатыда жастардың қарама-қарсы жыныстағыларға қатынасы анықталады, әйел және ер рөлдерінің ерекшеліктері айқындалады.

Үшінші саты – сезім рефлексиясы. Дәл осы кезеңде әсіресе ересектер тарапынан маңызды қолдаулар талап етіледі. Байланушылықтың күрделі өрмегін түсіну, қоршаған адамдарға деген қарым– қатынастың өзгешелігі, кейде әбден толық қалыптасқан тұлға үшін де қиындықты көрсетеді. Бозбалалар мен бойжеткендер үшін осы түрдегі проблемалар көбінесе ақиқатында қиын мінезді құрайды. Үшінші кезеңде бозбалалар мен бойжеткендер өздерінің сезімдерін адекватты жеткізуге, өзгенің сезімін қабылдауды, олардың бар болуы мен жоқтығын мойындауды үйренеді.

Тұлғалық рефлексияның дамуының төртінші сатысы – ойлау рефлексиясы. Мұнда адамның өз өміріндегі орнын түсіну, өзінің өмір сүруінің мақсаттарын түсінуінің негізі орнатылады. Бірақ бұл осы кезеңнің жалғыз міндеті емес. Ойларын рефлекстей алуға үйреніп, жас адамдар өзіндік жетілуге қабілеттілікті, үздіксіз алға ұмтылу, тұлғаның өз бетінше дамуын таба алады. Осы жастағы жастар өзінің тағдырын толық біле–білмеуі де мүмкін (ескертеміз, кейбір адамдар оны ажырата алмайды). Бірақ жағдайды дұрыс бағалау, бірнеше қадам алға жүрістерді санау, өз мүмкіндіктері мен күшін есептеу – бұл тұлғалық рефлексия дамуының төртінші кезеңінде шешуге мүмкіндік беретін шынайы міндеттер болып табылады.

Соңғысы, тұлғалық рефлексия дамуының бесінші сатысы – адамға өзінің сезімдерін, уайымдарын сезіне отырып, жағдайды басқа адамның аналогиялық құрылымынан көруге мүмкіндік береді. Бұл кезеңде дамудың психологиялық сатысы бітетін секілді – адам өзін қайтадан қоғамның бір

бөлігі екенін саналы түрде түсінуге ұмтылады, бірақ сапалысы өзге деңгейде болады.

Психологиялық әдебиеттер талдауына сүйене отырып, біз жоғарыда көрсетілген барлық кезеңдердің кезекпен жүруі, адамға өмірлік маңызды бағдарлар мен өзінің болашағын нақты елестетуді жан-жақты ойлануға мүмкіндік береді деп болжай аламыз [4].

Тұлғаның зияткерлік қабілетінің дамуы мен қоршаған ортаға жауапкершілігінің артуы жер бетінде өмір сүріп жатқан барлық елдерде байқалуда. Жаңа ғасырдың жанаша талаптары – қоғамның қажеттілігі мен мүдделерін қанағаттандыру. Бізді қоршаған дүние өте жылдам қарқынмен өзгеруде, ал білім алу мен зерделеу тәсілдері, оқыту мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту формалары, әдістері мен технологиялары оқу үрдісіне баян етуде. Өткен қоғамдағыдай емес, қазіргі қоғам өзінің іс-әрекетіне өзі басшылық жасап, шұғыл шешім қабылдай алатын тұлғаны қажет етеді. Осындай тұлғаларды оқытудың жаңа технологиялары нәтижесінде қалыптасатынын соңғы жылдардағы тәжірибелерде көрсетіліп отыр [5].

Қорыта келгенде, шығармашылық қабілет – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері – шығармашылықтың нәтижесі. Тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістерден байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық - психологияның негізгі мақсаты - бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сапа, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соның шешімдерін іздестіру болып табылады.

Әдебиет

- 1 Крутецкий В.А. Психология обучения и воспитание школьников М, - 2016
- 2 Пачина, Н. Н. Основы тренинговой деятельности : учебное пособие / Н. Н. Пачина, С. А. Поздняков. — Липецк : Липецкий государственный технический университет, ЭБС АСВ, 2018. — 39 с.
- 3 Обухова, Ю. В. Практическая психология личности: тренинговые технологии в работе педагога-психолога / Ю. В. Обухова. — Ростов-на-Дону, Таганрог : Издательство Южного федерального университета, 2020. — 124 с.
- 4 Аубакирова С.А. Терминологический словарь по дисциплине «Психология и развитие человека» Учебное пособие / С.А. Аубакирова, Р.А. Жумагалиев. - Тараз : ТарГПИ, 2016. - 150с.
- 5 Клейнман П. Психология. Люди, концепции, эксперименты / П.Клейнман; Пер. с англ. О.Медведь. - 5-е изд. - М. : Манн, Иванов и Фербер, 2019. - 272 с.

«Қазіргі мектепке дейінгі білім беруде балалардың зияткерлік әлеуетін дамыту технологиялары»

Оспанова Н.М, Сарсенбаева Б.Г, Кошкимбаева Р.Х
nurgul.maratovna.2020@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беруде балалардың зияткерлік әлеуетін дамыту мен қатар зияткерлік әлеуеттерін қалыптастыру туралы баяндалған. Мақалада қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім беру саласында балалардың зияткерлік әлеуетін дамыту жұмысы тәрбиешіден терең технологиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді деп жазады.

Аталмыш жұмыста мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балабақша баласын тұлғалық әрі зияткерлік дамыту жолдары қарастырылды және бірнеше педагогикалық технологиялардың түрлері зерделеп сараланды.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі балалар, зияткерлік дамыту, балабақша, педагогикалық технологиялар, ойын технологиясы.

Аннотация. В данной статье рассматриваются проблемы развития и формирования интеллектуального потенциала детей в условиях дошкольного образования. В статье особо подчеркивается, что развитие интеллектуального потенциала детей в сфере дошкольного образования в настоящее время требует от воспитателя глубоких технологических, психолого-педагогических, методических знаний, педагогического мастерства. В данной работе были рассмотрены пути личностно-интеллектуального развития детей в дошкольных образовательных учреждениях, изучены и дифференцированы несколько видов педагогических технологий.

Ключевые слова: дошкольники, интеллектуальное развитие, детский сад, педагогические технологии, игровые технологии.

Annotation. This article deals with the problems of development and formation of the intellectual potential of children in preschool education. The article emphasizes that the development of the intellectual potential of children in the field of preschool education currently requires deep technological, psychological, pedagogical, methodological knowledge, pedagogical skills from the educator. In this work, the ways of personal and intellectual development of children in preschool educational institutions were considered, and differentiated several types of pedagogical technologies.

Key words: preschoolers, intellectual development, kindergarten, pedagogical technologies, game technologies.

Қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттің даму саясатының ажырамас бөлігіне айналып отырғаны барша педагог қауымға аян. Қоғам іргесінің берік болуы сол жас ұрпақтың тұлғалық дамуымен, зияткерлік әлеуетімен өлшенеді. Сондықтан, мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие үрдісінің басым бағыты – алдымен баланың жеке басының зияткерлік дамуына бағытталуы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік әлеуетін қалыптастырып, дамыту үшін балабақшада әр өскінге тұлға ретінде қарап, сол жеке тұлғаның ішкі дүниесі мен болмысындағы қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілеттерінің дамуына жағдай туғызу қажет.

Әрине, ол алдыңғы кезекте мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды орынды қолдана білу сауаттылығына тікелей байланысты. Балабақша баласының зияткерлік мәдениетін дамытуды педагогикалық технологияларды түрлендіріп қолдану негізінде жас ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай туады. Ал балабақшадағы әрбір балаға дұрыс тәрбие көзін көрсетіп, тұлғалық тұрғыда дамыту – кез келген тәрбиешінің басты мақсаты.

Қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім беру саласында балалардың зияткерлік әлеуетін дамыту жұмысы тәрбиешіден терең технологиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Біз бұл ғылыми мақаламызда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балабақша баласын тұлғалық әрі зияткерлік дамыту жолдарын қарастырып, бірнеше педагогикалық технологиялардың түрін зерделеп-сараладық.

Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік дағдыларын дамытуды өз еңбектерінде Р.С.Немов, П.Я.Гальперин, А.В.Запорожец, К.В.Бардин сынды ғалымдар терең қарастырып, зерттеген. Атап айтсақ, Р.С.Немов зерттеулерінде баланың зияткерлік дамуын логикалық ойлау мен сөйлеуді дамыту жолдарымен байланыстырса, ғалым П.Я.Гальперин мен А.В.Запорожец мектепке дейінгі балалық шақта қолданылатын формалары, таным негіздері баланың болашақтағы оқу әрекетінің негізі болып табылатынын айтқан. Демек, балабақша тәрбиесінде жас ұрпақтың оқу әрекетіне дайындығын қалыптастырып, қадағалау аса маңызды.

Жоғарыда айтылған пікірлерге сүйене отырып, зияткерлік даму мыналарды қамтиды деген ғылыми көзқарастар бар:

- логикалық есте сақтау;
- аналитикалық ойлау (негізгі белгілер мен құбылыстар арасындағы байланыстарды түсіну қабілеті);
- шындыққа ұтымды көзқарас (қиял рөлінің әлсіреуі)
- сараланған қабылдау;
- білімге деген қызығушылық, оларды қосымша күш салу арқылы алу процесі;

- есту арқылы ауызекі сөйлеуді меңгеру, символдарды түсіну және қолдану қабілеті;

- ұсақ моториканы және қимыл-көру координациясын дамыту [1.132].

Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы “Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек” [2.28], - дегендей, кез келген жастағы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру істерінде педагогтер нәтижелі болатын әдістерді сұрыптап пайдаланған жөн. Осы орайда, біз де бірнеше педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді саралай отырып, қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық және зияткерлік әлеуетін дамыту жолдарына бағытталған төрт технологияның тізімін топтастырдық:

1. Ойын технологиясы
2. Шығармашылық технологиясы
3. Қатынастық ақпараттық технологиясы
4. Денсаулық сақтау технологиясы

Мектепке дейінгі жаста баланың белсенділігі мен әртүрлі дүниелерді тануға, іс-шараларда өзін сынап көруге деген құлшынысы өте айқын көрінеді. Бала өзінің жаңа мүмкіндіктерін қолдануға және дамытуға деген қажеттілікті сезінеді. Осы кезеңдегі бала бойындағы белсенділік ойынға және қиялға байланысты көрініс табады. Сондықтан бұл кезеңде баланың зияткерлік әлеуетін дамыту жолы ретінде, ең алдымен, ойын технологиясын қарастырған дұрыс. Ойын – бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп, ұғынады. Әрине, тек көру, байқау арқылы емес, тікелей араласып, іс-әрекетке көшіп, нақты қарым-қатынас барысында біледі. Мұны ұғынуда ойын шешуші мәнге ие болады. Былайша айтқанда, түрлі заттар мен құбылыстарды, адамдар арасындағы қарым-қатынасты баланың білуі, сезінуі ойын негізінде жүзеге асады. Баланың таным түсінігі, іс-әрекеті ойыннан бастау алады да, оның нәтижесінде бала тұлғалық және зияткерлік тұрғыда дамыған азамат болып қалыптасады.

Ойын технологиясының теориясы мен әдістемесін отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеп келеді. Бұған Й.Хейзингтің «Ойыншы адам», Д.Б.Элькониннің «Ойын психологиясы», Эрик Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар» атты еңбектері дәлел бола алады. Ойын теориясын зерттеуші Ресей ғалымдары А.В.Вербицкий, Т.В.Кудрявцев, И.П.Пидкасистый, қазақстандық ғалымдар Н.К.Ахметов, Ж.С.Хайдаровтар ойынды мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық және зияткерлік дамуының негізі ретінде қарастырады. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, оқытудың ойын формасын қолдануда екі жақты дидактика байқалады: «біріншіден, ойнау үшін білу, үйренудің қажеттілігі, екіншіден, ойнай отырып өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтаудың қажеттілігі» [3.117]. Осы орайда ұлы педагог В.Сухомлинскийдің: «Ойын-дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеттес, ол арқылы баланың рухани байлығы жасампаз өмірімен ұштасып, айналадағы дүние туралы түсінік

алады» [4.56], - деген сөзін ескере отырып, мектепке дейінгі мекемелерде баланың тұлғалық және зияткерлік әлеуетін дамыту көзі ретінде ойын технологияларының түрін көптеп қолданудың маңызы зор деп тұжырымдауға болады.

Мектепке дейінгі баланың тұлғалық және зияткерлік әлеуетін дамытудың ендігі бір жолы – шығармашылық технологиясы. Мектепке дейінгі шақ адамзат өміріндегі ең шешуші кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, соншалықты жұмыс нәтижелі болады. Міне, осыған сәйкес жеке тұлғаны дамытуда Г.С.Альтшуллердің «Тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясы» технологиясы еліміздің мектепке дейінгі мекемелерді тарапынан кеңінен қолдау табуда. Бұл бала бойындағы шығармашылық қасиеттерді шыңдайтын технологиялар қатарына жатады.

Мектепке дейінгі балалық шақтағы зияткерлік дамуға бағытталған аталмыш технология баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді және оның бойындағы зияткерлік дағдыны жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді. Баланың шығармашылық әлеуетінің тұлға ретінде даму мәселесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы білім мақсатының біріне жатады. Бүгінгі күні осы «Тапқырлық тапсырмаларды шешу» теориясының әдістері арқылы мектепке дейінгі балалардың тілдік күзіреттіліктерін, қабілеттерін дамытудағы маңызды орын алатыны айқын. Бұл әдістерді дұрыс қолданудың нәтижесінде балалардың шығармашылық қиялы, тапқырлығы, диалектикалық ойлауы жетіліп, зияткерлік дағдылары қалыптасады.

Зияткерлікті дамытуда қолданылатын маңызды технологиялардың ендігі бірі – денсаулық сақтау технологиясы. Себебі жас ұрпақтың физиологиялық саулығы – оның зияткерлік мәдениетінің алғышарты. Денсаулық сақтау педагогикалық технологиясына педагогтың баланың денсаулығына деген әртүрлі деңгейде – ақпараттық, психологиялық, биоэнергетикалық деңгейде ықпал етудің барлық аспектілері кіреді. Заманауи жағдайда тұлғаның зияткерлік дамуы оның денсаулық жүйесін құрусыз мүмкін емес. Егер мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың денсаулығының статистикалық мониторингіне сүйеніп, денсаулық сақтауда педагогикалық технологияларды орынды қолданса, тәрбие мен білім беру үдерісінің нәтижелілігі артып, балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған құндылық бағдарын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде жас ұрпақтың зияткерлік дамуының негізі болуға жағдай туғызбақ.

Мектеп жасына дейінгі баланың зейін ерекшелігін ескере келе, олардың уақытын орынды пайдаланып, тың мағлұмат, тың дүние беру арқылы зияткерлікке тәрбиелеу – ақпараттық қатынастық технологиялардың жетістігі. Бұл туралы зерттеуші ғалым Б.Р.Оспанова: «Электронды құрал-жабдықтарды пайдалануды қазіргі заманның жасөспірімдері сәби шақтан бастап меңгере бастады. Оған адамзат қоғамының ғылыми-технологиялық

жақтан қарыштап дамуы мен ақпараттық жүйеге көшуі және кез келген ел қоғамы мүшелерінің барша іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігіне электронды құрылғылардың жаппай енуі себеп болып отыр», [5.56] - деп ғылыми байлам жасайды. Дегенмен, балабақшаларда ақпараттық технологияларды қолдану диапазоны шектеулі және және тәрбиешінің арнайы дайындығын қажет етеді. Ал, интерактивті әдістерді пайдалану арқылы әр баланың зейіні, есі, қиялы, ойы мен тіл байлығы артып, зияткерлік дағдыларының дамуына ықпалын молынан тигізеді.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі зияткерлік даму мен тұлғалық өзгеріс – болашақ ұрпақтың толыққанды азамат болып қалыптасуына жағдай туғызатын негізгі бағыт. Балабақша педагогтерінің мектепке дейінгі кезеңдегі оқыту мен тәрбие жұмыстарына байыппен қарап, ұрпақтың дамуы мен жетілуіне жағдай жасауы қандай маңызды болса, зияткерлік даму жолдарын үнемі жетілдіріп, жаңа технологиялармен толықтырып отыруы да сондай маңызға ие.

Әдебиет

1. Б. Байжұманов. Оқушылардың психикалық даму ерекшеліктері. Бастауыш мектеп, №12, 1998ж.
2. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 2015.-448 б., Б. 160-166.
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындарын оқу-тәрбие процесінде пайдалану. – Астана: Рауан, 2018.
4. В.Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. Алматы: Мектеп, 1976. — 303 б. Қазақ тіліне аударғандар: Машақов М. Бейсембаев З. Ахметов Ж.
5. Б.Р. Оспанова. Ақпараттық-қатынастық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланып оқытудың тиімділігі. Астана: Рауан, 2014.

«Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту жолындағы «4к» білім беру моделі»

А.Е. Иксанова, Г.Д. Слямова

**ШҚО білім басқармасы, Өскемен қаласы бойынша білім беру бөлімінің
«№30 жалпы білім беретін мектеп» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті
мұғалімдері**

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

e-mail: aliya.ixanova.kz@mail.ru

e-mail: gulnara_2720@mail.ru

Андатпа. Бұл мақалада «4К» моделін қолдана отырып, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамытудың заманауи әдіс-тәсілдерін қолдану мәселесі қарастырылады. Бұл тақырыптың өзектілігі

қазіргі қоғамның талабына сай сыни тұрғыдан ойлау, бір-бірімен қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесу және барлық жағынан шығармашылық қабілеттерге қажеттілігінде.

Тірек сөздер: «4К» әдісі, сыни тұрғыдан ойлау, сөйлеу тілін дамыту, шығармашылық, ынтымақтастық, бірлесе жұмыс істеу.

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема современных методов и приемов развития речи учащихся на уроках казахского языка и литературы с использованием модели «4К». Актуальность заданной темы состоит в том, что акценты современного общества сместились в сторону умения критически мыслить, проявлять коммуникацию друг с другом, взаимодействию и творческого подхода во всем.

Ключевые слова: метод «4К», критическое мышление, развитие связной речи, творчество, коммуникация, кооперация.

Annotation. This article discusses the problem of modern methods and techniques of speech development of students in the Kazakh language and literature lessons using the "4K" model. The relevance of the given topic is that the accents of modern society have shifted towards the ability to think critically, communicate with each other, interact and be creative in everything.

Keywords: "4K" method, critical thinking, development of coherent speech, creativity, communication, cooperation.

Тәжірибелік эксперименттік жұмыс тақырыбының өзектілігі: ХХІ ғасырдың басында әлем халқының басым көпшілігі оқи, жаза және санай алады, бірақ бұл дағдылар жаңа әлемде жұмыс істеу үшін жеткіліксіз, сондықтан "білім беру қоғамдастығында «4К» деп аталатын сауаттылықтың жаңа тізімі танымал бола бастады [1, 23-25 б.б.].

Сонымен, ХХІ ғасырдың дағдысы - Білім берудің «4К» моделін құрайтын арнайы дағдылар нелер? Олар:



1. Сыни ойлау - (ағылш. *critical thinking*) - пікірлесу жүйесі, нақтыланған, қалыптасқан іс-әрекет жағдайларды талдауға және игілікті шешім қабылдауға, бағалауға бағытталған және алынған нәтижелерді мәселелер мен жағдаяттарды шешуге тиімді қолданумен сипатталатын ұғым. Сыни ойлаудың ең маңыздысы - жоғарғы деңгейдегі ойлау.

К.Поппер: « Біз жиналған білімдерден емес, өз қателіктерімізден сабақ аламыз» , «Мен мүмкін қателесермін және сен де мүмкін қателесерсің, бірақ бірігіп күш жұмсау арқылы біз біртіндеп шындыққа жақындаймыз» қағидалары нағыз сыни ойлаудың үлгісі ретінде мысал бола алады.

2. Креативті ойлау - (ағылш.аудармасы creative - шығармашылық) - жаңа идеяларды құруға бағытталған, қабылданған қалыпты дәстүрлі ойлардан бас тартып, ерекше ойларға бейімделген тұлғаның шығармашылық қабілеті. Адамның шығармашылық сыни ойлау арқылы стандартты емес шешімдер қабылдауы, адамның өз жағдайларын және орын алған мәселелерді түрлі қырларынан көре білуі. Қалыптасқан үйреншікті стереотиптерден босап, шығармашылыққа бой алдыруы.

3. Коммуникация – (латын «communication» - хабар және «communicare» - ортақ істеу, әңгімелесу, байланысу, хабарлау, жеткізу) түсінігін білдіреді. Қарым-қатынасқа түскен адамдарға белгілі бір ақпаратты ауызша немесе вербалды емес жеткізе білу тәсілі.

4. Кооперация (латын *cooperation*) - белгілі бір адамдар құрамымен немесе өндіріс, кәсіпкерлік саладағы қызметкерлердің еңбек, өндірістік процестегі бірлесіп атқарған еңбекті ұйымдастырудың формасы. Кооперация коммуникациямен тығыз байланысты. Командалық жұмыс 3 кезеңнен тұрады: 1) мақсат қою, оған қол жеткізу; 2) бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; 3) жалпы жауапкершіліктерін дамыту [7].

Еңбек және білім беруді дамыту нарығының кейбір болжамдарына сәйкес әлемдегі танымал мамандықтардың көпшілік бөлігі болашақта «жоғалуға» айналады екен. Қазіргі дамыған әлемде адамдардың нені қаншалықты жасай алатыны емес, оны басқаша қалай өзгертіп жасауға болатынын, өзінің ақыл-ойы мен білімінің жаңа қырларын қалай тез меңгеріп әрі дамытып отыруы үлкен сұранысқа ие. Осыған сәйкес «4К» моделімен қатар білім саласына *softskills*, *hardskills* атты терминдер қосылды. *Softskills*, (икемді пәндік сала емес дағдылар-байланысқа түсе білу, ақпараттармен жұмыс істеу, мақсат қою және уақытты жоспарлау) *hardskills*-кәсіби пәндік дағдылардан маңызды болып табылады. «4К» моделінің барлық жетекші дағдылары тек білім саласында емес, сондай-ақ әр түрлі өмірлік және кәсіби мәселелерді шешуде пайдалы.

«4К» моделінде берілген дағдыларды қашан және қалай дамытуға болады? Жанұядағы ата-анасының әрекеттері мен тәрбиесіне байланысты. «Сөз үйретпейді, әрекет үйретеді» демекші, ата-ана тұлғасы мен оның тәрбиесі бала үшін әркез де үлгі. Дегенмен «табысты ата-ана» бола отырып, әрбір ата-ана мына негізгі мәселелерді есепке алуы керек:

Дағдыларды меңгеру - «Маған не қажет?» сұрақ аймағынан «Мен не істей аламын?» аймағына өту. Баланың қандай да бір әрекетті атқара білу қызығушылығына демеу болу, белсенділігін көтеру, жақсы істерге түрткі болуы. Негізгі әрекет баланың қызығушылығын жою емес, қолдау көрсетуге көмектесу жұмысына бағытталуы тиіс.

Мектептегі үйірме, секция жұмыстары да баланың әр қырлы ойланып, түрлі тәжірибе жинақтауына, сол арқылы креативті шығармашылық дамуына негіз болып табылады [4, 53б.].

Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Білім алушылардың оқуға деген қызығушылығы мен шығармашылық белсенділігі төмендеді. Оқушылардың ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы тақырып төңірегінде зерттеулер жүргізіліп, тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыз жүзеге асырылуда. [2, 16-18 б.б.].

ТЭЖ мәселесі бойынша білім беруде **жетекші технологиялар** анықталды:

- «Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту»;
- Ақпараттық-коммуникациялық технология;
- Деңгейлік бағдарламалардың 7 модулі;
- Қашықтан оқыту технологиясы.

Педагогикалық жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізудің **мотивациялық факторлары**:

- Оқу-тәрбие процесінің сапасын және оқыту мен тәрбиелеу нәтижелерін жақсарту;
- Ұжымдағы біліктілік пен педагогикалық шеберлік деңгейін, әлеуметтік мәртебесін арттыру;
- Кәсіби қызметте өзін-өзі жүзеге асыру, санатын жоғарылату.

Зерттеу жұмысының нысаны: «4К» дамытуға бағытталған оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдерге негізделген білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде дағдылардың жаңа моделін енгізу процесі болып табылады.

ТЭЖ пәні - оқушылардың «4К» дамуы мен негізгі білім, білік және дағдыларды қалыптастырудағы ішкі және сыртқы көріністері.

ТЭЖ мақсаты – оқушылардың «4К» даму үрдісін теориялық негіздеме және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

ТЭЖ міндеттері:

1. Зерттеудің теориялық негіздерін түсіну, теория мен практикадағы мәселесін даму жағдайын, бастапқы теориялық ұстанымдарды анықтау;
2. ТЭЖ бағдарламасын құру, зерттеу мақсатын, міндеттерін, болжамын, «4К» дамытуға бағытталған мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесу моделінің теориялық негіздемесін анықтау;
3. Оқушылар арасында ХХІ ғасырдың базалық дағдыларын дамыту тұжырымдамасы мен құрылымдық компоненттерін, олардың дамуына ықпал ететін факторларды қарастыру;
4. «4К» дамыту үшін жаңа тәсілдердің мүмкіндіктерін анықтау.
5. «4К» даму өлшемдерін (көрсеткіштерін) әзірлеу және нақтылау;
6. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде Инновациялық білім беру технологияларын, оқу-тәрбие үрдісінде білім беруде жаңа тәсілдерді енгізуді жүзеге асыру;

7.ТЭЖ талдау жүргізу.

Зерттеудің негізгі болжамы: егер функционалдық сауаттылықты дамыту үшін жаңа тәсілдердің мүмкіндіктері анықталса, критерийлер мен көрсеткіштер әзірленсе, «4К» дамыту әдістемесі құрастырылса және сынақтан өткізілсе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың «4К» дамуы нәтижелі болады, сонымен қатар қажетті процестің оңтайлы әдістемелік, ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары жасалады, өйткені белсенділік, құзыреттілік, тұлғаға бағытталған, субъект-субъект, конструктивистік тәсілдер іске асырылады. [5, 103б.].

ТЭЖ әдістері:

- теориялық (зерттелетін мәселе аспектісінде философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау, гипотезаны ұсыну, модельдеу);
- эмпирикалық (байқау, сауалнама, тестілеу, қызмет өнімдерін талдау, оқушылардың шығармашылық өнімдері, педагогикалық эксперимент, сауалнама);
- рефлексивті (ТЭЖ мәселелерімен айналысатын мұғалімдердің, психологтардың озық тәжірибесін және өзінің педагогикалық қызметін талдау),
- статистикалық (стандартталған психодиагностикалық зерттеу әдістері, педагогикалық диагностика әдістері).

Зерттеу жұмысының кезеңдері:

I. Іздестіру (дайындық) кезеңі – 2020-2021ж.ж.

II. Эксперименттік (қалыптастырушы) кезең – 2021-2023 ж.ж.

III. Практикалық кезең – 2023-2024 ж.ж.

IV. Қорытынды кезең – 2024-2025 ж.ж.

I. Іздестіру (дайындық) кезеңі – 2020-2021ж.ж.

Жұмысты ұйымдастыру:

Зерттеудің теориялық негіздерін түсінуден, теория мен практикадағы проблеманың даму жағдайын, бастапқы теориялық ережелерді анықтаудан, эксперименттік жұмыс бағдарламасын жасаудан, зерттеу мақсатын, міндеттерін, гипотезасын тұжырымдаудан, «4К» дамытуға бағытталған мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесу моделін теориялық негіздеуден тұрады.

II. Эксперименттік (қалыптастырушы) кезең – 2021-2023 ж.ж.

Коммуникация - бұл үнемі әрі шексіз дамуға арналған аймақ. Дағдыларды дамытуға арнайы жаттығулар көмектеседі. Мәселен, «Жарнама» - топтың жағымды қасиеттерін тану. «Не істегенімізді тап» - топты біріктіру. «Психологиялық көмек» - қатысушылардың төмен өз бағалауын көтеру. «Қоңырау» - топ мүшелеріне деген сенімділікті арттыру. «Мен саған сыйлаймын» - тренингті қорытындылау, жағымды эмоционалды ахуалды бекіту. «Менің жетістіктерім» - қатысушылардың жеке жетістіктерін бағалай білу [6, 97б.]


Сыни ойлау деген не? Д.Клустер

- 1.Сыни ойлау – дербес жеке ойлау
- 2.Ақпарат – сыни ойлаудың бастапқы нүктесі
- 3.Сыни ойлау сұрақ қою, мәселе анықтаудан басталады
- 4.Сыни ойлау сенімді дәлелдерге ұмтылады
- 5.Сыни ойлау – әлеуметтік ойлау



«Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы үш кезеңнен тұрады:





Қорыта келгенде, осы «4К» моделінің стратегияларын оқу қызметін ұйымдастыру барысында қолданудан алған нәтижеміз:

- білім алушылардың оқуға қызығуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;
- ойлау белсенділігі, тапқырлығы;
- өзіне деген сенімі қалыптасуы, оқушылардың басқалармен қарым-қатынас жасай білуі;
- басқаларды тыңдап, кез-келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауы; - өз ойын топ алдында ашық айтып қорғай білуі;
- өз бетінше ізденуге үйренуі;
- оқу қызметіне деген белсенділігі жоғары болуы.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді балалар тәрбиелеуге болады. Ол үшін көп ізденіп, көп оқып, ізденіс үстінде болу керекпіз.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 ж. 27-шілде
2. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Алматы, 2012.
3. Абиев Ж.Ә, Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика: Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған Құдиярова А. М. – Алматы: Дарын, 2004.
4. Аверин В.А. Психология детей и подростков.[Балалар мен жасөспірім- дер психологиясы]: Оқу құралы. 2-басылым, қайта құрастырылған – СПб.: Михайлов В.А. басылымы, 1998. – 379 б.
5. Аймауытов Ж. Кешенді оқыту(Мұғалімдерге, қайталама курстарға, тәрбие техникумдарына көмек). – Алматы: Қазақбаспасы, 1929.

6. Әлімов А.К. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. Әдістемелік құрал/ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 б.

7. kk.wikipedia.org

Кіші мектеп оқушыларының зерттеу әлеуетін дамытудың педагогикалық негіздері

М. А. Абдуллина¹, Б. К. Кусманова²

¹Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

²Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.
e-mail: 1988_m_88@mail.ru, bayan0765@mail.ru

Андатпа. Бұл мақала бастауыш сынып оқушыларының зерттеу әлеуетін дамыту мәселесіне арналған. Оқушының әлеуетін зерттеу барысында сыртқы және ішкі жағдайларды ескеру қажет, бұл «мұнда және қазір» зерттеу қызметіне мотивацияның пайда болуына әкеледі.

Кілтті сөздер: кіші мектеп оқушысы, зерттеу әлеуеті, мотивация, зерттеу қызметі.

Аннотация. Даная статья посвящена проблеме развития исследовательского потенциала младших школьников. В ходе исследования потенциала учащегося нужно учитывать внешние и внутренние обстоятельства, что приводит к возникновению мотивации к исследовательской деятельности «здесь и сейчас».

Ключевые слова: младший школьник, исследовательский потенциал, мотивация, исследовательская деятельность.

Annotation. This article is devoted to the problem of developing the research potential of younger schoolchildren. In the course of studying the potential of a student, it is necessary to take into account external and internal circumstances, which leads to the emergence of motivation for research activities "here and now".

Keywords: junior high school student, research potential, motivation, research activity.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі

мінез. Өз еңбектерінде А.И. Савенков «Жобалау мен зерттеу бағыттылығы, мән мағынасы және іс-әрекетінің мазмұны бойынша әртүрлі», - деп атап көрсеткен [1, 2, 3, 4].

Оқушылардың бойында ізденушілік, жобалау, зерттеушілік ізденісін қалыптастыруда жобалау және зерттеу әдістерінің негізіне мыналар жатады:

- оқушының танымдық білігі мен дағдысын дамыту;
- ақпараттық кеңістікте бағдарлай алу білігі;
- өз білімін өздігінен құрастыра алуы;
- ғылымның әр саласының білімдерін кіріктіре алу білігі;
- сын тұрғысынан ойлай алуы.

Жалпы ғылыми–теориялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерде зерттеушілік іс-әрекеттің маңызын ашу мақсатындағы көзқарастарды талдай келе, оны анықтаудың бірнеше бағытталған іс-әрекеттер негізінде болғанын байқауға болады:

- зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру, дамыту негізінде оқу белсенділігі мәселелері және танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру тұрғысынан (А.Е. Әбілқасымова [5], Ш.Т. Таубаева [6, 7], З.А. Исаева [8], А.Ш. Байтукаева [9], М.А. Утешова [10], Г.К. Баймукашева [11], М.Н. Верзилин [12]);

- жаңа білімді меңгеруге бағытталған зерттеушілік іс-әрекеті негізіндегі өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тұрғысынан (М.Н. Корсунская [13], Г.К. Баймукашева [14], Ф.В. Зуев [15], И.В. Загвязинский [16], Н.А. Рыков [17], Э.Я. Ганон [18];

- оқыту проблемаларын шешуге бағытталған іс-әрекеттер тұрғысынан (Ж.Б.Чилдибаев [19]); ғылыми шығармашылық әдістемелік меңгеруге, шығармашылық тапсырмалар мен міндеттерді шешуге бағытталған шығармашылық іс-әрекеттер тұрғысынан (Ш.Т. Таубаева [6, 7], А.Ш. Байтукаева [14], В.И. Андреев [20], Т.С. Садықов [21], М.Н. Верзилин [12]).

Педагог – әдіскер ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасау барысында, көптеген зерттеулерде кеңінен қолданылатын, білім беру үдерісінде жиі пайдаланылатын «оқу-зерттеу іс-әрекеті» және «ғылыми – зерттеу іс – әрекеті» түсініктерін салыстыра отырып сипаттама беруге тоқталатын болсақ. Зерттеушілік іс – әрекетте оқу – зерттеу және ғылыми – зерттеу іс-әрекеті екеу қатар қолданылады. Оқу - зерттеу іс-әрекеті – оқу-тәрбие үдерісінің міндетті құрамдас бөлігі, оқытушылардың ұйымдастыруымен және студенттердің таным үдерісінің белсенді атсалысуымен құрылады [19].

«Баланың дамуының ең жақын аймағы» атты еңбегінде Л.С. Выготский оқушының тапсырманы өз бетінше орындауға әзірлігін дәрежесін айтқан болатын. Осылайша ол бұл әзірлікті екі деңгейге бөлген: оқушы тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындайды (ол осы кездегі өз дамуының деңгейіне жетті), ары қарай оған мұғалімнің көмегін қажет ететін қиынырақ тапсырма беру керек, яғни жаңа танымдық мәселе қойылады (қиындық, қарама-қайшылық), бұл оқушының ақыл-ойының дамуына дем береді. Оқушының

өз бетімен жұмыс жасауы оның дүниетанымы мен мәдени құзіреттілікке ие екендігінің дәлелі [22].

Зерттеушілік қабілеттерді дамыту оқушыға төмендегі мүмкіндіктерді береді:

- оқушы зерттеу әдістерін игереді, кейін осы әдістерді ол кез келген басқа пән материалдарын игеру кезінде де қолдана алады;

- алынған білім мен біліктерді өзінің жеке мүддесі үшін қолдана алады, бұл оқушының әрі қарай өзін тануына, тұлға ретінде анықталуына мүмкіндік береді;

- ғылым түрлеріне, мектеп пәндеріне және жалпы танымдық процеске деген қызығушылығын дамытады. Оқу-зерттеу әрекеті оқушы бойында төмендегі білім мен біліктерді дамытады:

- жаңа фактілер мен заңдылықтарды ешкімнің көмегінсіз, өздігінен түсіндіре және дәлелдей білуді;

- бұрын зерттелген құбылыстар мен заңдылықтарды жіктеуді, салыстыру, талдау және жинақтауды білуді;

- эксперименттер жасап, гипотезалар ұсына алады және оларды дәлелдей білуді үйренеді;

- себеп-салдарлық байланыстар мен қатынастарды орната білуді;

- фактіні, құбылыстар мен заңдылықтарды басқа қырынан, басқаша тұрғыдан қарастыра білуді;

- зерттеудің ғылыми әдістерін (теориялық анализ және синтез, эксперимент жасау, модельдеу және т.б.) қолдануды;

- шешімнің бірнеше нұсқасын ұсыну және ең қолайлысын таңдау, қорытындыны дәлелдеу;

- өзінің және жолдастарының зерттеу жұмысын бағалау және рецензиялау.

Педагогика ғылымында А.М. Матюшкин, М.И. Махмудов, А.Н. Лук, Е.В. Каргаполова, Б.А. Тұрғынбаева, Р. Омарова және т.б. еңбектері осы мәселеге бағытталып, оқушының танымдық әрекетінің белсенділігі оның зерттеушілік іскерлігіне әсер етіп, белгілі бір іс-әрекетте жоғары нәтижеге жету деп тұжырымдаған.

Оқушының «зерттеу әлеуеті» ұғымы бірқатар әдістемелік зерттеулер жүргізу кезінде қолданылатынына қарамастан (И.В. Клещева, А.В. Торхова, В.Н. Пунчик және т.б.) [23], жалпы дидактикалық ғылыми ізденістер саласында оқушы тұлғасының зерттеу әлеуеті арнайы зерттеу тақырыбына айналмады. Гуманитарлық ғылыми білімдегі адамның жеке басына қатысты «әлеует» жалпы ғылыми ұғымын (латын *potentia* - күш) қолданудың қолда бар анықтамалары мен тәсілдерін қарастыру әлеуеті белгілі бір жағдайларда тиімді факторға айналатын адамның қолда бар қорларын, күштерін, мүмкіндіктерін білдіретінін көрсетеді. «Мектеп оқушыларының зерттеу әлеуеті» ұғымы уақыт өте келе созылған процесті көрсетеді, ал келтірілген дәлелдер мектеп оқушыларының зерттеу әлеуетін сипаттауда «мүмкіндік», «ресурс», «резерв» санаттарын қолдануды көрсетеді. Оқушының зерттеу

әлеуеті мен жеке әлеуеті және жалпы бөлік пен тұтас ретінде байланысты екендігіне сүйене отырып, оқушының зерттеу әлеуетіне қатысты таңдалған қасиеттерді нақтылау үшін біз белгілі бір әдіснамалық тәсілдер тұрғысынан жеке потенциалды психологиялық-педагогикалық зерттеулердің бірқатар нәтижелерін де қарастырдық. Теориялық талдау нәтижелері бойынша біз келесі негізгі ережелерді жасадық:

- жеке тұлғаның әлеуеті оның әлеуметтік-педагогикалық жағдайларға ықтимал жауап беру нормасын анықтайтын қоршаған шындыққа қатысты туа біткен және алынған қабілеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады, ол өз кезегінде жеке адамның қажеттіліктеріне және оның құндылық бағдарларына байланысты объективті бағытқа ие және іс-әрекетте жүзеге асырылады (В.В. Игнатова) [24];

- жеке тұлғаның әлеуетіне, әдетте, олардың қызметін жақсартуға дайын екендігін білдіретін сипаттамалар және осы дайындықты қамтамасыз ететін ішкі құралдар мен әдістердің болуы кіреді;

- жеке тұлғаның әлеуеті әлеуметтік маңызды нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекетте көрінетін жаңартылатын ішкі ресурстардың өзін-өзі басқару жүйесі ретінде сипатталады;

«Адам әлеуеті» санатының ерекшеленген қасиеттері, жеке әлеуеттің сипаттамалары, сондай-ақ оқудағы ізденіс барысында оқушылардың бірқатар бақылаулары зерттелетін құбылыстың қасиеттерін келесідей нақтылауға мүмкіндік берді:

- тұтастық (мазмұнды игеру кезінде анықталған мақсаттарға сәйкес оқушының зерттеу әлеуеті оның құрамдас бөліктері арасындағы әр түрлі байланыстар негізінде келісілген түрде жұмыс істейді; оқушылардың мақсаты оның индикаторларының әр түрлі дәрежеде қосылуын және олардың көріністерінің ауқымын қамтамасыз ететініне қарамастан, байланыстардың үйлесімділігі сақталады; оның компоненттерінің жұмыс істеуінің үйлесімділігі жеке дағдылар деңгейінде де, зерттеу құзыреттілігі деңгейінде де, зерттеу мәдениеті деңгейінде де көрінеді);

- интегративтілік (оқушының зерттеу әлеуеті оның құрамдас бөліктерінің қасиеттерінің жиынтығымен анықталмайтын жүйелік қасиеттерге ие, оқушының зерттеу әлеуетінің даму деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның көріністері арасындағы байланыс соғұрлым жоғары болады, оқудағы оқушының зерттеу әлеуетінің әр жеке көрінісі танымда көрінетін әмбебап оқу әрекеттерімен байланысты болады, бұл өз кезегінде ми белсенділігін ұйымдастырудың жүйелік процестерін білдіреді);

- ашықтық (оқушының зерттеу әлеуеті зерттеудің сипатына, оны жүргізудің сыртқы жағдайларына байланысты әр түрлі дәрежеде көрінеді, соның салдарынан жасырын қасиеттері, резервтері бар);

- стратегиялылық (оқушының зерттеушілік әлеуеті оның дамуына қол жеткізе алатын, жақын және алыс перспективада көбейтілуі мүмкін бірқатар сипаттардан тұрады, бұл мұғалімнен оның көріністерін және оларды бағалау тәсілдерін түсінуді, оның дамуының теориялық негіздерін білуді талап етеді);

- сыртқы шарттылық (оқушының зерттеу әлеуетін іске асыру, оның іс-әрекетке бағытталуы мұғалімнің пайдаланатын педагогикалық технологиясында ұсынылған оның дамуының психологиялық-дидактикалық жағдайларын, сондай-ақ когнитивті және когнитивті емес компоненттері бар оқыту мазмұнын анықтайды);

- нормалану (оқушының зерттеу әлеуетінде өмір тәжірибесі мен оқу тәжірибесіне сәйкес оның зерттеу қызметінің мақсаттары мен мағыналарының нормалары, оны жүзеге асыру әдістері ұсынылған, бұл оның оқытудың психологиялық-дидактикалық жағдайларына ықтимал жауап беруін қамтамасыз етеді);

- өзін-өзі басқару (оқушының зерттеу әлеуеті жан-жақты құбылыс ретінде жеке тұлғаның зерттеу мәдениеті деңгейінде көрінуі мүмкін екендігіне сүйене отырып, ол жаңартылатын ішкі ресурстардың өзін-өзі басқару жүйесі ретінде қарастырылады, ғылыми-зерттеу қызметін барған сайын күрделілік бағытында дамытуды бастайтын және шығармашылық өзін-өзі тану мен өзін-өзі растау шыңына ұмтылуды қамтамасыз ететін сипаттамалар жүйесі ретінде қарастырылады);

- ырғақтылық (оқудағы оқушының зерттеу әлеуетінің көрінісі зерттеу іс-әрекетінің кезектесуінің мерзімді өзгергіштігін көрсетеді, олардың әрқайсысында дәстүрлер мен инновациялар, күрделілік деңгейі және оқушының жұмысының өлшемі әр түрлі дәрежеде ұсынылған).

Тұлғаның зерттеу әлеуетінің қасиеттерінің көріністерін түсіну, ең алдымен, зерттеу қызметін зерттеуден оны сәтті ететін жеке қасиеттерді талдауға бағытталғандығын, оқушының зерттеу әлеуетін дамыту идеясын бейнелейтін «зерттеу қызметі - тұлғаның зерттеу әлеуетін дамыту» байланысы бірінші орынға шығатындығын көрсетті. Бірақ «шығармашылық өзін-өзі дамыту - тұлғаның зерттеу әлеуетін дамыту» байланысы, жаңа білім алу процесінде жеке тұлғаның өзін-өзі құруын, сондай-ақ «зерттеу және шығармашылық білім беру ортасы - жеке тұлғаның зерттеу әлеуетін дамыту» сыртқы және ішкі жағдайлардың өзара әрекеттесуін бейнелейтін байланыс көбінесе тиісті түрде қамтылмайды. Сонымен қатар, тұжырымдаманы әзірлеудегі бірде-бір жұмыста осы үш байланыстың ұқсастығы оқушылардың зерттеу әлеуетін дамытудың ерекше факторлары түрінде (зерттеу және шығармашылық білім беру ортасы, зерттеу қызметін дамыту, тұлғаның шығармашылық қозғалысы) ұсынылмаған. Осы үш фактордың бір уақытта өзара әрекеттесуін ескерместен, дидактикалық зерттеулер барысында туындайтын сұрақтарға жауап беру мүмкін емес деп санаймыз: оқушының зерттеу әлеуеті кейбір жағдайларда қалай және неге өзекті болады, ішкі және сыртқы жағдайлар қалай байланысты, бұл «осында және қазір» зерттеу қызметіне деген ынтаның пайда болуына әкеледі.

Әдебиет

1 Савенков А.И. Учебные исследования в начальной школе // Начальная школа. №12, 2000 ж.

- 2 Савенков А.И. Методика исследовательского обучения младших школьников /А.И.Савенков. Самара, 2010 ж
- 3 Савенков А.И. Маленький исследователь. Как научить младшего школьника приобретать знания – Ярославль, 2002 ж.
- 4 Савенков А.И. Психологические основы исследовательского подхода обучению. Учебное пособие. М. «Ось-89», 2006 ж
- 5 Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192 б.
- 6 Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. – Алматы: Алем, 2000. – 381 с.
- 7 Таубаева Ш.Т. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2001. – 19 б.
- 8 Исаева З.А. Формирования профессионально-исследовательской культуры педагога в системе университетского образования: дис. ... док. пед. наук. – Алматы, 1997. – 301 с.
- 9 Байтукаева А.Ш. Становление и развитие научно-исследовательской работы студентов в системе высшего образования Казахстана (1928-1986 г.г.): автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2002. – 22 с.
- 10 Утешова М.А. Негізгі мектеп алгебрасын оқыту барысында деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың зерттеушілік қызметін дамыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02. – Алматы, 2010. – 170 б.
- 11 Баймукашева Г.К. Студенттердің ғылыми – зерттеу әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02. – Атырау, 2010. – 165 б.
- 12 Верзилин М.Н. Проблемы методики преподавания биологии. – М.: Педагогика, 1974. – 224 с.
- 13 Корсунская М.Н. Активизация методов обучения на уроках биологии. – М.: АПН РСФСР, 1961. – 96 с.
- 14 Байтукаева А.Ш. Становление и развитие научно-исследовательской работы студентов в системе высшего образования Казахстана (1928-1986 г.г.): автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2002. – 22 с.
- 15 Зуев Ф.В. Педагогические труды / под. ред. Б.Е. Райкова. – М., 1956. – 426 с.
- 16 Загвязинский В.И. Исследовательская деятельность педагога. – 3-е издание. – М.: Академия, 2010. – 170 с.
- 17 Рыков Н.А. Методика преподавания зоологии. – Л.: Гос.учеб.пед. изд-во, 1957. – 512 с.
- 18 Ганон Я.Ю. Педагогические условия повышения эффективности самостоятельной работы студентов: дис. ... канд. пед. наук. – Киев, 1991. – 211 с.

19 Чилдибаев Ж.Б., Аманбаева М.Б. Жаратылыстану пәнін (3-4 сыныптар) оқыту үрдісінде астрономиялық ұғымдарды қалыптастырудың оқу-әдістемелік жүйесі. // Әл Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы (Жаратылыстану сериясы). – Алматы, 2015. – №2/2(64). – Б. 544-552.

20 Андреева Н.Д. Исследовательская работа учащихся при обучении биологии и экологии // Биология в школе. – М., 2012. – № 2. – С. 34-39.

21 Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Дидактические основы обучения в высшей школе. – Алматы: Республиканский издательский кабинет Казахской академии образования им. И. Алтынсарина, 2000. – 186 с.

22 Выготский, Л.С. Собрание сочинений: В 6 т. / Л.С. Выготский. - М., 1984. - Т.4. - 432 с.

23 Торхова А.В. Качественная оценка исследовательского потенциала обучающихся на основе многомерного диагностического инструмента «Собеседование» / А.В. Торхова, В.Н. Пунчик // Инновации в образовании. - 2017. - № 2.

24 Игнатова В.В. Духовно-творческое становление личности : моногр. / В.В. Игнатова. - Красноярск: СибГТУ, 2007 ж.

Опережающее развитие ребенка с точки зрения нейропсихологического подхода

Сарсембаева Э.Ю.

Доктор философии PhD по специальности психология, доцент высшей школы педагогики

elmasars@mail.ru

Мурзатаева А.К.

преподаватель-эксперт высшей школы педагогики

murzatayeva74@mail.ru

Секция: Теория и практика педагогической деятельности: проблемы, решения и эффективность

НАО Павлодарский педагогический университет, Республика Казахстан, г. Павлодар

Аннотация: в статье дается обоснование учета нейропсихологических законов развития ребенка в сопоставлении с требованиями современной системы образования, выделены способы профилактики соматических и психосоматических реакций ребенка.

Ключевые слова: нейропсихология, возрастные этапы развития головного мозга, ведущая деятельность, этапы развития головного мозга.

Аннотация: мақалада қазіргі білім беру жүйесінің талаптарымен салыстыра отырып, баланың дамуының нейропсихологиялық

заңдылықтарын ескерудің негіздемесі келтірілген, баланың соматикалық және психосоматикалық реакцияларының алдын-алу әдістері көрсетілген.

Түйінді сөздер: нейропсихология, ми дамуының жас кезеңдері, жетекші қызмет, мидың даму кезеңдері.

Abstract: the article substantiates the consideration of neuropsychological laws of child development in comparison with the requirements of the modern education system, identifies ways to prevent somatic and psychosomatic reactions of the child.

Keywords: neuropsychology, age stages of brain development, leading activity, stages of brain development.

Введение. Современная эпоха характеризуется рядом разнонаправленных преобразований глобального масштаба. В целевых индикаторах государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы обозначено создание условий для раннего развития детей в возрасте до трех лет, которое охватывает от 1 до 6 лет - 85,3 % [1].

Растущий человек проходит, как мы отметили выше, не одну стадию возрастного развития, и на каждой стадии происходят значимые видоизменения психологического и физического состояния, меняется его эмоциональное и коммуникативное восприятия. Нужно заметить, что не все подростки при этом достаточно хорошо распоряжаются своими чувствами, мыслями, поступками. Подросток, не успев приспособиться и осознать совершающиеся изменения, в результате становится нерешительным в себе, менее доверяет другим людям, становится более конфликтным или склонным к депрессивным состояниям. Подростки в течение периода обучения в школе несколько раз испытывают кризисные ситуации. И соответственно, многие подростки в этот период оказываются в разряд трудных детей. Р.С. Немов отмечает, что нельзя не заметить особенно опасные отрицательные проявления, так как они могут развиваться и закрепиться, но в тоже время нельзя и «перегибать палку» в отдельном контроле и наибольшей строгости: они могут привести также к аномальным изменениям характера и к упрочению отрицательных проявлений [4].

В подростковом возрасте резко возрастает чувствительность детей к различному роду психотравмам, конфликтам, утратам, неприятностям. Особенное значение имеют две группы факторов, имеющих хронический характер: это неправильное воспитание и конфликтные ситуации.

Во вторую группу включаются следующие ситуации:

- эмансипационный конфликт, в том числе отравление свободой;
- конфликт на основе реакций группирования со сверстниками;
- конфликт на основе комплекса собственной неполноценности (действительной или воображаемой);
- конфликт на почве краха завышенных притязаний;
- конфликт на основе невозможности удовлетворения высоких требований к самому себе [5].

Из приведенного перечисления видно, что у подростков в значительной степени психологические конфликты не только с самим собой, но практически всегда с непосредственным окружением.

В этот период резко возрастает недовольство своим телом, раздражительность, вызванные гормональными перестройками, глубоко меняется отношение к миру, возникает потребность в независимости, появляется грубость, цинизм, нонконформизм.

Очень большая часть конфликтов в подростковой среде рождается из-за претензии на позицию лидерства в микрогруппе, микрогруппах. К примеру, это может быть конфликт действующего и возможного лидера,

который только начинает набирать авторитет в определенной микрогруппе [6].

Также конфликты могут возникать при взаимодействии лидеров из нескольких микрогрупп, в этой ситуации каждый лидер хочет быть признанным, хочет стать авторитетом. При этом лидеры могут притягивать в конфликтные ситуации сторонников, таким образом расширяя масштабность межличностного конфликта. Ученические конфликты ликвидируются обычно классным руководителем совместно с родителями, которые совместными усилиями стараются наиболее грамотно подобрать подросткам-лидерам какую – то специфическую сферу для их полноценной личностной реализации.

Очевидна положительная роль межличностного конфликта для полноценного развития личности подростка. Она состоит в том, что при преодолении конфликтной ситуации, при решении внутренних, внешних противоречий, и в последствии уже самого конфликта, подросток переходит на новую для него ступень развития.

Весь контингент трудных подростков автор Н. Вайзман выделил в три группы:

Первую – группа, которая включает в себя психически неустойчивых подростков, отстающих в физическом, половом развитии от сверстников. Они отличаются внушаемостью, безответственностью, неустойчивостью интересов, эмоциональной поверхностностью. Они пропускают занятия, не подчиняются принятым нормам.

Вторая группа – подростки, отличающиеся ускоренным половым развитием и повышенной эффективностью, агрессивностью, возбудимостью. Ребят этой группы характеризует бурная реакция на всевозможные запреты со стороны родителей и воспитателей.

Третья группа – подростки, которым свойственна расторможенность влечений: для них показательна бродяжничество, гиперсексуальность, употребление наркотиков [7].

Данная категория подростков чаще всего воспитывается в асоциальных семьях, где их жизнь проходит в атмосфере постоянных конфликтов. Это формирует такие качества как жестокость, раздражительность, агрессивность. В целом, все отклонения, отраженные в описанных группах, возникают как результат педагогической запущенности подростков. Отклоняющееся поведение определяется как взаимодействие подростка с микросоциумом, которое нарушает его социализацию и развитие вследствие отсутствия адекватного учета окружающей средой индивидуальных особенностей подростка.

В подростковом возрасте возникают проблемы с родителями, главным образом связанные с недопониманием (некоторые родители не успевают за изменениями, стремительно происходящими с их детьми). Один ребенок привязан к своим родителям и ждет от них понимания, с другой стороны он

претендует на большую самостоятельность в решении каких-то дел и проблем.

Подводя итоги, определим, что подростковый период – это наиболее напряженный период. Для подростков свойственны такие проявления как повышенная конфликтность, личностное развитие их специфично. Происходящие межличностные конфликты создают важные ситуации личностного развития, в ходе которых изменяется динамика ценностей, мотивов, происходит реструктуризация когнитивных образований подростка. При чем это несет в себе как позитивное, так и негативное влияние на развивающуюся личность.

Литература

1. Выготский Л.С. Психология развития человека. М.: Эксмо, 2006. 136 с.
2. Кулагин И.Ю. Возрастная психология: Полный жизненный цикл развития человека. М.: Академический проект. 2013. 432 с.
3. Раттер М. Помощь трудным детям. М.: Институт общегуманитарных исследований, 2018. 432 с.
4. Немов Р.С. Психология. М.: Владос, 2009. 688 с.
5. Осипова А.А. Справочник психолога по работе в кризисных ситуациях. Ростов-наДону: Феникс, 2006. 315 с.
6. Малышев И.В. Влияние современных субкультур на адаптационные возможности личности подростков и их ожидания к требованиям социальной среды//Пензенский психологический вестник. 2017. № 1. С. 122-134.
7. Вайзман Н.П. Реабилитационная педагогика. М.: Аграф, 1996. 158 с.

Болашақ педагог-психологтардың шығармашылық әлеуетін дамытуда тренингтік технологияны қолданудың маңызы

Сматова К.Б., Абдимомынова Б.А.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

e-mail: Smatova_k@mail.ru

Аннотация. Мақалада болашақ педагог-психологтардың шығармашылық әлеуетін дамытуда тренингтік технологияны қолданудың маңыздылығы қарастырылған. Осы мәселе аясында педагогтың атқаратын рөлі аса маңызды. Ол тренинг барысында жеке тұлға дамуының мәселелерін тиімді шешуге, қарым-қатынас дағдылары мен шығармашылық әлеуетті сәтті қалыптастыруға ерекше назар аударады.

Аннотация. В статье рассматривается важность использования тренинговых технологий в развитии творческого потенциала будущих

педагогов-психологов. В рамках данного вопроса очень важна роль педагога. Особое внимание в ходе тренинга уделяется эффективному решению проблем развития личности, успешному формированию коммуникативных навыков и творческого потенциала.

Annotation. The article discusses the importance of using training technologies in the development of the creative potential of future teachers-psychologists. Within the framework of this issue, the role of the teacher is very important. Special attention during the training is paid to the effective solution of problems of personal development, successful formation of communication skills and creative potential.

Кілт сөздер: шығармашылық әлеует, тренингтік технология, жеке тұлға дамуы, мотивациялық-қажеттілік, танымдық іс-әрекет.

Ключевые слова: творческий потенциал, тренинговые технологии, развитие личности, мотивационная потребность, познавательная деятельность.

Keywords: creative potential, training technologies, personality development, motivational need, cognitive activity.

Соңғы жылдары қоғамдық және әлеуметтік өмірдегі болып жатқан елеулі өзгерістер Республикамыздың білім беру жүйесінің алдына көптеген жаңа міндеттер жүктеп отыр. Әсіресе білім беру жүйесінде ұлттық және жалпы азаматтық рухани құндылықтар негізінде жастардың тұлғалық мәдениетін қалыптастыру, тұлғалық жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасау өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың білім алуы мен дамуына ерекше ден қойылып, көңіл бөлінуде. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде болашақ педагог-психологтардың шығармашылық әлеуетін дамытуда тренингтік технологияны қолданудың маңыздылығы елеулі мәселелердің біріне айналып отыр. Алайда, ол жеке тұлғаның дамуын оқу қызметіндегі бірінші кезектегі міндет деп танығанда, оның психикалық дамуын қалыптастыруға ерекше мән бергенде жүзеге асады.

Оқу қызметін атқару барысында болашақ мамандардың бойында жаңа психикалық құбылыстардың дамуына негіз қалайтын және ең алдымен заттардың пайда болу және даму заңдылықтарын ашуға бағытталған теориялық ойлау негізі және зейіні дамиды, жеке тұлға белсенділігі арта түседі. Жеке тұлғаны рухани дамыту – өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниенің күрделі құрылымын түсіну және өзін-өзі үздіксіз бірқалыпты жетілдіру [1]. Жеке тұлға дамуы – өз мүмкіндіктерін үздіксіз кенітіп, қажеттіліктерін арттырып отырумен байланысты. Осы даму деңгейі нақты адамға тән болған қарым-қатынастар аймағымен өлшенеді.

Даму деңгейі жоғары болған адам өзінің рухани мәртебелігімен, қоғамдық мәнді құндылықтармен ерекшеленеді. Мұның барлығына шығармашылық әлеуетті дамыту арқылы қол жеткізуге болады. Жеке

тұлғаны дамыту үрдісінде шығармашылық қабілетті дамытуға да күрделі міндеттер артылады. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде болашақ маман тұлғасының мотивациялық құрылымында түбегейлі өзгерістер болатыны анықталды. Олар танымдық мүдделерінің жедел қалыптасуы негізінде оқу қызметі мотивтерінің қайта құрылуынан басталады. Бұл оның оқу материалына көзқарасы арқылы айқындалып, қызығуын қанағаттандыратын көздерді өз бетімен іздеуге жетелейді. Яғни, оқу-танымдық мотивтер оқуда ғана емес, тұлға тіршілігінің бүкіл жүйесінде жетекші орын алады. Өйткені, осы мүдделер ортақ ұжымдық қызмет барысында пайда болады, олар – топтық құндылық бағдары ретінде ұғынылады.

Оқытудың жаңа эксперименттік жүйелері шеңберінде болашақ педагог-психологтардың шығармашылық әлеуетін дамыту мен мотивациялық-қажеттілік саласында елеулі өзгерістерді айқындайтын фактілер жинақталады. Нәтижесінде, оқу және тәрбие арасындағы байланысты айқындайтын педагогикалық тәжірибе пайда болады. Бұл болашақ педагог-психологтардың жеке тұлғасы, шығармашылық әлеуеті мен коммуникативті қабілеті дамуының заңдылықтарын зерттеу міндетін толық мөлшерінде қоюға мүмкіндік туғызады. Осы міндет оқу материалы мазмұнын талдау және жинақтау ұстанымы негізінде оқу қызметін қалыптастыру шеңберінде жүзеге асады.

Оқыту үрдісінде болашақ педагог-психологтардың шығармашылық әлеуетін дамытуда педагогтың атқаратын рөлі өте маңызды. Ол сабақты өткізу барысында оқытудың жаңа технологиясын саралай отырып, студент білімі, іскерлігі және дағдысының қалыптасуына басшылық жасайды. Жаңа технология негізінде оқу циклін қайта жаңғырту идеясы алынған. Оның мазмұнына: оқытудың жалпы мақсатын қою; жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу; оқушылардың білім деңгейін алдын ала (диагностикалық) бағалау; оқу әрекетінің жиынтығы (бұл кезеңде жедел кері байланыс негізінде түзету жүргізілуі тиіс); нәтижені бағалау енеді.

Осының негізінде оқу үрдісі «модульдік» сипат алып, құрылымы ортақ, бірақ мазмұны әр түрлі жеке блоктардан жасалады. Модульдік оқыту технологиясының осы нұсқасын құруда біз толық меңгеру әдістемесінің негізгі шарттарын, құрылып жатқан жаңа технологиялардың негізгі қағидаларын ұстандық. Сонымен қатар, дидактиканың қазіргі талаптарына байланысты бірқатар өзгерістер енгіздік: оқыту барысында тұлғаға бағытталған, танымдық-шығармашылық қызметті ұйымдастыруға, оқу үрдісін өзара сөйлесу негізінде құруға және т.б. ұмтылдык.

Осыдан келіп педагогтың оқу үрдісін құрудағы жұмысының өзгеруі туындайды. Толық меңгеру әдістемесінде (Дж. Блок, Л.Андерсон және басқалар) әрбір оқу бірліктері ауқымында педагогтың қызметі былай құрылады: 1. Білім алушыларды оқу мақсаттарымен таныстару. 2. Берілген тарау (оқу бірлігі) бойынша жалпы оқыту жоспарымен таныстыру. 3. Оқытуды жүргізу (негізінен педагогтың оқу материалын өзі баяндауы түрінде). 4. Диагностикалық тестіні ағымдағы тексеру. 5. Тексеріс

нәтижелерін бағалау және тарау мазмұнын толық меңгерген білім алушыларды айқындау. 6. Толық меңгере алмаған білім алушылармен түзете оқытуды жүргізу. 7. Диагностикалық тест өткізу және оқу бірлігін толық меңгерген білім алушыларды айқындау [2].

Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды (тақырыпты) оқып-үйрену үш негізгі кезеңнен: кіріспе-қызықтырушылық, операциялдық-танымдық және рефлексиялық-бағалау кезеңдерінен тұруы тиіс (Л.М.Фридман). Аталмыш модульде кіріспе-қызықтырушылық кезең кіріспе бөлімінде іске асырылады. Бұл кезеңде бағдарламаның осы тарауын неге және не үшін оқып-үйренулері керек, өздері нақты нені меңгеріп, үйренулері тиіс, алдағы жұмыстың негізгі оқу міндеті қандай екенін түйсінуі қажет. Психологтар дәлелдегендей, білімді неғұрлым тиянақты меңгеру үшін білім алушының мақсатты түсінуі (мақсаттың қозғаушы, қызықтырушы күш болуы) аса маңызды.

Сондай-ақ, болашақ педагог-психологтардың шығармашылық әлеуетін дамытуда психологиялық тренингтерді ұйымдастыру да аса маңызды. Психологиялық тренинг психологиялық ықпалы топтық жұмыстың белсенді әдістеріне негізделген арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас формасы. Тренинг барысында жеке тұлға дамуының мәселелері неғұрлым тиімдірек шешіледі, қарым-қатынас дағдылары, шығармашылық әлеует пен коммуникативті қабілет сәтті қалыптасады. Тренингтің басты артықшылығының бірі – оған қатысушы адам өзін басқалар қабылдағанын және де қабылдайтынын сезінеді. Ол топтың толық сеніміне ие болады және де ең маңыздысы – өз ойларын және сезімдерін, уайымдары мен күмәндарын білдіруде басқаларға сенім арта алатындығында [3].

Психологиялық тренингтің басты міндеті – қатысушыға өзіндік жеке ерекшеліктерін көрсете білуіне көмектесу және шығармашылық әлеуетті дамыту болып табылады, ал ол үшін өз-өзінді қабылдай және тани білуді үйрену қажет. Оның барысында шығармашылық әлеуетті дамыту мақсатында түрлі категориялармен жұмыс жасаудың топтық формасы алынады. Тренинг топарының қатысушылары топта келесі мінез-құлық принциптерін ұстануы қажет: топтың әрбір мүшесі әрқайсысы туралы не айтқысы келсе де айта алады, әрбір мүшесі топта болып жатқан жағдайлар туралы, топ мүшелері туралы да «осында және қазір туындаған барлық ой пікірлерді дауыстап айта алады».

Тренинг топпен жаттығуларды орындау, оларды жаңа сыналушылармен қайталау, жаттығуларды өзгерту немесе оларды қайта жабдықтау процесі болып табылады. Оның барысында біз толымды және толымсыз жаттығуларды ажыратамыз. Толымды жаттығулар келесі құрылымдық бөлімдерден тұрады:

- жаттығуға мотивация тудыру;
- сыналушыны таңдау (іріктеу);
- жаттығуларды орындау;
- көрермендерден кері байланыс алу;

- сыналушының өзіндік сезімі.

Толымсыз жаттығулар – бұл қысқартылған жаттығулар. Мұнда ең адымен кері байланыс пен сезіну орын алады. Шығармашылық әлеует мәселесі көптеген ғалымдардың – философиялық, әлеуметтану, әлеуметтік психология, жеке тұлға психологиясы және педагогикасы тоғысында пайда болды. Шығармашылық әлеуетті дамытуда тілдік қатынасты дамыту да маңызды. Тіл – дегеніміз сөздік белгілердің жүйесі. Ал белгі – шындық пен болмысты білдіретін бөлшек. Осы белгінің қасиеттеріне орай әр алуан іс-әрекеттер орындалып жүзеге асады. Белгілердің екі түрлі мәні бар. Жалпы тілдік белгілерді психологиялық фактор әрі құрал деуге де болады. Тілдік белгінің бірінші мәні – оның қоғамдық-әлеуметтік мәні. Адамзат тарихында бұл белгілер қоғам арқылы қабылданып, әр түрлі нәрселердің мән-жайын түсіндіреді. Тілдік белгілердің екінші мәні – олар арқылы адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, пікір алысатындығы болып табылады. Осыған орай дара адам үшін әрбір белгінің мәні бар, олар оның саналы түрдегі іс-әрекетіне әсер етеді [4]. Тіл үш түрлі қызмет атқарады: 1. Адамзаттың қоғамдық тәжірибесі. Бұл қызмет тіл арқылы білімді меңгеріп, дүниені танып білуін қамтамасыз етеді. 2. Тілдік қатынас нәтижесінде адамдар тілдесіп, бір-бірімен түсінеседі. Тілдің мұндай қызметін ғылыми атауда коммуникативті қабілет деп атайды. 3. Әрбір адамның өз мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі даралық тәжірибелерді күнделікті тіршілікте қолданып отыруы және сыртқы орта мен жағдайлардың өзгеруіне бейімделуі.

Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Болашақ мамандардың шығармашылығы практикалық әрекеттер мен ізденімпаздық арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін жұмыс түрлерінің бірі – тренингтік технологияларды қолдану болып табылады. Мұнда педагог пен білім алушы арасында ынтымақтастық қатынас сақталады. Педагог бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Осындай оқыту білім алушы интеллектісінің шығармашылық әлеуетін дамытады.

Әдебиеттер:

1. Бейсебаева Ұ. Мектептегі психологиялық қызметтің негізгі бағыттары бойынша практикалық материалдар. – 2014. – Б. 3-8.
2. Захарова В.П., Хрящева Н.Ю. Социально-психологический тренинг. – СПб.: Питер, 2012.–89 с.
3. Рувинский Л.И., Соловьева А.Е. Психология самовоспитания. – М.: Просвещение, 1998. – 54 с.

4. Бакли Р., Кэйпи Дж. Теория и практика тренинга. – СПб.: Питер, 2015. – 120 с.

Жасөспірімдерге кәсіби бағдар берудің психологиялық ерекшеліктері

К.Б. Сматава., А.Т. Бекмурзаева

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
smatova_k@mail.ru, bekmurzaeva.aigerim@bk.ru

Аннотация. Мақалада жасөспірімдерге кәсіби бағдар берудің психологиялық ерекшеліктері қарастырылған. Кәсіби бағдар беру – мамандықтардың өзіндік ерекшеліктері жайлы жасөспірімге практикалық кеңес беріп, бағыт бағдар беру болып табылады.

Аннотация. В статье рассмотрены психологические особенности профессиональной ориентации подростков. Профорентация-это практическое консультирование и ориентирование подростка о специфике профессий.

Annotation. The article discusses the psychological features of the professional orientation of adolescents. Career guidance is a practical counseling and orientation of a teenager about the specifics of professions.

Кілт сөздер: Кәсіби бағдар, жасөспірім, тұлға, психолог, мамандық.

Ключевые слова: профорентация, подростковый возраст, личность, психолог, профессия.

Keywords: career guidance, adolescence, personality, psychologist, profession.

Мамандықты дұрыс таңдау – ол өмір жолының сәттілігінің негізі.

Э. Ф. Зеер

Жасөспірімге кәсіби бағдар беру мәселесі бүкіл әлемнің бұрыннан талқыланып келе жатқан ауқымды тақырыптардың бірі. Шет елдік профессорлар 1908 жылы Ф.Барсонс Гарворд университетінде(АҚШ) жас жеткіншектерге болашақ өмір жолын дұрыс таңдау үшін «кәсіптік бағар беру бюросын» құраған болатын. Одан кейін 1910 жылы Нью-Йоркте аналогиялық бюро құрылды. Бюроның міндеті адамдарға, әсіресе оқушыларға терең түрде кәсіптің түрлерінің жұмыс жасау ерекшеліктерін үйретіп білім беру болды [1, б, 70-80].

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың мақсаты адамның еркін мамандық таңдай білу қабілетін дамыту – оның жеке өз өмірін басқару, яғни мақсат қою, нақты сала бойынша таңдау жасай алатын тұлға қалыптастыру.

Жасөспірімдерге кәсіби бағдар бойынша ТМД ғалымдарының арасынан Е.А. Климов, И.С. Кон, В.Н. Шубкин, және Қазақстанық ғалымдардың ішінен педагог-психологтар Қ.Б. Жарықбаев, Р.М. Қоянбаев қарастырған болатын [2, б. 96-102].

Кәсіпті өзінің қалауымен және саналы түрде таңдау адамның алдындағы өмірін, өзін-өзі ұсынуы, жақсы маман, кәсіби өсу қабілеті мен бәсекелестік қабілетін дамытуға мүмкіншіліктер береді. Жасөспірімге кәсіп таңдау үлкен моральдық мәселелердің бірі.

Жасөспірімнің өзін-өзі анықтауын кәсіби сала бойынша өзін маман ретінде анықтауын қарастыруға болады. «Тұлға» ұғымы психологияда күрделі категория болып табылады. Әдетте тұлға деп өзін қоғамда белсенді жүзеге асыратын субъектіні қарастырады. Бұл жерде оның белсенділік көзін және кемелділік дәрежесін бөліп қарастырады. Тұлғаны түсінудегі неғұрлым дәстүрлік анықтама – тұлғаны сыртқы ортамен, қоғамдық күшпен анықталады деп түсініп «тұлға қалыптасуы» деген сөз тіркесін қолдануға болады.

Тұлғаның өзіндік анықтау мәселесіне әдіснамалық-психологиялық ықпалдар жүйесін С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, В.Ф.Сафин еңбектерінде жан-жақты көрсетілген. С.Л.Рубинштейн тұлғаның тәуелділігі өмірдің жағдайлары мен шарттарына ғана тәуелді емес, сонымен бірге өмірде басқада тұлғағаларға тәуелді екендігін атап көрсетті. Бұл жерде тұлға өмірдің субъектісі ретінде айқындалады.

И.С.Кон жас ерекшеліктер психологиясында кәсіптік анықтауды бірнеше кезеңдерге бөлген:

1-ші кезең – балалар ойыны, ойын барысында бала өзінің мінез-құлқына байланысты жекелеген элементтері, әр түрлі кәсіптік рольерді ойнап көрсетеді.

2-ші кезең – жеткіншектің фантазия, жеткіншек өзіне ұнайтын кәсіпті арманап, өзін сол мамандық өкілі ретінде сезінеді.

3-ші кезең – жасөспірімдердің мамандық таңдауы. Әртүрлі қызметтің түрлерін сұрыптайды. Әуелгі олар қызығушылығы тұрғысынан бағалайы, сосын өзінің қабілетіне қарай, соңынан бағалау жүйесі тұрғысынан қарайды.

4-ші кезең- өзіне ұнаған кәсіпті таңдауға практикалық шешім қабылдау, өзіне ең басты 2 компонентті кіргізеді; болашақ еңбектің біліктілік деңгейін, көлемін және оған дайындалу ұзақтығын және нақты мамандық таңдауды анықтайды [3, б. 77].

Жасөспірімнің кәсіби мамандық таңдауы тек қоғамық қана емес, сонымен қатар психологиялық мәселеге да жатады. Осыған байланысты негізгі психологиялық пайымдар бар. Олар төмендегідей:

- Адам ойының тұрақтылығы мен жеке қабілетінің практикалық өзгеріссіздігі осыларға байланысты, яғни адамның іс-әрекетіндегі,

қызметіндегі мүмкіндігі мен жетістігі. Бір жағынан кейбір жұмысқа сәйкес келетін жұмыс таңап алу, ал екінші жағынан адамның жеке қабілетіне сәйкес келетін жұмыс таңдап алу.

- Әрбір адамның керекті қабілетін қалай болса да бөліп алуға болады деген ойдан туындайды. Бұл екі жақындау да әр түрлі болып жіктелуі мүмкін, бірақ олардың ортақ методологиялары жетіспеушілігі сонда, яғни жеке қабілеттілік пен еңбектік іс-әрекет. Тұтас және бір-біріне қарама-қарсы алыптар деп қарастырылады. Сонда да оның бірі екіншісіне бағындырылады.

- Бұл іс-әрекеттің жеке стиліндегі жіктелу ізденісі, яғни іс-әрекетпен естің жалғыздығы.

Бұл концепция Е.А.Климов бойынша жіктелген келесі алғы шарттарына негізделген: - іс-әрекеттің жетістігі үшін тұрақты тәрбиелейтін жеке психологиялық қасиеттер профессионалды іс-әрекет талаптарына тәсілдену нұсқасы; кейбір нашар дамыған жеке қабілеттерді жаттығулар арқылы басқа қабілеттің араласуымен немесе тәсілдерімен орнын толтыру; қабілеттің жіктелуін тұлғаның жеке өзінің қасиетімен бірге жүргізу қажет, яғни дамудың ішкі талаптарын, сыртқы талаптарымен есептестіру.

«Кәсіби кеңес» - әр түрлі мамандықтардың өзіндік ерекшеліктері жайлы сауаты аз жасөспірімге практикалық кеңес беріп, бағыт бағдар беру. Кәсіби кеңеске - тиісті маманыққа сай медициналық, психологиялық талаптар туралы, осы мамандықтың әлеуметтік қоғамға қаншалықты қажет екендігі жайлы түсінік қалыптастыру жатады. Бұндай шараларды арнайы мекемелер, психолог мамандар, сынып жетекшілері жүргізе алады.

Кәсіби кеңесте – жасөспірімге кәсіптің қиындықтарын, медициналық қарсы көрсеткіштері жайлы, болашақта сол кәсіптің даму перспективасы жайлы жалпылама түсінік берілуі керек. Сонымен қатар түрлі мамандықта оқып жатқан студенттермен кездесулер өткізіп, жасөспірімдердің таңдаған мамандығына деген қызығушылығын арттыруға болады.

Жасөспірімдерге түрлі сала мамандарымен кездесу ұйымдастыру барысына сынып жетекшісі және ата-анасы қатысуына болады. Мұндай кездесулерде, оқушыларға кәсіп жайлы қажетті мағлұматтар қамтылады. Олар:

- Кәсіп жөнінде жалпы мәлімет;
- Еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайы;
- Мамандыққа деген психологиялық-физиологиялық талап;
- Кәсіптік қызметтің экономикалық және құқықтық арнайы дайындығы туралы.

Жасөспірімнің мамандық таңдауда ішкі белсенділігін қалыптастыру арқылы, ол психологтың басым көмегінсіз кәсіби бағдар бойынша өз мәселелерін шешуге үйренеді. Кәсіби өзін-өзі анықтауға арналған тұлғаның белсенді ұстанымдары мыналарды қамтиды:

- өзін-өзі анықтау барысында туындайтын мәселені байқауға дайын болу;
- өз бетінше шешім қабылдауға тырысу;

- кәсіби психолог-кеңесшінің көмегіне жүгінуге дайын болу;
- кәсіби психолог-кеңесшімен мәселе бойынша келісілген талаптарды барынша орындауға дайын болу;
- кәсіби кеңес беру шеңберінен тыс белгілі бір әрекеттерді өз бетінше жасауға дайын болу (психологтың ұсынысы бойынша).

Бірақ барлық жасөспірімдер мұндай талаптарға дайын емес, сондықтан олардың белсенді болуына ықпал жасайтын мынадай жүйелі жұмыс жоспары қажет:

- жасөспірімдермен эмоционалды және сенімді байланыс орнату;
- жасөспірімнің мәселесін бірлесіп нақтылау: мұнда психолог өзін-өзі анықтау жағдайын бағалаудың әдістерін қолдана алады, олар түсінікті болып қана қоймай, сонымен бірге оның жағдайын бағалауға көмектеседі;
- жасөспірімнің мәселесін бірлесіп шешу: мұнда кәсіби психолог-кеңесші мәселенің қалай шешілетінін және мүмкіндігінше оны шешуге мүмкіндік беретін әдістемелерді қолдана алады;
- жасөспіріммен жүргізілген жұмыс барысын бірлесіп қорытындылау, ол үшін түсінікті және қолжетімді әдістерді қолданған жөн;
- жұмыс барысында кәсіби психолог-кеңесшінің белсенділігін төмендету, ал жасөспірімнің мәселесін тәуелсіз шешуге мүмкіндік беру қажет.

Жасөспірімге кәсіби бағдар барысында белсендіру мыналарды қамтиды: пассивті тұлғаны белсендіру, оның қызығушылығын, рефлексиясын, тәжірибесін және болашақ өмірге деген үмітін ояту; оқушыларды саналы, мақсатты, еңбек нарығын болжайтын және өзін-өзі анықтау жағдайын жоспарлай білетін белсенді тұлғаға айналдыру [4, б. 14-19].

Мамандық таңдауға кәсіптік бағдар беруде әрбір жасөспірімнің психофизиологиялық, жеке қасиеттері, мамандық таңдаудағы басты себептері назардан тыс қалмауы керек. Кәсіптік білім беру жүйесінде жоспарлы кәсіби бағдар беру ісін дұрыс ұйымдастырғанда ғана педагог-психолог жұмысын жеңілдетіп, көптеген тәрбие мәселелерін ұтымды шеше алады.

Әдебиеттер:

1. А.Қ.Егенисова. Жоғарғы сынып оқушыларына кәсіби бағдар берудің психологиялық ерекшеліктері., – Алматы, 2009. – 190 б.
2. Е.К.Климов. «Психология профессионального самоопределения. – Москва, 2004. – 260 с.
3. Климов Е.А. Пути в профессионализм. Психологический взгляд. – Москва, 2003. – 309 с.
4. Ермохина О. Опыт профориентационной работы с воспитанниками. – Москва, 2021. – № 2. – С.38-42.

Оқушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастырудың факторлары

К.Б. Сматова, Д.Р. Муфтулаева

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

e-mail: Smatova_k@mail.ru

Аннотация. Мақалада мектеп оқушыларының кәсіби бағыттылығын қалыптастырудың мазмұны қарастырылған. Мектеп оқушыларының кәсіби бағыттылығын қалыптастырудың негізгі факторлары: психологиялық сауаттылық, үйлесімді қарым-қатынас, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру және педагог-психолог кәсібилігі болып табылады.

Аннотация. В статье рассматривается содержание формирования профессиональной направленности школьников. Основными факторами формирования профессиональной направленности школьников являются: психологическая грамотность, гармоничное общение, организация самостоятельной работы и профессионализм педагога-психолога.

Annotation. The article discusses the content of the formation of the professional orientation of schoolchildren. The main factors in the formation of the professional orientation of schoolchildren are: psychological literacy, harmonious communication, organization of independent work and professionalism of the teacher-psychologist.

Кілт сөздер: кәсіби бағыттылық, педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі, мектеп оқушыларын кәсіби іс-әрекетке бейімдеу, креативтілік.

Ключевые слова: профессиональная направленность, профессиональная компетентность педагога-психолога, адаптация школьников к профессиональной деятельности, креативность.

Keywords: professional orientation, professional competence of a teacher-psychologist, adaptation of schoolchildren to professional activity, creativity.

Қазіргі білім берудің басты міндеті – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын, білім беру кеңістігінде үйлесімді және кәсіби дамыған тұлғаны даярлау болып табылады. Оқушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда оның негізгі факторларын анықтау аса маңызды. Маңызды факторларды атап өтсек: психологиялық сауаттылық, үйлесімді қарым-қатынас, өзіндік жұмыстар мен педагог-психолог кәсібилігі болып табылады.

Оқушы психикасының негізгі заңдылықтары мен мазмұнын білу оның психологиялық құзыреттілігін өсіруге мүмкіндік береді [1]. Сонымен қатар, психологиялық сауат арқылы оқушы айналадағы ақиқатқа, ең бастысы, өз-

өзіне немқұрайлы емес, белсенді қарайтын болады. Психика саулығын сақтауда оқушының жан-жақты дамуын, денсаулығын үнемі қадағалап отыру, пайда болған өзгерістерге дер кезінде түзетулер енгізу, психикалық ахуалдың қалыпты болуын қамтамасыз ету маңызды. Тұлғаның психологиялық даярлығы өз іс-әрекетін, басқа адамдармен қарым-қатынасын жетілдіруге, дамытуға бағытталған өзіндік әрекеттері арқылы анықталмаған: білім беру арқылы кәсіби іс-әрекетке дағдылану, бейімделу, одан тұлғаның шеберлік деңгейіне көтерілу шарттары ғана қойылады [2]. Шебер педагог-психолог, біріншіден, халқымызға тән жастарымыздың бойында бар адамгершілік сипаттағы дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет-ғұрып, салт-санасына, қолөнер мен педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық-жарқындығы мен бауырмалдылығына, яғни қазақ ұлтының басқа халықтардың құндылықтарын сіңіре алушылық қабілетіне ерекше назар аударған жөн. Екіншіден, өзінің саласын терең меңгеруге міндетті. Үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы керек. Педагог-психологтың жеке басының үлгісі – кәсібилікпен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез-келген ұжымдағы қарым-қатынас психологтың жеке басының үлгісімен тығыз байланысты.

Сондай-ақ, педагог-психологтың психологиялық құзыреттілігін жетілдіру маңызды. «Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н.Хомский болды. Құзыреттілік дегеніміз – жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі. Сонымен, педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін мыналар сипаттайды: іс-әрекет, қарым-қатынас, таным мен өзіндік тану, өзіндік даму, өзін-өзі өзектендіру процестеріне қатысты жеке бас мәселелерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін психологиялық құралдарды, әдіс-тәсілдерді белсенді түрде меңгеру және орынды қолдану; тәжірибе мен тұрмыстық психологиялық білімге дәлме-дәл талдау жасап, әлеуметтік ортаның нормаларын ескере отырып пайдалану; кең әлеуметтік ауқымдағы өзінің қарым-қатынасты, мінез-құлықты жетілдіруге бейімділік таныту.

Оқушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда басты назарға алатын үш негізгі ерекшелікті атап өтуге болады: қызмет түрлерін орындаудағы нәтижелерінің әсерлілігі (білім беретін, дамытушы, тәрбиелеуші, диагностикалық, коррекциялық, өзіндік білім алу, т.б.); оқу үрдісіне қатысушыларымен (қатысушылар, әріптес-педагогтар, әкімшілік) қызметтестікті қамтамасыз етуге бағытталған, толық гуманитарлық бағыттағы қарым-қатынас. Креативтілік – оқушының өзін-өзі дамытуындағы маңызды фактор. Оқушының креативтілігі оның тәжірибеге деген ашықтығымен анықталады. Оны жетілдіруді келесідей технологиялар қамтамасыз етеді: ойын (ойын модельдеу); психодиагностика және психоконсультация технологиялары; тренингтік технологиялар; дамыта оқыту технологиялары; инфокоммуникациялық технологиялар және т.б. Бұл

технологиялар заманауи өмірде бейімделуге мүмкіндік беретін оқуларда тұлға қажеттіліктерін өтеуге; ақпаратты заманауи құралдар арқылы қолдануға; білім беру үрдісін ұйымдастыруда тұлғалық-бағыттылық қалыпты қамтамасыз етуге жағдай жасайтын білім беру траекториясын проекциялауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет. Өзіндік жұмыс – мұғалімнің көмегінсіз, оның нұсқауымен орындалатын тапсырма және танымдық қызығушылықтарымен дербес ұйымдастырылатын жұмыс. Оған рефераттар, ғылыми зерттеулер, курстық жұмыстар, дипломдық жұмыстар және т.б. жатқызуға болады. Өзіндік жұмыстар оқушылардың жаңа қабілеттерін, жан-жақтылығын, бәсекеге қабілеттілігін, шығармашылық белсенділігін дамыту жолындағы оқу жүйесінің бірі. Өзіндік жұмыстарды орындаудағы мақсат – оқушылардың жаңа қырларын ашу, кәсібилік дағдыларын дамыту, танымдық біліктерін қалыптастыру, сондай-ақ, білім, білік, дағдыны теңдей ұстауға дәріптеу. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру дегеніміз – барлық білімді толықтай меңгеру, өткен сабақтарды қайта қарап бекіту және т.б. [3].

Кез келген оқушы кәсіби маман болғысы келеді. Ал кәсіби маман болудың жолдарына біздің пайымдауымызша: құзыреттілік, жаңа кезеңдегі жаңашыл идеялар, креативті ұсыныстар, оқушылардың өзіндік жұмыстармен көп айналысуы кіреді. Яғни, осы айтылған жұмыстармен көптеп айналысса көптеген жетістіктерге жете алады. Кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың бірден-бір жолы – білім беру жүйесіндегі өзіндік жұмыстар болып отыр. Өйткені өзіндік жұмыс түрлерін қолданып, жүйелі, жаңа ойлар айтылып, инновациялық бағдарламаларды пайдалану арқылы кәсібиліктің бір сатысына өтуге болады. Өзіндік жұмыстарды орындау арқылы оқушылар кітап, журнал мен газеттерді талдап, сараптаулардың әрқайсысынан түйін жинайды. Тереңдетілген оқу, кітап түрлеріп саралау арқылы білімдерін одан әрі дамытады. Әр түрлі ғалымдардың тұжырымдамалары, ой-пікірлері және жаңа туындыларымен танысады. Жаңа терминдер мен кәсіби сөздерді үйреніп, мағыналарын аша біледі.

Ал мұғалімдердің кәсіби бағыттылығы дәл қазіргі таңда олардың кәсіби шеберліктерімен бағаланады. Қазіргі кәсіби педагогтардың қызметі қандай мұғалімді талап етеді? Кәсіби педагог оқушылардың жаңа бағытта дамуын, шығармашылық үрдістерді қолдана алуын, адам туралы ғылым жетістіктері мен компьютерлік технологияларды терең меңгеруін талап етеді. Құзыреттілік студенттің кәсіби сапасынан ықтаушы болғандықтан, білім беру жүйесіндегі әрқашан туындап отыратын қарама-қайшылықтардың негізінде реттеледі. Мәселен, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру барысында оқушының білімді қабылдауы мен бұрыннан жинақталған тәжірибиесінен жаңа идеяларды ойлап табуы арқылы белсенді оқу іс-әрекетінің нәтижесін көруге болады. Соның нәтижесінде меңгерілген білім көлемі жаңа деңгейдегі түсініктермен байланыстырылады [4].

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық әрекеті, олардың өздігінен ізденуі арқылы жаңа ақпаратты табуы және практикалық біліктерді қалыптастыру негізге алынып отыр. Соның негізінде оқыту әдістері мен оқу әрекеттері түрленіп, өзіндік жұмыстың құрылымы, мазмұны, оны ұйымдастырудың мақсат-міндеттері кешенді түрде дамиды. Әр түрлі идеялар мен тың ойлар арқылы өзіндік жұмыстар жаңа нұсқада ұйымдастырылса, оқушыларды кәсіби дайындау да жаңа бағыт алады.

Қорытындылай келе, дамыған ХХІ ғасырда креативті, жаңашыл технологияларды пайдалану – кәсіби бағыттылықтың бір қыры. Бүгінгі оқушы – ертеңгі білікті маман. Сол себепті оқушы жауапкершілігі мол, ізденімпаз, болашаққа бағдары бар тұлға ретінде қалыптасуы қажет.

Әдебиеттер:

1. Джакупов С.М. Управление деятельностью студентов в процессе обучения: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
2. Технология личностно-ориентированного образования / Под ред. И.С. Якиманской. – СПб., 2002. – 176 с.
3. Төребаева К.Ж., Есенғұлова М.Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика. Алматы, 2012. – 304 б.
4. Хряцева Н. Психогимнастика в тренинге. Издательство: Речь, Институт Тренинга, 2006. – 337б.

«Тұлғааралық қақтығыстардың педагогикалық-психологиялық сипаты»

К.Б.СМАТОВА, Ғ.А.ҮСІПБЕК

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
smatova_k@mail.ru

Аннотация

Мақалада тұлғааралық қақтығыстардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін зерттеуге арналған теориялар мазмұндалған. Тұлғааралық даму қақтығысқа әсерлену тәсілдері арасындағы өзара байланыс орнатылған. Тұлғалар арасындағы қақтығыстардың ықпалы анықталып, қақтығыстардың педагогикалық-психологиялық себептеріне сипаттама жасалған. Қазіргі заманғы білім беру кеңістігінде тұлғааралық қақтығыстарды болдырмаудың әдістері мен тәсілдері жүйеленген. Педагогикалық-психологиялық бағыттағы көптеген зерттеулерге талдаулар жасалған.

В статье изложены теории, посвященные изучению психолого-педагогических особенностей межличностных конфликтов. Установлено взаимодействие между способами взаимодействия межличностного развития с конфликтами. Определено влияние конфликтов между

личностями, составлена характеристика психолого-педагогических причин конфликтов. Систематизированы методы и приемы предотвращения межличностных конфликтов в современном образовательном пространстве. Проведен анализ многих исследований психолого-педагогической направленности.

The article presents theories devoted to the study of psychological and pedagogical features of interpersonal conflicts. The interaction between the ways of interpersonal development interaction with conflicts has been established. The influence of conflicts between individuals is determined, the characteristics of the psychological and pedagogical causes of conflicts are compiled. The methods and techniques of preventing interpersonal conflicts in the modern educational space are systematized. The analysis of many studies of psychological and pedagogical orientation is carried out.

Кілт сөздер: Тұлға, қақтығыс, универсал, ресурс, динамизм, мобильділік, жаңашылдық.

Ключевые слова: Личность, конфликт, универсальность, ресурс, динамизм, мобильность, новизна.

Keywords: Personality, conflict, universality, resource, dynamism, mobility, novelty.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады» - делінген. Елбасы қол қойған мемлекеттік білім бағдарламасында жоғары білім мен ғылымды ұштастыра жүргізу жан-жақты айқындалған [1].

Бір қақтығыстар бүтіндей бір континентті және ондаған мемлекеттер мен халықтарды, келесілері үлкен және кіші әлеуметтік қауымдастықтарды, ал үшіншілері жекелеген адамдар арасында болып жатады. Бұрынғы заманнан бері адамдар пайда болғаннан қарсыластықтарды шешуге тырысты және конфликтілі емес қоғамда тұруды аңсады. Мемлекеттердің пайда болуы универсалды механизмді құруға талпынуға және конфликтінің шешімдерін табуға талпыныс ретінде қарауға болады.

Конфликт латын тілінен аударғанда тараптардың, ойлардың күштердің қақтығысы деген мағынаны білдіреді. Қақтығыстардың себептері әр түрлі болуы мүмкін; материалдық ресурстар, өмідегі басты құндылықтар, әлеуметтік құрылымдағы статусты-рөлдік айырмашылықтар, жеке бастық эмоционалды-психологиялық айырмашылықтар,

және т.б. Қақтығыс адам өмірінің барлық өрісін, әлеуметтік қатынастардың барлық жиынтығын, әлеуметтік өзара келісімдерді қамтиды. В.И. Андреев зерттеулерінде конфликт өзінің мәнісінде әлеуметтік өзара қатынастардың бір түрі, оған субъектілер және қатысушылар жекелеген индивидтер, үлкен және ұжымдар кіреді [2].

Белгілі бір туындаған конфликтіні тиімді етіп шешу үшін адамға белгілі бір теориялық және қақтығыстық жағдаяттағы мінез-құлық дағдысын тәжірибелік тұрғыдан меңгеруі керек.

Қақтығыстар – қазіргі қоғамның әлеуметтік және саясаттық өмірінің маңызды құбылыстарының бірі болып саналады. Адамның қоғамдағы өмірі күрделі жеке индивидтердің, сонымен қатар үлкен және кіші әлеуметтік топтардың қызығушылықтарының қақтығысынан жиі алып келетін қарама-қайшылықтарға толы екендігі баршамызға анық.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік дағдарыстық процестер, адамдардың педагогикалық-психологиясына кері әсер етіп, олардың бойында кернеулік, ашушандық, қатыгездік және т.б. жағымсыз қасиеттер тудырады. Мұндай қасиеттер қоғамымызды көптеген қиыншылықтарға және көптеген конфликттерге әкеп соқтырады. Статистика бойынша мұндай процесс әртүрлі әлеуметтік және демографиялық топтар арасында байқалады. Көбінесе жастар немесе жасөспірімдердің конфликтке түскіштігінің көрсеткіші өте жоғары. Әсіресе білімгерлер арасындағы қақтығыс мәселесі өзекті болып саналады.

Әсіресе жасөспірімдердің жеке адам болып қалыптасуы барысында, бұл өтпелі кезеңді басынан өткізуінде көптеген қиыншылықтарға кездеседі әлпештеген балалық шақтан өз беттік өмір сүру, ағзаның үйлесімді күрт өзгеруі, т.б. факторлар баланың индивидтік қалыптасуында көптеген қарама-қайшылықтар, түсінбеушіліктер туындап, қоршаған ортадағы тітіркендіргіштерге әр түрлі жауап қайтаруда өзгереді.

Осыған байланысты жасөспірімдердің қылығы қақтығысқа жақын болады. Жасөспірімдер мен жеткіншектердің конфликттік қылықтарының жаңа түрлері пайда болуда: олар саяси ұйымдасқан экстремистер құрамында, мафияның құрамында болып, көптеген қылмыстық әрекет жасауда (соның ішінде, ішімдікке салыну, нашақорлық, бұзықшылық сонымен қатар топтық, қоғамдық ережелерді бұзу, т.с.с.), міне осындай факторлар көптеген қақтығыстарға әкеп соқтырады.

Жастар динамизммен, мобильділігімен, жаңашылдыққа икемділігімен, өзгермелілігімен, тез шешім қабылдағыштығымен ерекшелінетіні белгілі. Сондықтан да бүгіннен бастап олардың бойына ұлттық рухты сіңіре отырып, Отанымыздың шынайы патриоттарын, мәдениетті білімді, парасатты, бауырмал, ізгі ниетті, адал азаматтарын тәрбиелеп шығару екенін ескертеді.

Әлеуметтік статус - бұл қоғамдағы жеке бастың немесе әлеуметтік топтың жалпы орыны, ол белгілі ережелер және

міндеттер жиынтығымен байланысты. Статус конфликт кезінде қатысушыларға және субъектілерге әсер етуі мүмкін.

Әлеуметтік конфликттегі күш - бұл қарсыластардың кері әрекетіне қарамастан өздерінің мақсаттарына жету. Ол өзінің жиынтығына ресурстарды қамтиды.

Қоршаған орта - әлеуметтік конфликтінің құрылымындағы әр элемент болып табылады. Ол физикалық ортадан (географиялық климаттық, экологиялық және басқа факторлар) тұрады.

Әлеуметтік қақтығыстардың негізгі түрлері бар. Әлеуметтік қақтығыстарды классификациялауда зерттеушілерде бірыңғай көзқарастар әлі қалыптаса қойған жоқ. Қақтығыстардың мотивациясына байланысты зерттеушілер әлеуметтік конфликтінің 3 блогын бөліп қарастырады:

- 1) билік өкілділігін және позициясын бөліп берумен байланысты;
- 2) материалдық ресурстарға байланысты;
- 3) өмірдің маңызды құндылықтарымен байланысты.

Зерттеуші А.Г.Здравомыслов қақтығыстардың қозғаушы күші жайлы және өмір сүру сферасына байланысты өз сызбасын ұсынды. Қақтығыстың қозғаушы күшін, мотивациясы мен байланыстырып, А.Г.Здравомыслов оларды қажеттілік, қызығушылық және құндылықтар арқылы белгілеген[3].

Егер классификацияның негізіне тараптардың психикалық күйін негізгі деп алса және конфликтілі жағдайға адамның мінез-құлқы сай келсе, онда конфликтіні рационалды және эмоционалды деп бөледі. Конфликтінің мақсатына және зардабына байланысты позитивті және негативті, конструктивті және деструктивті болып бөлінеді.

Конфликтінің дамуының негізгі сатысы әлеуметтік конфликтіні төрт даму сатысына бөледі.

1. Конфликт алды сатысы.
2. Кәзіргі уақыттағы конфликт.
3. Конфликтіні шешу сатысы.
4. Конфликтіні шешкеннен кейінгі саты.

Конфликттер – қазіргі қоғамның әлеуметтік және саясаттық өмірінің маңызды құбылыстарының бірі. Әрбір қоғамның дамуы, әрбір топтың немесе бөлек индивидтің де дамуы өзімен күрделі процесс екені анық. Бұл процесс әрқашан да жұмсақ түрде жүзеге аспайды, кейде қарама-қайшылықтардың туындауынан және шешілуімен байланысты.

Білімгерлер арасындағы болатын конфликттердің бірі лидерлікке ұмтылыс немесе лидерлік конфликті. Мұнда екі-үш лидерлердің және олардың топтарының біріншілік беделіне таласуы. Орта топтарда қыздардың тобымен ұлдар тобының арасындағы конфликттері жиі болып тұрады. Үш-төрт жасөспірімдердің бүкіл топ немесе бір білімгердің бүкіл топпен конфликтке түсуі мүмкін. О.Ситковская, Д.В.Гришина сияқты психологтардың бақылауынша лидерлікке жол, әсіресе жасөспірімдер ортасында, қатыгездік, мейірімсіздік, өзінің біріншілігін көрсету немесе демонстрациялаумен байланысты. Балалық қатыгездік – барлығына танымды құбылыс. Әлемдік педагогиканың бір парадоксының нәтижесі бойынша бала ересектен де көбірек өзінің қатарластарынан қатыгездік көреді [4].

Бұл әлеуметтік құбылыстардың немесе процестердің негізін түсіну үшін сөздің этимологиялық мағынасын анықтаған жөн. Латын тілінде қолданатын «conflictus» сөзін құраған лингвистикалық элементтерінің мағынасын анықтасақ, бұл сөздің мәні айқын болады. Бұл сөздің түбір алдына жалғанған «con» буынынан тұрады, ол біреумен бірге, біреуге қарсы, бір уақытта, бірге деген мағынаны білдіреді және «flictus» («fligo») етістігінен құралған. Бұл етістік ұру, итеру, құлату деген мағынаны білдіреді.

Сонымен берілген сөздің элементтері оны қақтығыс, дау, күрес, қарсы тұрушылық деп аударуға мүмкіндік береді. Берілген сөзге мұндай мағына беру бөлек индивидтердің арасындағы, олардың топтарының, мемлекеттердің, тағы басқалардың арасындағы қарама-қайшылық болатындығы туралы шешімге алып келді. Қарама-қайшылықтардың екі негізгі түрін бөліп көрсетуге болады. Біріншісі, әртүрлі әлеуметтік қоғамның позициялары, қызығушылықтары құрайды (оларға отбасы, ұйым, территориялық құрылым, қоғамдық қозғалыс, т.б.). Ал екіншісі, үкімет құрылымының іс-әрекетінің әртүрлі формасынан немесе экономикалық, үкіметтік, саясаттық қарама-қайшылықтар болып табылады. Қарама-қайшылықтардың бұл екі түрі қоғамда конфликттің объективті-реалдық негізін тудырады (О.Н.Громова) [5].

Қоғамдық өмірдің барлық сфералары – экономикалық, саясаттық, әлеуметтік рухани жағы – барлығы өзара көптеген дифференциацияларға, қарама-қайшылықтарға, әртүрлі мақсаттар мен қызығушылықтардың қақтығыстарына толы. Сондықтан да қоғамда әртүрлі конфликттерге орын бар. Конфликтке индивидтер және олардың топтары немесе әлеуметтік топтар, ұлттар, мемлекеттер, кейде мемлекеттердің коалициялары да түсуі мүмкін. Әртүрлі конфликт түрлерін тудырушы объектілер және оны шешу тәсілдері бар, сонымен қатар конфликтті әрекеттерді тудырушы субъекттердің түрлері аз емес, олар тек бөлек ерлер немесе әйелдер, балалар немесе жастар, жұмысшылар немесе студенттер, оқымыстылар немесе

жазушылар типтес ғана емес, сонымен қатар олардың бүкіл топтары – профессионалдық жағынан, партиялық, ұлттық, рухани және тағы басқа жағынан да болуы мүмкін.

Сондықтан өзінің объектісі және субъектісі бойынша, қарама-қайшылықтарының әрекетінің мінездемесіне қарай, оның түбірлі негізіндегі себебіне, дамуы мен шешілуіне, тереңдігі мен өту ұзақтығына байланысты конфликттердің әртүрлі де әрқилы түрлерін ажыратуға болады. Бірақ конфликттердің әрекеттерінің интенсивтілігінің функцияларының, қоғамдағы рөлінің әртүрлілігіне қарамастан, дұрыс та терең зейін аударсақ, олардың барлығына ортақ ұқсастықтарды сызып көрсетуге болады.

Конфликттің объектісі болып әлеуметтік ортадағы және қоршаған ортадағы құбылыс немесе процесс, кез келген зат болып табылады. Мысалы, жер, су ресурстары, жеке меншілік, мәдениеттік құндылықтар немесе авторитет, престиж, бедел, басқару, т.с.с. Ал конфликттің субъектісі болып әрқашанда адамдар – бөлек индивидтер, сонымен қатар олардың ортақ жиылысы – жанұя, ұжым, қызығушылықтары ортақ топтар немесе ұлт және тағы басқа болып табылады. Конфликттің туындауындағы себептері өте көп, бірақ оларды үш категорияға бөліп көрсетуге болады:

- Ресурстар. Ресурстар айналасында туындаған конфликттер өте қарапайым болып саналады. Бірақ бұдан өршіген конфликттер өте күрделі болады.

- Психологиялық қажеттіліктер: достық, басқару, топтың құрамына кіру, табыс.

- Құндылықтар – біздің сенімдеріміздің жүйесінің негізі.

Адамзаттың ең алғашқы топтарының пайда болуымен конфликттер күнделікті құбылыс ретінде қаралып, ұзақ уақыт бойы ғылыми зерттеудің объектісі болмады. Бірақ сонда да, конфликт туралы бізге жеткен жеке терең ойлар ең ежелгі қайнар көздерде көрсетілген. Біртіндеп өмір шарты өзгерген сайын конфликттер де өзгерді. Олардың физикалық, экономикалық және әлеуметтік нәтижелері басқа бола бастады. Қазіргі кезеңде конфликтке деген қоғамдық пікірде өзгерді. Антикалық заман бізге соғыстардың бейнесін және мұндай конфликттерге алғашқы бағалау берген көрсеткіштерін қалдырған. Орта ғасырларда және жаңа заманда бұл құбылысты түсінуге тырысқан. Көптеген гуманист-ойшылдар конфликт туралы көзқарастары, оның адамзат дамуындағы рөлі, қоғамның өмірінен соғысты шектеуі мен шексіз бейбітшілік орнауы туралы көзқарастарын қалдырған.

Конфликтілі жағдайдан бірігіп шығуда бірнеше жағдайларды есепке алуымыз керек; конфликтінің негізгі себептерін оқиғадан бөліп алу керек- қақтығыстың бастамасына формальді себеп; өз зейініңді жеке эмоцияларға

емес пайда болған проблемаларға аудару; «қазір және осында» принципі бойынша әрекеттену, яғни басқа даулы жағдайлармен фактілерді еске түсірмей негізгі конфликтіні тудырған себептерді шешу; өзің үшін ғана сөйлеу; басқаны тыңдауға үйрену; өзара сенім және әрекеттестік климатты тудыру; опоненттің тұлғасына сый көрсету, жеке бастың сапаларын емес фактілер және жағдайлар туралы сөйлеу; конфликтілерді реттеу жолында тең құқылы жағдайды туғызу.

Әлеуметтенудің алғашқы сатыларында агрессия қасиеті абайсыздан көрінуі мүмкін. Бірақ агрессиялық әрекет арқылы көздеген мақсатына жеткен соң, әртүрлі қиын ситуациялардан шығу үшін мұндай тәсілді қайтадан қолдануға ұмтылуы мүмкін. Ол үшін агрессия – қол жеткізу тәсілі емес, агрессия - өзіндік мақсаты болып саналады. Бұл агрессия қылығының өзіндік мотивіне айналып, өзін-өзі басқаруының төменгі деңгейінде басқаларға деген қарсыластық сезімін тудырады. В.Лозоцеваның ойынша, бұдан басқа жасөспірімдердің өздерінің сыныптастарымен конфликтке түсуі, олардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Яғни өзімен жастылардың оны моральды этикалық критериймен бағалауы және т.с.с.

Топ ішіндегі жеке тұлғалар арасындағы конфликттер түрлері өте көп. Жасөспірімдер тобы ішіндегі өзаралық конфликттер топтағы жеке тұлғалық қарым-қатынастардың дисгармонизациялануынан және топтың құрылымының тепе-теңдігінің бұзылуынан (статустық, рөлдік, коммуникативтік, басқармалық) көрініс табады. Топ әртүрлі күрделі де көп деңгейлі және көп функциональды көріністі болғандықтан, онда әр түрлі конфликттер де дамиды.

Сол топ ішіндегі болатын конфликттердің мінездемелеріне тоқталып өтсек: берілген топтағы микро-топтардың өзара әрекеттесуі барысында конфликттер туындауы мүмкін. Мұндай топтар әр түрлі кіші әлеуметтік топтарда кездеседі, және олардың саны 6-8 адамнан аспайды, сонымен қатар 3 адамнан тұратын микро-топтар да бар. Көпсанды топтар тұрақсыз болып келеді. Топ мүшелерінің жас деңгейінің өсуіне және олардың әлеуметтік статусына байланысты топтардың саны азаяды. Топтың өмірінде кіші-топтар үлкен рөл атқарады. Олардың өзара әрекеттесуі толығымен топтың климатының өзгеруіне, іс-әрекетінің нәтижелігіне әсер етеді. Кіші топтардың ішінде топтық өмірдің ережелері мен нормаларынан қозуы байқалады, дәлірек айтқанда кіші-топтағы ережелердің өзгеруіне инициатор болып табылады. «Ортаға жаңадан келген адам» ең бірінші, топтағы кіші-топты таңдау мәселе алдында тұрады.

Сонымен түзілу деңгейінде және оқушылардың өзара бейімделу деңгейінен өткен мектеп сыныбы, ереже бойынша осындай бірнеше микро-топтардан тұруы мүмкін. Олардың бұлай түзілуінің принципі болып, қатысушылардың статусына байланысты: «жұлдызы» бар немесе лидері бар жоғары статусық топтар, орта және төменгі статусық топтар, жиірек топ

қабылдамаған жеке тұлғалардың (изгой) өзара қарым-қатынас құрған топтар болып бөлінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Қазақстан Республикасы Қазақстан халқына Жолдауы
- 2 Андреев В.И. Конфликтология. М.: 2017
- 3 Здравомыслов А.Г. Социология конфликта – М.: Аспект Пресс 2015
- 4 Гришина Д.В. Психология конфликта. Сборник «Мастера психологии» П.: 2018
- 5 Громова О.Н. Конфликтология. М.: 2017
- 6 Садвакасова, З.М. Психология медиации переговоров. учеб.пособие / З.М. Садвакасова, А.К. Файзуллина, Н.М. Садыкова. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 294с

«Активизация внимания учащихся начальных классов в процессе восприятия художественных образов»

Д.К. Сонгыбаева, Ш. Ш. Хамзина

**КГУ «Основная общеобразовательная школа № 32» г. Павлодара
НАО Павлодарский Педагогический Университет г. Павлодар**

dinara.songybaeva88@mail.ru

Аңдатпа

Бастауыш сынып оқушыларын оқыту теориясы мен практикасында оқытудың тиімділігі мәселесіне, атап айтқанда, оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыру мәселесіне көп көңіл бөлінетіні көрсетілген. Бұл тақырыптың өзектілігі бастауыш жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізу мұғалімнен қазіргі жағдайда тиімді және балаларға қызықты болатын оқу процесін ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін талап ететіндігіне байланысты.

Автор бастауыш мектепте сабақтарда көркемдік-бейнелі құралдарды қолданудың тиімді жолдарын ұсынады; студенттермен - осы мәселе бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерімен жұмыс формаларын қарастырады. Зерттелетін мәселенің қолданбалы аспектісі жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық тәжірибесінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Түйінді сөздер: танымдық белсенділік, танымдық белсенділік, зейінді белсендіру, танымдық белсенділікті ынталандыру, танымдық қызығушылық, көркемдік-бейнелік құралдар.

Аннотация

Показано, что в теории и практике обучения младших школьников уделяется большое внимание проблеме эффективности обучения и, в частности, вопросу активизации внимания, познавательной деятельности учащихся. Актуальность данной темы обусловлена тем, что введение государственных образовательных стандартов начального общего образования потребовало от учителя новых форм, методов организации учебного процесса, которые были бы целесообразны и эффективны в современных условиях и интересны детям.

Автор предлагает эффективные пути применения художественно-образных средств на уроках в начальной школе; рассматривает формы работы со студентами - будущими учителями начальных классов по данной проблеме. Прикладной аспект исследуемой проблемы может быть реализован в педагогической практике общеобразовательных школ

Ключевые слова: познавательная деятельность, активизация внимания, познавательная активность, стимулирование познавательной активности, познавательный интерес, художественно-образные средства.

Annotation

It is shown that in the theory and practice of teaching younger schoolchildren, much attention is paid to the problem of learning effectiveness

and, in particular, to the issue of activating attention, cognitive activity of students. The relevance of this topic is due to the fact that the introduction of state educational standards of primary general education required from the teacher new forms, methods of organizing the educational process that would be appropriate and effective in modern conditions and interesting to children.

The author suggests effective ways of using artistic and imaginative means in primary school lessons; considers the forms of work with students - future primary school teachers on this problem. The applied aspect of the problem under study can be implemented in the pedagogical practice of secondary schools

Keywords: cognitive activity, activation of attention, cognitive activity, stimulation of cognitive activity, cognitive interest, artistic image

Проблема активизации внимания учащихся начальных классов актуальна. Это определяется прежде всего тем, что именно в этом возрасте формируется качественно новые характеристики внимания, как и других познавательных процессов. Внимание имеет огромное значение в жизни человека. Оно является необходимым условием выполнения любой деятельности.

Внимание играет очень важную роль в жизни человека. Оно является необходимым условием выполнения любой деятельности. Именно внимание делает все наши психические процессы полноценными, дает возможность воспринимать окружающий нас мир. Поэтому особенно важно изучить психолого-педагогические аспекты активизации внимания. Аверин В. А. писал: «Чтобы управлять вниманием, надо знать его природу» [1, с. 1].

Внимание не является самостоятельной психической функцией, его нельзя наблюдать само по себе. Это особая форма психической активности человека, и она входит как необходимый компонент во все виды психических процессов. Внимание - это всегда характеристика какого-то психического процесса: восприятия, когда мы вслушиваемся, рассматриваем, принимаем, пытаемся различить какой-либо зрительный или звуковой образ, запах; мышления, когда мы решаем какую-то задачу; памяти, когда мы что-то определенное вспоминаем или пытаемся запомнить; воображения, когда мы стараемся что-то отчетливо представить себе. Таким образом, внимание - это способность человека выбирать важное для себя и сосредоточивать на нем свое восприятие, мышление, воображение и другие.

Современные дети, независимо от возраста, не могут просидеть на уроке 45 минут без отвлечения, на что либо или кого либо. И если делать это вместе с ними, то они с удовольствием будут вовлекаться снова в учебную деятельность и продолжать работать дальше. Что же для этого необходимо?

Да нужно немного отвлечься и снова заинтересовать! То есть привлечь их ВНИМАНИЕ. Как же это сделать? С помощью чего? Почему необходимы упражнения для развития внимания?

- обеспечивают тренировку произвольного внимания;
- расширяют объем внимания;
 - помогают концентрировать усилия, тренируют способность сосредоточиться на объекте;
- повышают самоконтроль ;
- улучшают усидчивость, выносливость.

Всё вышеперечисленное определило мой интерес к теме и её выбор для практического исследования. Сегодня я хотела бы поделиться своими идеями по этой теме, приёмами на уроках.

Итак, сначала разберёмся с понятиями по теме.

Внимание – сосредоточенность деятельности субъекта в данный момент времени на каком-либо реальном или идеальном объекте (предмете, событии, образе, рассуждении и т.д.).

Выделяют три вида внимания.

1. Непроизвольное внимание;
2. Произвольное внимание;
3. Постпроизвольное внимание.

Наиболее простым и генетически исходным является непроизвольное внимание. Оно имеет пассивный характер, так как навязывается субъекту внешними по отношению к целям его деятельности событиями. Физиологическим проявлением этого вида внимания служит ориентировочная реакция.

Если деятельность осуществляется в русле сознательных намерений субъекта и требует с его стороны волевых усилий, то говорят о произвольном внимании. Оно отличается активным характером, сложной структурой, опосредствованной социально выработанными способами организации поведения и коммуникации, и по своему происхождению связано с трудовой деятельностью.

По мере развития операционально-технической стороны деятельности в связи с ее автоматизацией и переходом действий в операции, а также в результате изменений мотивации (например, сдвиг мотива на цель) возможно появление так называемого постпроизвольного внимания.

Существует ряд методик:

- для определения объема внимания предназначена тахистоскопическая методика Д.Кеттела, В.Вундта;

- для определения концентрации и устойчивости - корректурный тест Б.Бурдона;
- для определения скорости переключения внимания - метод таблиц Шульте.

Проблема восприятия имеет важное педагогическое звучание. Ведь для того, чтобы общаться с искусством, надо «уметь» это делать. Кроме того, это умение, знание закономерностей художественного творчества позволяет личности распространять навыки собственного эстетического восприятия на все отношения, в которые он включается. Возможность педагогического «руководства» восприятием показана в исследованиях в области высшей психической деятельности (Б.Т. Ананьев, С.Л. Рубинштейн, Ю.А. Самарин, Б.М. Теплов и др.). Поэтому способность к адекватному художественному восприятию может быть сформирована. Как замечает Б.М. Теплов, воспитывая умение «видеть» и «слышать» искусство, мы создаем предпосылки для расширенного и углубленного познания мира.

Несмотря на имеющуюся литературу по проблеме восприятия, на сегодняшний день еще нет устойчивого определения понятия «художественное восприятие», да и сама проблема восприятия еще исследована недостаточно: первые публикации появились только в начале 70-х годов. Чаще всего говорят о восприятии эстетическом, но и в этом случае под этим термином понимают и первую ступень познания эстетического предмета и «полное и содержательное его освоение» (А.И. Буров). Говоря о художественном восприятии, мы пользуемся вторым смыслом, понимая под художественным восприятием способность освоения всего формосодержательного богатства, всего идейно-эстетического и эмоционального сплава художественного образа того или иного произведения искусства прежде всего как субъективно-объективного отношения, т.е. чувственное восприятие.

Художественный образ может «распредмечиваться» в его одномерно-утилитарной функции, без освоения всего богатства значений, не адекватно ему, то есть не целостно. Это означает, что обедненный художественный образ не сможет вызвать эмоционально-ценностной реакции, направленности на его интеллектуальное постижение (как поиски смысла), а эстетические функции искусства останутся лишь потенциальными.

Наша задача – педагогический аспект проблемы: что и как должно восприниматься ребенком, каковы условия, позволяющие сделать восприятие наиболее адекватным, помогающим полнее увидеть со всех сторон художественный образ и получить художественно-эстетическое наслаждение

и духовную пищу. Иначе говоря, художественное восприятие – это способность личности чувствовать и выявлять красоту художественных произведений (форма, цвет, звук, гармония и т.д.), различать прекрасное и безобразное, трагическое и комическое и т.д., видеть все идейно-эмоциональное богатство художественного образа, воспринимать его, отзываться эмоционально на него. Кроме того, и личность творца должна быть «увидена», «услышана» и, главное, понята: все то, о чем он хотел сказать, поделиться с читателем, зрителем, слушателем... Такое полноценное восприятие приведет личность к испытанию чувства наслаждения, удовлетворения, радости, восхищения, гармоничности и т.д., то есть – к катарсису.

В основе полноценного художественного восприятия – развитый эмоциональный мир личности (как отзывчивость на новое) и знание структуры (языка) искусства.

Именно развитие эмоционального мира и составляет педагогическую задачу формирования способности адекватного видения и восприятия художественного образа, как необходимое для этого условие.

Одним из методов активизации внимания в процессе восприятия художественных образов является эмоциональное стимулирование: уже философы древности обратили внимание на то, что в процессе чувственного восприятия многих явлений у людей возникает непосредственно-эмоциональное отношение к ним, особенно это присуще детям. У детей младшего школьного возраста в силу их возрастных особенностей эмоции играют значительную роль в познании действительности: это объясняется, в частности, тем, что одной из особенностей человека является потребность в эмоциональном контакте с окружающим миром: чувства, эмоциональные переживания придают личностный смысл получаемым знаниям, благодаря им возникают интерес к предмету и потребность в деятельности.

К окончанию начальной школы, на основе рассмотренных форм и методов активизации внимания в процессе восприятия художественных образов у большинства учащихся проявляются вполне определенные и целенаправленные навыки образно - эмоциональной и эстетической оценки. Считаю, что тема, выдвинутая в данной работе, подтвердилась и нашла свое отражение в практике.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Шамова Т. И. Активизация учения школьников. М., 1982.

2. Щукина Г. И. Роль деятельности в учебном процессе. М., 1986.
3. Щукина Г. И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. М., 1979.
4. Развитие творческой активности школьников / под ред. А. М. Матюшкина. М., 1991.
5. Дерябо С. Д., Ясвин В. А. Экологическая педагогика и психология. Ростов н/Д, 1996
6. Лифинцева Н. И., Бычихина О. А. Развитие у ребенка эстетического восприятия // Искусство и образование. 2006. № 5(43).
7. Лазарева О. Н. Воспитание ценностного отношения к окружающему миру у младших школьников // Начальная школа. 2007. № 10.
8. Лихачев Б. Т. Философия воспитания. М.

Болашақ педагог психологтардың креативтілігін дамытудың маңызы

П.М. Махашова, А.А. Сейдаш. Ұ.Қ. Тілеубай

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті Тараз., Қазақстан

(E-mail: mahashova1964@mail.ru)

Аннотация: Бұл мақалада білім беру жүйесінде болашақ педагог психологтардың креативтілігін дамытуда белсенді, шығармашыл, интеллектуалды үйлесімді, икемділікті қалыптастыруға бағытталған. Болашақ маманның бойында терең теориялық білімдерінің болуымен қатар, сол білімдерін практикада қолдана білуін талап ететін, міндеттерді және оған сәйкес көзқарастарды, пікірлерді, нұсқауларды барынша шығармашылықпен орындауға негізделген. Білім беруді дамытудың жаңа бағдары бойынша инновациялық жаңару стратегиясында болашақ маманның бәсекеге қабілетті тұлға ретінде кәсіби құзырлығының жоғары дәрежеде болуымен айқындалған.

Белсенділікті қалыптастыру шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер мен шығармашылық қызмет сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделуге апаратын әрбір жеке тұлғаға тән интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады. Инновациялық оқыту арқылы шығармашылық белсенділікті қалыптастыруға жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамыту мақсатында рухани құндылықтарды игеруге үйретеді.

Түйін сөздер: креативтілік, құзыреттілік, интеллектуалдық, инновациялық, стратегия, интуиция, прогностикалық.

Значение развития креативности у будущих педагогов-психологов

Аннотация: Данная статья посвящена вопросам формирования активной, творческой, интеллектуальной гармонии и гибкости в развитии творчества будущих педагогов-психологов в системе образования. Помимо обладания

глубокими теоретическими знаниями, будущий специалист должен уметь применять эти же знания на практике, основываясь на наиболее творческом выполнении заданий и соответствующих взглядах, мнениях и указаниях.

В стратегии инновационного обновления в соответствии с новой направленностью развития образования будущий специалист определяется высоким уровнем профессиональной компетентности как конкурентоспособная личность.

Формирование деятельности описывается как характерный для каждой личности интеллектуальный процесс, определяющий способности, ведущие к творчеству, и качества творческой деятельности, ведущие к приспособлению к познанию и созданию нового. Через инновационное обучение учит овладевать духовными ценностями с целью развития качественных качеств личности, формировать творческую активность.

Ключевые слова: креативность, компетентность, интеллектуальность, инновационность, стратегия, интуиция, прогностика.

Abstract: This article is aimed at the formation of active, creative, intellectual harmony, flexibility in the development of creativity of future pedagogical psychologists in the education system. It is based on the creative implementation of tasks and corresponding views, opinions, and instructions that require a future specialist to have deep theoretical knowledge, as well as the ability to apply this knowledge in practice. The strategy of innovative modernization in the new direction of education development is determined by the presence of a high degree of professional competence of the future specialist as a competitive person.

The formation of activity is characterized as an intellectual process inherent in each individual, which determines the abilities leading to creativity and the quality of creative activity, leads to adaptation to the recognition and creation of the new. The formation of creative activity through innovative training is taught to Master spiritual values in order to develop the qualitative qualities of the individual.

Keywords: creativity, competence, intellectual, innovative, strategy, intuition, prognostic.

Бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер, жеке тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыру – оқытушының әдістемелік қызметінен көп креативтілікті, ізденісті күтеді, кәсіби құзыреттілігі шеңберінің кеңдігін қажет етеді. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру болашақ маманның - өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу туралы айтылған. Болашақ маман заман талабына сай жана әдістер мен тәсілдерді, студенттермен жұмыс істеудің технологияларын көштен қалмай уақытында оқу үдерісіне енгізіп отырулары қажет. Осыған байланысты әлемдік білім

беру кеңістігінде болып жатқан соңғы жаңалықтар мен әдіс-тәсілдерді пайдалану маңызды болып табылады. Олай болса, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына жастарға білім беріп қана қоймай, олардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында өздігінше шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, тәрбиелі, шығармашыл, яғни, интеллектуалды үйлесімді, креативті маман даярлау міндетін қойып отыр[1].

Қазіргі кездегі психологиялық-педагогикалық еңбектерден «креативтілік» ұғымының Әрі қарай толығы түскенін аңғаруға болады. Креативтілік жаңа өнім алатын адамның интеллектуалдық қабілеті ғана емес, оның психикалық толысқандығының белгісі ретінде де қарастырылады. Креативтіліктің белгілеріне ғалымдар өнертапқыштық, бастамалылық, интуиция, болжай алушылық, прогностикалық ойдың, сезімнің еріктілігі мен еркіндігі, тапқырлықты жатқызады.

Болашақ маманның креативтілігін, шығармашылық дербестігін дамыту өте күрделі, маңызды және көп салалы мәселе болып есептеледі. Креативтілікті дамыту шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер мен шығармашылық қызметі сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделуге апаратын әрбір жеке тұлға мен болашақ маманға тән интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады. Демек, жаңа педагогиканың мақсаты баршаға мәлім білімді игерту және болашақ мамандардың біліктері мен іскерлігін қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге оқу процесінде жаңа білімдерді алуға жағдай жасау болмақ. Осылайша, болашақ маманды тәрбиелеу креативтілік педагогиканың негізгі міндеті жоғарғы шығармашылық потенциалға ие болып табылады. Креативтілікті дамыту педагогикалық іс-қимыл кешені ретінде жүргізілетін, нәтижесінде студент-зерттеушінің креативтік тұлғасын, оның мотивациясы мен шығармашылық қызметке дайындығын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық үрдістің дамыту функциясының негізгі құрамдас бөлігі.

Креативтілік арқылы адам өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылып, ізденеді, өзінің істеріне есеп беріп, кемшіліктеріне сын көзбен қарай алады. Болашақ маманның креативтілігін, шығармашылық дербестігін қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көпсалалы мәселе болып есептеледі. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Креативтілік дағдылар, дәлелдер, қорлар синергиясы болып келеді. Шығармашылық түрде ойлау дағдылары – дәстүрден тыс ойлау қабілеттілігі, бұрынғы ойдың жаңа оймен үйлесімділігі. Ішкі дәлелдер – креативті болуға ықыласты болуға мүмкіндік береді. Педагог-психолог іс-әрекетін талдаудың нәтижесі бойынша еңбекті жалпы ұйымдастыру, педагогикалық ұжыммен өзара әрекеттесу жолдары мен тәсілдерін қолданудан басталатын кәсіби қиындықтар білім беру жүйесіндегі тәжірибелік жұмыстағы технологиялық аспектілермен байланысты болатыны анықталды. Іс-әрекеттің жеке тұлға дамуындағы ерекшеліктері әрекетінің нәтижесінен көрінеді. Адамның іс-

әрекетін тиімді ұйымдастыру оның өз ісіне қызығу мен жауапкершілік сезімін оятады. Сонымен қатар бұл пайымдаулар тексті талдау, оның жекелеген бөліктерін ойша салыстыру, бұл бөліктердегі басты сәттерді ойша айқындау, бірегей көрініске біріктіру, жалпылау жатады.

Еліміздің болашақ креативті маман, елеулі азаматын, кәсіби шығармашылық тұрғыда жан-жақты жетілген жеке адамды даярлауда мектеп кезіндегі оқу үрдісін тиімді ұйымдастырудың алатын орны ерекше екендігі даусыз. Сондықтан бала бойындағы шығармашылық қабілеттің жандануына жол ашу, жағдай жасау керектігі жайында ғұлама психолог-педагог ғалымдардың еңбектерінде ерте кезден-ақ баяндалып жүр. Шығармашыл оқытушы студенттердің өзіне деген сенімін арттырып және іс-әрекетін демеп, қабілетін дамытып, шығармашылық жұмысының бастамасын дамытуға жағдай туғызатын негізгі тұлға болып табылады. Жалпы педагогикалық, психологиялық процесте шығармашылық мәселесі маңызды орын алады. Озат ұстаз тұлғалардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің жана түрлерін іздей отырып, өзі шығармашылықты тұлға болып дамиды. Психологиялық шығармашылықта креативтілік мәселесін терең зерттеумен қатар, бұл кәсіби акмеология саласындағы жетістіктердің салыстырмалы түрде қарапайым болатынын атап өту керек. Сонымен қатар, бұл зерттеулер эксперименттік мәліметтермен және оларды кешенділеумен жеткілікті бекітілмеген, оларсыз маманның шығармашылық кемелдігін қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері мен механизмдерін тану мүмкін емес. Тұлғаның шығармашылық кемелдену кезеңінде, креативтілігінің психологиялық заңдылықтарын зерттеудің әлеуметтік маңыздылығы, біріншіден, оның тұлғаның өнімді қайта құрушы бағыттылығын анықтайтынымен, оның өмірдегі әлеуметтік бағдарының негізгі тірегін құрайтынын анықтаумен, екіншіден, кәсіби шығармашылықтың базалық детерминанты болатынымен, үшіншіден, маманның шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ететінімен, оның әлеуметтік салада өзін-өзі маңызды етуімен негізделеді.

Креативтілікті дамыту, тұлғалық, кәсіби және рухани шындарға жету үдерісінде, тұлғаның өзін-өзі маңызды етуі маманның шығармашылық кемелдігінің қалыптасуына әсер етеді. Креативті тұлғаның өзін-өзі маңызды етуінің жоғары деңгейінде, өмірлік болмыстағы маманның шығармашылық кемелденуі тиімді, аса тұрақты және ұзақ болып табылады. Креативті тұлғаның өзін-өзі маңызды ету үдерісінде, маманның шығармашылық кемелдігінің қалыптасуы және дамуы, акмеологиялық онтогенез кезінде, рухани, тұлғалық және кәсіби шыңға жетуде адам өмірінің нәтижелі кезеңі болып табылады[2, 66-68].

Ғалымдар әрбір балада туа біткен шығармашылық мүмкіндіктер болады, ол креативтілікті дамыту тек шығармашылық әрекетте ғана жүзеге асады дейді. Яғни, шығармашылық даралықты қалыптастыру әлеуметтік орта шарттарына тәуелді. Мектеп білім беру әдістерін, танымдық процесті ұйымдастыру тәсілдері арқылы оқушының креативтілігін дамытуды

ынталандырады. Креативтілік туралы айтқанда тек қана шығармашылықты емес баланың қасиеті мен дамуын да ескерген жөн. Себебі, креативтілікті дамыту тұлғалық дамудың негіздерінің бірі, креативтілік адамның өзінің даралығы мен бірегейлігі болып табылады.

Кәсіби іс-әрекет саласын түсіну студенттің оқу сапасы мен өзіндік дара шығармашылығын дамытуға бағытталған білімдерге негізделеді. Мысалы, болашақ әлеуметтік педагогтар, психологтар әр түрлі ғылыми зерттеу жұмыстарына, тренингтік декадаларға, жоғары оқу орнынан тыс практикалық жұмыстарға (кәметке толмаған ауытқуы бар балалармен волонтерлік, шылым шегу, есіркіге қарсы акцияларға) қатысады. Мұндай жұмыстар болашақ мамандыққа икемділікті анықтай отырып, сол мамандықтың ішкі механизмдері мен заңдылықтарын танып білуге мүмкіндік береді. Яғни, адамның іс-әрекетке икемділігі практикада байқалады.

Жаңа білім ғасырында теориялық білімді терең меңгерген, жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған, жан-жақты білімді, білікті маман ғана еліміздің болашағына өз үлесін қоса алады. Кәсіптік практика кәсіптік білімнің негізгі білімдері бағдарламасының құрамдас бөлігі және білікті мамандарды кәсіби іс әрекетке дайындаудың тиімді формасы болып табылады. Осыған орай, болашақ педагог мамандарды бүгінгі қоғам талабына сай дайындау мақсатында жаңа педагогикалық технологияларды оқу үрдісінде жүйелі пайдалану қажет[3, 111-113].

Педагогтік мамандыққа алғашқы болашақ мұғалімдерді дайындау, қалыптастыру кезеңінен басталады. Білім алушы өзінің бейімділігін, шеберлігін, алған теориялық білімін тәжірибемен ұштастырғанда ғана мұғалімге тән іскерлік, шеберлік қалыптасады. Қазіргі заман мұғалімі – қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, жаңалыққа жаны сергек, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген, балалардың талапкерлігімен қабілетін, өздігінен еркін дамуын ұйымдастыра алатын әрі шығармашылықпен еңбек ете алатын маман болуы тиіс. Мұғалім қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын, балалармен қарым- қатынасқа түсе алатын ұйымдастырушылық қабілеті жоғары және мол тәжірибе жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзіреттілігі анық байқалып тұрады. Кәсіби құзіреттілік деп – педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімнің кәсіби біліктілігі мен дағдысының бір арнада тоғысуы. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және қарым-қатынас мәдениетін меңгеріп әлемдік білім кеңістігіне талпынуы керек. А.Байтұрсыновтың пікірінше, бала білімді тәжірибе арқылы өз бетімен алу керек. Ал балаға орындалатын жұмыс түрлерін шағымдап беру және қойылған мақсатқа жету үшін бағыт-бағдар беру, бұл – оқытушының қызметі.

Кәсіби практикалар студенттердің болашақ мамандығы бойынша терең теориялық білімдерінің болуымен қатар, сол білімдерін практикада қолдана білуін талап етеді, өзінің мамандығы бойынша талаптарды, міндеттерді және

оған сәйкес көзқарастарды, пікірлерді, нұсқауларды барынша шығармашылықпен орындауға жаттықтырады. Болашақ маман өзінің таңдаған мамандығына икемділігін кәсіптік практикалар кезінде шыңдап, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік, ізденімпаздық, шығармашылық салаларында өзін көрсете алады.

Болашақ мамандарды дайындаудағы негізгі міндет – студент практиканттың өз бетінше жаңаша жұмыс істеу қабілетін, шығармашылығын дамыту арқылы бәсекеге қабілетті маман дайындау. Осы мақсатты іске асыруда жұмыс түрлерінің, сонымен қатар болашақ мамандардың кәсіптік білімін арттыруға деген талаптың жылма-жыл күшейіп отыруына байланысты, бүгінгі күні педагогикалық практиканың жаңа түрлері де енгізілуде. Осыған байланысты қазіргі кезде оқу жоспарында өндірістік практика 40% пайызға өсті. Психологияда «креативтілікті» бірнеше категорияға бөліп қарауға болады:

- креативтілік - шығармашылық процесс;
- креативтілік - жаңаны құрумен байланысты әрекет нәтижесі, шығармашылық өнім;
- креативтілік - интеллектуалдық әрі шығармашылық қабілет;
- креативтілік - тұлғадағы мінез-құлықтың негізі.

XXI ғасыр қоғам өмірінің әр түрлі саласында үнемі өзгеріп отырған маңызды ғаламдық процестермен сипатталады. Сол себепті, болашақ маман бүгінгі ақпараттық қоғам жағдайының өркениетті, прогресшіл бағытына сай, терең білімді, өзгермелі жағдайға тез бейімделгіш, өзін-өзі саналы игеретін, бәсекелестік жағдайда өресі биік, азаматтық-тұлғалық бет-бейнесі қалыптасқан, рухани жан дүниесі бай, креативті тұлға болуы қажет. Қоғамда жаңа экономикалық жағдайда еліміздің өркендеуі мен ғылымның дамуықпалы білім беру құрылымы мен мазмұнын жетілдіру міндетін қояды. Білім мазмұнының ұлттық негізде берілуі мен оқытудың жаңа міндеттері және озат тәжірибелердің жинақталуынан білім беру креативті-педагогикалық өркениетке енуде. Мұндағы ең басты талаптардың бірі – білім беруді дамытудың жаңа бағдары – инновациялық жаңару стратегиясында болашақ маманның бәсекеге қабілетті тұлға ретінде кәсіби құзырлығының жоғары дәрежеде болуы. Құзыреттілік белсенділік арқылы адам өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылып, ізденеді, өзінің істеріне есеп беріп, кемшіліктеріне сын көзбен қарай алады. Жеке тұлғаның шығармашылығын педагогикалық психологиялық дербестігін қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көпсалалы мәселе болып табылады. Шығармашылық белсенділікті қалыптастыру шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер мен шығармашылық қызмет сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделуге апаратын әрбір жеке тұлғаға тән интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады[4,56-58].

Демек, инновациялық оқыту арқылы шығармашылық белсенділікті қалыптастыру – жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын, рухани құндылықтарды игерудің бірден-бір жолы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы.
2. Керженцева А.В. Формирование креативности учителя как условие реализации новых образовательных стандартов // Творческая педагогика. - 2018
3. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2019ж
4. Кошель, Н.Н. кәсіптік құзыреттілік дипломнан кейінгі білім берудің негізгі категориясы ретінде / Н.Н. Кошель [Мәтін] // Адукация I ыхаванн. – 2015. – № 9, 8-15 беттер.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушыларды ізгілікке тәрбиелеу

Н.С. Асенова

доцент, п.ғ.к., Павлодар педагогикалық университетінің профессоры

А.Е. СЫЗДЫКБЕКОВА

Павлодар педагогикалық университетінің магистранты

[\(arna_bacha_aldi@mail.ru\)](mailto:arna_bacha_aldi@mail.ru)

***Аннотация.** Мақала оқу-тәрбие процесінде кіші мектеп жасындағы балаларды ізгілікке тәрбиелеуге арналған.*

Кілтті сөздер: ізгілік, сүйіспеншілік, адамгершілік, ізгілікті қарым-қатынас, тәрбие.

***Аннотация.** Статья приурочена воспитанию гуманности у детей младшего школьного возраста в учебном процессе.*

Ключевые слова: гуманизм, любовь, нравственность, гуманистическое отношения, воспитание.

***Annotation.** The article is dedicated to the education of humanity in children of primary school age in the educational process.*

Key words: humanism, love, morality, humanistic relations, education.

Кіші мектеп жасы – ізгілікті тәрбиелеудің ең ыңғайлы кезеңі. Бала өз мінез-құлқын ерікті түрде басқаруға, оны саналы бақылауға, бағындыруға қабілетті болады. Осы жас кезеңінде мінез-құлықтың ізгілік әдеттерін және адамның ізгілік сезімдерін қарқынды игеруі байқалады.

Кіші мектеп жасындағы балалар игі істерге бейімділік танытады. Олардың көпшілігі үлкендерге көмек көрсеткісі келеді. Берген

тапсырмаларды үлкен ықыласпен орындайды. Егер ата-аналар балалармен қарым-қатынастарын дұрыс құрған жағдайда балалар ата-аналарына және жақындарына адамгершілік, ізгілік, нәзіктік, сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсетеді. Осы жастағы балалар жанашыр, құрдастарына көмектесуге дайын, сезімтал болады.

Бастауыш сыныптардағы мектеп оқушысын ізгілікке тәрбиелеу ең алдымен мектептегі оқыту процесінде жүргізіледі. Сабақ – алуан түрлі ұжымдық әрекеттің, көңіл-күйдің, өзара ізгілік қарым-қатынас тәжірибесін жинақтау орны. Балалар сабақ үстінде өз бетінше жұмыс жасауға, оны жүзеге асыру үшін әрекет етуге, жолдастарын тыңдап, түсіне білуге, пікірлерін дәделдеуге, басқаларға көмектесуге, өзі де көмек ала білуге үйренеді.

Сабақ барысында мұғаліммен, сыныптастарымен әрдайым қарым-қатынаста болған баланың ізгілігі қалыптасады, олардың өмірлік тәжірибесі көбейеді. Оқушылардың көңіл-күйі, қуанышы мен өкініштері оқу процессіне байланысты болады.

Осыған байланысты оқушылардың бірлесіп орындайтын жұмыс тәжірибесін молайту мұғалімге қойылатын талаптардың бірі. Мұғалім сабақ үстінде балалардың оқулық материалды білуін бағалап қана қоймай, сонымен қатар олардың ізгілік іс-әрекеттеріне көңіл аударуы керек. Сабақ кезіндегі бірлескен қимыл үстінде бастауыш сынып оқушыларына ненің жақсы, ненің жаман екені туралы түсінік қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларының бірлесіп істейтін жұмысы әр түрлі. Өйткені, балалар кітап оқи отырып, қоршаған ортамен, табиғатпен, адамдардың еңбегімен танысады, олардың қуанышына, қиындықтарына ортақтасады. Көркем сөз баланың ойына ғана емес, сонымен қатар сезіміне, іс-әрекеттеріне әсер етеді. Сөз баланы қанағаттандырады, жақсылық жасауға құштарландырады. Мұғалім оқуға арналған ақпараттарды пайдалана отырып, шынайы жолдастық пен достық туралы, бұл үшін қандай да қасиеттер (кішіпейілділік, қайырымдылық, әділеттілік, ізгілік т.б.) туралы балалардың көзқарасын кеңейтеді. Ол үшін сабақ барысында қосымша сұрақтар қоюдың маңызы зор. Сұрақтар шығарманың ізгілік жақтарын айқындауға бағытталған. Сондықтан да оқушылармен әңгімелесу қатыгездік, өзімшілдік, төзбеушілікке тәрбиелеуге, олардың кейіпкердің жақсы және жаман қасиеттерін жақсырақ танып, дұрыс бағалауына көмектеседі. Мәселен. С. Торайғыровтың «Арыстан мен тышқан» мысалын қарастырайық. Мысал оқушылардың жан-жануарларға, үлкенге, кішіге қамқор, мейірімді, біреуге қол ұшын беруге дайын болуға, қоршаған ортадағы тірі жандарды аялауға тәрбиелейді. Бұл мәтінмен жұмыс жасаған кезде, мұғалім оқушыларды топқа бөліп келесідей тапсырмалар береді.

I топ, II топ

Шынайы өмірдегі арыстан мен тышқанды сипаттайды.

Арыстан қандай? Тышқан қандай?

Арыстан	Тышқан
Жыртқыш	кеміргіш

ірі	ұсақ
аң патшасы	жыл басы
батыл	өте қорқақ
өте күшті	өте әлсіз
ұзақ жасайды	көп өлімге душар болады
етпен қоректенеді	тағам талғамайды
бірнеше жылда ұрпақ береді	көп балалайды

III топ

Мысал мазмұнына сай келетін мақал – мәтел айту.

1. Түйедей бойың болғанша,
Тарыдай сыйың болсын.
2. Күлме досқа келер басқа.
3. Досы көпті жау алмайды.

Сабақтың қорытындысын жасап, оқушыларға ізгілік тақырыбына эссе жазуға тапсырма беріледі.

Еңбек сабақтарында ізгілікке тәрбиелеу мүмкіндіктері орасан зор. Мұғалім сабақта еңбекке деген дұрыс көзқарасқа, еңбек үшін жауапкершілікке, бірлесіп жұмыс жасай білуге, еңбекке деген шығармашылық көзқарасқа тәрбиелейді. Балалар сабақ үстінде ортақ құралдармен, әр түрлі материалдармен құрастыруды үйренеді. Бір затты бірлесіп жасайды. Мұғалім оқушыларға ұйымшылдықпен жұмыс істеуге, бір-біріне қалай көмектесу керектігіне, не үйренуге болатынын түсіндіреді.

Ізгілікке тәрбиелеу жұмысының бағыттарының бірі - балаларды егде адамдарға құрметпен қарауды тәрбиелеу. Жыл сайын қазан айында көптеген мектептерде егде адамдарға және соғыс ардагерлеріне арналған қайырымдылық акциясы өтеді.

Егде жастағы адамдарға ізгілікті көзқарас келесі іс-шараларда қалыптасады:

- қарттар күніне арналған сынып сағаты;
- ата-әжелер туралы фоторепортаждар;
- рөлдік және ситуациялық ойындар;
- ардагерлерді мектеп мерекелеріне, концерттерге шақыру;
- ардагерлерге арналған құттықтау хаттарын дайындау;
- батылдық сабақтары.

Балалар ардагерлермен әңгімелескенді жақсы көреді. Соғыс жылдарындағы оқиғалар туралы әңгімелерді қызығушылықпен тыңдайды және көптеген сұрақтар қояды. Ардагерлермен кездесулер ерекше жылулықпен өтеді. Олар балаларға да, ересектерге де қажет. Біз әр баланың бойында қарт адамдарға деген ризашылық сезімін оятып, балалардың оларға көмек пен қолдау көрсетуге деген ұмтылысын оятуымыз керек.

Кіші мектеп жасындағы балаларды тәрбие сағаттары арқылы ізгілікке тәрбиелеуге болады. Тәрбие сағаттарында балалар бір-бірін жақсы таниды, өзара достық байланыстар құрады. Бірге дайындалу, қимыл іс-әрекет жасау, еңбек ету қажеттілігі туады.

Тәрбие сағаттары әр түрлі тақырыпта, әр түрлі формада өткізіледі. Оның бағыты мұғалімнің біліміне, шеберлігіне, оқушылардың қызығушылықтарына байланысты болады. Неғұрлым жоғары үлгідегі тәрбие сағаты балалардың нағыз мерекесіне айналады.

Тәрбие сағаттары кезінде оқушыларға ұлттық мінез-құлқына тән негізгі қасиеттерді бойына сіңіру керек. Иmandылыққа, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу бағытындағы тәрбие сағаттарын өткізудегі төмендегідей тақырыптарды ұсынамыз:

Кең болсаң — кем болмарсың.

Адалдық — қастерлі мінез.

Үлкенге — құрмет, кішіге — ізет.

Ұл — ұятымен, қыз — кылығымен көрікті.

Сонымен қатар кіші мектеп жасындағы балаларды ойын арқылы ізгілікке тәрбиелеуге болады. Ойын балалардың жақын араласуына, бір-бірімен байланыс орнатуда және басқа да сезімдердің тууына мүмкіндік береді. Халқымыз «ойнай білмеген, ойлай да білмейді, ойында озған өмірде де озады» деп айтқан. Осыған орай бала ойында қандай болса, кейін есейген кезде еңбекке араласқанда, оқуда сондай болатындығын көруге болады. Себебі бала өзінің күш-жігерін ойын арқылы машықтандырып, онымен қарым-қатынаста болған заттар мен құбылыстардың сипатын ойын уақытында ұғынады. Көбінесе топтық ойындар балаларды ұйымшалдыққа үйретеді. Сондай-ақ баланың ой-өрісін, ізгілік сезімін оятады. Ойын уақытында оқушылардың білімі тереңдей түседі. Себебі мұғалім ойнап жүрген балаларды бақылап, олардың ізгілік деңгейін анықтау арқылы гуманистік қатынастарды қалыптастыруға ықпал жасайды. Ол үшін ұялшақ, қорқақ оқушылардың өздеріне достар табуына көмектесуін, бір-біріне көрсеткен достық қарым-қатынасын бақылап отырады. Мұғалім әр балаға жақсы әсер ететін ойнаушылар тобын табуға тиіс. Сол кезде, ойын балаларды ізгілікке тәрбиелеудің екпінді құралына айналады.

Сонымен ізгілік тәрбиесі мектептегі, бастауыш сыныптардағы тәрбие жүйесінің басты бөлігі. Тәрбие жұмысының мазмұнының, формаларының, әдістерінің және оның тиісті нақты мақсаттарының қандай екендігіне қарамастан біздің алдымызда балалардың адамшылық көзқарастарын ұйымдастыру міндеті тұруы тиіс.

Біздің басты міндетіміз Қазақстан Республикасының елдігін, егемендігін сақтап, бойына ізгілік, қарапайымдылық, отансүйгіштік, имандылық қасиеттерді дарытқан физикалық сау және мықты, жан-жақты дамыған, кең білімді, жоғары ізгілікті қасиеттерге ие жана адамды тәрбиелеу. Шынында да, әр отбасының бақыты мен әл-ауқаты ғана емес, жалпы

қоғамның дамуы да біздің өскелең ұрпақты қалай тәрбиелейтінімізге байланысты.

Әдебиеттер:

1. А. Әуезханұлы. Ізгілік қалсын әр ізде. «Таным» – 2020ж.
2. Ш. Амонашвили. Основы гуманной педагогики. Москва. 2015ж.
3. Цыгикало А. Нравственное воспитание младших школьников как педагогическая проблема // Международный студенческий научный вестник. – 2015. – № 5-4.
4. Борзенко И.М., Кувакин В.А., Кудишина А.А. Основы современного гуманизма: Учебное пособие для вузов/ Под ред. В.А. Кувакина и А.Г.Круглова.– М.: Российское гуманистическое общество, 2020.

Отбасы ішілік қарым –қатынастың психологиялық денсаулыққа әсері

Д.Б. Айкенова, Б.Ғ. Сарсенбаева
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
Секция 1
e-mail: Aikenova2019@mail.ru

***Аннотация.** Бұл мақалада отбасы, отбасындағы ішілік қарым – қатынас, отбасындағы психологиялық денсаулық туралы мәселелер қарастырылады. Отбасын ғылыми тұрғыдан қарастырған шетел, отандық ғалымдардың еңбектері көрсетіледі. Жұбайлардың арасындағы қарым-қатынасындағы неке институтына ерекше мән берілген. Мақалада психологиялық білім мен мәдениеттің төмендігінен көптеген отбасы әлсіздік танытып, жағдайға қарай жауапкершілік алуға күш-жігері жетпейтінің, сондықтан Қазақстанда ажырасу саны өсуде деп, статистика көрсетіледі. Отбасындағы ішілік қарым –қатынастың психологиялық денсаулыққа жағымды немесе жағымсыз әсерін тигізетінің факторларын келтіріледі.*

***Кілттік сөздер:** отбасы, отбасындағы ішілік қарым – қатынас, отбасындағы психологиялық денсаулық, психологиялық білім, психологиялық денсаулық.*

***Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы семьи, внутрисемейных отношений, психологического здоровья в семье. Показаны работы зарубежных и отечественных ученых, изучавших семью с научной точки зрения. Особое значение придается институту брака в отношениях между супругами. В статье приведены статистические данные о том, что из-за низкого психологического воспитания и культуры многие семьи*

проявляют слабость и не обладают достаточными усилиями, чтобы взять на себя ответственность за ситуацию, поэтому количество разводов в Казахстане увеличивается. Приведены факторы положительного или отрицательного влияния внутренних отношений в семье на психологическое здоровье.

Ключевые слова: семья, внутренние отношения в семье, психологическое здоровье в семье, психологическое воспитание, психологическое здоровье.

Annotation. This article discusses the issues of the family, intra-family relations, psychological health in the family. The works of foreign and domestic scientists who studied the family from a scientific point of view are shown. Particular importance is attached to the institution of marriage in relations between spouses. The article provides statistical data that due to low psychological upbringing and culture, many families show weakness and do not have enough effort to take responsibility for the situation, so the number of divorces in Kazakhstan is increasing. The factors of positive or negative influence of internal relations in the family on psychological health are given.

Key words: family, internal relations in the family, psychological health in the family, psychological education, psychological health.

Қазақстанның болашағы үшін рухы биік, дені сау жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері үкімет тұжырымдамаларында негізгі орын алады. Неке-отбасылық қарым-қатынасты ең алғаш атақты грек философы Платон қарастырған болатын. Платонның пікірінше: «Патриархалды отбасы – қоғамның негізгі және өзгермейтін ұяшығы, ал отбасының бірігуінің нәтижесінде мемлекет пайда болады». Платонның «Патриархалды отбасы – қоғамның негізгі ұяшығы» идеясын Аристотель одан әрі дамытты. Атақты француз ағартушысы Жан-Жак Руссоның еңбектерінде: «Отбасы – қоғамның ең көнесі және табиғиы... Қорыта келгенде, отбасы – бұл саяси қоғамның бейнесі, әке – бұл басшы, балалар – ол халық...» деп жазылған[1, 65 б.].

Отбасының тарихи дамуын, матриархаттың даму кезеңдерін Дж.Леббон, И.Колер, М.М.Ковалевский, Л.Штернберг, Л.Г.Морган, өз еңбектерінде қарастырған.

Отбасы ғылыми тұрғыдан ХІХ ғасырдың ІІ жартысында зерттеле бастады, отбасы туралы тарихи көзқарастарды ғылыми көзқарастар толықтырды. Америка этнографы Л.Морган 1877 жылы жарық көрген «Көне қоғам» атты аса құнды ғылыми еңбегінде отбасы тарихы туралы, отбасы түрлерінің даму жолдары туралы жазған. Алғашқы қауымдық құрылыста кеңінен таралған топтық неке отбасының алғашқы бастамасы болып саналады. Бұл жерде некелер тобы рулар құрамындағы бір-бірімен тұтас ұрпақтар жігімен бөлінетін. Мысал ретінде алып қарасақ, бұрын ағалы-інілілер, апалы-сінділер, немере және шөбере туыстар бір-біріне қосыла берген, яғни әр ұрпақ біріне-бірі аға-қарындас бола тұра некелерін қиып,

ерлі-зайыпты атанған. Отбасы тарихының келесі даму сатысында жұп отбасының қалыптаса бастады, бұл кезде қандас туысқандар арасындағы некелесу ғұрпына тыйым салынды. Алғашқы қауымдық қоғамдағы өндіруші күштердің дамуы, еңбек бөлінісінің пайда болуы, қауымдық ортақ меншіктің орнына жеке меншіктің шығуы – бәрі моногамиялық отбасының дамуына жол ашты. Моногамиялық отбасы варварлық дәуірдің соңғы кезеңінде пайда болып, өркениет дәуірінің басында ол жұптық некені түпкілікті жеңді, осы кезде ер адамның үстемдігі орнады. Сонымен қатар, Л.Морган өз еңбегінде отбасының пайда болу тарихын, ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасын, отбасының әлеуметтік және экономикалық дамуын туралы жазған. Арада біраз уақыт өткеннен кейін отбасы туралы алғашқы марксистік ілімдер пайда болды. Отбасы мәселелерін зерттеумен Н.К.Крупская, И.Г.Пестолоцци, А.С.Макаренко, К.Д.Ушинский, Ж.Ж.Руссо және т.б. ғалымдар айналысты [2, 45-46 б.].

М.С.Мацковский өз еңбегінде: «Әлеуметтік институт ретінде отбасы өзіндік айрықша ракурсқа ие» – деп жазылған. Ол отбасындағы мінез-құлық ережелерін, ерлі-зайыптылардың рөлдерін, некелік-отбасылық қарым-қатынастардағы санкциялар мен формалды емес нормаларды қарастырған. Сонымен қоса, М.С.Мацковский жұбайлардың арасындағы қарым-қатынасты қарастыру барысында неке институтына ерекше мән берген. Неке институты отбасылық топтың өмір сүру қызметі мен отбасылық институт қызметі үшін әртүрлі нормалар мен санкциялар арқылы өзара міндеттер мен қызықтар жүйесін реттейді.

М.С.Мацковский отбасы функцияларын төмендегідей жіктейді:

1. Шаруашылық-тұрмыстық;
2. Алғашқы әлеуметтік бақылау саласы (әртүрлі іс-әрекет саласындағы отбасы мүшелерінің мінез-құлық ерекшеліктері, ерлі-зайыптылар арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы өзара жауапкершіліктер мен міндеттер);
3. Әлеуметтік-мәртебелік (отбасының әр мүшесі белгілі бір мәртебеге ие болады, қоғамның әлеуметтік құрылымының қайта жаңғыруымен байланысты);
4. Эмоциялық (жеке тұлғаның отбасынан қолдау табуы және психологиялық тұрғыдан қорғалуы);
5. Жыныстық (ерлі-зайыптылардың өз жыныстық қажеттіліктерін қанағаттандыруы);
6. Рухани қарым-қатынас (отбасы мүшелерінің рухани дамуына барынша жағдай жасау және өзара рухани байыту) [3, 25 б.].

Отбасы – тұлғаның әлеуметтенуінде басты институт қызметін атқарады. Отбасы мен неке ұғымдары мән-мағынасы жағынан бір-біріне ұқсас болғанымен, бұл екі түсініктердің арасында бірқатар айырмашылықтар бар. Ең алдымен, бұл екі ұғым әртүрлі тарихи кезеңдерде қалыптасты. А.Г.Харчев некеге мынадай анықтама берді: «Неке – ер адам мен әйел адам арасындағы тарихи өзгеріп тұратын әлеуметтік қарым-қатынастың нысаны,

ал қоғам ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттерін, жыныстық өмірін реттеп отырады. А.Г.Харчевтің анықтамасы бойынша, отбасы дегеніміз – некемен салыстырғанда күрделі болып табылатын қатынастар жүйесі, өйткені неке тек ерлі-зайыптыларды біріктіреді, ал отбасы ерлі-зайыптылармен қоса, балаларды, туыстарды, оларға жақын адамдарды біріктіреді. Отбасы – бұл күрделі әрі көп аспектілі түсінік[4].

Қазақстанда отбасы мәселелерін С.Қалиев, Ж.Б.Қоянбаев, М.Тажин, Ж.Сарыбекова, М.Жұмабаев, М.Жарықбаев, Қ.Бейсенбиева, Б.Аяғанова, Л.Ибраимова және т.б. ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған.

А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ж.Аймауытов А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев т.б. отбасылық тәрбиенің психологиялық және педагогикалық негіздерін жасауға үлкен үлес қосты.

Отандық ғалымдар С. Мұқановтың, С.Кенжеахметұлының, С.Қалиевтың, М.Смайлованың, Х.Арғынбаевтың, Д.Кішібековтың, А.Жүнісовтың, Қ.Толыбаевтың, М.Оразаевтың т.б. өз еңбектерінде қазақ халқындағы отбасының пайда болу және даму тарихын, оның ерекшеліктерін, қазақ отбасындағы бала тәрбиесі мәселелерін қарастырған.

Қазақ этнопедагогикасының теориялық-әдіснамалық және қолданбалы негіздерін Т.Тәжібаев, М.Ғабдуллин, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, Қ.Қожахметова, С.Ұзақбаева, М.Балтабаев, Қ.Бөлеев, Р.Дүйсембінова, А.Қалыбекова т.б. жасаған.

Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде былай делінген: «Балаға үздіксіз әсер ететін тәрбиелік күш – туыстармен қарым-қатынас, тұрмыстық жағдайлар...» [5, 6 58-60 б.].

Ғалым-педагог Ж.Қоянбаев өзінің зерттеу жұмысында: «Отбасы – ол бір шаңырақ астында тұратын некелік одаққа негізделген немесе қандас туыстар (әке, ана, аға, әпке...) тобы» – деп жазған[7]. Өзінің зерттеу жұмыстарында ол «Отбасы – баланың өмір жолын бастайтын жеке қоршаған шындық ұжым, осының арқасында отбасында баланың білімі толығады, әдет, мінез-құлық пен өмірге деген көзқарасты қалыптасады» деп жазды. И.В.Гребенников отбасының бірнеше функцияларын анықтаған, оның ішінде коммуникативті функцияны – отбасы мүшелері арасындағы бос уақыт пен демалысты, қарым-қатынасты ұйымдастыру, отбасы өз мүшелерінің қоршаған ортамен байланыс жасауына, қабылдау сипатына, отбасы өз мүшелерінің әдебиетпен, өнермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жасауына әсер етуі[8, 15 б.].

Мемлекетіміздің басты құндылығы адам және оның өмірі мен денсаулығы. Отбасындағы мәселелер, жағымсыз жағдайлар мен дағдарыстар бүгінгі психология саласында көкейкесті болып отыр. Психологиялық білім мен мәдениеттің төмендігінен көптеген отбасы әлсіздік танытып, жағдайға қарай жауапкершілік алуға күш-жігері жетпей жатыр. Қазақстанда ажырасу саны өсуде. Көбінесе солтүстік және шығыс облыстардың, сондай-ақ Нұрсұлтан мен Алматының тұрғындары ажырасады.

1986 – 90 жылдары білім мазмұны мен оқыту әдістерін қоғам және мектеп реформасына сәйкес жетілдіру ісі қолға алынып, оқушыларға берілетін әдеби білімінің негізгі және тереңдетілген деңгейлері айқындалып, нақтыланды.

Жыраулар поэзиясы өкілдерінен де осы уақытқа шейін тек қана Бұқар жырау, Шортанбай, Мұрат есімдері ғана әр жерде айтылып, олар туралы қысқаша ғана мағлұмат беріліп келсе, бұл жылдары жыраулар поэзиясының қатары Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Үмбетей, Шалкиіз жырау, Дулат Бабатайұлы, т.б есімдермен толықтырылды.

1990 жылы бағдарламада 9 - сыныпта XV – XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті өкілдерінен Асан қайғы, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау, Жиёмбет жырау, Ақтамберді, Үмбетей жыраулар, Шал ақын шығармалары берілген. Бұқар жырау Қалқаманұлы XVIII ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетте жеке қаралған [5, 112 б].

Егемендікті алған жылдардан кейінгі жаңартылған білім бағдарламасы бойынша жалпы білім беретін мектептердің орта буындарында жыраулар поэзиясы кең қамтыла бастады. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы әдебиет өкілдері Асан қайғы, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау, Жиёмбет жырау, Ақтамберді жырау, Үмбетей жыраулар мен Шал ақын шығармалары оқытлады. Бұл басқа мақаланың тақырыбы болмақ.

Әдебиеттер:

1. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. – Алматы: Мектеп, 1971. – 200 б

2. Әуезов М. Әдебиет тарихы Алматы: 1991. - 207 б
3. Жолдыбаев М., Әуезов М. және Қоңыратбаев Ә. ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиет оқу кітабы. 7-жыл үшін. – Алматы: Қазақстан, 1933. – 192 б
4. Мәдібай Қ. Хандық дәуір әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1996. – 61 б
5. Әрінова Б. Қазақ әдебиеті әдістемесінің қалыптасу тарихы. – Алматы: Білім, 2003 -. 211 б.

«Райымжан Марсеков»

Л. А. Байханова

Павлодар педагогикалық университетінің магистранты, Павлодар қ.

А. Е. Каримова

Павлодар педагогикалық университетінің т.ғ.к,доцент, Павлодар қ.

Аңдатпа. Мақалада [Алаш](#) қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, [заңгер](#), [публицист](#), қазақтың мүддесін көздеп, қамын жеген [ұлт](#) ойшылы Райымжан Марсековтың өмірі мен қоғамдық-саяси белсенділігіне тоқталып, айшықты оқиғаларға тоқталуға талпыныс жасалынды.

Түйін сөздер: автономия, Алаш, демократия, зиялы қауым.

Аннотация. Статья посвящена жизни и общественно-политической деятельности видного деятеля движения «Алаш», одного из основателей движения «Алаш», юриста, публициста, национального мыслителя Райымжана Марсекова.

Ключевые слова: автономия, Алаш, демократия, интеллигенция

Annotation. The article is devoted to the life and social and political activities of a prominent figure in the "Alash" movement, one of the founders of the "Alash" movement, lawyer, publicist, national thinker Rayymzhan Marsekov.

Кілтті сөздер: автономия, алаш, демократия, зиялылар.

Key words: autonomy, Alash, democracy, intellectual.

Ұзақ уақыт бойы Райымжан Мәрсековтың ресми туған күні 1879 жылдың 7 тамызы болды. Шындығында, ол белгіленген күннен тура екі жыл бұрын дүниеге келген - 1877 жылдың 7 тамызы. Оған дәлел зерттеуші Марат Әбдешев зерттеген Омбы қаласының мұрағатынан табылды. Оның зерттеу нәтижелері оның «Тарихтың қазақ портреті» кітабына негіз болды.

Райымжан Мәрсеков Семей облысының Айыртау болысында Мәрсек Сасықов пен жұбайы Даника Ұлжанованың ауқатты отбасында дүниеге келген. Райымжан отбасындағы екінші бала болды. Одан басқа Мәрсек пен Даникеден төрт ұл (Айып, Босжігіт, Ғалауы және Шерияздан) және үш қыз (Дяпрос, Сағадатбану, Мафаруза) болды. Мәрсек ауылда үлкен құрметке ие болды, болыс меңгерушісі қызметін атқарды. Көреген, ойы ұшқыр Мәрсек ұлдарын жақсы білім алсын деп аудандық орыс-қазақ мектебіне береді.

Райымжан оқу мен жазуды, санауды, әріптерді үйреніп, Омбы классикалық гимназиясына оқуға түседі. Айта кетейік, ол гимназияны үздік бітіріп, 1896 жылы Санкт-Петербург императорлық университетінің заң факультетінің оңай студенті атануға мүмкіндік берді. Сондай-ақ Райымжан Мәрсеков алғаш рет жаппай наразылық акциясының куәсі болды. 1899 жылы 8 ақпанда Санкт-Петербург университетінің 80 жылдығын тойлау күні университет ректорының қоғамдық тыныштықты бұзғаны үшін студенттердің жауапкершілігі туралы хабарландыру жарияланды. Бұл студенттерді ренжітіп, ректордың салтанатты сөзін ысқырып, қол соғып, айқайлап бұзды. Осыдан кейін басталған бірінші бүкілресейлік студенттік ереуілді атқосшы полиция отрядтары аяусыз басып тастады. Наразылықтың ең белсенді қатысушылары, соның ішінде және Райымжан Мәрсеков университеттен шығарылды. Айтпақшы, Райымжанның «Алаш» партиясының басқа да болашақ мүшелері Жақып Ақбаев пен Айдархан Тұрлыбаевтармен достығы дәл осы Санкт-Петербургтегі Императорлық университетте басталған.

Кейіннен бұл наразылықтың мән-жайын анықтау үшін жиналған комиссия патша гвардиясының әрекетін айыптап, Райымжан сол 1899 жылы университетке қайта қабылданады. Алайда, дәл осы кезеңнен бастап ол бақылауға алынды. 1899 жылы мемлекеттің саяси өмірінің дәл ортасында бола отырып, ол «Дала уалаятының газеті» газетінде әйелдер теңдігі мен сайлау тақырыбына қоғамның назарын аударатын мақалалар жариялай бастады. Атап айтқанда, Райымжан Мәрсеков сайлау туралы былай деп жазды:

«Бір қарағанда, бұл біртүрлі болып көрінеді. Пайда болуы керек болған өзін-өзі басқару өз зиянына айналды ма. Бірақ бұл оғаштық көрініп тұр, қырғыздардың шенеуніктерін сайлағанда нені басшылыққа алатынына назар аударсақ, ол жойылады. Өкінішке орай, олардың жеке мүддесін халық игілігінің қоғамдық игілігінен жоғары қоятынын айтуымыз керек. Сіз бізді ақшамен қуанта аласыз, жылқыларды (уақытша пайдалануға), кез келген мемлекеттік қызметке таңдауға уәде бере аласыз: бригадир немесе би. Бұл бәсекелестіктің қаншалықты тиімді екенін көрген қырғыздар мұны соңғысын жасауға тырысуда «Сайлау және оның салдары», 28 қараша 1899 ж [1].

1902 жылы Р.Мәрсеков оқуын бітіріп, заңгер атанды. Р.Мәрсеков Санкт-Петербургтен кеткеннен кейін Семейге келіп, жергілікті округтік сотта адвокаттың көмекшісі қызметіне тағайындалады. Сол жылы Орыс географиялық қоғамының (РГО) Семей бөлімшесіне мүше болып,

қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты бірнеше мақалалар жазды («Киргиз народный соты», «Киргизи и овчетники», «О следовательное басталуы қырғыздар»). 1908 жылы Р.Мәрсеков Омбыға барып, қалалық сот палатасында заңгер болып жұмыс істейді. 1912 жылы Омбыдағы заң кеңсесінен шығып, Семейге оралады. Райымжан өмірінің бұл кезеңі (Семей аудандық сотына оралғаннан кейін) бірқатар отандық газеттерде публицистикалық еңбектерімен танымал. «Айқап» журналы (1911-1913), «Қазақ» (1914-1916), «Сарыарқа» (1917-1919) және «Алаш» (1917) газеттерінің беттерінен өз ойын, пікірін (көбінесе қорқатын) қайта-қайта айтты. Әсіресе, патша өкіметінің отаршылдық саясатын әшкерелеп, қазақ қоғамының болашағына тоқталып, 20 ғасырдағы қазақ зиялылары өкілдерінің озық ой-пікірлерін білдірді.

1913 жылы Р.Мәрсеков жалпықазақ съезін шақыру идеясын қызу қабылдады. Бұл тақырыпта ол былай деп жазады: «Санкт-Петербургте заңдар жергілікті халықтың ерекшеліктерін ескерусіз және білмей жасалады. Заң халықтың мүддесін ескере отырып жасалған жағдайда ғана халықтың мүддесіне сай болады. Съезде талқыланатын басты мәселе – жер, дін, билер кімдер сайлануы керек, билерге, земствоға, басқа да қызметтерге өтініштер қай тілде жазылуы керек» [2]. Райымжан 1917 жылы Семей облыстық қазақтар (қырғыз) комитетінің төрағасы болып тағайындалды, сонымен бірге Уақытша үкіметтің облыстық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Сол жылы «Алаш» партиясының қатарына өтіп, Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулиндермен бірге Бүкілресейлік құрылтай жиналысына делегат болды. 1917 жылы желтоқсанда Мәрсеков Семей уездік жиналысының бірінші төтенше съезінің төрағасы болып тағайындалды. Жиын барысында Р.Мәрсеков «Патшалық арасындағы заң» деп аталатын баяндама жасады [3]. Онда автор мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатын, мемлекеттер арасындағы тұрақты екіжақты қарым-қатынастардың маңыздылығын, сондай-ақ «биліктің бір қолға шоғырлануының қолайсыз және қиын салдарын» талқылайды.

«Алаштың» мүшесі ретінде 1918-1919 ж.ж. Райымжан Мәрсековке Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және Садық Аманжоловтармен бірге азамат соғысы кезінде большевиктермен күресу үшін қару-жарақ жеткізу үшін Қытай үкіметімен келіссөздер жүргізуге рұқсат берілді. 1918 жылы 17 қаңтарда Р.Мәрсеков Семей земство кеңесінің төрағасы болып сайланды. Бұл қызметте ол хатшылық, әкімшілік және түрме істерін басқарды. Дегенмен, қоғамдық-саяси жұмыстармен қатар халықтың рухани мәселелерін де ұмытқан емес. Мәрсеков орыс эпистолярлық әдебиетіндегі жаңалықтарға жиі шолу жасады, тарихты кезеңдерге қарай зерттеуге бастама жасады. Оның тұжырымдамасы бойынша қазақ әдебиетінің тарихын үш кезеңге бөлу керек: жазу пайда болғанға дейінгі, жазудың пайда болуынан Абай дәуіріне дейінгі және қазіргі жазу.

Азамат соғысы жылдарында Р.Мәрсеков Алашты қолдаған жерлестерінің қауіпсіздігі үшін қауіптенді. Партия жетекшілері мен

большевиктер арасында болашақ мемлекеттік құрылымның бірқатар іргелі мәселелері бойынша қайшылықтар болды. Қауіптің алдын алу үшін Райымжан «Алаш» ұлттық әскерилендірілген полктерін құру туралы бастама көтерді [4]. Зерттеушілер сол кезде Алашорданың кем дегенде екі атты әскер бригадасын құрғанын айтады. Ақ гвардияшы баспасөзде Р.Мәрсеков бастаған Алаш жасақтарының ерлігін бір емес, бірнеше рет жоғары бағалады. 1918-1919 жж. Алаштың қарулы жасақтары Семейді, Жетісу облысын, сондай-ақ Ақмола, Торғай облыстарын басып алды. Алайда, 1919 жылдың күзінде Қызыл Армия қарсы шабуылға сәтті әрекет жасады. 1920 жылдың басында алашордашылардың соңғы тірегі, гарнизоны Р.Мәрсеков басқарған Зайсан қаласы құлап, оның өзі Қытайға үлкен шығынмен өтіп үлгерді. Ол жерден Моңғолияға барып, кейбір деректерге қарағанда Моңғол Халық Республикасы билігінің мүшесі болған [5]. 1922 жылы Райымжан туған жері Семейге оралады. Қоғамдық-саяси жұмыстармен айналысу мүмкіндігінен айырылғанын айтпаса да түсінікті. 1922 жылдың сәуір-маусым айлары аралығында Семей губерниялық атқару комитетінің ақпарат-нұсқау бөлімінің инспектор-ревизоры қызметін атқарды. Алайда Райымжан Мәрсеков көп ұзамай Қытайға қайта аттанды. Зерттеушілер мұндай тез оралуына ұлтшылдықты айыптау кінәлі деп есептейді. Алайда қуғын-сүргіннен қорқып, 1922 жылы Райымжан інісі Шерияздан екеуі шетелге кетуге бел буады. Бұл шешімді тек Мәрсеков қабылдаған жоқ: бірқатар зиялы қауым, соның ішінде. Мұстафа Шоқай да оның салдарын жақсы түсінгендіктен шетелге көшіп кетті. Қытайда ағайындар жергілікті билік тарапынан қуғынға ұшырады, оларға қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысына қатысты деген айып тағылды. Р.Мәрсековтың әйелінің айтуынша, Қытай билігі ағайындыларды ұстап, түрмеге жапқан. Алты жыл түрмеде отырған Шерияздан түрмеден шықты, бірақ ол ағасының ізін таба алмады. Әзірге Райымжан Мәрсековтың нақты қай күні қайтыс болғаны да, жерленген жері де белгісіз. Бір кездері Қазақстанның ең білімді өкілі, Қазақстандағы ұлттық өзін-өзі басқарудың бас идеологы, жарқын да, сөзсіз дарынды заңгер Райымжан Мәрсековтің ақыры осылай аяқталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. [Райымжан Мәрсеков \(1879-1937\) – Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы әмбебап кітапханасы \(kk-KZ\).](#)
2. Дулатбеков, Нұрлан. Алаш ардақтылары : Санкт -Петербург іздері [Мәтін] / Н. Дулатбеков. - Қарағанды : Болашақ -баспа, 2012. - 188 б.
3. Қазыбек Н. Тасада қалған тарландар [Мәтін] : Танымдық мақалалар / Қазыбек Н. - Алматы : Білім, 2003. - 76 б.
4. Өзбекұлы С. Арыстары Алаштың [Мәтін] : Тарихи очерктер / Өзбекұлы С. - Алматы : Жеті жарғы, 1998. - 192 б.

5. Мәрсеков Р. // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6- том.-Алматы, 2004.-427 б.

**Қазақстан тарихы пәні оқулықтарындағы білім көлемінің
мазмұнындағы мәндік өзгерістер мен педагогикалық инновация**

Бақторазов С.У.

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ., e-mail: S_bakhtorazov@mail.ru

Түйіндеме:

Мақалада Қазақстан тарихы бойынша үзіліссіз білім беру саласының әртүрлі тармақтарына арналып құрастырылған қазіргі оқулықтардағы жаңашыл (модерндік) тенденцияның жағымды жақтары аз емес екендігі көрсетіледі. Жаңа фактологиялық материалдарды пайдалану есебінен қарастырылып отырған пән мазмұнының тереңдей түсуі, тарихи фактілерді пайымдауда өзіндік жаңа реңктің болуы, тарихи үрдістегі тұлғаландыру мәселесіне көңіл бөлу, жеке және топонимикалық атаулар мен этнологиялық түсініктерді жазу барысында транскрипцияны айқындау - осы саладағы атқарылып жатқан оң өзгерістерді көрсететіндігі айқындалады.

Автор, инновациялық енгізулер, оқу процесіндегі күрделі де сапалы өзгерістерге жол ашып, тиісінше, білімгерлердің түсініктемелік аппаратты сипаттамылық жағынан талдай алуына, өздерінің сөздік қорын көбейтуіне және азаматтық саяси риторикаға бейімделуіне ыңғайлайды деп есептейді.

Кілтті сөздер: Қазақстан тарихы, білім, конкуренттілік, тарихи фактілер, синхронизациялау, диахронологиялық сараптама, инновация.

Аннотация:

В статье показано, что в современных учебниках, составленных для различных направлений непрерывного образования по истории Казахстана, имеется множество положительных сторон инновационного (современного) направления. Благодаря использованию новых фактических материалов, углублению содержания рассматриваемой темы, наличию нового тона в восприятии исторических фактов, обращению внимания на проблему персонализации в историческом процессе, детерминации транскрипции в ходе написания личных и топонимических имен и этнологических понятий - определено, что это отражает положительные изменения, происходящие в данной сфере.

Автор считает, что инновационные подходы открывают путь к комплексным и качественным изменениям в процессе обучения и, соответственно, облегчают возможности студентов описательно анализировать объяснительный аппарат, увеличивать словарный запас и адаптироваться к гражданско-политической риторике.

Ключевые слова: История Казахстана, образование, конкурентоспособность, исторические факты, синхронизация, диахронологический анализ, инновация.

The article shows that in modern textbooks compiled for various areas of continuous education in the history of Kazakhstan, there are many positive aspects of the innovative (modern) direction. Thanks to the use of new factual materials, deepening the content of the topic under consideration, the presence of a new tone in the perception of historical facts, paying attention to the problem of personalization in the historical process, the determination of transcription in the course of writing personal and toponymic names and ethnological concepts - it is determined that this reflects the positive changes taking place in this area.

The author believes that innovative approaches open the way to complex and qualitative changes in the learning process and, accordingly, make it easier for students to descriptively analyze the explanatory apparatus, increase vocabulary and adapt to civil-political rhetoric.

Keywords: History of Kazakhstan, education, competitiveness, historical facts, synchronization, diachronological analysis, innovation.

Білім саласындағы ұйымдастырулардың кешенді тұжырымдарын анықтауда және соған сәйкестендірілген оқыту мазмұнында үстем болып отырған үрдіс білім беруді мемлекет тарапынан жасалынған тегін немесе оқу орындарының ақылы қызметі деп емес, тауардың ерекше түрі - білімді иемдену үрдісі ретінде қарап, тиісінше оның басқа тауарларға алмаса алу қабілетіне сенуге саяды. Әрине, ол үшін білімнің мазмұны мен құрылымы компетенттік тұрпатта болып, мұның өзі "дегеніме жетемін", "лайықтымын", "сәйкес келемін" қағидаларына негізделгені ләзім.[1, 21 б.] Басқа жағдайларда алынған білім конкуренттілікке қабілетсіз болып, әу бастан-ақ тиянақты нәтижеге жете алмайтындығы белгілі болып шығады. Сонымен қатар, бәсекелестікке қабілеттіліктен бөлек, компетенттік білім беру болашақтағы мансаптық көтерілудің негізгі алғышарты болып табылады.

Қазақстан тарихы бойынша үзіліссіз білім беру саласының әртүрлі тармақтарына арналып құрастырылған қазіргі оқулықтардағы жаңашыл (модерндік) тенденцияның жағымды жақтары аз емес. Жаңа фактологиялық материалдарды пайдалану есебінен мазмұнының тереңдей түсуі, тарихи фактілерді пайымдауда өзіндік жаңа реңктің болуы, тарихи үрдістегі тұлғаландыру мәселесіне көңіл бөлу, жеке және топонимикалық атаулар мен этнологиялық түсініктерді жазу барысында транскрипцияны айқындау - осы саладағы атқарылып жатқан оң өзгерістерді көрсетсе керек.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған мәселелермен шұғылдану көп жағдайда біржақтылыққа ұрындырып, Қазақстан тарихын дүниежүзілік тарихи үрдістен бөлек қарастыруға алып келетіндей. Аталған тенденцияны тузеу мақсатында, Қазақстан тарихын басқа да дүниежүзілік өзара тәуелді және өзара ықпалды тарихи үрдістермен байланыстыру керек сияқты. Осыны жүзеге асырудың бір шарасы ретінде Қазақстан тарихы мен әлемдік тарихтағы оқиғалардың бір мезеттілігінің көрінісін оқу материалдарында дәйекті түрде, ақпараттық мағыналық нұсқада беруді айтуға болады. Әлемнің басқа өңірлерімен салыстырудағы (қатар коюдағы) тарихи үрдісті синхронизациялаудың білімдік және үйретушілік құндылығы оның тек танушылық қана емес, тәрбиелік те маңызында, сонымен қатар бұл тарихи фактілерді есте сақтауды жеңілдетеді, оларды пайымдау мүмкіндігін арттырады - яғни білім алудағы "дегеніме жетемін" мәселесін шешуге ықпал етеді. Л.Н. Гумилев өзінің көптеген еңбектерінде дәл осы тарихи үрдісті синхронизациялауға көп көңіл бөліп, осы арқылы тарих бойынша оқулықтар құрастырудағы негізгі қағидалардың бірі-оқу материалдарын мазмұндаудағы хронологиялық жүйелілікті кеңейте алды. Осылай «Русьтен Ресейге дейін» [2, 41 б.], еңбегінің қосымшасында автор синхрондық кесте келтіріп, онда келесі фрагмент қызығушылық тудыратындай .

Русь	Қазақстан мен Орта Азия	Жалпы тарих бойынша негізгі даталар
1439 Флоренциялық Уния, 1440-1502 Дионисий	15-ші ғасырдың ортасы, Қазақ хандығының құрылуы.	1445 жылдар шамасы, кітап басуды ойлап шығару 1452-1519 Леонардо да Винчи 1453жыл. Константинопольді алу Византия империясының құрылуы.

Тарихи білімнің екінші бір маңызды компоненті, өтіп жатқан тарихи оқиғаларды, олардың әртүрлі контекстегі маңыздылығын, тереңдетіп түсіну болып табылады. Осылай, Қазақстан тарихы курсына дағы Ұлы Отан соғысы кезеңіне жеткілікті мән берілгенімен, синхрондық байланыс көрінбейді. Мұндай байланыс болған жағдайда білім алушының түсіну және есте сақтау мүмкіндігі артып, өздігінше синхрондық кестеге тарихи талдау жасау қабілеті қалыптасқан болар еді.

Қазақстан тарихы	Ресей және ТМД	Дүние жүзі тарихы
------------------	----------------	-------------------

	мемлекеттерінің тарихы	
1941ж. 16 қараша 28-гвардияшыл-панфиловшылардың Мәскеу түбіндегі ерлігі	1941ж. қыркүйегі-1942 ж сәуірі Мәскеу үшін шайқас.	1941ж. 7 желтоқсан Жапонияның АҚШ-қа шабуылы. Тынық мұхиттағы соғыс

Білімділік, әртүрлі кеңістіктегі болып жатқан тарихи оқиғаларды салыстыра отырып сапасын анықтау біліктілігі, тиісінше тарихи білімнің жоғары сатысына көтерілгендіктің белгісі. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды синхрондау мәселесін Ресей мен ТМД елдері және жалпы тарих курстары материалдарын қосымша ретінде Қазақстан тарихы бойынша оқулықтарға кіріктіру арқылы шешуге болады. Бұл тек жоғары мектептерге арналған оқулықтарға ғана қатысты, білім саласының басқа тармақтарында оқулықтардың ғылыми-анықтамалық аппаратын, қажеттілігіне қарай синхронды кестелер және олармен жұмыс істеу және үйренуді дамыту үшін пайдаланса болады.

Оқытуды жетілдірудің екінші бір маңызды бағыты ретінде тарихи оқиғалардың едәуір хронологиялық бөлікті қамтитын біртекті тарихи құбылыстарын зерттейтін диахрондық анализ тәсілін айтуға болады. Осыған орай, шаруалардың отарлауға қарсы, феодализмге қарсы көтерілістерін бір үлкен бөлімге біріктіру ыңғайлы болар еді. Оқиғалардың әртүрлі уақыттарда өтіп, таралу ареалдарының бөлек болуына қарамай, олардың қойған талаптарының ұқсастығы, белсенді қарулы күрес жүргізудегі тактикаларындағы өзгешеліктердің аздығы және барлығының сол дәуірдегі болмай қоймайтын кемшіліктерді айналып өте алмауы осыған меңзейтін сияқты. Тиісінше, біртекті мазмұнға экономикалық даму мәселелерінің де ие екендігін айтуға болады, яғни әрбір кезеңде бір ғана мақсат – дамудың жаңа сатысына шығу шешіліп отырды.

Мұның өзі әртүрлі жағдайда жүзеге асырылғанымен, ортақ мәнге қарастырылып отырған өңір мен осы өңірдегі бар табиғат байлықтарына халықтың бір бөлігі ғана ие еді. Оқулықтарға оқу материалдарын диахрондық орналастырудың артықшылығы, оның тұтастай және анық түсініктер қалыптастыруға себін тигізіп, оқулықтағы тақырыптарды керексіз жаңқалаудан босататығында. Қолдалынып жүрген кітаптардың ішінде осы талаптарға сәйкес келетін оқулық ретінде Қ.С. Қаражанның [3] «Қазақстан тарихы» лекциялар курсы жатқызуға болады.

Материалдың диахрондық орналасуы, тиісінше оны кеңістіктік – уақыттық сипатта түсініп, үйренуге жетелейді. Сонымен қатар, тарихи процестің терең мағынасы оның формациялық және өркениеттік кезеңдерінен нақты айқындалады. Диахрондық анализдің мысалы ретінде Қазақстан

Республикасы мемлекеттік құрылысының эволюциясы туралы мәселесінің қарастырылуын алуға болады.

Қазақстан империясы құрамында	Ресей	Қазақстан құрамында	КСРО	Қазақстан егемендік пен тәуелсіздік жағдайында
-------------------------------	-------	---------------------	------	--

Мұнда ерекше ұқсас параметрлерді талдай отырып, мемлекет өміріндегі сандық және сапалық өзгерістерді анықтауға болады: территориялық тұтастық жөнінен, ішкі мәселелерді шешудегі компетенттілігіне байланысты, халықаралық аренаға шығу мүмкіндіктеріне қарай, өзіндік даму үшін қажетті ішкі және сыртқы ресурстарды жұмылдыра білуі жөнінен.

Оқулықтағы танымдық материалдарды мазмұндаудағы диахрондық тәсіл, арнайы таблицадан бастап, өзіндік оқуға арналған қосымша ақпараттық блоктарды қосу түріне дейін жетілдіріле береді.

Оқу материалдарын хронологиялық тұрғыда рационализациялау жағдайында, синхрондық және диахрондық формадағы мазмұндау арқылы, тарих ғылымында компетенттіліктің келесі, жоғарғы сатысына жетуге болады. Уақытты түйсінудегі еркін бағамдау – тарихи процестегі мән мен мағынаны, өзара байланыс пен өзара тәуелділікті тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мұның өзі қорыта келгенде, тарих тағылымынан талаптанған жағдайда ғана ғибрат алуға болатындығын көрсетсе керек.

Қоғам өміріндегі сапалық өзгерістер, көп жағдайда өтпелі кезеңге сәйкес келеді, мұның өзі кейде секірмелі жағдайда болып, ол өз кезегінде өндіріс тәсілдерінің ауысуына, меншікке көзқарастың, саяси режимдердің өзгеруіне және басқа да терең қайта құруларға бастайды. Бұл орайда қоғамдық өмірдің басқа да салалары қалтарыста қалмай, жаңа жағдайға бейімделе отырып, жаңа өмір салтына дағдыланады.

Осылай, «мәдени революция» [4, 118 б.] кезеңі ретінде белгілі ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарында жалпы білім беру жүйесі құрылып, жаңа педагогикалық теориялар құрастырылды, ұйымдық жағынан жаңа құрылымдар құрала бастады. Тарих ғылымы жаңа қырынан түсіндірілді. Зерттеуші ғалымдарды, оқытушылар мен тарих пәні мұғалімдерін дайындауда түсініктемелік-категориялық аппарат барынша өзгертіліп, марксизм-ленинизм теориясының жеке аспектілерін көрсететін тарихи терминдердің қалың шоғырымен алмастырылды.

Ғылыми және ғылыми педагогикалық айналымға «тап», «таптық күрес», «социалистік революция», «пролетариат» және басқа да арнайы түсініктемелердің енгізілуі «жұғыстылық» принципі бойынша тез тарап, ары қарай қосымша түсініктемелер және терминдермен толысып жатты. Осылай, қоғамтанудың маркстық нұсқадағы, өзіндік ерекшелігі мол тілдік орта қалыптасып, ол жалпы алғанда өз қызметін тиянақты атқарды да, дегенмен, мұндай біржақтылық басқа идеологиялық бағыттағы мейлі, батыстың болсын,

мейлі шығыстың болсын қоғамтанушыларымен ғылыми тұрғыда араласу мүмкіндігін барынша шектеді немесе оған толық тосқауыл қойды.

Біржақты идеологияға негізделген түсініктемелік-категориялық аппараттың [5, 221 б.] жетімсіздігінің тағы бір аспектісі ретінде, басқа идеологиялық жүйелердегі терминдердің, түсініктер мен категориялардың ғылыми маңыздылығын терістеуді айтуға болады, ал онсыз өткен тарихымызда нақтылы фактілерді талдау мен оларды жаңаша интерпретациялаудың ғылыми негізделуі әлсіз болды.

Осыған ұқсас жағдайды ХХ ғасырдың соңы мен – ХХІ ғасырдың басындағы посткеңестік кеңістікте де байқауға болады. Бұрынғы қалыптасқан терминдерді, категориялар мен түсініктерді толығымен тәрк ету фактілері, көп жағдайда толық түсініп-түйсінілмеген және әркез дұрыс қолданыла бермейтін батыстық терминологияның етек алуына ұласты. Мұндай жаңаша көзқарастағы терминологиялық топтамалардың, арнайы түсініктемелер мен категориялардың тез таралу үрдісі, іс жүзінде тарих ғылымында болсын, зерттеу және педагогикалық салаларында болсын ретсіздікке ұрынуда. Педагогикалық инновация саласында да осы бағыттағы реттеу іс-шаралары байыпты болғандығы дұрыс.

«Инновация» термині білімнің ғылыми - техникалық саласына жатады және бұрынғы ғылыми зерттеулерге негізделі отырып, экономикалық және басқа да салалардағы өндіріс процесіне өзгертулер енгізуді білдіреді. Бұл орайда айта кету керек, әрқилы шетелдік ұстанымдарға, мейлі ол жетістіктерге жетіп жатсын, бас шұлғып пайдалана беру, жат-жұрттың жұрқасын өзімізге таңу болып табылады. Іске жарата қалған күннің өзінде де, оны еліміздің және өміріміздің өзіндік ерекшеліктеріне үйлестіре отырып қана, лексиконымызға біртіндеп кіріктіргеніміз жөн.

Мұғалімнің дайындық деңгейін көтеру мақсатындағы инновациялық қаракеттердің, негізінен олардың ой қызметі мәдениетінің деңгейін көтеруге және оны дұрыс ұйымдастыра білуге бағытталғаны дұрыс. Бұл арқылы бір жағынан ғылымның соны жетістіктерін мектеп сыныптары мен студенттер аудиториясына дұрыс жеткізе білу мүмкіндіктері артса, екінші жағынан оны қабылдаушылардың да білімге деген талап-талпынысының, талғамының өсе түсетіні сөзсіз. Осы үшін оқу пәндерінің түсініктемелік аппаратын барынша ыждахаттылықпен түйсіну қажеттілігі жетістіктерге жетудің негізгі алғышарты ма деп ойлаймын. Мәселені шешудің бір парасы түсініктемелердің мәндік-мағыналық өзегін игере білуде жатқандай. Мұның өзінде, зерттелініп отырған түсініктердің мазмұнын бірнеше кезеңнен өтіп қана толық анықтауға болатын сияқты.

Бірінші кезеңде энциклопедиялық басылымдар мен арнаулы терминологиялық сөздіктер бойынша қолданысқа енген терминдерге нақты сипаттама берілгені жөн. Мысалы «билік» [6, 333 б.] түсінігі әртүрлі сөздіктерде әрқилы белгілеріне орай, әр мағынада беріледі. Осыған байланысты, екінші кезеңде термин мазмұнын түсіну үшін осыларды ашатын ұғымдарды анықтау қажет. Жоғарыда айтылған билік

түсінігі бойынша ол, тиісінше «тап», «әлеуметтік топ», «саяси партия», «саяси лидер», «мемлекет» [7, 118 б.] түсініктері болып шығады.

Келесі кезең билік түсінігіне синонимдер табу, олар: «күштеу», «диктатура», «көндіру» [8, 65 б.] және басқа да бірталай сөздер. Жұмыс барысында синонимдердің мәндік сипатын ашу үлкен маңызға ие. Мысалы: биліктің «диктатура» арқылы жүзеге асуы, оның күштеу және репрессивтік әдістер арқылы жүргізілгендігін көрсетеді. Әрі қарай, дәл осылай антонимдермен жұмыс істеу жүргізіледі, мұның өзі «билік» түсінігінің мәні мен мағынасын барынша терең қарастыруға мүмкіндік бермек. Қорытынды кезеңде мәтінге енген түсініктерді талдау қажет. Олар саяси ұрандардан (мыс: «Барлық билік Кеңестерге») бастап арнаулы зерттеулерге дейін терілгені дұрыс.

Инновациялық енгізулер, сонымен қатар оқу процесіндегі күрделі де сапалы өзгерістерге жол ашып, тиісінше, білімгерлердің түсініктемелік аппаратты сипаттамылық жағынан талдай алуына, өздерінің сөздік қорын көбейтуіне және азаматтық саяси риторикаға бейімделуіне ыңғайлайды. Бұл арада түсініктерді орынды - орынсыз пайдалануға тырысудың логикалық қателікке ұрындыратын да ескеру керек.

Қорыта келе, педагогикалық білімгерлерде дұрыс дүниетанымдық көзқарас қалыптастырудағы үрдісіне осы салаға қатысты барлығымыз атсалысқанымыздың абзалдығын айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Советский энциклопедический словарь. - М.: Политиздат, 1980,- 613с.
2. Л.Н. Гумилев «От Руси до России».- М.: Просвещение, 1997. – 507с.
3. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған т.ғ.д. , профессор Қ.С.Қаражан. - Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2011. -376 б.
4. «Қазақ» ССР: Қысқаша энциклопедия, 1 том. - Алматы, «Қазақстан», 1984. – 622 б.
5. Философиялық сөздік. Алматы: «Қазақстан», 1983. – 323 б.
6. Политология : энциклопедический словарь.- М.: Политиздат, 1993. -351 с.
7. Краткий словарь по социологии. - М.: Политиздат, 1989.- 244 с.
8. К искусству смысловой дифференциации понятия. - М.: Дет.лит., 1991.- 256 с.

С.Қирабаевтың сәкентануға қосқан үлесі

Жансая Жуванышқызы Боранбек,
«Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасының
2-курс магистранты
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
Borانبек9807@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада ғалым Серік Қирабаев Сәкен ақынның тұтас өміріне нағыз зерттеушілік тұрғыдан қарап, оның шығармашылығына айтылған әділ пікірлер мен негізді-негізсіз сындарды ашық жаза отырып, ақын тұлғасының қайраткерлік, суреткерлік қасиеттерімен қатар кәдімгі жұмыр басты адамға тән пенделік тұстарын да тілге тиек еткені, сәкентануға қосқан үлесі зерделенген. Серік Смайылұлы өзінің көп томдық шығармалар жинағының I томын «Сәкен Сейфуллин» монографиясына арнаған. Осының өзі-ақ ғұлама ғалым шығармашылығындағы ақиық ақынның орнын айқындаса керек. Ғалымның ізденімпаздығын, зерттеу жұмыстарын дәуір үнімен шебер байланыстырғанын, қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушы ретінде танылған күрескер ақын туралы ғылыми-ақпараттық материалдарды оқырманға барынша ұғынықты оймен, тартымды тілмен жеткізе алғандығын байқаймыз.

Кілтті сөздер: Серік Қирабаев, Сәкен Сейфуллин, сәкентану, көркем шығарма, сын зерттеу, монография, қазақ әдебиеті.

Аннотация. В статье изучен вклад в сакентану, где ученый Серик Кирабаев, глядя на всю жизнь акына Сакена Сефуллина с поистине исследовательской точки зрения, открыто пишет справедливые суждения и обоснованную-необоснованную критику его творчества, подчеркивает как деятельные, так и художественные качества личности поэта, так и пендовые черты, присущие обычному главному человеку. Серик Смаилович посвятил I том своего многотомного собрания сочинений монографии «Сакен Сейфуллин». Это, должно быть, определило место поэта в творчестве ученого-гуманиста. Мы видим любознательность ученого, умело соотносящего исследовательскую работу с эпохальным тоном, умеющего донести до читателя наиболее понятный, увлекательный язык научно-информационных материалов о поэте-борце, признанном основателем казахской советской литературы.

Ключевые слова. Серик Кирабаев, Сакен Сейфуллин, сакентану, художественное произведение, критическое исследование, монография, казахская литература.

Annotation. The article examines the contribution to sакentana, where the scientist Serik Kirabayev, looking at the whole life of akyn Saken Sefullin from a truly research point of view, openly writes fair judgments and justified-unfounded criticism of his work, emphasizes both the active and artistic qualities of the poet's personality, and the pend features inherent in an ordinary main person. Serik Smailovich dedicated the first volume of his multi-volume collection of works to the monograph "Saken Seifullin". This must have determined the poet's place in the work of a humanist scientist. We see the curiosity of a scientist who skillfully correlates research work with an epoch-making tone, who is able to convey to the reader the most understandable, fascinating language of scientific and informational materials about the poet-fighter, recognized as the founder of Kazakh Soviet literature.

Keywords. *Serik Kirabayev, Saken Seifullin, saken ta nu, artwork, critical research, monograph, Kazakh literature.*

Академик Серік Смайылұлы Қирабаев – әдебиеттану ғылымының ғалымдар шоғырында есімі ерекше еленіп аталатын, ғылым докторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері және басқа да көптеген атақ пен даңққа шын лайықты қаламгер.

Осы орайда сыншы-ғалымның жоғары мәртебе, биік мәреден көрінуіне өсіп-өнген ортасы мен ғылым жолына түсірген оқымысты әрі әдеби қауымның игі әсері көп болғандығын айту ләзім. Сонымен қатар Серік Смайылұлының бойына біткен асыл қасиеттер – адал еңбек ету мен алға деген ұмтылыс, биікке деген құлшыныс та бұл жолда өз нәтежиесін берді деп білеміз.

Академик С.Қирабаевтың жасынан-ақ өзін өзі ұстай білуіне, еңбекке өзін жеге білуіне өскен ортасы, көрген тәрбиесі, табиғи болмысы әсер еткені айқын. Араласқан ортасын, заман аңғары мен айналасын салыстыра, іштей салмақтауға бейімділік өмірлік тәжірибесін молайтумен қабат біртіндеп сыншылдық қабілетті де ұштай бергенге ұқсайды.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», Арқаның құйқалы өңірінде өнер адамдары көп болғаны тарихтан белгілі. Мәселен, сол Жаңаарқа өңіріндегі Сайдалы Сары Тоқа сияқты күйші-домбырашы, Байжұман сияқты әншілерді айтпағанда, ел арасына мәлім Мағжан Жұмабаевтың, Шәкәрімнің өлеңдері, поэмалары, Сәкен Сейфуллин сияқты әйгілі саңлақтар өнегесі, ел ішіндегі жырға, ән-күйге құштарлық, ойын-сауыққа құмарлық, өнер иелері мен қайраткерлеріне деген таусылмас құрмет болашақ сыншы-ғалымның өмірдегі өз жолын таңдауына айрықша ықпал жасағаны сөзсіз. Келешекте әдебиеттің көркемдік әлемін барлап пайымдағанда, жасынан құлаққа таныс, жүректе жатталған ұлттық құндылықтар – келешек шығармашылығына, әдебиет пен өмірді салыстыра, сабақтастыра сараптауына әсер еткен аса маңызды фактор. Ендеше 1947 жылы КазПИ-дің тіл-әдебиет факультетін таңдауы – кездейсоқ емес, керісінше, ойланып-толғанып барып тоқтаған шешімі.

Институтта оқып жүргенде, әдебиет әлеміне сабырмен қарап, салмақтай келе, өзі де атсалысуды ұйғарады. Екінші курста оқып жүріп-ақ, ақын Ж.Сыздықовтың «Қос қыран» атты өлең кітабы туралы тұңғыш мақаласын жариялайды (Социалистік Қазақстан, 1948, 24 қазан).

Оқу бітіргенше онға тарта сын мақаласын мерзімді баспасөз беттерінде жариялайды. Бұл мақалаларда сол жылдары жарық көрген «Емле сөздігі туралы» (А.Нұрқатовпен бірге), Қ.Аманжолов, С.Мәуленов, Б.Соқпақбаев шығармалары туралы пікір білдіреді. Ал, 1949 жылы Қазақстан Жазушылар одағында «Қазақ балалар әдебиетінің жайы мен міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасайды.

Қырқыншы жылдардың екінші жартысы мен елуінші жылдардың алғашқы бөлігінде әдебиет пен өнерге, ғылым мен мәдениетке тікелей

қатысты идеологиялық қысымның қайтадан қатайғанын айқын айғақтаған қаулылар жарияланып, мемлекеттің бүкіл идеологиялық пәрменді машинасы жойқын күшпен жұмыс істегені тарихтан белгілі. Бұл кезеңдегі барлық дерлік мақалаларда айтылатын пікірлер партия талаптарына еріксіз бейімделді. Әдебиетті тану мен бағалаудың критерийі ретінде идеялылық алға шықты. Қандай да болсын шығарма немесе ғылыми еңбек ең алдымен мемлекеттің, партияның идеясына үн қосуы міндеттелді.

1957 жылы «Спандияр Көбеевтің әдеби қызметі» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, әдебиет тарихына тың деректер, жаңа пайымдаулар қосты. С.Көбеевтің «Қалың мал» романы сол кездегі ахуал мен деректерге байланысты тұңғыш қазақ романы аталды. Ұстаз жазушының шығармашылығына алғаш рет жүйелі әрі тұтас шолу жасалды. «Үлгілі бала» мен «Үлгілі тәржіма» атты кітаптарының қазақ әдебиетіндегі алатын орны бірінші рет ғылыми сарапқа салынды. Келесі жылы диссертация негізінде жазылған «Спандияр Көбеев» атты монографиясы жеке кітап болып шықты.

С.Көбеев, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Ғ.Мұстафин сияқты дарындардың заманы бір немесе сабақтас болғанымен, әрқайсысының өз нысанасы, өз мәнері бары белгілі. Олардың шығармалары өз кезеңіндегі бүкілхалықтық рухани бағыт пен өмірлік нысанаға, көркемдік тәжірибе мен талғамға, сол арқылы рухани болмысына, әдеби процеске аса елеулі әсер еткені – тарихи шындық. Сол кезеңде де, кейін де бұл пікірді дәлелдейтін мыңдаған мақалалар жарық көрді.

Ендеше әдебиетіміздің дамуына айрықша үлес қосқан мұндай суреткерлер шығармашылығы бажайлап, асықпай арнайы қарастырылмайынша, рухани әлемдегі күрделі құбылыстарды түстеп тану, санаға тиянақтау екіталай. Академик С.Қирабаевтың спандияртану, сәкентану, ғабидентану, жүсіпбектанудың негізін салып, осы бағытта табанды ізденіп, жүйелі де жемісті зерттеулер жүргізіп, ұзақ жылдарға созылған еңбегін монографияларға айналдыруы – азаматтық-шығармашылық жауапкершілік салмағын сезінуінен.

Отызыншы жылдар ойранында опат болған Сәкен Сейфуллин есімі мен шығармалары жиырма жылдай уақыт бойы рухани айналымнан тысқары қалды деуге де болады. Сәкенді көрген, естіген елдің есінде сақталғанымен, жаңа ұрпақ жете білмейтін. Жеке басқа табынушылық зардабынан арылуға бет бұрған елуінші жылдардың екінші жартысында С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин ақталғанда, олардың шығармашылығы мен өмірін жедел зерттеу міндеті қойылды. С.Сейфуллиннің өлеңдері мен поэмаларын жасынан естіп, жаттап өскен жас С.Қирабаевтың ақын шығармаларын зерттеуге бірден құлшына кірісуі, әлеуметтік әділеттілікті орнықтыруға, қалпына келтіруге ден қоюы, әрине, заңды.

Сәкеннің сұлу саздары, кешегі көсем әрекеті мен көшелі қаракеті, елдің тұрмыс-тіршілігі мен келешек тағдыры туралы толғаныстан туған шығармалары – бұл кезде елдің әлі есінде, ақсақалдардың аузында. Осының бәріне әбден қанық талантты жас С.Сейфуллин шығармашылығын зерттеуге

қызу кірісіп, қаламгер-қайраткер өмірінің жалпы көпшілікке беймәлім беттерін айқындауға алғашқылардың бірі емес, бірегейі болып араласты, шығармашылығын сол кезеңнің талабына сай талдады.

С.Сейфуллин өлеңдері, поэмалары, повестері жедел арада талданып, көркемдік сипаттары сараланды. Жүйелі ізденіс нәтижесінде С.Сейфуллин өмір жолымен бірге оның шығармашылығына әсер еткен факторлар – революцияға дейінгі әдебиеттің көркемдік сипаттары, дәстүрі, тарихи-әлеуметтік жағдай, жаңа дәуірдегі соны әдеби ізденістер зерттеу өзегіне айналды.

С.Қирабаев осы тұста әдебиет мысалына қатысты пікірін ойланып, өз ұғымында іштей әбден таразылап, тиянақтаған соң барып айтатынын, сол сөзінде нық тұратынын байқатты.

Жылдар бойы жабулы жатқан шындықты тез аршып, С.Сейфуллин туралы мақалалар сериясын жариялауы, одан кейін монографиясында (1962) «Сәкен және революция алдындағы қазақ әдебиеті», «Жаңа әдебиеттің тууы», «Дауылдағы жылдар бейнесі», «Жаңа жанрда», «Творчестволық өрлеу жылдары», «Реалистік проза жолында», «Революциялық күрестің шежіресі», «Көкшетау поэмасы», «Кеңестік ұұрылыс жылдары», «Қызыл ат», «Соңғы прозалық шығармалар», «Әдебиет зерттеуші және сыншы» сияқты тарауларға бөліп, С.Сейфуллин шығармашылығын кешенді зерттеу де – ғылыми біліктіліктің дәлелі.

Осы монография негізінде қатарының алды болып, 1964 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесінде докторлық диссертациясын қорғады.

С.Сейфуллин туралы зерттеуде ақынның қазақ әдебиетіне жаңа рух, тың образдар әкелуі, өлеңді екпінге бейімдеуі, өлең құрылымындағы соны ізденістері, қазақ прозасына саяси-тарихи тақырыптың жаңа арна болып тартылғаны айқындалды. Сондай-ақ, ақын поэмаларында әртүрлі тарихи-қоғамдық тәжірибенің ықпалы, лириканың жаңа мазмұнға орнығуына қосқан үлесі, шығармаларындағы серпіннің туысқан халықтар әдебиетіне ықпалы, сонымен қатар орыс әдебиетінен нәр алуы, т.б. көптеген мәселелер нақты талдаумен таратыла айтылады. Демек, автор тек С.Сейфуллин шығармаларымен шектеліп қалмай, жалпы әдебиет тарихына қатысты алуан мәселелерді қозғап, сол кезеңдегі жалпы әдеби процестің негізгі қырларын айқындаған.

С.Сейфуллиннің көркем шығармаларындағы, сын-зерттеу мақалаларындағы негізгі сарын – әлеуметтік теңсіздікке, тарихи әділетсіздікке деген өшпес қарсылық монографияның өн бойынан көрініс тапқан.

С.Қирабаевтың түрлі тақырыпта жазған зерттеулерінің басы қосылып, «Революция және әдебиет» (1977) деген атпен екі том болып жарық көруі – сол кездегі қазақ әдебиеттану ғылыми үшін елеулі оқиға. Ал, тәуелсіздік алғаннан кейін С.Қирабаев еңбектерінің 2007 жылы 8 том болып шығуы – қазақ әдебиеттануындағы өзіндік үлкен оқиға. Мұның өзі қазақ

әдебиеттануының есейгені, әдебиетіміздің тарихына, теориясына қатысты құнарлы ойлардың көбейгеніне, әдеби процесті, жанрларды, көркемдік құбылыстарды, көркемдік ерекшеліктерді қай тұрғыдан болсын қамти алатын, келешек зерттеулерге түрткі болып, ой салатын ғылыми әлеуеттің молайғанына дәлел.

Ал, 1991-1992 жылдары екі томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Бірінші томға С.Сейфуллин туралы монографиясы, екінші томға сын мақалалары мен зерттеулері енгізілді. Бұл монографияға бұрынғы басылымдарымен салыстырғанда, кеңес дәуірінің жариялылық кезеңіне дейін ашуға ықтияр берілмеген мәліметтерді қосқан. Мәселен, «Революциялық күрес кезінде баррикаданың екі жағында тұрушылар ғана есепке кіретін... Бізді жақтамағанның бәрі бізге қарсы» деген ұғым тарады, деп мысал ретінде «1924 жылы Мәскеудің Шығыстың еңбекші халықтарының коммунистік университетінде оқитын қазақ жастарының М.Жұмабаевтың 1923 жылы шыққан таңдамалы шығармалары жинағын талқылағанын айтуға болады» дейді» [1, 117-118б.].

С.Сейфуллиннің А.Байтұрсынов туралы екі мақала «Еңбекші қазақ», 1923, 2 февраль, «Еңбекші қазақ», 1923, 6 март жазып, қолдау жасағанын айтады. Жиырмамыншы жылдардағы жағдайға тәуелсіздіктің арқасында тоқсаныншы жылдары орныққан тарихи-әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан объективті пікір білдіреді.

Сол сияқты Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев шығармашылығының (146-151-беттерде) жиырмамыншы жылдар әдебиетінде қандай рөл атқарғанын, көркемдік ерекшеліктерін сарапқа салып, сол жылдардағы әдебиет атмосферасы туралы мағлұматты толықтыра түсуі – С.Сейфуллин шығармашылығындағы айрықшалықтарды тереңірек, айқынырақ сезінуге, салыстыру арқылы салмақтай түсуге қажетті көмек.

Әр заманның тарихи даму ерекшелігіне қарай өз талабы бар. ал заман талабы дегеніміз – дерексіз, жалпылама уақыттың ешкім түстеп тани алмайтын, ажыратып біле алмайтыне түсініксіз ағымы емес, сол уақыт жетелеп немесе қақпалап әкелген байтақ кеңістіктегі мемлекеттер арасындағы санқилы қарым-қатынастар негізінде белгілі бір мемлекеттегі, белгілі бір қоғамдағы сананың жеткен биігінен болмысты ұғынуға ұмтылуы, алуан құбылыстарды сол ұмтылысқа бейімдеуге күш салып, әрекет етуі. Миллиондаған адамдар тағдыры мен тіршілігі сол құбылыстың мазмұнын қарайды. Тарихтағы жеке адамның қызметін, өмірін, шығармашылығындағы көзқарас, таным ерекшелігіне орай қалыптасатын, нығаятын сипаттарын осы тұрғыдан саралағанда ғана, қалыптастырған осындай ерекшеліктерді ескермей, тек кейінгі күннің таным таразысымен өлшеу біржақтылыққа барабар. Біржақтылық – таразының бір басымен ғана өлшеу. Біржақтылықтың екінші аты - сыңарезулік десек, сыңарезулік – саясыздықтың дәлелі.

Мұны айтып отырған себебіміз – бүгінде С.Сейфуллин шығармашылығына байланысты қарама-қарсы екі көзқарас бар. Бірі – оны

кешегі қызылшыл революционер ретінде мансұқтауға ұмтылса, екіншісі – сол кездегі көсем тұлға санатында санайды. Ал, шындыққа жүгінсек, алғашқы пікірдегі албырттықты аңғару қиын емес. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде отаршылдық езгінің асқына түскені, әлеуметтік теңсіздік қазақ даласын жаппай жайлағаны айдан анық, әлемге аян.

С.Сейфуллиннің көрген, тапқан жолы – коммунистердің жолы. Сондықтан да оның С.Қирабаев айтқандай «айрықша қызылшыл болғаны жасырын емес. Ол өзі тұтқан бола жүріп, ескі режимнің тозғанын, күні өткенін сезінді. Бұл ақынды ұстанған жолының дұрыстығына сендіре түсті». [2, 104б.] Бірақ «ақын сенген идея, ол жасаған жаңа әдебиет бірте-бірте тап тартысының, партия идеологиясының құралына айналды... Өмірдегі өзгерістер бір жақты суреттеліп, тіршіліктің қайшылықты құбылыстары жұмсартылып кетті... Әдебиет дамуының осы тенденциясы Сәкенге де, оның шығармашылығына да әсер еткені даусыз. Ол өмірді бір жақты жырлады, социализм жеңісін мадақтаумен болды» [3, 107б.].

Бұл – сәкентанудағы ескерілуге тиісті тұжырым. Қоғамдағы заман әкелген қайшылықтардың шын сырын, сиқын бірден ұғыну немесе алдын ала болжау мүмкін емес. Солай еткен күннің өзінде «білгіштің» айтқаны келуі екіталай. Ендеше С.Сейфуллинді «қызылшыл» болдың деп кінәлау – әділетсіздік, әрі обал. Академиктің «Сәкен туралы жаңа сөзі» осы шындықты тереңірек ұғынуға, өткен күннің құбылыстарын жаңаша бажайлауға шақырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. С.Қирабаев. Шығармалар. Екі томдық. Бірінші том. Сәкен Сейфуллин: Монография. Алматы: Жазушы, 1991. -448 б.
2. С.Қирабаев. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы: Ғылым, 2001. -449 б.
3. С.Қирабаев. Сәкен Сейфуллин. Алматы: Жазушы, 1974. -432 б.

«Қайым Мұхамедханов - абайтанушы ғалым»

Картаева А.М., Жанат М.Ж.

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ.
e-mail: kartaeva2011@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада белгілі ғалым Қайым Мұхамедхановтың Абай мұрасын зерттеуге қосқан үлесі, абайтану ғылымындағы еңбектері қарастырылады.

Ғалымның ұлы ақынның творчествосының барлық саласына ат салысып, тың тұжырымдар, соны пікірлер ұсынғаны айтылады

Кілтті сөздер: абайтану, ғалым, архив, библиография, текстология, өлең, монография.

Резюме. В статье рассматривается вклад известного ученого Каяма Мухамедханова в изучение наследия Абая, труды в области абаеведения. Говорят, что ученый принимал участие во всех сферах творчества великого поэта, делал новые выводы, высказывал мнения

Ключевые слова: абаеведение, ученый, архив, библиография, текстология, поэма, монография.

Resume. The article examines the contribution of the famous scientist Kayum Mukhamedkhanov to the study of the heritage of Abai, works in the field of Abai studies. They say that the scientist took part in all spheres of the great poet's work, drew new conclusions, expressed opinions

Keywords: Abai studies, scientist, archive, bibliography, textual studies, poem, monograph.

Орта ғасырдағы оқымыстыларға тән әмбебаптық көріністері Қайым Мұхамедханұлының ғалымдық тұлғасынан анық аңғарылады. Сондай кең қарымдылығына өз еңбектерінің ғана шеңберінде назар салайық. Өзекті желісі мен үзілместігі абайтану екені белгілі. Мұнда іргелі және қолданбалы сипаттарды тоғыстырушылық жөнімен, талдаулардың түбегейлі орнықтылығы жөнімен, жаңа бағытқа қарышты қадам жасағандығы жөнімен «Абай заманының ақындары» («Абай айналасының ақындары»), «Абайдың ақындық мектебі», «Абай шығармаларының текстологиясы» сияқты монографиялары менмұндалап көзге бірден түседі. Сондай-ақ Абайдан әрқашан жаңа қырынан тану мақсатында тынбай жасаған еңбегін Әлкей Марғұланның 1960-шы жылдары жазылған биыл ғана "Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет қорының директоры Дина Қайымқызының мұрағатынан табылған бұл хаттардың өзі сөзіме дәлел болады: "Абайдың белгісіз жатқан дүниелерін шығаруың өте қуанатын ізгілікті іс..... Коншин мен Герасимовтың қыздарының адресін жіберем деген едің, жібермей қойдың деп жазады" [1]. Осындағы хатта есімдері аталған Н. Коншин мен Б.Герасимов ХІХ ғ. аяғы - ХХ ғасыр басында Семей өңіріндегі белгілі тұлғалар болған. Екеуі де Орыс географиялық қоғамы, Батыс Сібір бөлімшесінің мүшесі болған зиялылар бастысы бұлар Абаймен жақсы таныс болған Қайым Мұхамедханов көл түбіндегі гауһар тасты іздегендей Абайдың асылын іздеу үшін Абай замандағылардың ұрпағымен байланыта болған.

“Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла” –деп ұлы ақын өзі айтып кеткендей, Абайдың талай- талай шешілмеген жұмбағы мен ашылмаған қырларын пешенесіне жазылған пенделік ғұмырын шарп ете отырып

зерттеген - Қайым Мұхамедханұлы Абайды бір сөзінде ғалым, қоғам қайраткері дейді. Олай айтуына бірнеше себептердің барын да айта отырып. Біріншіден: Қайым Мұхамедханұлы Семей облыстық өлкетану музейінің алғашқы іргетасын қаласып, шаңырығын көтеріскен адам – Абай дейді. Бұлай айтқаны тым дұрыс пікір деп тануымызға әбден болады. Себебі бұдан 113 жыл бұрын, 1878 жылы Семей облыстық Статистика Комитеті құрылды. Ол кезде Семей облысына: Семей, Кереку, Зайсан және Қарқаралы уездері қараған. Осы кең байтақ аймақты мекен еткен халықтың тұрмысын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін облыстық жағрафиялық жағдайын зерттейтін, ол замандағы бірден-бір ғылыми мекеме-Семей облыстық Статистика Комитеті болды.

Статистика Комитеті 1883 жылы жызма төртінші сентябрьде Семейдегі тұңғыш мәдени ағарту мекеме облыстық өлкетану музейін ашып, оның жанынан қоғамдық кітапхана ұйымдастырды.

Музей жанынан ұйымдастырылған кітапхана, ол замандағы Сібір қаларындығы кітапханалардың ішіндегі, ең байы деп танылған. Семей шаһарында сол кезде саяси қылмыс тағылып, Сібірге жер аударылған орын, украина, белорус, поляк сияты көптеген ұлт интеллигенттері болды. Олар Ресейдің ірі қалаларындағы жоғары дәрежелі әртүрлі мамандық алуға даярланып жүрген, белді студенттер болған. Солардың ішіндегі ең көрнекі, кең білімді, ұшқыр ойлы, аса талантты- Абайдың досы, Евгений Педрович Михаэлис Семей қаласына 1869 жылы келіп, 13-14 жыл бойы осы қалада тұрған. Семейде 1878 жылы облыстық Статистика Комитетінің тұңғыш ғылыми хатшысы осы Е.П.Михаэлис еді. Абай Михалиспен бірге Статистика Комитетінің жұмысына белсене араласқан [1, 38 б.]. Міне осылай қос достың арасындағы бірлесе атқарылған ұлы истердің байыбына бару үшін Қайым Мұхамедханұлы талай –талай архивтерді ақтарып нақты дәлелдерді келтіріп кеткен. Абай Семей облыстық өлкетану музейін ашу және қоғамдық кітапхана ашу жұмысынын ұйымдастыру мәселесіне ат салысып, іс жүзінде көмек көрсеткендігін айта отырып Қайым Мұхамедханұлы мынадай мысал келтіреді, музейге, жасау-жабдығымен қазақ үй бастатқан, елуден астам зат тапсырады. Қазақтың тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, мәдениетін көрнекті түрде бейнелейтін, Абайдың сый ретінде тапсырған заттары негізінде музейдің этнография бөлімі құрылады. Кемеңгер ғалым өз ойларын дәлелдей отырып Семейдің облыстық музейі мен қоғамдық кітапханасының 1883 жылдың 14 мизамынан 1886 жылдың 1 қаңтарына шейінгі тындырған жұмысы туралы Статистика Комитетінің газетте жариялаған есебінде: «Өткен жылы жаз айында қазақ ауылында болып қайтқан Н.И. Долгополов музейдің, қазақ елінің тұрмыс-салтына арналған этнография бөліміне көп заттар әкеліп қосты, жасау- жабдығымен қазақтың киіз үйі, музыка аспаптары, егін шаруашылық құралдары тағы да басқа». (« Семипалатинские областные Ведомости» № 19, 10 май, 1886г).

Қандай қазақ соншама мүлікті тектен-текке беріп қойды екен?- деген сұрақ туады. Бұл мәселенің бәрін архив документтері айқындап, ашып

береді. Полицеймейстр өзінің Семей обылысының губернаторына жазған, құпия рапортында (1885 жыл, 10 тамыз № 251): « Осы айдың 15 тамызына шейін, Семей уезі Шыңғыс болысындағы Құнанбай Өскенбаев ауылында болып қайтуға рұқсат алып кеткен айдауда жүрген Н.И. Долгополов, бүгін Семейге қайтып келді. Сіздің 11 маусымдағы, № 260-М. Бұйрығыңызды орындап, осыны мәлімдеймін», - құжат архивте сақтаулы.

Осы заттардың анық Абай ауылыннан келгендігін қалай анықтағанын Қайым Мұхамедханұлы бір ғана мысалмен-ақ келтіреді.

«Абай тапсырған күміс белбеудің журналындағы көрсетілген толық сипаттамасы мынадай: журналдағы рет саны 41, № 398 «Кім тапсырған» деген графада: «Дар Ибрагима Қунанбаева, Чингизская болост, Семипалатинского уезда»- деп жазылған».

Абайды « ағартушы- демократ» деп мадақтағанда , ақынның халықты өнер-білімге шақырған өлеңдерін насихат сөздерін ғана айтып жүрміз. Абайдың Статистика Комитетінің толық мүшесі болып жүріп, ғылыми зерттеу жұмысымен шұғылданғанын, музей құру ісіне белсене араласқанын еске алсақ, ағартушы, ғалым Абайдың іс жүзінде атқарған тарихтық еңбегін Қайым Мұхамедханұлының келелі зерттеулерінің арқасында айқын көрсеткен. «Ғылымға ат ізін салған елу жылдың көлеміндегі індете зерттеп, иіріміне үніліп, иін қандыра айналысқан тақырыбы, бәлкім, ең арналы өмірлік мақсаты мен мұраты Қайым Мұхамедханов үшін – Абай поэзиясының қатпарлы құбылыстары шығар. Ол ұлы ақынның творчествосының барлық саласына ат салысып, тың тұжырымдар, соны пікірлер ұсынып келді. Атап айтсақ: ол – Абай өлеңдерін жинаушы, Абай мұрасының жазылуы, басылуы тарихын зерттеген историограф, үш-төрт басылымына түсініктеме жазған библиограф, Абай шығармаларының дұрыс жазылуын жүйелеген текстолог, Абай және оның ақындық дәстүрі хақында монографиялық еңбек бітірген теоретик, сол замандағы қоғамдық қарым-қатынастарды зерттеген тарихшы, сол дәуірдегі әдеби нұсқаларды, ел аузындағы жыр-өлеңді, әңгіме- аңызды қағазға түсірген фольклорист» [3], - деп Қайым Мұхамедхановтың шәкіртті Тұрсын Жұртбай айтқандай Абай ақындарымыздың жолбасшысы болса, абайтануымыздың айтулы жаршысы - Қайым. Абай бастаушы болғаны үшін өзін түсінбеушіліктің, жалғыздықтың қияметін көрсе, Қайым Абайдың кім болғанын айтқаны үшін еркіндіктен айрылып, түрме тауқыметін тартты. Кеңестік биліктің зорлық-зомбылығына, қуғын-сүргінге қарсы тұрып, Абай, Шәкарім, Мұхтар шығармаларына қатысты зерттеу еңбектерін жазып артына үлкен мұра қалдырды. Мұрағат қорларынан, көне басылымдар мен баспасөздерден және Абайдың көзі тірі ұрпақтарынан ұзақ жыл бойы тірнектеп жиған дерек-дәйектерінен негіз еткен көптеген зерттеу еңбектер жазып қалдырды. Ерекше ескеретін жағдай, өз еңбектерінде автор әр түрлі себептермен көптеген жылдар бойына жабулы жатқан, жарияланбай келген өте қызықты әрі сирек, құнды мәлімет мәселерді қамтыған. Мәселен, Шәһкәрім, Кәкітай, Әлихан, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып, Абайдың ұлы Тұрағұл жөніндегі мақалалардан тың

ойларды кездестіреміз. Аталмыш автор еңбектерінің құндылығы сонда, тілі таза, діні сүйекті, оқиға ой-тұжырымдары салмақты. Мысалы, мына бір дерекке назар аударсақ, «Әлихан Бөкейханов» мақаласын оқып отырып, біз Абайдың өмірі, өнегесі, өнер жөнінде тұңғыш рет баспасөзде жазған адам-Әлихан екенін білеміз. Ол 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (некролог)» деген қазанама жазған екен. Әлиханды кезінде халық қалай құрметтегенін, оның қандай ірі көсем, зор тұлға болғанын Шаһкәрім, Кәкітай, Көкбай туралы жазылған мақалаларда да сөз етілген [5].

«Арын жастан сақтаған» – деп үмітті баласы Әбдірахманға қарата айтылған дәл осы сөзді ұлы Абай бүкіл саналы өмірін, дәлірек айтсақ адамға берген пенделік ғұмырын ақынды зерттеуге бағыштаған алаштың адал азаматы Қайым Мұхамедхановқа арнаған сияқты. Өйткені бұл азамат Абайдың өзін меңзеп, сүйініп отырған "келер күннің" арлы ұрпақтарының бірі болғандығын тіршіліктегі бар болмысымен дәлелдеп берді. Менің ойымша, біле-білген кісіге бұдан артық Қайым туралы айтып жатудың қажеті шамалы.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Абай» журналы, 1992 №1 (13), «Дәуір» газет- журнал баспасы, Алматы қаласы.
2. Жұртбай Т. Болатөзек (Қайым Мұхамедханов [Мәтін] - «Шәкәрім» ғылыми-танымдық журналы, 2016. - №1 (30). 12 б.
3. Жұртбай Т. Болатөзек (Қайым Мұхамедханов [Мәтін] - «Шәкәрім» ғылыми-танымдық журналы, 2016. - №1 (30). 11 б
4. Абайділдин. Т. Қайым Мұхамедханов, «Семей таңы». - 2003. - 10 қаңтар. 4 б.

«Оралхан Бөкей шығармаларындағы кейіпкер мінезі»

Картаева А.М., Зауытбай С.Б.

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ.
e-mail: kartaeva2011@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада ешкімге ұқсамайтын өзіндік дарындылығы, алдына жан салмас құдіреттілігі, тілге бай шеберлігі арқасында қазақ әдебиетінде

қайталанбас із қалдырған асқақ шебер жазушы Оралхан Бөкей шығармаларына талдау жасалады. О.Бөкей шығармаларындағы бай әрі жан-жақты кейіпкерлер әлемі туралы сыр шертеді.

Түйін сөздер: кейіпкерлер әлемі, қазақ прозасы, классикалық шығарма, шебер жазушы, мінез, бейне, мифтік бейне.

Резюме. В статье сделан анализ произведениям своеобразного талантливого силой воли за счет дара языка оставшего неповторимый след в казахской литературе Оралхана Бокея. В произведениях О.Бокей делится богатым своеобразным мирами героев.

Ключевые слова: мир персонажей, казахская проза, классическое произведение, мастер писатель, характер, образ, мифический образ.

In article there is an analysis of Oralkhan Bokey's works. He has unique talent to always put the soul in strength of willingness while writing his novels. Highly skilled writer Oralkhan Bokey introduced a significant contribution to the development of Kazakh literature using his rich language skills. In his works O. Bokey shares about internal world of rich and all-rounder characters.

Keywords: world of the characters, kazakh prose, classic work, master is a writer, character, mythical character.

Оралхан Бөкей қазақ прозасында 60-шы жылдардан бері ерекше орын алып келе жатқан биік құбылыс. Ешкімге ұқсамайтын өзіндік дарындылығы, алдына жан салмас күдіреттілігі, тілге бай шеберлігі арқасында қазақ әдебиетінде қайталанбас із қалдырған асқақ жазушы. Өзінің өмір сүрген аз ғұмырында қаламы жүйрік жазушы бүкіл табиғат, адам, қоғам, жаратылыс, адамзат мәселесін көтеретін тамаша шығармалары арқылы оқырмандарының көңілінен шыға білді.

Белгілі жазушы Ә.Кекілбай: «Қара өлең шебері» Мұқағали мен Төлеген Айбергенов сынды тұлпарлармен легінің топ алдында, өзі туып өскен таулы, нулы, сулы табиғатына ұқсас, Алтайдың асқақ шыңдарындай биік, есімі өзімізге де, өзгеге де кеңінен танылған ерекше талант иесі О.Бөкей әдебиетімізге өзіндік бетімен, өзіндік өрнегін сала келген жазушы еді. Оның алғашқы әңгіме повестерінен-ақ («Қамшыгер», «Үркер», «Қайдасың, қасқа құлыным») ешкімге ұқсамайтын өзінше сөз саптамасы, асқақ мінезі, алғыр зерде-зейіні оқушысын бірден баураған болатын. О.Бөкей – қолына қалам ұстағаннан-ақ, өз замандастарының мұны мен қуанышын шынайы суреттеуге тер төккен қаламгер», - дейді [1].

Айтқанындай-ақ, жазушы кейіпкерлері «Қайдасың, қасқа құлынымдағы» Орал, «Өлірадағы» Қойшы, «Елең-аландағы Зарлық, «Құм мінезіндегі» Бархан, «Мұзтаудағы» Ақтан, «Өз отыңды өшірмедегі Дархан, «Сайтан көпірдегі» Аспан – өзіміз күнде көріп-біліп араласып жүрген қарапайым жандар. Осы жөнінде ғалым С.Қирабаевтың айқан мына пікірі еске түседі: Кәрісі бар, жасы бар – қайсысы болса да қазіргі дәуірдің

азаматтық міндеттерін белсенді атқарып жүрген іс адамдары. Жазушы солардың әрекеті, мінез-құлқы, көзқарасы арқылы бүгінгі өмір шындығын, оның алуын түрлі сырларын ғана ашып қоймайды, өткенімізге де ой тоқтатып қарайды, болашағымызға да көз жібереді. Ол характерлерді шебер ашады, солардың көзқарасы, ұғым-түсінігі арқылы дәуірдің өзекті проблемаларын батыл көтереді» [2, 517].

Оралхан Бөкей шығармаларындағы кейіпкерлер галереясы бай әрі жан-жақты. Кейіпкерлер әлемі де ерекше. Олар арманшыл, қиялшыл, жаны таза, сырты мүгедек, жарымжан, ал іші нағыз таза жандар болып келеді. Олардың әр қилы тағдыры мен жан жаралары оқушысын қатты уайымға салады. «Жылымық» әңгімесіндегі Жанардай сұлу тал бойында міні жоқ көрікті қыздың көзі көрмейтін болады. Оның көзі көретін адамдардан ерекшелігі – өмірді, адам жанын, ұлы сезімді жанары сау адамдардан да артық көріп сезіне білетін ерекше қасиетінде.

Жазушының шоқтығы биік туындысы «Сайтан көпір» повесіндегі Аспан шал осыдан отыз жыл бұрын көпірден колхоздың арық-тұрақ жылқыларын айдап өтемін деп, көшкін басып, өзен суына құлап бір жеті далада жатады. Содан екі аяғынан айырылған. Табиғатынан мықты Аспан тілсіз жау – қар көшкініне ұрынып бір жеті табиғаттың қатал апатына ұшырайды. Повестің сюжеті бас кейіпкер Аспанның сұмдық түс көруімен дами түседі. Түсінен шошып оянып, өзінің екі аяғы көмілген молаға келе жатқан жерінен кейіпкердің қайсар, төзімді мінезін көрсетеді. Жазушы осы үрейлі көріністі былай суреттейді: «Бет қаратпай тура маңдайдан сабалаған боранды қақ жарып, қасарыса ілгері жылжыған Аспан шал қойнына кіріп, тұла бойын қуалаған суық қаншама сумандап мазақ еткенмен ырық бермеді. Сол ақ түтектің арасында адасқан аңдай жортуылдап, мұзды тілгілеген алып кемедей, беймәлім дүниеге сапар шеккен жұдырықтай адам» [3, 196].

Табиғаттың тентек тепкісі әлгі жұдырықтай адамға жаратылысынан дарыған ба, ойлаған ойынан қайтпайтын Аспан қақаған боранда молаға келіп тірелді. «Қара саннан жоғары кеспелтек дене аппақ қардың үстіне топ ете қалғанда, ептеп қаймақши қасаттана бастаған қар ойылып, қазан шұңқырлаған жерден Аспан шалдың басы ғана қылтиып көрінді», - деп жазушы екі аяқсыз мүгедек болса да, қиындыққа мойымайтын қажырлы Аспан бейнесін алдымызға тартады. Оның молаға келген себебі, ақ қар көк мұзға қарамай, Алатайға аттанған жалғыз ұлының амандығын тілеп, тағдырға жалбарыну еді.

Аспан – еңбекқор, азға қанағатшыл, біртоға, тұйығы мінезді адам. Колхоздың малын айдап өтемін деп, өмірлік бейнетке душар болды. Бірақ оны Аспан ешкімнен көрмейді. Өзінің маңдайынан көреді. Көшкіннің астында қалып, өлі мен тірінің ортасында жатқан жаны сірі Аспанның жеті күн далада жатқанда ойына нелер келіп, нелер кетпеді десеңші?! Жазушы Аспанның өмір мен өлім туралы ойларын терең философиялық тұжырымдармен береді. Мәселен: «Мансаптан мас болғандардың өлімі қаншалық қорқынышты болса, жылқышының өлімі соншалықты асқақ та

қара жердің өзіндей қарапайым екен-ау», - деп жаны қиналғаннан өмірмен қоштаспақшы болады. Іздеушілер тауып алып, тірі екеніне қуанады. Сондағы айтқандары:

- Адам жаны ит жанды-ау!

- Ауруханаға апарып, екі аяғын кесіп тастағандағы Аспанның трагедиясын жазушы былай деп береді:

- «Тәңірім-ай, соншалық жазалайтын қандай жазығым бар еді. Арғымақ болып жаратылған соң, тасбақа секілді тарбандау жарасар ма еді, айтыңыздаршы. Егер жылқының төрт тұяғын демелік, алдыңғы екі аяғын шашалықтан кесіп тастаңызшы не болар екен...

Маған енді еш нәрсенің де қажеті жоқ. Мен енді бұдан былай өткен өмірімді ойша қайталап қана өмір сүре аламын. Демек, отыз бес-ақ жыл ғұмыр кештім деген сөз» [3, 241].

Екі аяқтан айырылып, өмірден үмітін үзген Аспанның қайғылы бейнесін көреміз. Өз аяғымен небәрі отыз бес-ақ жыл өмір сүріп, жерді басып жүріпті. Аспандай мықты адамның соншалықты ерен еңбегі, зор күші, шыдамдылығы айналасындағы адамдарды таң қалдырады. Оны әсіресе дәрігер қыздың сөзінен байқаймыз. Аспанның мықтылығына, биік рухына бас иіп, былай дейді:

- «Өмірді сүюді тек сізден ғана үйрене аламыз. Аяғыңызды дырылдатып кесіп жатқанда оташыға керекті аспаптарды әперуге шамам келмей ағыл-тегіл жыладым. Жүзіңіз таныс, әйтеуір, бір жерден көрген, еркелеп мойныңызға асылған аяулы адамым секілдісіз. Бұным жанашырлықтан туған жалған сөз емес, жо-жоқ, бұдан былай дәл сіздей мықты жігіттер дүниеге келе ме, келмей ме, деп уайымдауым шығар... Өз аяғымды кесіп алып тастағандай қиналамын, аға... Жақсылар неге жасырын қалады, неге ғана сондай адамдармен жүре алмаймыз, жылдар бойы зар жұта зарығып іздейсің, енді таптым-ау дегеніңде айырылып қаласың, не ерте туасың, не кеш туасың, әйтеуір, қисыны қиюласпай-ақ қояды»... [3, 242].

Бұл сөз Аспанға рухани қуат беріп, өмірге көзқарасын оятады. Шығармадағы кейіпкерлердің әрбір айтқан сөздерінен-ақ олардың жан дүниелеріне терең үңіле бастайсың. Не деген асыл сөз, жо-жоқ, өмірге қайрау, өмірді сүйгізу үшін айтылған ұран сөз сияқты. «Адамдарды ардақтау, оның ұлылығын жырлау жалпы алғанда, О.Бөкей повестерінің негізгі тақырыбы десе де болады», - дейді С.Қирабаев [2, 518].

Осы шығармадағы тағы бір басты кейіпкер Аспанның ұлы Аман қиындықтан қорықпайтын, өжет етіп бейнеленеді. Аман да әкесінің жолымен осы сайтан көпірден өтуі керек. Оның алдында үлгі – әке бар. «Сайтан көпір» аузында ойда тұрған Аманды бастап өткен де әкесінің аяғы еді. «Жұмыр жердің бетіндегі «Сайтан көпірден» өтуі – қияметтің қыл көпірінен өткендей ерлік еді. Әркімнің алдында түптің түбінде өтпей қоймайтын «Сайтан көпірі» бар. Тек қорықпағандар ғана арғы жағаға шығып, мақсатына жетпек», - депті.

Аман жастайынан әкесіне жаны ашып, оның мүгедектігін жүрегіне түйіп, қайғы-қапамен өседі. Еңбекқор, әке тәрбиесін көңіліне биік тұтқан, шыншыл мінезді болып қалыптасады. Аспан үнемі ұлына:

- Тура қарашы маған! Көзіңнен от көрейін! – деп, өршілдікке тәрбиелеп отыратын. Жазушы Аман характерін де там-тұмдап аша береді. Ол әке тілін алғыш. Еңбек аулына басшы болған ұлына әкесі мейірбан мінезін өзгертіп, әр нәрсеге ілік тауып, қазымырланып отыратын. Ондағы ойы – ептеп төрелікке жетіп, ел басқарған Аманның кісіліктеніп, аяғының басын қайқайтып, менменсіп кетпеуі үшін жасаған айласы сынды.

Сайтан көпірден малды өткізудің қамыман зоотехник жас жігіт екеуі жылқышыларға барғанда, Аман жас жігітпен ренжісіп қалады. Бірбеткей алған жерден қоймайтын Аманмен ақыры жас жігіт жолға еріп шығады. Жолда екеуі бірін-бірі түсініседі. Аман айтады: «Әкем айтушы еді, жалғанда дауыс көтерме, бақырып бастық болмайды деп. Сол әке аманатын бұзғандай боп, өзімді-өзім жеп келемін». Сонда жас жігіт:

- Рас, бұрын ондай мінезінді байқамап едім. Бәрі де шаруаның қамы ғой, - деп көңіліне жұбату айтады.

Бұл жерде жазушы Аман мінезінің салмақты, ойлы, парасаттылығын танытады. О.Бөкей кейіпкерлері жөнінде сыншы Т.Тоқбергенов: «Оның кейіпкерлері атып келе жатқан таңды, батып келе жатқан күнді, лүп еткен самалды қызықтайды, сол құбылыстың сырына үңілген ой көзімен-ақ өзгелерді қызықтырады. Оралханның кейіпкерлері із-тозсыз жоғалып кеткен жалғыз аяқ жолды, құлаған бәйтеректі жоқтайды», - дейді [4, 259].

О.Бөкей қай шығармасында болсын, өзінің ары таза, жаны жомарт кейіпкерлерін тағдырлары таласқа түскен шешуші кезеңде көрсетуге шебер. Жазушы сомдаған кейіпкерлер өз характерімен дараланып, бірден өзіне баурап әкетеді. Осы шығармадағы тағы бір кейіпкер ауылдың зоотехнигі албырт жас жігіт Ерік те өз мінезімен ерекшеленеді. Автор осы Еріктің ойы арқылы Алтай қазақтарына мынадай мінездеме беріп өтеді:

«Тәкаппар Алтайдың осындай қатал да қайырымды мінезі ғасырлар бойы мекен еткен адамдарға жұққан сынды. Тау қазақтары ешкім жағымсынып, жең ұшынан қол жалғап, қулық саууға қадеттенбеген, әрқайсысы жыланның баласы іспетті өз күнін өзі көруге әдеттенген, ағалап, жағалап жан сақтаудан гөрі білектің күші, найзаның ұшына сенетін бірбеткей, атасы болса да айыбын бетке айтатын өркеуделеу, бұғылар секілді тағылау ма қалай... Орынсыз қазақшылығы, ашып қалсаң ар жағынан мұңкіп шығатын жымсымалығы жоқ, шаруасынан басқа дүние-баққа шатаса бермейтін қызық кісілер» [3, 255]. Осы сипаттаудан-ақ жазушы кейіпкерлерінің мінез-құлқын, бітім-болмысын бірден түсінуге болады. Еріктің бұл ойынан Алтай қазақтарының өзгеге ұқсамайтын оқшау мінездерін танимыз.

Шығармадағы ерекше назар аударатын тағы бір кейіпкер Аспанның жары Қамқаның бейнесі. Қамқа отбасына берік, қиындыққа мойымайтын адал жар, ақылды ана бейнесінде көрінеді. Бір ғана штрих арқылы жазушы

Қамқаның характерін оқырманға танытады. Ауруханадағы күйеуін әкеле жатқан Қамқаның тұла бойы өкініш, қайғы, мұнмен арпалысып, атты соққылап булығып келеді. Арыстай азаматының бүгінде мүгедек болып қалғанына өмірдегі орны толмас қымбатынан айырылғандай қайғы кешеді. Өзін-өзі іштей жеп келе жатқан Аспан: «Мүгедектер үйіне мені тастап кет, мендей мүгедек адамды енді не қыласың?» - дейді. Бұл сөз өзі әзер зорға келе жатқан Қамқаның жүрегіне қатты соққы болып тиеді. Сонда Қамқа: «Саған өмірлік жармын, бар қайғыңды бірге көруге дайынмын», - деп күйеуіне берік сөзін айтады. Арыстай бәйтерегім құлады деп мойымады, керісінше, балаларының қасында тірі отырып, бас-көз болғанына шүкіршілік етті. Қамқаның осындай бірбеткей мінезі, жарына деген тұрақтылық, балаға деген мейірбандықтың белгісі. Қамқа өмірді жалғастырушы, өмірді сүйгізуші, қайратты әйел бейнесінде суреттелінеді.

Байқап отырсақ, О.Бөкей шығармаларындағы кейіпкерлер ешкімге ұқсамайтын табиғаты оқшау, ерекше тосын мінезді жандар болып келеді.

Жазушының қазақ прозасындағы классикалық шығармалары «Қар қызы», «Жетім бота», «Атау Кередегі» кейіпкерлер әлемінің сыры да бөлек. Олардың сыртқы дүниелері ертегілік, аңыздық кейіпкерлерге ұқсағанымен, ішкі жан дүниелері қоғамдағы өмір сүріп жатқан адамдардың табиғатынан ала бөтен өзгешелеу болып келеді. Мысалы «Қар қызы» повесіндегі қар қызы адамдардан зорлық көріп, өкпелеп кеткен, адамдықтан жабайы тіршілікке ауысқан бейнеде алында. Оның қысты күшейтіп, қарды көбейтіп жүргені содан. Өзі адамдарға көрінбейді, анда-санда ізін көрдік деушілер бар. Сыңсып салған әні әркімнің құлағына шалынады. Нұржанның қар қызына деген құштарлық сезімі әділетсіздікке қарсы, қыз тағдырына ортақтастықты бейнелейді. Сол себептен де қыз оның түсіне көп кіреді. Екеуі кездесіп, сырласып жүреді. Далада қалғанда, ұйқы билеген Нұржанды үсікке шалдырмай қыздың әні оятып жібереді. Нұржан албырт, жастық сезімі мөлдір, өзі көрмеген қызды тек қиялында ғана ойлаумен жүрген қияли кейіпкер бейнесінде суреттеледі. Осы жөнінде айтқан ғалым С.Қирабаевтың пікірінде: «Оралхан шығармаларындағы осындай қиялдан, арманнан туған жұмбақ көріністердің «заңдылығын» дүниежүзілік әдебиеттің кейбір үлгілерінде кездесетінімен түсіндірмек болыпты. Бірақ оның себебін, жазушының концепциясын ашып айтпайды. Ертегілік-мифтік сюжеттердің, образдардың шығармаға кіруі, сол арқылы адамның күрескер рухын, гуманизмін ашуға ұмтылу дүниежүзілік әдебиетте де кездесетіні рас», - делінеді [2].

«Елең-алаңдағы» Зарлық та бірбеткей, алғыр, ойшыл жастың кейпін танытады. Мінезімен, сөзімен, характер-қарекетімен «Қайдасың, қасқа құлынымдағы" Оралға ұқсайды. «Өліара» хикаясындағы Қойшы адал бейілімен жақсылыққа үйір, қанағатшыл адам. Қойшы бейнесінің Оралға, Зарлыққа ұқсайтын бір жері – ішкі сезімінің тереңдігі, төңірегіне үңіле, ойлы көзбен қарайтыны. «Атау кере» повесінде де бір отбасының тағдырын суреттеу арқылы үлкен өмірдің, толғауы тоқсан тіршіліктің тағы бір тосын

тұсын әңгімелеп, жаңа сипатты кейіпкерлерімен кездестіреді. Жапан даладағы жалғыз тауды мекендеп ара өсіретін Ерік тосын кейіпкер. «Құм мінезіндегі» Бархан жұртқа байқалмайтын қарапайым адам. Бірақ құм арасында оның өз әлемі бар, ол соның бөлшегі.

О.Бөкей қай шығармасында болсын, өзінің ары таза, жаны жомарт кейіпкерлерін тағдырлары тайталасқа түскен шешуші кезеңде көрсетуге шебер. Сырты жұмбақ, іші тұңғыық әлемнің сырын ақтарған жазушы бейнелеген кейіпкерлері – рухани таза, тосын мінезді, ешкімге ұқсамайтын төл табиғаттың перзенттері. Әдебиетімізде жазушы сомдаған кейіпкерлер әлемі Табиғат– Адам–Қоғам бірлігінің аясында тіршілік кешіп, өмірді ары қарай жалғастыратын философиялық тереңдігімен құнды болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалар. - Алматы: Жазушы, 1989. - 400 б.
2. Қирабаев С. Сын мақалалар мен зерттеулер. 2 том. – Алматы: Жазушы, 1992.
3. Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1 том. Повестер. – Алматы: Жазушы, 1994. – 496 б.
4. Тоқбергенов Т. Жаңа буын, жақсы нышандар. / Кітапта: Уақыт және қаламгер. - Алматы: Жазушы, 1975. – 316 б.

Мәтіннің құрылымдық бөлігі – сөйлем

Сарыбаева Б.Ж. филол.ғ.к.

Кабиденова Д.А. ҚТӘ-25

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

e-mail: : bayanjan73@mail.ru
kabidenova.dilnaz@mail.ru

Түйіндеме. Мақала сөйлем мәтіннің негізгі бөлігі, оның бөлшектеуге келмейтін, екеуінің бір-бірімен тығыз байланысты екендігін қарастыруға арналған. Сөйлемнің қоғамдағы орны мен мәтін құрудағы рөлі жайлы баяндалады. Жоғары оқу орындарындағы студенттердің қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету керек. Бұл міндетті мәтін атқарады. Мәтін бірігу, байланысу деген мағынаны білдіретін сөз. Ол сөйлегенде, жазғанда пайда болады да, қажетті бір тұтас ойды аяқтайды. Мәтіннің тақырыбы болады. Мәтін сөздерден сөйлемдерден, абзацтардан тұрады. Яғни сөйлемді дұрыс саралау арқылы мәтінді тиянақты құрастырамыз.

Кілтті сөздер: сөйлем, мәтін, оқу, мәтін категориясы.

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению того, что основная часть текста предложения, не подлежащая разборке, неразрывно связана между собой. Повествуется о месте предложения в обществе и его роли в построении текста. Для формирования навыков казахской речи у студентов высших учебных заведений необходимо показать правильный образец речи. Эту задачу выполняет текст. Текст - это слово, означающее слияние, соединение. Он появляется, когда говорит, пишет и завершает одну целостную мысль, необходимую. Текст будет иметь заголовок. Текст состоит из слов, предложений, абзацев. Т.е. грамотно составляем текст, правильно дифференцируя предложение.

Ключевые слова: предложение, текст, чтение, категория текста.

Annotation. The article is devoted to the consideration of the fact that the main part of the sentence text, which is not subject to disassembly, is inextricably linked. It tells about the place of the sentence in society and its role in the construction of the text. To form the skills of Kazakh speech among students of higher educational institutions, it is necessary to show the correct speech pattern. The text performs this task. The text is a word meaning merging, joining. He appears when he speaks, writes and completes one integral thought that is necessary. The text will have a title. The text consists of words, sentences, paragraphs. I.e. we compose the text correctly, differentiating the sentence correctly.

Keywords: sentence, text, reading, text category.

Кіріспе

Адам сөйлегенде қоғамдағы, қоршаған ортадағы белгілі бір зат немесе құбылыс, оқиға жайында күрделі ойын жеткізеді. Ойын жеткізу барсында сол заттың әртүрлі сипаттарын, тілдік таңбасын тірек етеді. Кез-келген ойды тиянақты түрде әрі жүйелі жеткізу тек мәтінге тән сипат екені анық. Ал осы мәтін өз ішіндегі байласымды қалай құрады? Бұл тұста әрине мәтін ішінде сөздер, сөз топтары, тұтас сөйлемдердің тобы құралып, олар құрылымдық-мағыналық жағынан тығыз байланыста тұрады. Осы байланысты құрауда сөйлем ерекше рөл атқарады. Сол арқылы мәтінің толық тізбегі мен жүйесі құралады. Философияда дәлелденгендей, құбылыс кеңірек, мән мен құбылыстың бірінсіз-бірі жоқ, бұлар тығыз диалектикалық байланыста тұрады. Сонда, тіл мен ойлау бір нәрсенің екі жағы болып шығады. Тілге — статика, сөйлеуге динамика тән. Тілде ой берілсе, сөйлеуде ой қозғалысқа, өзгеріске түседі. Сөйлемдердің түрлі типтерін коммуникативтік тұрғыдан 1960 жылдардың аяғында Дж.Р.Серль «сөйлеу актілері теориясы» аясында қарастыра бастады. Бұл теорияның негізіне Дж.Л.Остиннің философиялық идеялары алынған еді (1955 жылғы лекцияларында айтылған мәселелер 1962 жылы кітап болып шыққан, орыс тіліне аударылған ол лекциялар «Новое в зарубежной лингвистике» сериясының 1986 жылғы жинағына енгізілген). Сөйлем — белгілі бір мағыналық және интонациялық тұтастыққа ие, грамматикалық тәртіппен байланысқан сөздер тізбегі ретінде көрінетін

адамдар тілінің кіші бөлшегі. Жалпы тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде сөйлемге түрлі көзқарастар білдіріліп келді. Сөйлемге байланысты түрлі анықтамаларды қарастыра келе, сөйлемге жаңаша көзқарасты аңғардық. Осы анықтамаларды тиянақтай келгенде, сөйлем сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің, іс пен істің, ой мен ойдың қатынасын көрсетіп, белгілі бір ойды білдіреді десек, сөйлемді дұрыс түсінген болар едік.

Ж.Жақыпов сөйлемге жаңаша көзқарас білдіреді: «Сөйлемдегі ойды «тиянақты, аяқталған» деу шындық болмысқа сай келмейді. Өйткені болмыстағы кез келген құбылыс бір жақты, оқшау болмайды, ол — белгілі бір жүйенің құрамындағы күрделі құбылыс. Осы болмыстың тілдегі көрінісі де соған сәйкес. Ал хабар алмасушы (коммуникант) қашан да өз сұранысын толық қанағаттандыруға тырысады, яғни, белгілі бір зат я құбылыс туралы мүмкіндігінше толық хабар болса бір сөйлемнің мазмұнына сыя бермейді. Міне, осыдан келіп сөйлемдегі ой да тиянақты бола бермейді». Сөйлем арқылы мәтін құралады, әр сөйлем бір тиянақты ойды қарастырып мәтін болып бірігеді. Сол арқылы тұтас бір мағынасы мен ойы бар мәтін құралады. Жалпы мәтінді қарастырсақ, мәтін категориялары мәтінге тән ең негізгі белгілерді топтастырады. Яғни мәтін категориясы деп барлық мәтіндерге тән белгілерді айтуға болады.

Негізгі бөлім

Мәтін туралы алғашқы зерттеулер діни кітаптарды қарастырудан басталады. Ал оны зерттеу өте көне замандардан бастау алады, онымен ХІХ ғасырда этнологтар айналыса бастаған. Ең алғашқы мәлімет ретінде орыс фольклорисі В.Я. Пропптың «Морфология сказки» деген еңбегін атауға болады. 1960 жылдары Чех лингвистикалық мектебінің ықпалымен мәтіннің лингвистикалық теориясы қалыптаса бастады. Кейінгі жылдардағы зерттеулер нәтижесінде мәтін лингвистикасы саласы біршама қарқынды дамып, мәтін ұғымына қатысты зерттеулер нәтижесінде мәтіннің ерекше құрылымға ие екендігі жайлы анықталды. Бұл салада А.А. Потебня, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, И.Р. Гальперин, О.И. Москальская, З.Я. Тураева сияқты ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Мәтін лингвистикасы жеке ғылым саласы ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысында қаланды. Мәтін лингвистикасы – тіл көркемдігін сипаттайтын дәстүрлі стилистикадан бастап, когнитивтік лингвистика, философияға дейінгі аралықты қамтиды. Мәтін (лат. тілінен *textus* – ткань, өрілім, қосылым) – негізгі қасиеттері бүтіндік пен байланыстылық болып табылатын бірізді мағыналық байланыс арқылы белгілер бірліктерінің ұйымдасуы. Мәтінтану - қарастырылып отырған мәтіннің қай дәуірге немесе авторға тиесілі екендігін анықтайды. Яғни мәтінтанушы белгілі бір мәтіннің жарыққа шыққанға дейінгі тарихын зерттеп қана қоймайды, өзгерістердің пайда болу себебін ашады, тіркестердің шыққан тегін, ұлт тілінің әр дәуірдегі ерекшелігін саяси, мәдени өзгерістерімен ұштастырады. Мәтіннің өзіне тән категориялары, өзіндік сипаттары болады. Мәтін категориялары мәтінге тән ең негізгі белгілерді топтастырады. Яғни мәтін категориясы деп барлық мәтіндерге тән белгілерді

айтуға болады. Осы мәселені қарастырып жүрген ғалымдардың еңбектерінде де мәтін категориясының сипаттамасы әртүрлі болып келеді. Осы орайда тіл білімінің негізін қалаушы ғалым И.Р. Гальперин: «Мәтін - сөйлеу шығармашылығының туындысы ретінде анықтайды. Аяқталған, объективтелген жазба құжаты ретінде, құжаттың түріне қарай әдеби тұрғыдан өңделген, бірқатар ерекше бірліктері (фразадан тыс бірліктер) мен атауы бар, түрлі лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстармен біріктірілген, белгілі бір мақсат пен прагматикалық бағыты бар сөйлеу шығармашылығының туындысы», - деп көрсетеді. Ал мәтіннің тілдік тұрғыда зерттелуіне зор үлес қосқан О.И. Москальская: ««Мәтін» деп, бір жағынан, бір немесе бірнеше сөйлемдерден тұратын, сөйлеушінің ойы аяқталған, кез келген айтылған пікірді түсінсек, екінші жағынан, повесть, роман, газет немесе журнал мақалалары, ғылыми мақалалар, түрлі құжаттар тағы басқа осы сияқты тілдесім туындылары», - деп сипаттады. Л.М. Лосева мәтінге «құрылымдық және мағыналық жағынан аяқталған және хабарламаға автордың белгілі көзқарасы берілген, жазба түріндегі хабарлама ретінде» - деп өз пікірін білдіреді. Лингвистикалық терминдер сөздігінде «Текст – это реально высказанное (написанное) предложение или совокупность предложений, ... могущее ... служить материалом для наблюдения фактов данного языка», - деген анықтама беріледі. Мәтін лингвистикасының қарастыратын басты мәселелері – мәтін түзуші бірліктерді айқындау, мәтіннің негізгі категорияларын сипаттау, әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің мәтін бойындағы ерекшеліктерін көрсету. Яғни, мәтін бір автордың жазба жұмысы, шығармасы немесе шығарманың үзіндісі. Мәтін өзара мағыналық байланыста болатын кемінде екі сөйлемнен немесе одан көп сөйлемдерден құралады. Мәтіндегі сөйлемдердің мазмұнындағы ақпарат ортақ бір тақырыптың аясында жазылады, оларға мағыналық сабақтастық пен тұтастық тән болады. Сөйлемдер тілімізге тән заңдылыққа бағынып, белгілі бір жүйемен, ретпен жазылады. Қажетті бір тұтас оқиғаны қамтиды, ой-пікірді қорытады, аяқтайды. Мәтін әр түрлі мазмұнға құрылады. Мәтінде сан алуан оқиғалар баяндалады, жаңалықтар хабарланады, құбылыстар мен үдерістер суреттеледі.

Мәтіннің негізгі белгілері:

- мәтіннің тақырыптық тұтастығы;
- мәтін мазмұнындағы ақпараттың жеткізетін сөйлемдердің тізбегі брізіділігі;
- мәтін бөліктерінің/абзацтарының өзара сабақтастығы;
- күрделі синтаксистік тұтастық;
- сөйлемдердің құрылымдық/структуралық байланыстары, т.б. болып табылады.

Мәтін сыртқы пішімі мен құрылымы, мазмұны автордың алдына қойған мақсатына тікелей байланысты болады. Мысалы, табиғаттың көрініс туралы мәтінге тіл құралының суреттеуі тән болса, ал басқа мәтінде бір оқиға жайлы айтылып, оның себептері мен салдары талқылануы мүмкін. Мәтін

мазмұнын түсіну, оның ішіндегі негізгі және жанама ойдың бөліну заңдылығын айыра білумен айқындалады. Мәтінді толық және дәл ұғыну оның ішіндегі сөздердің мән-мағынасын түсініп, білуге де байланысты. Мәтін адамдар арасында жасалатын тілдік қарым – қатынастармен мінезделеді. Біз мұны тіл қатынасынан шыққан мәтінқұраушы нәтиже деп есептейміз. Өйткені мәтін құраудағы әр сәтті айтушы коммуникалдың жақсы, ұтымды шығуын мақсат етіп алады. Әдісті немесе форманы талғау тілдескен кезде субъектінің болжауынан әлдеқайда шығып кетеді. Тілдесімнің әр бір үзіндісін «ұтымды шешім» нәтижесі деп қарауға болады. Мәтін – бұл жалпы белгілі бір тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастыққа ие, ақпаратты жеткізетін мазмұнды сөйлемдердің тізбегі. Мәтінді ұғыну үшін оны қабылдауға арналған арнайы тапсырмаларды орындау қажет. Іштей немесе дауыстап оқылған мәтінді тыңдап отырған адам қандай дәрежеде ұққанын тексеру немесе кездескен түрлі қиындықтарды еңсеруге көмектесетін түрлі сан-алуан тапсырмалар қызмет етеді. Мәтінді меңгерту барысында түрлі әдістер іске қосылады. Мәтін – бірнеше мағыналы бөлшектерден, олардың байланысынан жасалып, белгілі бір мағыналық және құрылымдық тұтастыққа ие болатын сөйлеу бірлігі. Ол өз ішінде мынадай семантикалықсинтаксистік бірліктерге бөлінеді: Сөйлем – Фразадан жоғары деңгей – Үзінді – Тарау – Бөлім. Оның ең кішкене бөлшегі – бір сөйлем болса, ең жоғары бөлшегі – көптеген сөйлемдердің жиынтығы. А.Байтұрсынұлы мәтінді шығарма сөз деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады. Олай дейтін себебіміз, ғалым: “Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп айтылады.

Ал Қ.Жұбановтың еңбектерінде қазіргі тіл біліміндегі терминдік атаулармен берілмесе де, мәтін мәселесіне қатысты пікірлердің болғандығы анық байқалады. Мәселен, Қ.Жұбанов мәтінді сөз деп атайды. Ғалымның мәтін туралы ой-пікірлері тілдің күнделікті қолданыстағы қызметіндегі ерекшеліктерінен туындаған болса керек. Мәтін қарым-қатынасты жүзеге асырудың бірден-бір құралы деп түсінген ғалым мәтіннің ауызша және жазбаша түрлерін бөліп көрсетіп, олардың айырмашылықтарына да ден қояды. Бұл жөнінде Қ.Жұбанов: “Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін де оның жасалу жолын білу – жазылатын сөзге ала-бөле қарау. Өйткені ауызекі сөйленетін сөздің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар, деп, паралингвистикалық зерттеу нысанасы ым-ишара секілді кинестикалық амал-тәсілдерді т.б. атап көрсетеді де, ойын былайша сабақтайды:” Жазулы сөзде бұл кеңшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады; қалай оқылса, солай түсініледі, немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет” . Бұдан біздер ғалымның мәтінді жүйелілік сипаты бар құбылыс деп түсінгендігін көреміз. Бұл көтерілген мәселелер сол кезде мәтін лингвистикасының ауқымында

қарастырылмаса да, қазірдің өзінде тіл білімінің осы саласы үшін өзекті, әрі құнды.

Мәтінді зерттеушілер оның тұлға – бірлігі ретінде бірнеше сөйлемдерден тұратын ірі тұтастықтарды көрсетеді. Түркологияда мәтін лингвистикасы мәселелері ішінен осы бағыттағы жұмыстарға көбірек көңіл бөлінді. Мәселен, Т.Қордабаев “Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі” оқу құралында: “Құрмалас сөйлем синтаксисі жай сөйлемдердің өзара бірігіп, күрделі ойды білдіретін бір сөйлем, яғни құрмалас сөйлем болуын зерттеумен ғана тынбайды, сонымен бірге бірнеше сөйлемдер тіркесінен құралатын синтаксистік күрделі бірлікті де қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, құрмалас сөйлем синтаксисінің нысанасын құрмалас сөйлем, синтаксистік күрделі бірлік деп екі топқа бөлуге болады”, деген пікір білдіреді. Ғалым бұл жерде күрделі синтаксистік бірлік пен құрмалас сөйлемдердің бірнеше сөйлемдерден тұрып күрделі ойды білдіруін басшылыққа алып отырса керек. Әрине, екеуі де бірнеше сөйлемдерден тұратынына ешкім де талас туғызбайды, бірақ олар тең дәрежедегі ұғымдар емес. Себебі бірнеше жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемдердің қай түрі де күрделі синтаксистік бірліктің бір ғана құрамдас бөлшегі болып саналады. Мәтіннің көлемі қандай, қанша сөйлемнен түзілуі тиіс деген сұраулар төңірегінде де зерттеушілер арасында бірізді пікір жоқ. Сол себепті де, мәтін атауы әр түрлі құрылымдықмағыналық бірліктерге – дара сөйлемге де, мағыналық, интонациялық жағынан аяқталған сөйлемдердің тізбегіне де, тұтас шығармаға да (макромәтін), шығарма бөліктері мен үзінділеріне де (микромәтін), яғни “бір сөйлемнен бастап бірнеше томдық шығармаға дейін” (Л.Г.Фридман) қолданыла береді. Сонда бұларды мәтін деп атауға қандай негіз бар? Бұл сауалға жауап ретінде О.И.Москальскаяның пікірін келтіргенді орынды көрдік. О.И.Москальская: “...сан түрлі сөйлеу туындылары мен олардың шартты түрде аяқталған бөліктерінің барлығын біріктіріп тұрған ең басты белгісі – мағына бірлігі және қатысымдық маңызы бар функционалдық белгісі”, деп тұжырымдайды. Әр түрлі тұлға-бірліктердің мәтін деп аталуы, зерттеушінің тұлға-бірлікті өзіндік байланысу жолдары мен тәсілдері бар, салыстырмалы түрде тұтас бір аяқталған мазмұнды білдіретін құбылыс ретінде қарастырудан туын-дауы да мүмкін. Сондай-ақ бір-екі немесе үш-төрт сөйлемдерден тұратын, өз алдына аяқталған дербес тұтас мәтін ретінде танылатын да сөйлеу туындылары бар. Олар: мақалдар, мәтелдер, жұмбақтар, жарнама мәтіндері т.б.

Қорытынды

Мәтін аяқталған мағыналық тұтастықты білдіреді, мәтіннің басты белгісі - оның ақпараттылығы, яғни ол толық бірлік болып есептеледі. Мәтін негізгі ойдың байланыстылығымен және белгілі бір дәйектілігімен сипатталады. Мәтіннің тұтастығы онда бөлімдер, тараулар және абзацтар сияқты ірі үзінділерді бөліп алу мүмкіндігін көздейді. Мәтінді зерделеу кезінде көп деңгейлі текстологиялық зерттеулер жүргізіледі. Мәтіннің

ғылыми, тарихи, эстетикалық құндылығы болуы мүмкін. Сөйлемдер жиынтығының құндылығы - ол тілде қолданылатын ережелерді немесе заңдылықтарды бірнеше рет зерделеу кезінде иллюстрациялық немесе жаттығу ақпараты ретінде пайдаланылады Қазіргі таңда мәтінді түсінудегі жазбаша тілін дамыта оқыту үшін, ең алдымен, олардың мәтін туралы білімін, түсінігін, мәтіннің құрылымдық ерекшелігі туралы біліктілігін қалыптастыру қажет. Мәтін тұтастай алғанда зерттеу, егжей-тегжейлі талдау, мәтінді зерттеу пәні болып табылады. Кәдімгі оқуда ол қажетті ақпарат көзі немесе эстетикалық құнды әдеби шығарма ретінде қабылданады. Ұсыныстар жиынтығы эстетикалық құндылыққа ие емес. Онда тек жеке сөйлем мен оның үзінділерін талдауға болады. Әдетте, мұндай сөйлемдердің бірқатары тілде қолданылатын ережелер мен жалпы тілдік заңдылықтарды иллюстрациялау немесе растау ретінде қызмет етеді. Оқырман мәтіннің мазмұнын нақты немесе ойдан шығарылған жағдайлармен байланыстырады, бұл оған автор айтқан идея мен негізгі ойды өзінше түсіндіруге құқық береді. Сөйлемдер жиынтығы идеялық және семантикалық мазмұнға ие емес және ешқандай түсіндіруге жатпайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жақыпов Ж. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. — Қарағанды, 1998.
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы, Алматы, 1998. – 362 б.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, Алматы: Ғылым, 1966. – 360 б.
- 4 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - Алматы: Ана тілі, 2002. — 531,532б.
- 5 Сарыбаева Б.Ж. Толымсыз негізді тілдік бірліктер: монография. – Павлодар: ППУ,2021. – 144 б.
- 6 Максакова В.И. Педагогическая антропология. – М.:Издательский центр «Академия», 2007. – 208б.

«Шығыс Қазақстанның айтыс өнері»

Камалиева Қ.К., Картаева А.М.

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ.
e-mail: kartaeva2011@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада Шығыс Қазақстанның айтыс өнері арнайы қарастырылады. Сол өңірдің айтыс өнерінің тарихы сөз болып, суырыпсалма ақындардың есімдері аталады.

Кілтті сөздер: айтыс, халық шығармашылығы, жанр, ақын импровизатор.

Резюме. В статье рассматривается искусство айтыс Восточного Казахстана. В ней перечислены имена местных акынов-импровизаторов.

Ключевые слова: айтыс, народное творчество, жанр, поэт импровизатор.

Resume. The art aitys of East Kazakhstan is examined in the article. She is enumerate the names of local poets-improvisators.

Keywords: aitys, folk work, genre, a poet is an improvisator.

Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша ұлттық ерекшілік, дәстүр бар. Әр халықтың туа бітті болмысына, өмір кешу жағдайына орайлас қалыптасқан осы дәстүрлердің тозығын уақыт өзі екшеп, озығын өз кәдесіне жаратып жатса, мұның өзі адамзат көшінің жарасымымен ілгері озуына септігін тигізбек. Үшінші мыңжылдықтың аясында өз кемесінің желкенін керіп шыққан қазақ халқының ешкімге ұқсамайтын бітімі мен болмысын ажарлайтын ұлттық қадір-қасиеті аз емес. Соның бірегейі есте жоқ ерте замандарда туып, қалыптасып, дамып-жетіліп, бүгінгі күннің керегіне жарап отырған халық ауыз әдебиеті болса, оның ең бір өміршең жанры - айтыс та ұлттың ескірімес рәміздерінің қатарында жаңа ғасырдың табалдырығынан аттап отырғаны талас тудырмайды.

Академик М.Әуезов: «Айтыс заманында өзге елдерде де болған. Парсыда «мүшәйрә», арабтарда «мұғалләкәт» деген. Арабтардың көшпенді бәдәуилері қара сөзбен емес, үнемі өлеңмен сөйлескен, қазақ халқының аса бір ұлы қасиеті сол қынаптан суырып алған қылыштай қолма-қол қиып айтатын айтқыштығында, айтыскерлігінде. Бұл қай халықтың алдында да мақтануға тұрарлық өнер», - деген еді.

Айтыс - қазақ халқының ежелден тұтынып келе жатқан төл өнері, хан деп, қара деп бөліп жатпай, мінін бетіне басып, шыбын жанды шырқыратып, шындықты айтатын дегдар өнер [1, 10 б.].

Қазақ халқының ұлттық өнерінің аса бір құнды мәйегі – айтыс өнері болып табылады. Айтыс - ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс - әдебиет жанры болғанымен, ертеден қалыптасқан халықтық дәстүрдің үлкен түрі. Ойын, той, ас, қыз ұзату, келін түсіру сияқты қазақ тойлары жүйрік ат, білекті палуандармен бірге айтыс ақындары да қатысып, олар айтыс арқылы той қызығы мен мәртебесін көтере түскен. Әрине мұндай жерде айтыстардың өз мақсаты, талабы, шарты бар. Көшпелі елдің қызық-қуанышын бөлісіп келген айтыс халқымыздың сан алуан ойын-той, әр түрлі дәстүрлі думандарда қуана қызықтайтын театры іспеттес болған.

Сонау Қазтуған, Шалкиіз заманынан бері қарай ақиқатты айнымай айта алатын ақындық дәстүр желісі үзілмей жалғасып келіп, Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет, Әсет, Біржан, Шөже, Кемпірбай, Нұрила, Ұлбике,

Орынбай, Исаларға ұласса, бұл сол ғасырлар бойы өр рухын түсірмеген дәстүр сабақтастығының жемісі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде Шығыс өңірінде суырып салма, ақпа ақындар тобы да болды. Әр дәуір әдебиетке өзінің ерекшелігін, сонымен қоса сол ерекшелікті жасайтын тұлғаларын ала келді. Кеңестік кезең Шығыс өңірінің әдеби шежіресін тағы бір әдебиет майталмандарымен толықтырды. Абайдай айдыңды алыбы, Шәкәрімдей шешен шежірешісі, Мұхтардай мұхиты бар өңірдің өнерден де, әдебиеттен де, мәдениеттен де артта қалған жері жоқ екені сөзсіз.

Шығыс Қазақстан Семейге қосылғанға дейін өз алдына жеке облыс болып тұрып, Шығыс Қазақстаннан шыққан сол кездегі ақындардың басында – Тарбағатай ауданының тумасы Серікхан Жақиянов тұрды. Ақынның ізбасарлары Абаш Кәкенов, Құралай Әлкенбаева еді. Семей мен Шығыс Қазақстан қосылғаннан кейін, Шығыс өңірі айтыс өнерінің алтын бесігіне айналды. Сол заман айтысының ең бір айтыскері, суырып салма ақын – Қалихан Алтынбаев еді. Одан кейін ғана “ақындар планетасына” айналған Абай ауданының ақындары тұрды.

Шығыстан шыққан қазіргі айтыс ақындары Серік Шөкенов, Абаш Кәкенов, Серікхан Жақиянов, Дәметкен Омарбаева, Серік Құсанбаев, Айнаш Сейсекеновалар Қалихан Алтынбеуы ұстаз тұтады. Шығыс өңірі ақындарының басын бастап, бірінші сөз Қалиханға тиетіні, ұлы ақын Абайдың 125 жылдығында бұл кісі әдебиетіміздің классиктары М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтың өз ауыздарынан “Екінші Иса” деген атақ алды. Сол айтыста өз тобын жарып, оза шауып, бас ақын деп танылды. Ақынның туған жері Жарма ауданының Ақжалы болса, ал өмір бойы тұрып кеткен жері ол Көкпекті ауданының, Көкпекті селосы еді. Өмірінің көп жылдар аудандық газет редакторы болып қызмет істеуде өткізді. Сондай-ақ бір өзі 40-тан аса айтысқа қатысып, 7 кітап-жинағы жарыққа шықты.

Айтыс өнеріне 1957 жылдан бастап белсене араласып келе жатқан ақын, талай ұлы дүбір сайыстарда суырылып шығып, абыройға ие болды. Ең алғаш Жарма ауданының орталығында Көсембек Байқұтанов деген ақынмен айтысқа түсті. Оның кезекті бір айтыста қолма-қол тауып айтқан “Үш бәйтерек” деген өлеңі көпшіліктің сұрауымен баспа бетінде жарық көріп, ел аузынан түспейтін аңызға айналып кеткені шындық. Әуелден-ақ Қ.Алтынбаевтың шығармалары әдебиет зерттеуші ғалымдардың, сыншылардың назарына іліккен. Оған ең бірінші болып баға берген ғалым-Есмағамбет Ысмайылов.

Шығыс Қазақстан айтыс өнерінің ең бір биік мектебі деп айтсақ артық болмас. Ақынның шекпенінен шыққан айтыскерлерді айтатын болсақ, ол – Дәмеш (Дәметкен) Омарова, бүгінде Семейдегі ақындар мектебін басқарып отыр. Енді бір ізбасарлары ақсуаттық Сембай Жансақов, Серік Жұбатов.

Айтыс өнері Шығыстың барлық өңірінде кең етек жайып таралған. Жиын-той болсын, отырыс болсын айтыстың ерекше озық үлгілері

соның ішінде балалар айтысы, жеңгесі мен қайын айтысы, келіні мен атасы айтысы жиі көрінген.

Қазіргі айтыс өнері мен жазба әдебиетінің көркін қыздырып, республикаға танылып жүрген айтыскерлер де өздерінің шығармашылығымен елдің сүйіспеншілігіне бөленіп жүр. Олар: Ринат Зайытов, Нұржан Өмірбаев, Сара Тоқтамысова, Қарлығаш Әубәкірова, Әсем Ережеқызы, Рүстем Мұхаметрахимов тағы басқа жас ақындарымыз қашан да Шығыс өңірінің мақтанышы болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
2. Шығыс жұлдыздары. Энциклопедиялық анықтамалық / Құраст. Ұ.Есдәулет, Қ.Құрмансейіт. - Астана, 2011.
3. Қазіргі айтыс. – Астана: Күлтегін, 2004. 1-кітап. – 312 б
4. Тарбағатай ақындары жырлайды. – Өскемен : 1999. - 222 бет.

Тарих пәнін оқытуды жетілдіруде тотай тұрлығұл зерттеулерінің маңызы

Кашкинбай С

«Тарих» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты
Павлодар қ-сы, Павлодар педагогикалық университеті
sandu.9716@mail.ru

Аннотация. Мақалада академик-ғалым Тотай Тәжіұлы Тұрлығұлдың зерттеу еңбектеріне, тарихты оқыту әдістемесі саласында ашқан жаңашылдықтарына баса назар аударылады. Тарих мұғалімдеріне арналған кеңестері, оның ішінде оқыту барысындағы әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялардың меңгерілуі жайы мақалада көрініс табады. Сонымен қатар, ғалымның зерттеулеріндегі тарих пәнінің әдіснамалық мәселелері мен ғылыми теориялық әдістемелері кеңінен тарқатылып жазылған.

Аннотация. В статье особое внимание уделяется исследовательским трудам академика-ученого Тотая Тажиевича Турлыгула, его инновациям в области методики преподавания истории. Советы для учителей истории, в том числе методы и приемы в процессе обучения, освоение новых технологий, отражены в статье. Кроме того, методологические проблемы и научно-теоретические методики предмета истории в исследованиях ученого подробно описаны в статье.

Abstract. The article pays special attention to the research works of academician-scientist Totai Tozhievich Turlygul, his innovations in the field of methods of teaching history. Tips for history teachers, including methods and techniques in the learning process, the development of new technologies, are reflected in the

article. In addition, methodological problems and scientific and theoretical methods of the subject of history in the research of the scientist are described in detail in the article.

Кілт сөздер: *Тотай Тұрлығұл, әдістеме, тарих пәнін оқыту әдістемесі.*

Ключевые слова: *Тотай Турлыгул, методология, методика преподавания истории.*

Keywords: *Totai Turlygul, methodology, methods of teaching history.*

Қазақстан тарихы – оқушыларды күллі адамзат тарихының ежелгі дәуірден қазіргі кезге дейінгі кезеңдермен таныстырады. Қысқаша айтқанда адамзаттың жүріп өткен табиғи және әлеуметтік даму жолы десек те болады. Десе де, бұл мектептік пәнді бүкіл тарих ғылымын тұтас қамти алады деген сөз емес. Мұнда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отыра, тәрбиелеу, білім беру, дамытушылық жағынан ең маңызды деген оқиғалар, деректер, тарихи үдерістер мен тарихи-ғылыми ұғымдар іріктеліп алынады. Соның нәтижесінде оқушыларға адамзат қоғамының тарихын толық меңгеруіне мүмкіндік туады. Ал бұл пәннің тарихи материалдарын танып біліп және меңгеру үшін көптеген әдіс-тәсілдер, құралдар қажет болады. Әлбетте, оқушылардың ойлауын, таным-қызметін, іс-әрекетін дамытуға бағытталған бұл әдістер белгілі бір жүйемен, жоспармен жүргізіледі.

Әуелі әдістерге тоқталайық. Әдістер деген ұғымды басқаша әрекет тәсілдері десек те болады. Олар әр түрлі болуы мүмкін. Мәселен, баспа, сөздік, мәтінмен жұмыс, көрнекі, практикалық тағысын тағы. Бұлардың барлығы «Қалай оқыту керек?» деген сұрақты басшылыққа алып, мұғалім мен оқушы бойындағы екі жақтық әрекетін айқындайды. Егер оқытудың әдістемесі жақсы жолға қойылған болса, онда оқушылардың бойындағы жоғарыдағы айтылған тарихи білім, тарихи дағдылар, ғылыми көзқарас пен сенім қалыптасады, әрі дамытуда тиімді нәтиже береді.

Қазақстан тарихы – қазіргі таңдағы мектептерде оқытылып жатқан ең маңызды пәндердің қатарына жатады. Халықтық сананы тәрбиелеп, мемлекет идеологиясын қалыптастырып, халқымызды өркениет көгіне бастайтын да осы – тарих пәні. Ал оны оқыту жолдары күн тәртібінде тұрған күрделі мәселелердің қатарында тұр. Қазақтың көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жайт емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Тарихшы ұстаз тарихи даталарды шебер меңгерумен қатар, әдістемені де үздік меңгеруі қажет. Тарих пәнінің әдістемесі – күрделі ғылымдардың бірі. Елімізде Қазақстан тарихы пәнін оқыту әдістемесінің өзекті проблемаларын және замануи технологияларын зерттеп жүрген ғалымдар көп емес. Солардың бірі тарихшы-ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Тотай Тәжіұлы Тұрлығұл. Тотай Тәжіұлы зерттеулерінің ең маңызды тұсы бұл оның бағдарламаларының, оқулықтар мен басқа да қосымша құралдарының ғылыми-әдістемелік тұрғыдан сарапталуында жатыр. Ол өз зерттеулерін

дәуір даусымен, заман талабымен шебер байланыстыра білді. Ең алдымен кеңес мектептеріндегі тарих сабақтарын жетілдіру жолдарын зерттеп, талдап алғандығының нәтижесінде ғалым кейін еліміздегі тарихты оқытудың әдістемесі мен теориясының негізін қалаушылардың бірі атанды.

Академик Т. Тұрлығұлдың ұсынған ең ұтымды ұсыныстарының бірі – тарих пәнін оптималдандыру еді. Бұл оқытылатын материалдың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерін айқындау, пәнді оқытудың әдісі мен формасын белгілеу және оның оқушылардың өзара мүмкіндігі мен жас ерекшелігіне сай келуін ескертті. Оның екі бірдей «Қазақ ССР тарихын оқыту методикасы» (1979) «Тарих сабағын жетілдіру жолдары» (1984) екі еңбегі сол кездегі тарихшы мұғалімдер үшін ең маңызды әдістемелік құрал болып саналды. Автор осы еңбектерінде тарих пәнінің мектептерде қолданылатын құрылымдары мен типтеріне аса назар аударған «Сабақтың типі мен құрылымын анықтап алғаннан кейін жауапты жұмыс оқыту әдістерін таңдау», [2, 176] дей келіп оның тізімдемесін жасаған. 90-жылдардың соңында Тотай Тәжіұлының 160-тан астам ғылыми-әдістеме еңбектерін жариялап үлгерген екен. Оның ішінде 130-дан астамы мектептерде Қазақстан тарихын оқытуға негізделген. Осыдан-ақ ғалымның тарих әдістемесіне қосқан үлесін бағамдай беруге болады. Аталған еңбектердің ішінде монографиялар, оқулықтар, әдістемелік құралдар да көп болды. Ол зерттеулерде пәннің әдіснамалық проблемалары мен ғылыми теориялық әдістемелерге баса назар аударылған. Тәуелсіздік алған жылдары да ғалым мектепте тұжырымдамаларды, білім стандарттарын, жаңа буынның оқулықтарын, оқу-әдістемелік кешендерді жасауға барынша ат салысты. Сөзіміз дәйекті болуы үшін ғалымның негізгі деген әдіснамалық ойларына тоқталып өтсек. Тотай Тұрлығұл зерттеу еңбектерінде жаңа педагогикалық технологияларды, әдістерді пайдалану туралы мәселелерді терең зерттеген болатын. Ғалым технология ұғымына «Оқушыларға білімді меңгертудің жаңаша жолы, оқыту формалары мен әдіс-тәсілдерін жаңаша қолдану, педагогикалық қызметтің жан-жақты ойластырылған моделі, оқытуда түпкі нәтижеге жетудің жазбаша үлгісі» деп [2, 316] түсіндірме береді. Әдіскер-ғалымның пікірінше, жаңаша сабақ берем деген ұстаз әрдайым өзіне сыншыл көзқараспен қарау керек дейді. Сонымен қатар, тарих пәнінде ақпараттық технологиялардың артықшылықтарын да кеңінен қолдануға кеңес береді.

Тотай Тәжіұлы өз әдістемелерінде тарих мұғаліміне сабақтың тақырыбы мен мақсат-міндеттеріне де ерекше назар аударылуы керек деп санайды. Сабаққа мақсат қойылмаса нәтижесі де болмайды деген ой айтады. Ғалым мұны жаңа педагогикалық технологияларды қолданғанның артықшылықтарының бірі деп түсіндіреді. Әдістемеде мұғалім белгілі бір нәтижеге жеткендігін анықтау үшін сабақ соңында оқушылардан қысқаша жазба жұмысын алу керек деп көрсетілген. «Ал тақырыпты оқыту мақсатының орындалу нәтижесін анықтау үшін арнайы қорытып қайталау сабағын ұйымдастырған дұрыс» [3, 286] деп жазды. Бұл айтылған тұжырымдар нәтижені алдын ала белгілеуге, сабақтың мақсат-міндеттерін

анықтауға және де оған жету жолдарын ойластыруға керемет мүмкіндік береді.

Академик өз еңбектерінде тарих пәнін сапалы оқыту мақсатында курсаралық байланыстарды жүзеге асырудың жолдарын көрсетіп берді. Оның айтуынша мұғалім алдымен оқушылар назарын бұрын өткен негізгі мәселеге аударып алу керек дейді. Кейін жаңа тақырыпта қарастыратын мәселелерге тоқталса болады дейді. Соның нәтижесінде екі тақырып арасындағы сабақтастық өзінен-өзі жүзеге асатын болады. Мұндай курсаралық байланыстар, әсіресе, жоғары сынып оқушылары үшін өте қажет. Сол себептен тарихшы мұғалім өзара біртектес болып келетін география, Қазақстан тарихы, дүние тарихы, құқық, әдебиет секілді пәндердің бағдарламаларымен алдын ала танысып, тақырыпқа сай соларды байланыстыру жолдарын қарастыру керек. Осы мәселеге орай, ғалым өз еңбегінде «Бұлардың бәрінің екі жақты пайдасы бар. Біріншіден, бұрын өткен оқу материалы қайта еске түсіріліп, білім тиянақтала түседі, екіншіден, мұндай байланыстар оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыруға үлес қосады.» [3, 27б] деп жазады.

Қазір мектеп қабырғасында тарих пәнін оқытудың мақсаты мен міндеті мүлдем өзгерген. Соған байланысты білім мазмұнын іріктеу бойынша да әдістемеде бірталай өзгерістер болып жатыр. Тотай Тәжіұлы да бұл мәселеден тыс қалған емес. Оның пайымдауынша, оқыту әдістемесіне тарихи материалдардың құрылымын жүйелеу тәсілі қолданылуы керек. Тарих пәнін оқытудағы жүйелілік дегеніміз бұл – тарихи құбылысты зерделеу, тарихи оқиғаның ерекше тұсын баяндағанда, даму тенденцияларын ашып көрсеткенде, оған деген оқушылардың ерекше қызығушылықтары туындағанда, оқиғаның себебін, даму деңгейін, тарихи мән-маңызын, салдарын анықтағанда қолдануға болатындығын көрсетеді. Сондай-ақ, күнделікті оқуға ұсынылатын материалдарды жүйелілік тұрғыдан бірізділікке түсіру әдісін пайдалану арқылы оқушылардың танымдық, оқу қызметінде мәселелік, зерттеушілікті, жүйелілікті қалай жүзеге асыруға болатындығын талдап көрсетіп берді.

Әдіскер-ғалым ретінде Тотай Тәжіұлы тарих пәнінің тәрбиелік мәніне ерекше тоқталады. Әрі осы бағытта мүмкіншілігі жоғары екендігін де әдістемелік еңбектерінде ашық айтады. Еліміздің болашағы бүгінгі жас буынның қолында. Ал жас буынның тағдыры – ұстаздардың қолында. Шәкірт жүрегіне пәнге деген қызығушылықты ояту әлбетте әдістемесіз мүмкін емес. Шебер ұстаз әдістемені шебер меңгеруі қажет. Ал жас ұрпаққа тәрбие беруде, оларды адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке, отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде тарих пәнінің алатын орны ерекше. Осы тұста, ғалымның еңбектерін оқи отыра, мынандай қорытындыға келесің: қазіргі таңдағы тарихшы мұғалімдерді қоғам қайраткері санатында қабылдауға болатын секілді. Өйткені себебі, бір мұғалімнің алдынан бір оқу жылында 200-ден астам оқушы өтеді екен. Елімізде жиырма мыңға жуық тарихшы мұғалім бар екенін ескерсек, бір жыл ішінде олардан қаншама мыңдаған жас

өрен тәрбие-тәлім, білім алып шығады екен. Ал сол жастар қоғамның болашақ құрылысшылары болмақ. Бұл дегеніңіз, қазіргі аға буынның тағдыры келешекте солардың қолында болады деген сөз. Жас буынды заман талаптарына сай ақылды, білімді, еңбекқор, қайырымды етіп тәрбиелеу онай жұмыс емес. Осындайда әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың хас жауы» деген нақылы еріксіз ойға оралады. Демек, жоғарыда айтылғандай, бұл маңызды педагогикалық міндетті орындауға тарихшы мұғалім де өз тарапынан үлес қоса алады деген қорытындыға келуге болады. Тарихшы мұғалім бүкіл адамзат жинаған өркениетті оқушыларға оқытып үйретеді.

Тотай Тұрлығұл бұдан әрі қарай да өзінің ғылыми-әдістемелік еңбектерінде осы тәрбиенің салаларына жеке-жеке зерделеген. Онда ол еліміздегі қазақстан тарихының тәрбиелік мүмкіндіктерін жүзеге асырудың жаңа әдістемелік мүмкіндіктерін ашып көрсеткен. Ғалым еңбектерінде: «Ең негізгі жұмыс сабақ жоспарын жасағанда, сабақты ұйымдастырып өткізгенде жүзеге асады... Тарих сабағында оқушыларды тәрбиелеудің арнайы немесе ерекше әдісі жоқ. Негізінен, бұрыннан белгілі әдіс-тәсілдері қолданылады. Тарихи материалды тәрбиелік мақсатқа тиімді пайдалансақ жұмыс нәтижелі болмақ.» [4, 19б] делінген.

Қорыта келе, Тотай Тәжіұлы Тұрлығұл есімі тарих пәнін оқытуды жақсартуға бағытталған әдістемесі мен оқыту теориясындағы бірегей ірі тұлға есебінде ел ішінде кеңінен танымал. Еліміздің мектептеріндегі оқыту мәселелерін зерттеп талдаған әдіскерлердің бірі және бірегейі десек артық айтпағанымыз болар. Өткенін білмей келешекке қадам басқан ұрпақтың болашағы да бұлыңғыр болмақ. Ендеше мейлі ол жас ұстаз болсын немесе оқып жатқан студент болсын тарих пәнін оқытудың мақсат-міндетін жетік білуі тиіс. Десе де, тарих пәнінің пән ретінде қалыптасу кезеңдерімен, сол кезеңдердегі еліміздің басынан өткен тарихты оқытудағы ақтандақтарын әдейі бұрмалап саясатқа бұрғандағы кезеңдердің ара жігін ажырата білу, бәрібірде келешек жас маман, ұстаздар, зерттеуші ғалымдар үшін маңызды мәселелер болып қала бермек. Өйткені Отанымыздың тарихы, оны оқытудың әдістемесі патриоттық тәрбиенің және келешек білікті жас мамандардың қалыптасуының алғы шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ж. Аймауытов Бес томдық шығармалар жинағы.- Алматы: Жібек жолы, 2003
2. Тұрлығұлов Т. «Тарих сабағын жетілдіру жолдары», Алматы, 1984.
3. Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың өзекті мәселелері. Қазақстан тарихы, 2003, №1
4. Тұрлығұл Т.Т. Тарихи таным және тәрбие. Қазақ тарихы, 2002, №3,

«Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған мәтіннің түрлері»

Сарыбаева Б.Ж. филол.ғ.к.

Қасен Ф.Е ҚТӘ-25

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

e-mail: bayanjan73@mail.ru

kasenfati2@icloud.com

Түйіндеме. Бұл мақала жалпы функционалдық сауаттылықтың мән-мазмұны жайлы, ғылыми тұрғыда зерттеушілер туралы толық ақпарат ұсынады. Мақаланың мақсаты – функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың ең тиімді тәсілдерін зерттеу, оның ішінде, сауаттылықты дамытуға бағытталған ауызша және жазбаша мәтіндерді сәтті құру. Сондай-ақ, функционалдық сауаттылықтың басты бөлшегі болып табылатын, сауаттықты дамытуда маңызы зор – мәтін және оның түрлеріне тоқталып өтеміз.

Тірек сөздер: сауаттылық, оқу, дамыту, мәтін.

Аннотация. В данной статье представлена полная информация о содержании функциональной грамотности в целом, о научных исследованиях. Цель статьи-изучение наиболее эффективных способов формирования функциональной грамотности, в том числе успешное создание устных и письменных текстов, направленных на развитие грамотности. Также, большое значение в развитии грамотности имеет текст и его виды, которые являются главной деталью функциональной грамотности.

Ключевые слова: грамотность, чтение, развитие, текст.

Summary. This article provides complete information about the content of functional literacy in general, about scientific researchers. The purpose of the article is to study the most effective ways of forming functional literacy, including the successful creation of oral and written texts aimed at the development of literacy. Also, the text and its types, which are the main detail of functional literacy, are of great importance in the development of literacy.

Keywords: literacy, Reading, Development, text.

Кіріспе

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты

Қазақстан халқына жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойған болатын. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі барысында маңызды рөл атқарды. Мұндай стратегиялық міндетті шешу жағдайында белсенділігі жоғары, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алу қабілеттілігін, өмір бойы білім алуға дайын тұратын тұлғаның ең басты функциялық сапаларын қалыптастыру орта білім беру жүйесіне жүктеліп отыр.

Функционалдық сауаттылық – адам өзінің оқу әрекетін, алған білімдерін әлеуметтік-қоршаған ортада, әртүрлі салалардағы өмірлік мәселелерді шешуде және қарым-қатынас жасау барысында қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай жасай алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпараттар мен мәліметтерді іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттер қалыптасады.

Деректерге сүйенсек, 1969 жылы қыркүйек айында Тегеран қаласында өткен сауатсыздықты жою бойынша ағарту саласы министрлерінің Дүниежүзілік конгресінде «функционалдық сауаттылық» термині енгізілген болатын, ал 1978 жылы БҰҰ ұсынысы бойынша конгресс шешімі қайта қаралып, «Білім беру саласы статистикасын халықаралық стандартизациялау» туралы құжатқа өзгерістер енгізілгенін білеміз. Термин мазмұнының қайта редакциялануына орай функционалды топтардың тиімді әрекет етуіне қажетті барлық іс – әрекет саласына еркін енуі функционалдық сауаттылықтың жаңа көрсеткіші болып табылады. Қазіргі кезеңде «функционалдық сауаттылық» ұғымы мағынасы жан-жақты зерттеліп, қоғам дамуын тежеуші сауатсыздықты жою мағынасында ғана емес, іс-әрекеттің нәтижесі тұрғысында сауатсыздықты жою механизмдері мен тәсілдерін іздеу мәселесі ретінде де қарастырылады. Қазіргі ақпараттанған жаңа қоғамда функционалдық сауаттылық барлық қоғамдық деңгейлердің әрекет нәтижесінің жетістік түйіні болмақ. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі болып табылады. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;

- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан.

Негізгі бөлім

Жаңа сипаттағы «функционалдық сауаттылық» мағыналық жағынан өрістеп, мәдениеттілік дәрежесіне дейін көтерілді. Функционалдық сауаттылық ұғымы ғылыми - техникалық талаптар мен әлеуметтік прогресс нәтижесінде пайда болып, мағыналық тұрғыдан әмбебап сипатта ғана емес, мәдени – тарихи сипатта да қолданылады. Себебі, Кеңестік кезеңнің алғашқы 10 жылдығында азаматтардың оқи білуі, жаза білуі, арифметикалық төрт амалды білуі қызметтік іс – әрекетті игеріп алудың негізгі көрсеткіші болды. Қазіргі кезеңде сауаттылық ұғымының ауқымы кеңейіп, оның көрсеткіштері түрліше сипатталады. Атап айтар болсақ, басты бөлігі ретінде мәтінді қарастыруға болады. Функционалдық оқу сауаттылығын дамытуда мәтінмен жұмыстың маңызы зор.

Зерттеуіміздің негізгі термині – «мәтін». Мәтін, текст (латынша – байланысу, бірігу) тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланыстығы негізінде түзілген. Мәтіндегі негізгі ой – автордың айтқысы келген басты пікірі мен негізгі ойы. Ол бір-бірімен тығыз байланыста болуы қажет. Мәтін туралы алғаш рет қазақ тіл білімінің ғылыми негізін салушылар А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектерінде айтылған болатын. А.Байтұрсынұлы мәтінді «шығарма сөз» деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады.

Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді ұғынып, мәнін түсінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағымен тығыз байланысты болса, ал оның жүйелілігі күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс - тәсілдермен ұйымдасуынан көрінеді. Қазіргі таңда лингвистикада мәтін әр тұрғыда зерттелініп, дамып келе жатыр. Атап айтқанда:

- *онтологиялық тұрғыда* - мәтіннің болмысы, алатын орны, ауызекі тілден айырмашылығы;
- *гносеологиялық тұрғыда* - мәтіндегі объективті шындықтың бейнесі, егер көркем мәтін болса, ақиқат әлемнің эстетикалық болмысқағы (идеалды әлемде) бейнеленуі;
- *лингвистикалық тұрғыда*- мәтіннің тілдік ұйымдасуы;
- *психологиялық тұрғыда*- мәтіннің қабылдануы;
- *прагматикалық тұрғыда* - мәтін авторының объективті болмысқа және мазмұнға деген қатынасы.

Мәтін қатысымдық қызметке негізделетіндіктен, оқу арқылы қабылданатын ақпараттардың көзі ретінде жүзеге асады. Мәтіндерді игеру барысында баяндаушы жеткізетін хабарды қабылдаушы түсіну үшін мәтіннің

құрылымы, мағынасы маңызды рөл атқарады. Оқу үдерісінде тіл үйренушілердің қарым - қатынасын іс жүзіне асыру өзегі ретінде және өзара түсіну, ойды жеткізу тұлғасы ретінде қолданылады. А. Аркин мәтін жайлы: «Мәтін – білімді дара тұлғаға бағдарлап оқытудың ұтымды құралы» десе, Ф. Оразбаева «Тілдік қатынаста өзіндік орны мен маңызы бар қатысымдық тұлғалар: сөз, фразеологиялық тіркестер, сөйлем және мәтін. Мәтін – қатысымдық тұлғалардың ішіндегі мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін сипатталатын бүтін жүйесі» деп тұжырымдайды. Қазіргі ХХІ ғасырда сауаттылық ұғымы барынша дамып, өзгеріп, кеңейіп келеді, бірақ ол әлі де әртүрлі мәтіндерді түсінумен тығыз байланысты. Баспадан шығарылатын қағаз кітаптармен қатар қазіргі заманда адамдар электронды да, аудио және видео кітаптарды оқуына барлық жағдай жасалған. Бүгінгі күні электронды кітаптар өзекті болып табылады, сондықтан оқушылар мен студенттерді әртүрлі мәтіндермен жұмыс істеуге үйрету керек. Берілген мәтін тек сөзден емес, сондай-ақ кесте, сурет, диаграмма сияқты көрнекті бейнелерден тұруы мүмкін.

Мәтіндерді белгілі бір санатқа байланысты нақты бөліп қарастыру мүмкін емес, себебі бір мәтін жан – жақты сипаттары мен белгілеріне байланысты бірнеше топқа жата алады. Әдістемелік мақсатта PISA тестін құрастырушылар жасаған мәтіндердің жіктелу жолын қолданған абзал. Осыған байланысты мәтіндерді екі топқа бөліп қарастыруға болады: тұтас мәтіндер және тұтас емес (жадағай) мәтіндер. Тұтас мәтіндерге күнделікті, қарапайым өмірде оқитын мәтіндер жатады: Сипаттама – бір нәрсенің бейнесін (затты) немесе табиғат көріністерін сипаттау. Қандай? Қалай? сұрақтарына жауап береді. (әңгімеден үзінді, өлең, адамның сипаттамасы, көркем шығарма) Әңгімелесу мәтіні – тек мұғалімнің өзі ғана емес, түгел сынып оқушылары қатысып, топта талқыланады. Қандай да бір оқиғаны баяндап, не істеді? Сұрағына жауап береді. Пайымдау мәтіні – белгілі бір пікірді, ойды тұжырымдайды, түсіндіреді, дәлелдейді және Не үшін? сұрағына жауап береді.

Қорытынды

Бүгінгі таңда функционалдық сауаттылық түсінігі кең мағынада қолданыла бастады. Бұның басты себебі әлемнің өзгеруі мен жаңа заман талаптарының жаңғыруымен байланысты деген ойдамыз. Сауатты адам өзіне және өз біліміне деген сенімділікпен ерекшеленетін адам болғандықтан, кіші кезден-ақ адам бойында сауаттылық негіздерін қалыптастыра бастау керек. Өйткені бала кезінен түсінігі қалыптасқан адам кейін сауатын үлкен өмір жасында дамытып, толықтырып отырады.

Мәтіндегі жаңа және белгілі бір ақпараттың бір-бірімен байланысы үйлесімді болуы тиіс. Ол табысты қарым – қатынастың басты шарты болып табылады. Автордың көзқарасы тұрғысынан мәтінді қабылдаушыға таныс болуы тиіс ақпарат бөлігі жіберіледі, оның есебінен мәтінде «мағыналық құбырлар» пайда болады. (Жинкин, 1958), олар түсіну процесінде қайта

орнына келуі тиіс. Мәтіндегі тағы бір еркешеліктердің бірі – оның реттілігі. Ойдың толық жеткізіліп мәтінге айналуы коммуникативтік міндетті іске асырушы құралдардың бірі болып табылатын нақты реттілік арқылы жүзеге асады. Мәтінде білдірілуге тиісті мазмұн адам ойындағысымен бірдей бола алмайды. Мұндай мазмұн ойлаудың құрылымы болы тұрып, ойлау шапшаңдығын және тағы да басқа қамтамасыз етуге бағытталған заңдылықтар негізінде ұйымдасады. Мазмұн толық бейнелер түрінде беріледі, ол тілдік бірліктердің реттілігі түрінде ғана көріне алады. Сондықтан тілдік құралдар көмегімен жеткізілетін ойлау мазмұны (мазмұндық ойлау) тізбектік құрылым заңдылықтарына сай жекеленіп ұйымдастырылуы керек. Бұл схема мәтін композициясын құрайды. Кең түрде айтқанда, мәтін компоненті – бұл мәтіннің осы немесе келесі функциясын: сипаттау немесе мінездеме беру, баяндама айтылатын, түсіндірмелі немесе дәлелдеуші, мәтін авторының ой-пікірін беретін, мәтін мақсатын, міндетін, бағытын, құрылымын айқындайтын, басты бір мәтіннің мазмұнын беретін, мәтін авторының тактикалық мақсатын бейнелейтін бөлігі. Бұл жағынан алғанда мәтін компоненті фразалық бірлік, оқулықтағы параграф, повестің тарауымен дәл келуі мүмкін. Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық күрделі тұлға. Осы ретте сауаттылықты дамытуға негіз болатын не? Деген сауал тууы мүмкін. Ол – сауаттылықтың басты құрам бөлігі болып саналатын мәтіндер. Сондықтан мәтіндерге қойылатын талаптарды, сауаттылықты дамыту жолдарын бағалауды бір ізге түсіру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992. - 263 б
2. Шалабаев Б. Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту. - Алматы, 1982. - 96 б.
3. Н.П. Серemenко, Л.В. Руколеева "жаңа білім беру практикасы: Павлодар технологиясы"
4. Тілеубердиев Б. «Поэтикалық мәтінді лингвоконцептологиялық тұрғыдан талдау»

«Гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі деректанудың орны»

А.М. Садыкова

Павлодар педагогикалық университеті

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, PhD, Павлодар қ.

Д.К. Жунусова

Павлодар педагогикалық университетінің

«Тарих» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, Павлодар қ.

Аңдатпа. Мақалада тарихи білімнің маңызды салаларының бірі – деректанудың гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі орны қарастырылған. Сонымен бірге ғылыми білімнің үш деңгейі, Қазақстандағы заманауи дереккөздердің сипаттамасы мен дереккөздерді зерттеудің жаңа тәсілдері талданған. Авторлар қазіргі деректанудың қосалқы тарихи пәндер кешені шеңберімен шектелмейтінін ашып көрсетеді.

Кілт сөздер: деректану, тарихи дерек, тарихи білім, заманауи дереккөздер.

Аннотация. В статье рассматривается место источниковедения в системе гуманитарных наук, характеристики современных источников в Казахстане, также новые подходы к изучению источника. Авторы отмечают тот факт, что современное источниковедение давно вышло за рамки комплекса вспомогательных исторических дисциплин.

Ключевые слова: источниковедение, исторический источник, историческое знание, современный источник.

Abstract. This article describes the role of historical source study in the system of humanitarian sciences, characteristics of modern sources in Kazakhstan and new approaches to study historical sources. Due to the author's opinion the modern historical source study area is different and more complex than was before.

Keywords: historical source study, historical source, historical education, modern historical sources.

Қазіргі деректану білімі гуманитарлық ғылымдар жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Тарихшы үшін деректанудың конструктивті әлеуетін қолдану тарихи зерттеулердің нәтижелі болуына тікелей ықпал етеді. Ұзақ уақыт бойы деректану білімі қалыптасу, даму жолдарынан өтіп, тарихи дәуірлердің әлем бейнесіне интеграцияланды. Оның өзіндік мазмұны, даму заңдылықтары, күрделі көп деңгейлі моделі бар. Бұл білімнің негізгі құрамдас бөлігі – инварианттылығы (деректанулық білімінің сарқылмауы) болып табылады және оның модификациясы автордың жеке тәжірибе ерекшелігіне байланысты. Деректанулық білім табиғатының ерекшеліктеріне қатысты ол көптеген ғылыми бағыттардың құрамына енеді және ғылыми қызметті реттеуші қызметін атқарып, тарих ғылымының теориялық түсіндіруші құрастырушысы саналады.

Тарих ғылымының әр түрлі салалары туралы білім біртұтас тарихи-мәдени контексте өзара тәуелді және өзара ықпалдасу жағдайында дамиды. Алайда, деректанулық білім туралы жеке қалыптасқан пайымдаулар бар. [1, 10-11]. Ғылыми білім, оның ішінде деректанулық білімнің дамуы процесі жинақталған тұжырымдамалар санымен ғана емес, құрылымдық ерекшелігімен де анықталады. Әр түрлі теориялық көзқарастар негізінде дамыған деректанулық білімге қатысты жинақталған түсініктер жеткілікті.

Олардың барлығы деректануды тарих ғылымының жоғарғы интегралды негізі ретінде анықтайды. Таным әдісіне қарай ғылыми білімнің үш деңгейі ажыратылады:

- Реконструктивтік білім. И.Д. Ковальченко атап өткендей, «кез-келен таным, объективті шындықтың сипаттары мен қасиеттерінің санадағы көрінісімен байланысты болғандықтан, реконструктивті болып табылады» [2, 104];

- Эмпирикалық білім – реконструктивті өңдеудің нәтижесі. Оның өзіне тән ерекшелігі – ол бақылауға негізделген және авторлар қарапайым ұғымдарды ғана емес, сонымен қатар нақты ғылыми терминдерді де қолданады. Ол білімнің ерекше түрі – зерделеу, ұғыну, түсіндіру нәтижесі болып табылатын мәліметтерді өңдеу нәтижесінде алынған ғылыми фактіні қалыптастырады. Мұндай зерттеулер құбылыстар мен олардың арасындағы тәуелділіктерді зерттеуге бағытталған. Авторлар зерттелетін әлеуметтік объектілермен тікелей жұмыс жасайды және олардың ізденістері, тәжірибені индуктивті жалпылаудың нәтижесі ықтималды шынайы білімді қалыптастырады;

- Теориялық білім – тарихи процесті түсіндіреді, яғни шындықтың белгілі бір бөлігі туралы тұтас түсінік береді. Бірақ, ешбір теория нақты объектіні оның барлық жақтары мен қасиеттерін қоса толық зерттемейді. Дегенмен, зерттеу объектісі ретінде оның кейбір жеке аспектілерін бөліп қарастырады.

Танымдық іс-әрекеттің ерекшелігі – зерттеу тақырыбын анықтап, қолданылатын зерттеу құралдарының түрі мен әдістің өзгешелігін тексеру арқылы білімнің эмпирикалық және теориялық деңгейлерінің айырмашылығын айқындауда. Деректану білімі ғылыми білімнің басқа түрлерінен бірқатар белгілерімен ерекшеленеді, оларға: жаңа білім алу процесінің күрделілігі мен қарама-қайшылығы, яғни алынған білімді жай қорытындылау емес, тұтас, дамып келе жатқан органикалық жүйеге біріктіру; адам қызметінің жеке бөлігі және мәдениеттің маңызды элементі болып табылатын пәннің ерекшелігі жатады. Оның дамуы үш аспектіде іске асады:

- құрылымдық аспект деректанулық білім ұғымын нақтылауды, оны саралауды қамтиды;

- генетикалық – білімнің пайда болу факторларын анықтауын, яғни дамуы мен өзгеруінің негізінде жатқан процестер мен механизмдерді қарастыруын қамтиды;

- функционалды – оның орны мен мақсаты және тарих ғылымындағы үрдістерге ықпалы туралы түсініктерді айқындайды [1, 11-12].

Л. Шотбакованың пікіріне сүйенсек, деректердің пайда болуының өзіндік қисыны бар, олардың тарихи уақыт аралығында пайда болып, жоғалуы заңдылық. Сондықтан деректермен жұмыс істеу принциптері мен әдістерін анықтауға болады. Көп жайдайда олар сабақтас гуманитарлық пәндер, гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің тоғысында дамиды.

Бұл тарихтың іргелес гуманитарлық ғылымдармен – әлеуметтану, антропология, этнология, саясаттану және т. б. байланыстарының кеңеюін түсіндіреді. Бұл деректану ғылымы мәртебесінің өзгеруі сипатын анықтайды. Бүгінгі таңда деректану – бұл өзара байланысты гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы пәнаралық ғылым [3].

Қ.М. Атабаевтың айтуынша, «Қазақстанның тарихшылары, әсіресе кәсіби тарихшылары тарих ғылымының іргелі негіздерінің бірі – деректануды меңгермесе, ешқашан ұлттық тарихты тиісті деңгейде зерттей алмайды. Бұл тарих ғылымының ерекшелігінен туындаған заңдылық. Тарих ғылымының басты ерекшелігі – тарихшы ешқашан өзінің негізгі зерттеу объектісі болып табылатын тарихи оқиғаны тікелей зерттей алмайды. Тарихи шындық пен тарихшының арасында тарихи оқиғаны сипаттайтын дерек бар. Демек, тарихшы тек деректермен тікелей жұмыс істейді. Сондықтан, тарихшы ең алдымен, деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін деректану теориясын терең меңгеруі керек. Тарихшылардың кәсіби деңгейі олардың деректану теориясын қаншалықты меңгергендігімен тікелей байланысты» [4].

Қазіргі тарих тарихи деректердің жаңа түрлерінде көрініс табуда. Адамның іс-әрекеті туралы ақпарат дәстүрлі, сонымен бірге, дәстүрлі емес, электронды деп аталатын тасымалдаушыларда қамтылған. Осыған орай, зерттеушілер Н. Давлетшина мен В. Муравьев тарихшылардың ғылыми қауымдастығының пікірталастары бүгінгі күні жаңа деректердің пайда болуына қатынасы төңірегінде деп атап өтеді. Электрондық құжаттарды қарастыра болсақ, ең алдымен, ғылыми айналымға енгізілетін ақпараттың шынайылық мәселесі өзекті болып табылады. Академик И.Д. Ковальченко қолданбалы міндеттердің бастысы ретінде ақпараттық кірісті арттыру қажеттілігін қанағаттандыру, ғылыми айналымға тың деректерді енгізу керектігін атап өтті. Тарихшылардың міндеті – әр түрлі деректердің ерекшеліктеріне байланысты және зерттеу міндеттеріне сәйкес деректердің ақпараттық қайтарымын анықтаудың нақты жолдары мен әдістерін әзірлеу болып табылады [5].

Бүгінгі деректанудың мәртебесі көмекші тарихи пән екендігімен шектелмейді, әмбебап қолдынылуымен сипатталады. Осы орайда арнайы оқу бағдарламалары мен материалдардың қажеттілігі мәселесі тууда. Деректану бойынша жаңа оқулықтарда да сандық дереккөздер, мәліметтер қорымен жұмыс істеу, т. б. табу қиын. Бұл «Деректану 2.0» жүйесінің деректанудағы нақты бағыт ретінде, жаңа тәсілдер мен құралдарды біріктіретін көмекші жиынтық ретінде қалыптасуына негіз болды. «Деректану 2.0» жүйесін әзірлеудің қиындығы мен қажеттілігі цифрландырудың, АКТ және желілік технологиялардың дамуы қарқынымен айқындалатыны анық. Бұл жаңа көзқарастарды, тәсілдерді, әдіснамалық және әдістемелік шешімдерді іздеу мен қалыптастыруды талап етеді [6, 62]. Адам іс-әрекетінің нәтижесі түріндегі дәстүрлі деп қабылданатын деректерге қарағанда жаңа форматтағы деректер түрінде көрініс табатын ақпарат адамның қатысуынсыз немесе

оның жанама қатысуымен жасалуы мүмкін. Бұл тәсіл С.О. Шмидттің ұстанымына жақын, яғни адам іс-әрекетінің нәтижелерін ғана емес, сонымен бірге, одан тәуелсіз құбылыстарды да қайнар көз ретінде тану [6, 64].

Қазіргі ғылым тарихты күрделі көп факторлы үрдіс ретінде қарастырады, әр түрлі көзқарастарды салыстырып, тарихи баламаларды зерттеп, қарама-қарсы күштер мен тенденциялар күресі арқылы ақиқатты табуға тырысады. XVIII–XIX ғасырларға тән сипаттамалық әдіс кейін тарихты зерттеудің проблемалық әдісімен алмастырылды, ал қазіргі уақытта антропологизациялануымен сипатталады. Зерттеу нысаны ретінде фактілер, оқиғалар, құбылыстар ғана емес, адам және оның құндылықтық белгілері, мінез-құлық мотивациясы да қамтылады. Тарихты зерттеудің кез-келген тәсілі арқылы өткеннің объективті бейнесін қалыптастырудың маңызды элементі – ақпарат көзінен алынған тарихи факт болып табылады.

XXI ғасырдың басында азаматтық қоғамның қалыптасуы, қоғамдық құрылымдағы сапалы өзгерістер, Отандық тарих ғылымының дамуына қатысты мақсат-міндеттер қазақстандық деректанулық білімнің де дамып, жалпы қазақ халқының деректану мұрасына деген көзқарастың өзгеруіне ықпалын тигізді [1, 14].

Қазіргі таңда деректанулық білім аясының кеңеюі оның қызмет аясының бұрынғыдай көмекші тарихи пән мәртебесінен асып, кешенді сипатқа ие болуымен сипатталады. Зерттеуші үшін үйреншікі дәстүрлі дерек түрлері жаңа дәстүрлі емес түрлерімен толығуда. Бұл деректанулық тұрғыдан зерттеушілердің жаңа білім, дағдылардың меңгеруін, әдіс-тәсілдер жүйесінің жетілуін талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Жакупова Г.Т. Некоторые аспекты формирования и развития источниковедческого знания на примере Истории Казахстана // СервисPlus. – 2013. – №3. – С. 10-16.

2 Давлетшина Н., Муравьев В. Электронные источники: возможность интерпретации истории как многомерного исторического процесса // Информационный бюллетень АИК. – 2002. – № 30. – С. 101-103.

3 Шотбакова Л.К. О некоторых актуальных проблемах отечественного источниковедения [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://articlekz.com/article/4457?ysclid=I9ej6qw7qu851890789> (дата обращения: 05.10.2022)

4. Атабаев К.М. Деректанудың тарихты зерделеудегі орны [Электронный ресурс]. Режим доступа:

<https://anatili.kazgazeta.kz/news/15400?ysclid=l9ek86rds4744128958> (дата обращения: 04.10.2022)

5 Алимгазинов К. Новые виды и формы источников по современной истории Казахстана [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://iie.kz/?p=5072&ysclid=l9zzpr3os0723299559> (дата обращения: 14.10.2022)

6 Корнев М.С. Источниковедение 2.0: о новых подходах к работе с источниками в сетевой цифровой среде // Вестник РГГУ. Серия «История. Филология. Культурология. Востоковедение». – 2018. – № 11 (44). – С. 59–66. DOI: 10.28995/2073-6355-2018-11-59-66.

«Хамит Балшабеков поэзиясындағы азаматтық үн»

Мусанова Назгүл Адамбекқызы

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ.
e-mail: sh_shilikti@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада Шығыс Қазақстан өңірінен шыққан көрнекті ақын Хамит Балшабеков поэзиясындағы азаматтық әуен, ұлттық рух мәселесі қарастырылады. Хамит Балшабеков поэзиясына тән ерекшелік сөз болып, ақынның поэзия, туған жер, заман, қоғам туралы өлеңдеріне талдау жасалады. Ақын өлеңдеріндегі лирикалық қаһарманның көңіл күйіне назар аударылады.

Кілтті сөздер: ақын, поэзия, азаматтық үн, лирика, өлең, ұлттық өрнек, ұлттық рух.

Резюме. В статье рассматриваются вопросы гражданской мелодии, национального духа в поэзии выдающегося поэта из Восточно-Казахстанского региона Хамита Балшабекова. Характерной особенностью поэзии Хамита Балшабекова является анализ стихотворений поэта о поэзии, родине, времени, обществе. Акцент делается на душевном состоянии лирического героя в стихах поэта.

Ключевые слова: поэт, поэзия, гражданский тон, лирика, стихотворение, национальное выражение, национальный дух.

Resume. The article deals with the issues of civic melody, national spirit in the poetry of the outstanding poet from the East Kazakhstan region Hamit Balshabekov. A characteristic feature of Hamit Balshabekov's poetry is the analysis of the poet's poems about poetry, homeland, time, society. The emphasis is on the mental state of the lyrical hero in the poet's poems.

Keywords: poet, poetry, civic tone, lyrics, poem, national expression, national spirit.

«Хамит – өз заманындағы тамаша өлеңдерімен оқырмандарын тәнті еткен шоқтығы биік ақындардың бірі. Оның өлеңдерінен өзін көресін. Бірде махаббат мұңын кешкен, сағыныш арқалаған ғашық жанды көрсек, ал бірде туған жер табиғатына деген ерекше перзенттік сезімін аңғарамыз. Ақынның өмір жайлы толғаныстары да өзінше әсерлі, өзінше ойлы. Хамит ақынды болашақ іздеп оқиды әлі...», – дейді ақын Ғалым Байбатыров облыстық «Дидар» газетінде жарияланған мақаласында.

Хамит Балшабеков лирикасы – кең көлемді мол қазына, биігі бітпес, тереңі таусылмас сырлы мұра. Жалпы лирика деген ұғымға қандай қасиеттер тән болса, Хамит Балшабеков өлеңдерінде соның бәрі бар. Ақынды бірыңғай қайғының, яки қуаныштың ақыны деуге, не мұңшыл, не күлкішіл ақын деуге тіпті де болмайды. Ақын лирикасында осының бәрі түгел, тұтас жатыр. Оның сырлы жырларындағы сәл ғана, ең бір жай сезінудің өзі оқырманның жан жүйесін, көңіл күйін түгел тебіренге толқытып, барлық пернені түгел басып, барлық шекті түгел сөйлеткендей сайрайды. Бұл – ғажайып құбылыс. Қазақ поэзиясының іздену өрісін байытып, оның жаңа өмірді жырлау жолындағы табысын елеулі еткен ақындардың бірі - Хамит Балшабеков шығармаларында өмір шындығына терең зер сала отырып, содан өз өлеңдеріне өзек боларлық сыршыл сезім, туған жерге деген сүйіспеншілік, заман тынысы, махаббат иірімдерін көңіліне тоқып, ақындық шабытпен жырлап, терең өрнектей білді.

Қазіргі қазақ поэзиясы ақынға да, өзіне лайықты бояуға да кенде емес. «Бүгінгі қазақ өлеңдеріндегі ең қымбат, ең қызықты проблемалардың қатарында өзекті екі желіні атап едік. Олар – поэзиямыздағы халықтық рух пен азаматтық әуен, дауыс» [1, 197б.]. Ақынның лирикалық өлеңдерінің басым бөлігі азаматтық-отаншылдық, ұлттық, халықтық-этнографиялық көзқарас ұстанымымен жырланған сипатымен ерекшеленеді.

Туған жерді, атамекенді, байырғы атажұртты, халық тарихындағы бұрынғы-соңғы қайраткер-күрескер, ойшыл, дана абыз тұлғаларды ұлықтай жырлаған «Қыраттың қызыл-жасыл гүл шапаны», «Жайлауда, биебауда, су басында», «Тірісінде жүрген жұртты таң қылып», «Елеусіздеу ел ішінде жүргенмен», «Таулармен үнсіз сырласып», «Мен қазақпын», «Иегін артып асқарға», «Ақындар бар өлмеген», «Қайран дала, іштей тынып қамыққан», «Жатырсың-ау, жазира далам, паңсынып», «Төлеген Айбергеновке», «Махамбет», «Бабалар армандаған ұрпақпын мен», «Қариялар», «Қай жерден, қалай бастасам екен жырды бұл», «Балалығым», «Ағаға сыр», «Аға, алпысқа келдің бе?», «Пенделерге хат», «Мұқағалимен мұңдасу», «Жатсынып қалғансың ба, көгілдір бақ», «Сағындым, аға, сені мен», «Жүрегім бе, өкпем бе, бауырым ба», ««Ешкі өлместің» биігіне жиылып», «Осы біз ел болдық па егеменді», «Жас та көшті, көшіп жатыр кәрі де», «Үлкендердің талайы кетті жалғаннан», «Қорғасын-бұлт қоршап алып күн нұрын», «Қалдырып өскемендік қауымды артқа», «Біздің дала басынан көпті өткерген», «Оба дейтін бұл жерді», «Қарасай жақтан көктемнің желі еседі», Бура-таудың желкілдек шудасы – бұлт», «Ақын қайда деп менен сұраған кім», «Құм

шағылда іздері жоғалғандар», «Есенғали Раушановқа», «Қайдан жүрсің жолаушым, аман ба ел», «Нажағайдай жарқ-жүрқ етіп ойнаған», «Бағдат Сәмединоваға», «Фаризаға», «Тізгінді босат, еркіне жібер Күренді» «Есенғалиға» т.б. өлеңдерінде ата-бабалардың көркем ой қазынасынан нәр алған Хамит Балшабековтың нағыз ұлттық ақын тұғырындағы тұлғасы танылады.

Өлеңдердің лирикалық қаһарманының сипатынан ежелгі замандардан қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихына ұласқан өр рухты, жауынгерлік-қаһармандық жан ділі болмысын сақтаған Қазақ тұлғасы даралана бейнеленген. Өлеңдердегі поэтикалық мағыналы тіркестерден уақыт пен кеңістіктегі аса көрнекті тарихи тұлғаларды да, елеулі оқиғаларды да, қайшылықты құбылыстарды да, қасиеттерді де тіршілік қозғалыстарының табиғи жалғастығы, сабақтастығы тұрғысынан бағалауларды оқимыз. Озат пікірлі саналы ақыл-ой иелеріне тән көзқарастарды поэзиялық көркемдік жинақтау әдіс-тәсілдерімен беруге ұмтылған ақынның суреткерлік-ойшылдық ұстанымы танылады.

Адамзат тарихындағы ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейінгі белестерде де дара туған кемеңгер би-шешендерімен, ақын-жырауларымен, хандарымен, оқымыстыларымен, ағартушы-ғалымдарымен, т.б. тарихи тұлғаларымен өзін-өзі сақтаған, құртып-жойып, жоқ қылып жіберуге тырысқан жойқын шапқыншылық-басқыншылық соғыстардан, жаһандандудың обыр, озбыр, қитұрқы, жымысқы саясатынан, т.б. – бәрінен де аман-сау қалып, әуірімдеп қазіргі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті кезеңіне жеткен ұлт тағдыры туралы марқайыс, сап, намыстаныс, сөгіс, күліс толғаулары сарындары тұтастығымен жырлаған Хамит ақындығының ұлттық сипатын танимыз.

Айдынды мөлдір көлдеріміздің, өзендеріміздің, асқар тауларымыздың, көкжасыл ормандарымыздың, мыңғыра өскен төрт түлігіміздің, оны баққан малшылардың, жылқышылардың, зеңгір биік аспанымыздың, саясатшылық-аңшылық атбегілік дәстүріміздің (қырандар-тұлпарлар тағдыры, т.б.) - бәрі де өнернамалық көркем-шындық поэтикасына тән мағыналық бояуларымен өрнектелген.

Қазақ халқының мыңдаған жылдар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан көркемдік-эстетикалық, дүниетаным тереңдіктерін, көзқарастарын танытатын сан алуан мағыналық бейнелілік өрнектері ақынның жан ділі әлемінің мол тілдік қорын танытады. Ойшыл-ақындар шығармалары – халықтың елдік ақыл-ой санасының көркем-кемел көрсеткіші. Хамит ақынның лирикалық өлеңдеріндегі ойшылдықты танытатын бейнелілік нақыштары – ұлттық көркемдік-эстетикалық дүниетанымның кемел болмысы. Мысалы:

«Ақындар деген жан едім,
Арайлы аппақ таң едім.
Аршындап өскен ортаның,
Араларында бар едім.
Ақтарылсам ағымнан,
Алатопан күй едім,

Асқақтаған ән едім.

Аз ғана мына ғұмырда,

Алақаныңа ал, елім!

Ардақтым болып қал, елім!» [2, 88б.].

Өлең ұлттық көркемдік-эстетикалық нақышта бейнеленіп, жыраулық дәстүр үлгісімен шұбыртпалы ұйқасқа құрылған. Ақындықтың ұлттық сипаты - жалпыадамзаттық, көркемдік-эстетикалық дүниетанымды құрайтын тарихи негіз. Өлеңде ақынның өз тұлғасымен қатар қазақ ұлтының менталитеті бейнеленген. Қазақ – ән мен күйден, жырдан жаралған халық. Осы бір аксиоманы Хамит ақынның өлеңі растай түскендей...

«Ақындар бар өлмеген,

Ажал көрге Абай даңқын көмбеген.

Ол – қазақтың аспанының жұлдызы,

Байтақ елдің жүрегінен сөнбеген». [3, 37б.].

Қазақ әдебиетінде «Абай – ұлттың тұғыры, Абай – жұрттың ғұмыры». Абай шығармашылығы қазақтың тағдыры, мінезі, әдет-ғұрпы, салт дәстүрі ақын тілімен айтқанда, Абай – қазақтың аспанының жұлдызы. Ақын лирикалық қаһарманын шегіне жеткізе жырлап шыңына шығарған. Өлеңнің өн бойы психологиялық-философиялық тұтастық теңдесі жоқ теңеулер.

«Қайдасың, қанатты сөз, самғар дарын,

Сені аңсап, тамсанғанмын, таң қалғанмын.

Хамит болу, әрине, қиын емес,

Мұқағали болсам деп армандадым.

Кеудеме келіп орна, жадымды өрте,

Мақатаев қаламынан қалған жалын.

Қайдан іздеп табармын мұратымды,

Жанартаудай жүректен жыр атылды.

Кеудесінде мол үміт, керең дүние,

Маған бер толастамас сұрапылды.

Тіршілігің, тірлігің – бір-ақ тиын,

Түсінбесем сұрапыл бір ақыңды...

...Қайтсем екен келе жатқан мына Түнді?...» [2, 83б.].

Хамит ақын өзіне ақиық ақын Мұқағалиды пір тұтады. Оның «Шығыстың Мұқағалиы» атануы да бекер емес. Әлемдегі бар құдіреттен, бар жаратушы күштен оның сұрағаны өлең ғана. Өнерге, өлеңге құштар жанның жай ғана қызығушылық, елестеушілік емес, өзінше соны жол іздеуі, өнерге деген қатал жауапкершілігі айқын көрініп тұр.

Хамит ақын мына бір өлеңінде өзі туралы айта отырып, қазіргі буынның, қазіргі ұрпақтың кім екендігін ашып көрсетеді:

«...Төгілген домбырадан күй ағынмын,

Тұлпардың тас илеген тұяғымын.

Қайрат-күш, намыс-кектің таймасымын,

Желекті батырлардың найзасымын.

Кеудемде тұнып жатыр бар асылым,
Дүние – менің екі қарашығым.
Санамда сәулесі мол жыр таңым бар,
Менің де ергенім бар, ұрпағым бар». [3, 50б.]

«Поэзиядағы азаматтық үн әрқашан оның өнерлік күшін де, қоғамдық қызметін де айқындайтыны белгілі. Бүгін азаматтық дегеннің де мазмұны өзгерді. Бір кезде ұран үлгісінде жазылған өлеңдерді, риторика мен жалаң социологиялық үгітке толы жырларды ғана азаматтықтың үлгісі есебінде қараған кездеріміз де болған. Бүгін соның бәріне қарсы күресе отырып, қоғамдық құбылысқа, адамның жан дүниесіне тән сипаттарға терең талдау бере білетін жырлардың бәрінен де азаматтық үн табамыз. Шын ақын өз дәуірінің, өз замандасының сырына үңілмей тұра алмайды. Содан тапқаны мен көргенін айтады, сол негізде халық өмірі, оны толғантқан мәселелер жайлы ойланады, соның бәрін оқушысымен бөліседі. Поэзия – өзінді, өз құпиянды ашу, жария ету, Абай тілімен айтқанда, «сырыңды жұртқа жаю». Сондықтан, поэзиядағы азаматтық әуен де ақынның азаматтық кейпінен тұрады.

«Өз заманының алдыңғы қатарлы идеясымен қаруланған, әрқашан жаңалық пен жақсылықтың жаршысы, биік мұраты бар ақын – өз елінің азаматы. Ендеше, оның бойындағы ақындық пафос пен рух та, оның адамзатпен, уақытпен сырласуы да, өзімен-өзі кеңесетін шақтары да қоғам, ел мүддесімен, адамзаттың көкейкесті мәселелерімен ұштасып жатады», – дейді С.Қирабаев.

Дәл осы тұста Хамит ақынның «Тоқырау» атты мына бір өлеңі назар аударарлық;

«Тарлық етіп тұрғандай жер бізге де,
Су тамызар таңдайға елді іздеме.
Мына дүние айналып бара жатыр,

Алаяқтар айқасқан көргізбеге» [4, 58б.]. Ақын осы бір шумақта тоқсаныншы жылдардағы нарықтық экономикаға құрылған қоғам адамдарының психологиясын дәлме-дәл береді. Ақын осы өлеңінде адам бойындағы нарық әкелген жағымсыз мінез-құлыққа іштей наразылық білдіреді.

«Мұндастардың көңілін күндес ұғып,
Қайыршылық келеді шынға шығып.
Төгілген тер, аққан қан зая кетіп,

Көз алдында барады құмға сіңіп». [17, 58б.]. Кеңес үкіметі тарап, Қазақ елі тәуелсіздігін алған алғашқы жылдардағы ауыр жағдай, экономикалық тоқырау, жұмыс орындарының жабылуы, ел әлеуетінің күрт құлдырауы, бәрі-бәрі ақынның нәзік жанын ауыртады. Сол себепті де азамат ақын осы бір оқиғаға өлеңімен үн қатады.

Жалпы алғанда, қай заманда болмасын ақын – ұлттың перзенті. Ол өз ұлтының жоқшысы. Ұлттың рухының қорғаны. Туған халқының басындағы жақсылыққа жас сәбидей жаны қалмай қуанса, ел басына түскен ауыр жағдайға қабырғасы қайыса қайғырады. Міне, осындай сәтте ақынның

азаматтық бейнесі көрінеді. Хамит Балшабеков те сондай азамат ақын. Ол өзінің туған халқын бар жан-тәнімен сүйеді. Туған халқының рухына қорған болсам деген ізгі ниеттен туған жырлары оны әдебиетте азамат ақын биігіне көтерді. Бұл пікірімізге жоғарыда келтірген мысалдар толықтай дәлел бола алады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Егеубаев А. Сыр мен сымбат. – Алматы: «Жазушы», 1981. – 224 б.
2. Балшабеков Х. Балтамыр. – Өскемен: «Шығыс полиграф», 2007. – 180 б.
3. Балшабеков Х. Өмір, саған ғашықпын. – Өскемен: «Шығыс полиграф», 1993. – 116 б.
4. Балшабеков Х. Таңдамалылар. – Өскемен: «Берел», 2017. – 236 б.

Мұхтар тағылымын таразыласақ

Амангельдинова К.

Мұхтар Әуезовтің балалар әдебиеті үшін, бала тәрбиесі үшін ерекше маңызы бар дүниесі – жазушының өмірбаяны, тар жол тайғақ кешкен ғұмыр жолы. Осы жұмыста жазушы өмірінің әлі күнге зерттеуді қажет ететін бұлдыр тұстары, тағылымы мол ой-пікірлері зерделенді.

Сондай-ақ, әйгілі қаламгердің әлем әдебиетіне қосқан үлесі, суреткерлік шеберлігі, азаматтық бітімі турасында бүгінге дейін көптеген зерттеулер жарық көргенмен, оның шығармашылық ғұмырнамасына қатысты жайттар жаңаша пайымдауларды қажет ететіндігі дәйектелді.

Кілт сөздер: әдебиет, көркем өнер, зерттеу, қаламгер, шығармашылық, шеберлік.

(Орысша)

Ключевые слова: Кипчакское ханство, Казахское ханство, кочевая государственность.

Аннотация. Статья посвящена проблеме преемственности государственных традиций Кипчакского ханства и Казахского ханства. В работе показаны общие и особенные черты государственности средневековых кочевников. Дается анализ исторических источников по изучаемой проблематике.

Ключевые слова:

(Ағылшыл тілінде)

Abstract. The article is devoted to the issue of continuity of the state traditions of the Kypchak Khanate and the Kazakh Khanate. General and special features of the statehood of medieval nomads are shown in the work. Historical sources are analyzed on the topic under study.

Abstract. The article is devoted to the issue of continuity of the state traditions of the Kypchak Khanate and the Kazakh Khanate. General and special features of the statehood of medieval nomads are shown in the work. Historical sources are analyzed on the topic under study.

Кемел жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің “ Ел боламын десең, бесігіңді түзе” деген қанатты сөзі бала тәрбиесі турасында темірқазық іспетті ақиқат. [1. 88]

“Ешбір өнерді құрғақ тілек, бұйрық туғызбайды. Көркем өнердің міндеті – табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу. Көркем өнер біздің ішкі дүниемізге, жан жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді”- деп бала тәрбиесіндегі басты құрал көркем өнер екенін атап көрсетеді.[2. 126]

Дүниежүзілік дәрежедегі өнер мен мәдениет туындылары қоғам дамуының үлкен бетбұрыстарына жауап ретінде, соған суреткердің қатысы ретінде туады. Ол болмыс пен сананы, қоғам мен рухани дүниені жоғары әлеуметтік парасат биігінен, мән мен тұтастық ұғымында бажайлап ой елегінен өткізуді керек етеді.

Мұндай кезеңдерде қайшылықты болмыс шындығын қарапайым, күнделікті формальды қисынмен түсіндіру мүмкін емес, сондықтан өмірдің нақты іске асатын деңгейлерін түсіндіру, суреткердің әлеуметтік құбылысты адамзат танымының даму кезеңдерін, өз танымының саналы сатысынан өткізетін, диалектикалық тұрғыдан терең ой мен толғанысты қажет етеді.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің терең философиялық астары бар өмірі мен шығармашылығы бұл ойымызды дәлелдей түседі. Өйткені, жазушының үздік шығармашылық жетістіктерге жетуі тек оның талантына ғана емес, осы биікке барар жолдағы бағыт-бағдарының философиялық жөні мен жолына да тікелей байланысты. М.О.Әуезовтің қоғам дамуындағы этникалық мәселелердің тарихи орны мен мәні туралы көзқарасы да қоғамтанушы ғалымдардың назарынан тыс қалып келе жатқан дүние екендігі жасырын емес. Тек соңғы жылдарда ғана кәсіпқой философтар бұл мәселеге көңіл бөле бастағаны сүйсінерлік іс. Осыған орай Ә.Тайжановтың докторлық диссертациясын атауға әбден болады.

Жазушының көркем шығармаларын этномәдениеттік құндылықтар, ұлттық психология, ұлттық талғам мен таным, тәрбие туралы энциклопедия десек те артық етпейді. Мұхтар Әуезов мәдени мұраны ғылыми да,

практикалық та маңызы бар мәселе деп түсініп, өз еңбектерінде ұлттық мәдениет пен тарих ескерткіштеріне зор мән беріп отырған.

Себебі, әрбір ұлт өз мәдени тарихнамасының маңызды беттерін, өзінің мән-мағынасын құрайтын, көне тарихты жасайтын барша асыл қазыналарын бүгінгі күннің игілігіне айналдыру арқылы ғана қазіргі жасап жатқан рухани дүниелерінің сыр – сипатын кеңінен танытпақ. Бұл мәселенің осы жағына тоқтала келіп, М. Әуезов тарих қойнауына үңілсек, бүкіл адамзаттың прогрестік жолмен дамуына баға жетпес зор үлес қосқан, дүниежүзілік мәдениеттің негізін қалаған, Шығыс халықтарының мәдени дамуынсыз әлемдік өркениетті көзге елестетудің өзі мүмкін еместігін, ал қазақ халқының мәдениетін сан ғасырлық мәдени-тарихи даму жолы бар Шығыс халықтарының мәдениетінен бөле қарауға болмайтындығын ескертеді.

Олай болса, қазақ халқы да өзінің сонау арғы дәуірлерден бермен қарай жасалып келген бай қазыналарын, мол мұрасын бүгінгі күннің әдебиетімен, өнерімен, мәдениетімен, әсемдік әлемімен, пәлсапалық ой кешу үрдісімен ұластырғанда ғана, өзге ұлттармен және ұлыстармен бірлесе отырып, жаңа заман мәдениетінде өзінің қолтаңбасын қалдыра алады.

Жалпы республикамыздың білімін, мәдениетін көтеруде, қазақ әдебиетінің тарихын, қазақ жастарының әр буынына арнап оқулықтар мен оқу құралдарын, курс бағдарламаларын жазу ісінде еліміздің мәдениет қайраткерлерімен бірге М. Әуезов те көп еңбек сіңірді. Оның 20 жылдардағы мақалаларының көпшілігі оқу-ағарту бағытындағы тақырыптарды қамтиды және бәрінің де негізгі түйіні қазіргі уақыттағы біздің халық мұқтажы – оқу деген ойға саяды.

Ағартушы ғалымның сол тұстағы мақалаларының бәріне дерлік, бір-бірімен сабақтасып жатқан ағарту, білім беру, мәдениет, өнер, ғылым мәселелері сөз болады. Біз оларды осынау жұмысымызда түгел талдап жатуды мақсат етпейміз. Алайда, жазушының балалар әдебиетіне қосқан үлесі жете зерттелмей, әсіресе әдебиет сыншылары тарапынан бұларға тиісінше талдау жасалып, баға берісі әлі де толыққанды жүзеге асты деп батыл айта алмаймыз.

Мұхтар Әуезовтің “Әдебиет хрестоматиясы”, “Жеткіншек”, “Новый ауыл” оқулықтары мен “Қазақ шаруа - жастар мектебіне арналған программа және түсінік хаттары”, сөз жоқ, тек Қазақстандағы педагогика саласын дамытуда ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғамдық және жалпы гуманитарлық ғылымдар саласының дамуына қосылған қомақты үлес. Өйткені, ол кезде қазақ мектептері үшін оқулық жасау - мәдени де, саяси да мәні бар мемлекеттік іс еді.

Қазақстан мәдениетінің, оның ішінде ғылымның жаңа ғана аяқ басып, тұсауын кесер-кеспес кезеңінде Мұхтар Омарханұлының әдебиетте тұңғыш рет оқулықтар жазып, бағдарламалар құрастыру ісіне ат салысуы аса құптарлық та, сүйсінерлік іс, қазақ мәдениетінің тарихындағы үлкен жетістік пен зор табыс, қоғамдық ғылымдардың

даму қазынасына қосылған қомақты үлес екендігі ғалым-ұстаздың көзі тірісінде-ақ өз бағасын алғаны баршаға аян.

М.О.Әуезовтің жалпы ағартушылық-педагогикалық идеяларының ішінде жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру мәселесі көрнекті орын алады. Ол ұлттық тәрбиені тұтас, үнемі дамуда болатын, күрделі және қайшылықты процесс есебінде көрсетеді. Көркем шығармаларына үлкен тәрбиелік мән тұрғысынан қараған ұлы жазушы өз шығармашылығында жеке, ерекше және жалпының, түр мен мазмұнның, мән мен құбылыстың, мүмкіндік пен шындықтың, қажеттілік пен кездейсоқтықтың диалектикасын терең де кең пайдаланған. Өйткені, диалектиканың осы категорияларының бәрі де тәрбиеге, тәрбие процесіне тікелей қатысты.

М. Әуезов шығармаларында, әсіресе, диалектиканың өлшем мен қатынас категориялары көп қолданылады, олар жазушы ой-қиялымен ұласып, нақты түрде өз шешімін табатыны белгілі. Ал бұл шындық категорияларынсыз жалпы ағартушылық үрдіске қатысты, оның ішінде тәрбиенің асыл тегі мен қасиеттері сөз болуы мүмкін емес. Ойымыз дәлелді болуы үшін “Абай жолы” эпопеясының мынадай жеке тарауларына көз жүгіртсек: олар “Қайтқанда”, “Қат – қабатта”, “Шытырманда”, “Бел – белесте”, “Өрде”, “Қияда”, “Кек жолында”, “Өкініште”, “Қақтығыста”, “Шайқаста”, “Жұтта”, “Биікте” тағысын тағылар.[3]

Осы аталған тараулардың барлығының бойында тұнып тұрған сатира мен юмор белгілері арқылы жаман әдеттен жас ұрпақ санасын азат ету сынды асыл қасиетке жетелейді. Кітаптың әр тараулары ғасырлар тұңғиығынан, әдет – ғұрыптан, әлеуметтік тіршіліктен хабар беріп қана қоймайды, сонымен қатар онда ұлылар үндестігі мен жарастығы, ел санасы мен таным дүниесі, әке мен бала, үлкен мен кіші, ұрпақтар жалғастығы, сезім мен сенім бір-бірімен түгел ерекше жарасым тауып қиюласа үндескендей эстетикалық әсер қалдырады.

Жастар үшін шығармадағы тәлімдік, тәрбиелік мәні бар аса көңіл бөлуге сұранып тұрған нәрсе – Абай мен Құнанбай жолы. Ақын жолы: өнер мен шындық, білім мен даму үрдісі, болашақ, халық пен туған жер қамы, ел намысы мен туған дәстүр, салт-сана үшін ымырасыз күрес жолы; Құнанбай жолы ақын ұлды ұлылыққа, парасаттылық биігіне, білімділік бағына жетелеуді асқақ мұрат тұтқан Мұхтар Омарханұлының белгілі ұстаз Спандияр Көбеевке, ірі оқымысты, тіл маманы Құдайберген Жұбановқа, ұлы ғалым Қаныш Сәтпаевқа, өнер шеберлері Күләш Байсейітова мен Қалихан Қуанышбаевқа, талантты ақын Әбділда Тәжібаевқа, жыр алыбы Жамбыл Жабаевқа, жалпы соғыстан кейінгі қылтып көріне бастаған мәдениет пен өнер, ғылым мен жазушылық өнер саласындағы барлық қайраткерлерге арнап жазған, айтқан сөздері де, шуақты юморлық тілге қаныққан сөздері өз алдына бір төбе. Бұл еңбектерінде ол жалпы республика мәдениет қайраткерлері мен ұстаздардың саяси - әлеуметтік, рухани –имандылық

бейнелерінің кіршіксіз таза, үлгі тұтарлық болуы керектігіне кеңінен тоқталады.[1. 85]

Халықтар арасындағы достық пен бірлік жаршысы болған Мұхтар Әуезов – кейінгі ұрпақтарға тәрбиелік мәні бар адамды сыйлау, белгілі тұлғаларды, ұлыларды ардақтауды мирасқа қалдырған ұлы ұстаз-жазушы. Ол осы ниетпен Шота Руставели мен А.С.Пушкин, М.Горкий мен А. Чехов туралы терең ойлы мақалалар жазып, олардың үлгілі тұстарын көрсете білді.

Достық туралы жастарға Ш.Уәлиханов пен Ф.М.Достоевскийді үлгі етпесе, халықтың үні ғасырлар үні есебінде Т.Г.Шевченко мен Жамбыл туралы мәніне жеткізе отырып, терең ой тастады. Осылардың бәрін жазушы ермек үшін емес, кейінгі жастарға үлгі үшін жазғаны ақиқат. Ұлағатты ұстаздың жеке басының өзі бір ұрпақты тәрбиелегенінен кейін О.Сүлейменов, Ә. Әлімжанов, Ш.Айтматов және басқалар туралы талай жазды да.

М.Әуезов халықтар достығын, ұлтаралық қатынастарды тұрақтандыру үшін, негізгі қазақ халқының мақсат - мүдесін қорғауға, онымен есептесуге, мүдделерін ұштастыруға шақырады. Осы жағдайды жастарға ескерте отырып, ол былай жазады: “Көп ұлттылық, көп тілде сөйлеу тарихи факты болып отырғанда біздің орыс тілді студенттер мен студенткалар өздері күнделікті қатынас жасайтын ұлттың тілін, оның мәдениетін білулері керек”, - дейді.[2. 165]

Бұл айтылғандар – М.Әуезов тағылымы мен өнегесінің бір қыры ғана екендігі ақиқат. Өз халқын шын жүрегімен сүйе отырып, бүкіл адамзат мүдесін көздеу, адамзат болашағы жолында күресе отырып, өз халқының барша шығармашылық қуатын мейлінше жарқыратып ашуға үш салу, өтпеліге емес, ертеңгіге де, тіпті мәңгілікке қызыметке ұмтылған мұраты биік жан.

Бұл тағылым бізді өз дәуіріміздің өрелі әлеуметтік – рухани ізденістерінің соңында қалмай, аршындап басында жүруге, өз талантын да халықтың қайсар мақсаттарына жұмылдыруға шақырады. Қазіргі өтпелі кезеңде ұлттық мәдениет пен рухани ұраны халқымыздың қажетіне жаратып, ХХІ ғасырға қарай қадам басқан салауатты қазақ халқының өркениет шыңына жетеріне күмән жоқ. Сондықтан әуезовтанудың теориялық және методологиялық мәселелерін тереңірек зерттеу – бүкіл түрік әлемінің келелі міндеті.

Түйіндей айтқанда, Мұхтар Әуезовтің жас пен жасамысқа арнаған әртүрлі жанрдағы шығармаларын әр дәуір өзінше түсініп, өзінше пікір-ой айтса да, соншалықты алдыңғы айтылған оймен қайталанбайтын тұңғықтығымен өлшенбек. Ұлылықтың өзі – әр буынның таным дүниесін қажет ететін қасиет.

Әдебиеттер тізімі:

1. М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі.- Алматы: Ғылым, 1997- 308 б.
2. М. Әуезовтің қолжазба мұрасы.- Алматы: Қазақ ССР- ның Ғылым баспасы, 1977.- 308 б.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы - Алматы: Ғылым, 1997.

«Становление государства огузов и их роль в политической жизни Евразии»⁷

К.К. Омирбек
keondream13@gmail.com

Аннотация: В статье рассматривается возникновение, расцвет государства огузов, а так же роль государства огузов в политической истории Евразии. Определяется роль правителей-ханов в социально-политической жизни, всесторонне рассматривается их роль как политических организаторов и их военная деятельность.

Ключевые слова: Государство, огузы, джабгу, история, ябгу.

Abstract: The article examines the emergence and prosperity of the state of the Oghuz, as well as the role of the Oghuz state in the political history of Eurasia. The role of ruler-khans in socio-political life is determined, their role as political organizers and their military activity is comprehensively considered.

Key words: State, Oghuzes, Dzhabgu, history, Yabgu.

Огузское государство сложилось в IX-X вв. в бассейне среднего и нижнего течения Сырдарьи и примыкавших к ней степях Западного Казахстана. Этимология термина «огуз» до сих пор не определена. В трудах Махмуда Кашгари, Марвази упоминаются роды, относящиеся к огузам: кийк, баят, язгыр, имур, карабулак, тутырка и др. Огузы созданы из двух экзогамных фракции. Это – бузук (серая стрела) и учук (три стрелы). Всего было 24 племени, по 12 в каждом крыле. Каждое крыло делилось на три группы, в каждой группе было по 4 племени. [1, с.56].

В середине VIII века, после сражения с карлуками за наследство Тургеш значительная часть огузов, покинув Жетысу, ушли в окрестности Чу. Здесь была их орда, именуемая «Старая Гузия». В начале IX века вождь огузов в союзе с карлуками кангар-печенегов захватили нижнюю часть Сырдарьи и окрестности Арала. В конце IX века они, создав союз с хазарами,

⁷ Научный руководитель, к.и.н., ассоциированный профессор ВШГН ППУ имени А.Х. Маргулана Н.Е. Кузембаев.

победив печенегов, берут под свое владение территорию между Уралом и Волгой [2, с.48].

Стремительные события второй половины VIII - конца IX вв. привели к тому, что у огузских племен стали складываться элементы государственной организации. Многие историки считают, что война с печенего-кангарской конфедерации и необходимость внешней безопасности привели к этому продвижению. Это началось после распада Западно-тюркского каганата. Существует мнение, что держава огузских ябгу сложилась около 766 г., но следует отойти от данной точки зрения, так как нет достоверных сведений, которые подтверждают данную точку зрения. Первые упоминания, которые попали в руки историкам нового времени, появляются в арабоязычных историко-географических сочинениях конца IX - начала X в. Тем самым можно уже более уверенно говорить, что именно в это время происходит окончательное сложение державы сырдарьинских ябгу [3, с.132].

Одно из наиболее первых известий, дошедших до нас о существовании у огузов своего государства, содержится в сочинении Ибн Вадиha ал-Йакуби. В одном из своих рассказов о тюркоязычных племенах и народах, он пишет: «Тюркестан и тюрки делятся на несколько народностей (джинс) и несколько государств (мамлака), в том числе карлуки, токуз-гузы, тюргеши, кимаки и гузы. Каждый из приведенных мной народностей тюрков имеет свое отдельное государство, и один из них воюют с другими» [3, с.132].

В географическом труде «Китаб ахбар ал-булдан» Ибн аль-Факиха есть очень интересные сведения о племенах огузов IX-X вв., где есть высказывания того, что наряду с кимеками и тогыз гузами «цари» (малик) огузов и что у тюрков они были больше других в почете [4, с.40]. И судя по контексту Ибн ал-Факих подразумевает здесь современную ему эпоху IX - начала X в. Точные сведения письменных фактов дают возможность сделать выводы, что в начале X века у огузов была сформировавшаяся государственность.

В X веке столицей государства огузов был выбран город, под названием Янгикент или Новая Гузия. Множественно обстоятельств стали причиной выбора политическим центром державы огуз Янгикента. Среди них самым главным было географическое место на пересечении с крупными земледельческими районами Азии, Хорезмом и Мавераннахром. Янгикент был расположен на важном караванном пути, который вел через степи кимеков в Сарысу, Кенгир, Есил и Нуру. Торговый путь, ведущий в Сыганак и Южный Урал, лежал через этот город.

Как и другие древние феодальные политические объединения, государство огузов не было полностью сгруппированным государством. Аль-Идриси писал что, по всей видимости, были ханы, несколько царей у огузов. Ханские ставки этих вождей, которые возглавляли крупными объединениями, были укрепленными местами, где хранилась казна и продукты. Ханы огузов сформировали специальную армию для защиты

своих владений, и в случае войны или вторжения они забирали детей и имущество и прятались в крепости [5, с. 201].

Правитель Огузского государства носил титул «Джабгу» (ябгу). Его советники и соправители носили титул «Кольэркин». Правители избирались на совете. Эти советы были измененными по сравнению с прежним народными собраниями. Тем не менее, народные собрания огуз созывалось редко, и главную роль в повседневной жизни играл совет шонжаров (канкаш). И когда созывалось народное собрание, они прислушались ко мнению и воплощали волю огузской аристократии в жизнь. Согласно легендам, правители огузов выбирались из ханских потомков, а сами выборы проводились на основе сборника написанных законов. Она основана на том факте, что старшему брату отдается приоритет перед младшим братом. У джабгу были наследники именуемые «инал», и в детстве им назначали для воспитания специальных опекунов (атабеки). Как и у других турецких правителей, женам огузских джабгу присваивались звания «хатун», и они играли важную роль в дворцовой жизни. Во дворце начальник (сюбаши) огузских воинов, опирающегося на военный совет, играл значительную роль. Военачальники принимали участие в политических событиях, иногда даже выступали против джабгу [6, с.93].

Государство огузов было феодальным государством древности по своей политической и социальной природе. Здесь сохранились институты управления народом, выросшие из недр военно-демократических строений, а власть джабгу ограничивали крупные военно-племенные советы аристократов. Сформировались аппараты правления. Уже в конце X века появилась система поборов, взываемых своевременно.

Государство огузов сыграло важную роль в политической и военной истории Евразии. В 965 г. между джабгу огузов и Киевским князем Святославом был заключен военный союз против хазар. В результате Хазарский каганат был разгромлен.

Военно-политический союз между Киевской Русью и хазарами возник на основе единства их политических, торговых и экономических интересов. Для древнерусского государства, находившегося ранее в соперничестве с Хазарией, нуждалось в союзнике, а во-вторых, кочевые огузы, вступавшие в феодализм, жаждали выпаса скота вокруг Дона и Черного моря, что Хазария не позволяла это реализовать. Также огузы были очарованы очень важными дорогами, которые соединяли Европу и Азию, проходя вдоль Волги, Мангистау и Устюрта. Эти торговые пути интересовали и древнерусское государство, которое хотело держать их под своим контролем. Разгром Хазарии открыл путь на богатый рынок восточных государств русским купцам. Все это подталкивало огузских джабгу в своей внешней политике создать союз с русскими князьями. Огузы долгое время воевали с хазарским каганом, пока Хазария не была разгромлена в 965 году. Кровавые битвы между племенами огузов и хазар, по-видимому, произошли в степях западного Мангистау. Здесь начиналась граница Хазарского государства,

которая в середине X века достигла северо-восточного побережья Каспийского моря. Разгром Хазарского каганата привел к росту политической мощи государства огузов. В конце X века джабгу огузов в союзе с русскими князьями разгромили и Волжскую Булгарию. Русские летописи показывают, что в 985 году князь Владимир вступил в союз с тюрками (огузами), чтобы совершить набег на Булгар. Войско князя плыло на лодках по рекам Волги и Кама, а тюрки скакали по берегам на боевых лошадях.

В конце X-XI вв. государство огузов приходит в упадок. Учащаются восстания огузских племен, недовольных хищническим сбором поборов. По сведениям географических преданий огузов восстания огузских племен проводились против правления хана Али, пришедшего к государственной власти в начале второй половины X века. Недовольство тому, что жабгу преимущественно используют политику сохранения и увеличения своих богатств, использовали в середине X века вожди сельджуков, обустроившихся поблизости Джента. Вожди сельджуков, начав восстание против властителей огузов, завоевали Джент. Тем не менее, они, видимо, не оправдали возложенные на них надежды и потеряли поддержку простого народа. В противном случае, трудно объяснить то обстоятельство, что они были вынуждены были в очень короткое время уйти с окрестностей Джента. Движения восставших неудачно завершились, сопротивления народов были подавлены, угнетены. Все эти обстоятельства были причиной укрепления власти наследника хана Али и его преемника Шахмалика. Усиление государства во время его правления было настолько сильным, что в 1041 году огузы завоевали Хорезм. Все же после двух лет, по фактам Шахмалика, нам известно, что последний из джабгу попал в руки сельджуков и был убит. Борьба против восставших, многие годы проводившиеся сражения и войны ослабили объединение джабгу, проникнув тайно внутрь объединения. Государство огузов развалилось от ударов племен кыпчаков. Значительная группа огузов ушла в Восточную Европу, Малую Азию. От притеснений кыпчаков, другая часть переехала к владениям династии Карахан и властителей сельджуков. Остатки огузов, разгромленные в середине XI века кыпчаками, позднее присоединились к тюркоязычным племенам Дешт-и Кыпчаков [6, с. 56].

В целом, "Огыз-наме" рассказывает генеалогию правителей огузов следующим образом: "Огуз-хан, Гюн-хан, Диб Явкуй-хан, Курс Явкуй-хан, Кору Ясак Явкуйхан, Инал Явкуй хан, Иналыр Явкуй-хан, Ала Атлы Кеш Инал-хан, Кёл Эрки-хан - Туман-хан, Туман-хан, Тикан Биле Эр Бичкен Кайи Явкуй-хан, Уладмур Явкуй-хан, Кара-хан, Бугра-хан, Кору-Текин, Оюнак, Арслан-хан, Осман-хан, Эсли-хан, Шабан-хан, Буран (Туран)-хан, Али-хан, Шах Малик, Керакючи Ходжа, Токсурмыш Ичи, Тугрул, султан, Токуз Явкуй, Саман Явкуй, Агым Явкуй, Кёкем Явкуй, Себюк-Тегин, Махмуд Себюк-Тегин, Тогрул-султан" [7, с.7-9]. Каждый из этих перечисленных

личностей сыграл свои роль в политико-социальной и экономической жизни государства огузов.

Нужно заметить, что письменные источники не богаты точными фактологическими сведениями о жизни и деятельности огузских джабгу. В наше распоряжении материалы в виде легенд или преданий или материалы родословной из «Огыз-наме» и родословной Абулгазы Бахадура [7, с.32-33]. Например, в генеалогическом древе Абулгазы есть строка. Чтобы не отклоняться от истины, я считаю необходимым процитировать в оригинальном тексте: " От Огуз-хана до (седьмого владыки) Кузы Йавы-хана все так и есть, как мы рассказали. Теперь мы расскажем об Инал-хане. Со времен Инал-хана и до времени, когда мы сочиняем эту книгу все, что мы рассказали, – все достоверно и нет никаких погрешностей. Но сколько лет прошло между Кузы Йавы-ханом, мы не можем определить. А если это так, то следует говорить об этом мало, если же скажем много, может стать, будет ложь: может быть прошло четыре тысячи лет. Кроме того, мы знаем, что Огуз-хан жил во время Каюмарса, а у Инал-хана везиром был Коркут-ата. Потомки Аббаса, младшего брата матери нашего пророка (Мухаммада) царствовали в Багдаде пятьсот лет. Коркут жил в их времена. Между Каюмарсом и потомками Аббаса прошло пять тысяч лет, Кузы Йавы-хан – пятый потомок Огуз-хана. Теперь считайте сами: сколько лет прошло между Кузы Йавы-ханом и Иналом, ханом Коркут-ата. В настоящее время мы не знаем в подробностях и поименно, кто был, а кто не был за эти упомянутые четыре тысячи лет" [6, с.58]. Наряду с этим Огыз Хан и Коркыт ата, великие личности рассматриваемого нами времени, являются яркими представителями не только казахского, но и всего тюркского народа. Мы не можем исключить того, что их каждое действие, политика и другие функции являются стимулами, направленными на процветание тюркского народа.

Таким образом, мы рассмотрели возникновение государства огузов в степях Евразии, увидели становление государства, расцвет его мощи, связь с русскими князьями. Огузы владели значительными территориями в степях и сыграли важную роль в общественно-политической жизни Евразии. Наш гражданский долг - это помнить свое историческое прошлое, гордиться национальным достоянием народа и продолжать укреплять независимость своей страны.

Литература

1. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / З-А. М. Ауэзова. - А.: Дайк-Пресс, 2005. - 1288 с.
2. Беркинбаев О. Государство Огузов // "NDH digest" От тюрков до огузов. - 2017. - №3. - С. 48-49.
3. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX - XIII вв. Ашхабад: Ылым, 1969. – 295 с.

4. Кадырбаев А.Ш. Карлуки в эпоху монгольских завоеваний XIII-XIV веков // Материалы этнической истории населения Средней Азии. – Ташкент, 1986. – 156 с. – С. 75-82.
5. Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. – - А.: Ғылым, 1999. – 296 с.
6. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX – XI вв. по арабским источникам. А.-А.: Наука, 1972. – 156 с.
7. Фазлаллах Рашид ад-Дин. Огуз-наме. / Перевод с персидского, предисловие, комментарии, примечания и указатели Р. М. Шукюровой. - Баку: Элм, 1987. - 128 с.

Абай мұрасы өркениет өресінде

Тлебалды Лағыл Дарынқызы

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

suleimenova1978@bk.ru

Түйіндеме: Мақалада Абайдың жан мен тән мәселесіне көзқарастары және «жан құмары, тән құмары», «адам бол» тезистерінен бастап, «толық адам» концепциясына дейін ғылыми талдау жүргізілген. Осы орайда ақынның поэзиясы мен қарасөздері, ғылыми-философиялық трактаттары зерттеу нысанына арқау болған.

Сондай-ақ, Абай мұрасынан, әсіресе ойшылдық тұрғысындағы гақлия сөздерінен әлем заңдылықтарын көріп, өзіміздің күнделікті өмірде де, мемлекетіміздің өркениетінің қарқынды даму жолында да пайдаланатын көп құндылықтарды айқындау тұрғысында президент Қасым-Жомарт Тоқаевтің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласынан дәйектеме келтірілген. Және де “қазақтың бас ақынының” рухани әлемі мен дүниетанымын зерттеген ғалымдар еңбектерінен пікірлер келтіріліп, сілтемелер жасаған.

Аннотация: В статье проводится научный анализ взглядов Абая на проблему души и тела и исходя из тезисов «вождеделение души, вождеделение к телу», «будь человеком» и понятия «целостный человек». В связи с этим предметом исследования стали поэзия и проза поэта, научно-философские трактаты.

Также приводится цитата из статьи Президента Касым-Жомарта Токаева «Абай и Казахстан в 21 веке» для того, чтобы увидеть закономерности мира из наследия Абая, особенно из слов гақлия с точки зрения мышления, и определить многие ценности, которыми мы пользуемся как в своей повседневной жизни, так и на пути стремительного развития цивилизации нашей страны. А ученые, изучавшие духовный мир и мировоззрение «главного казахского поэта», делали комментарии и ссылки из его произведений.

Abstract: In the article, a scientific analysis of Abay's views on the problem of soul and body and starting from the theses "lust of soul, lust for body", "be a man" and the concept of "complete man" is carried out. In this regard, the poet's poetry and prose, scientific-philosophical treatises were the subject of research.

Also, a quote from the article "Abai and Kazakhstan in the 21st century" by President Kassym-Jomart Tokaev is given in order to see the world laws from Abai's legacy, especially from the ghaklia words in terms of thinking, and to define the many values that we use both in our daily life and in the way of the rapid development of the civilization of our country. And scientists who studied the spiritual world and worldview of the "chief Kazakh poet" made comments and references from his works.

Кілт сөздер: мұра, өркениет, концепция, құндылық, рухани әлем, дүниетаным.

Ключевые слова: наследие, цивилизация, концепт, ценность, духовный мир, мировоззрение.

Ағылшын тіліндегі аударма: heritage, civilization, concept, value, spiritual world, world view.

Жалпы, Абай мұрасына зер салып қарасақ, өлеңдері мен дастандарынан, ойшылдық тұрғысындағы ғақлия сөздерінен әлем заңдылықтарын көріп, өзіміздің күнделікті өмірде де, мемлекетіміздің өркениетінің қарқынды даму жолында да пайдаланатын өте көп құндылықтарды таба аламыз.

Қазіргі кездегі діннің алғашқы мәні бұрмаланып, ұлттық дәстүрдің құлдырау шағында әркімге де бақытты өмір жолынан адастырмайтын тұрақты нысана керек. Біз ол нысананы Абай әлемінен таба аламыз.

Абай қара сөздерінде «толық адам» болудың бірден-бір жолы тәлім-тәрбиенің дұрысы деп біледі. Өзінің жетінші қара сөзінде Абай: « Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр – жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай - керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетінкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», « бұл неге үйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген», - деп ой түйеді [2. 21].

Баланың жас жағындағы осы екі мінезі оның бар өмірінің бағыт-бағдарына бастау болады. Адам өмірі – таразы. Бір жағында жан құмары, екінші жағында тән құмары. Бұл екі құмарлыққа бірдей әмірін жүргізіп, таразы басын теңестіру кез-келген адамның қолынан келмейді. Ата-ананың

міндеті баласын қандай да болмасын асылыққа, астамшылыққа бойын салмай, таразы басын теңестіре отырып тәрбиелеу.

«Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады. Ғәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Ғәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді» [2. 119]. Талап та ақыл да күш те екі жақты нәрсе. Талаптың да ақылдың да күштің де неше түрлісі болады. Адамның әр қасиеті сан қырлы. Ол қырлардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін жүрек ажыратпақ. Себебі жүрек алдамайды.

Сондықтан Абайдың он жетінші қара сөзінде орын алған қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өнерлерін айтысқан айтысында, Абай жүректі қолдайды. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің бар қасиетін таразыға салып, жақсылығы мен жамандығын саралайды. Қайраттың орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын пайдасымен қатар қаттылығына орай кейде жамандықты берік ұстап кететін залалын әшкерелейді. Ақылдың не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса білетұғын, ғылымның сөзін ұғатұғын пайдасын ескере отырып, амал мен айланың көзі де ақыл болатұғының, ақылдың жақсы мен жаманның қызметінде бірдей жүретіндігін де елеусіз қалдырмайды. Сөйтіп, бұл үшеуінің басын қоспақ ғылым екенін, бірақ сонда да билеуші, әмірші ақылдың көп қырына көнбейтін, жақсылыққа құмар, қайратты еркіне жібермейтін жүрек болу керектігін айтады.

«Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым.

Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, - депті» [2. 40].

«Толық адам» болудың мәні жүрек тазадығында, ал жүрек тазалығы жаныңды жаратқан құдайдан. Жүректі таза сақтап қалудың бірден-бір амалы құдайға сыйыну.

Абай: «Иман деген – Алла тәбарака уатағаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа һәр неге бізге пайғамбарымыз саллала Аллаһу һалайһи уа саллам арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойынсұнып, иманмақ» [2. 31], - деп адамдарды имандылыққа шақырады. Бірақ «толық адам» болу үшін құр иманмақтықтың жеткіліксіз екендігін де айтады. «Әуелі дін исламның жолындағы пенделер иманның хақиқаты не сөз екенін білсін. Иман дегеніміз бір ғана инанмақтық емес, сен Алла тағаланың бірлігіне, уә құранның оның сөзі екендігіне, уә пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салаллаһу ғалайһи уәссәлләм оның тарапынан елші екендігіне инандың. Жә, не бітті? Сен Алла тағалаға Алла тағала үшін иман келтіремісің я өзің үшін иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де, Алла тағалаға келер ешбір

кемшілік жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жә инандың. Ол инанмақтығың құр ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмадың, пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады» деп, Аллаға әйтеуір сыйыну керек деп емес, шын ниетіңмен хаққа иман келтіру керектігін түсіндіріп өтеді [2. 82].

Алла деген сөз жеңіл
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек шын көңіл,
Өзгесі Хаққа жол емес [1].

Отыз бесінші қара сөзінде ғибадат етушілерге айтылар үкім турасында сөз қозғайды. «Махшарға барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт – соларды қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғиззат үшін, сый-құрмет алмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола, бір ғана құдай тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.

Дүние үшін болғандарға айтар дейді: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниең харап болған, сонымен қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріндер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіңе ахиретті ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?» деп...[2. 75].

Иманның басты көрінісі ниеттің адалдығы. Мекеге қажылыққа барудағы, мешітте дұға оқудағы, садақа берудегі мақсаты Алла разылығына бөленіп сауап алу емес, жұрттың мақтауын, «қажеке», «молдекесін» есту болса, ол адамның амалдары рияға айналып, екіжүзділікке саяды деген сөз. Рия – араб тілінде екі жүзділік деген мағына береді, ал, діни сөздіктерде Алланың ризалығы үшін емес, жұртқа көрсету, мақтану, өзінің атақ – абыройын өсіру үшін жасалатын амалдар деп айтылған. Алла разылығы үшін жасалатын амал риядан аулақ болуы керек. Рия туралы қасиетті Құранда көптеген аяттар бар. Алла тағала екіжүзділерді сынасаған бір аятында « Әй, мүміндер! Аллаға, ахирет күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарып қылған кісідей, садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймандар. Міне, соның мысалы: Үстінде топырағы бар тас сияқты, оған қатты нөсер жауса, (топырағын шайып) тас күйінде қалдырады. Олардың еңбектері еш болады» - деп, рия үшін жасалған амалды жаңбыр жауғанда еріп кететін тас үстіндегі топыраққа теңеген [2. 32].

Екіжүзділік салдары адамды тозаққа түсіреді. Екіжүзді адамның қылған мінажаты риялы болып саналады. Абай одан құтылудың амалын табу үшін иман келтіргенде Аллалық сипаттарды бойға сіңіру қажеттілігін айтады. Ол: «Өз пиғылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп надандықбірлан ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасы бірлән емес, соның соңында болмақ» дейді [2,132]. Міне, осы «ұқсастық» жүрек көзінің ашылуына сеп болады. Кез – келген

ниет адамды бір амалға итермелейді. Ниеттің түзулігі амалдың дұрыстығына бастайды. Әр амалдың ниетке байланысты екендігін Абай отыз сегізінші қара сөзінде «Иннамал ағман бинниат» деген хадиспен берген. Аудармасы «Расында, барлық амалдар ниетке жараса болады» деген сөз [2. 101].

Абайдың тәлім-тәрбиелі ғибратқа толы қара сөздері қырық бесінші сөзбен аяқталады. Қырық бесінші сөзде Абай: «Құдай Табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әр түрлі сөйлесе де, бәрі де бір үлкен Құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат Құдайға лайықты дегендігі.

Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пәндеміз. Сол махаббат пен ғаделетке қарай тартпақпыз. Сол Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады. Инандым, сендім демек инандырамын, сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан Тәңірінің ісі », - дейді [2. 121]. Демек, «толық адам» болу жолымен махаббат жолының торабы бір. Адам Хақты, адамзаттың бәрін бауырым деп сүю арқылы «толық адам» болу сатысына көтеріледі.

Абай өз шығармаларында рухани жұтаңдықты, яғни білімсіздік, надандық, тоғышарлық, мақтансүйгіштік сынды кесел қасиеттерден бойды арылтып, ал адал еңбек ету, талаптану, рақымды болу, қанағатшылдық сияқты асыл қасиеттерді бойға жию керектігін түсіндіріп, ғасырлар бойындағы адамзат баласының ақыл ойында ұштасып келе жатқан діни-пәлсапалық, моральдық-этикалық, интеллектуалдық, адамгершілік тұжырымдамасы толық адам ілімін адамзат қоғамына мұра етіп қалдырды.

Абай шығармашылығына арқау болған құндылықтар қай қоғамда үстемдік етіп, салтанат құрса, сол елдер барлық көрсеткіштер бойынша жақсы өмір сүруде. Абай ілімі құндылықтары аяқ асты болып, екіжүзділік, аярлық саясат салтанат құрған қоғамда шырғалаңға қадам басып, іріп-шіру сатысында тұр.

Ақынның жиырма бірінші қара сөзінде айтылған – мақтан деген қасиет бар. Қазақ халқының бойындағы мақтан сезімі туралы ұлы Абайдың айтқандары бүгінгі күні жаңа сатыға көтеріліп, мемлекетіміздің стратегиялық бет-пердесіне айналды. Дана Абайдың – ұлылығы сол жеке адамға қатысты өте нәзік, шетін қасиеттерді талдай отырып, ұлттық мінезден де осы қасиеттердің көрініс алатындығын аңғартады. Қырық төртінші қара сөзінде «адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтыны болмайды. Әрнешік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көңіл іздеп тұрады» деп адам баласының әлсіз тұсының тамырын дөп басады.

Отыз төртінші қара сөзінде: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос» деген хакім Абай өлеңдерінде «Адамзаттың бәрін сүй – бауырым деп» жырлап, ұлтқа, дінге, нәсілге, әлеуметтік жікке, жынысқа бөлмей баршаға махаббат сезімде болуды үндеуі, қазіргі адамзат қоғамының басты ұранына

айналуы тиіс. Мынау бізге жат, мынау бізге теріс, мынау мүлде болмайды, мынау өзге діннен, мынау өзге ұлттан деп адам мен қоғам түрлі шектеу, тыйым, наразылық, жиіркеніш, жеккөрушілікті өршіткенде ешқашан келісім мен татулық болмайды. Адамзат қоғамы Абай сынды ұлылардың парасаты арасында ұлық, билік. Әлем ұлыларының асыл ойлары адам баласын бақытты өмір сүруге шақырып отырады. Адамзат баласының бақыты ол - шектеу мен тыйымдардан ада, жаны мен тәнінің үйлесімі, жан қалауын жүзеге асыра білу мүмкіндігі, адам құқықтарының салтанат құруы. [3. 97]

Ақын мұрасынан табатын тағы бір өте терең рухани мағына – ол адам өмірінің түпкі мақсаты. Абай ілімі бойынша адамның негізгі міндеті – Алла тағалаға құлшылық ету екені жөнінде көптеген дәлелдер келтіруге болады. Мәселен, ақын он жетінші қара сөзінде қайрат, ақыл, жүректің арасында дау туып, олардың ғылымға қалай жүгінгендері туралы айтатыны бар. Ортақ мақсаттан ауытқыған кезде не болатынын көрсету үшін біз де соның ізімен, мысал ретінде бір әңгімені келтірейік.

Адамның дене мүшелерінің барлығы, оның асқазанын тамақпен қамтамасыз ету үшін қызмет жасайтыны белгілі. Оның құлағы қай жерде тамақ барын естиді, аяғымен сол жерге барады, көзімен жолды көреді, мұрнымен тамақтың иісін сезеді, қолымен аузына салады, тісімен ұнтақтап, өңешімен асқазанға қарай жібереді. Сөйтіп, асқазан қанағат алып, тамақты қорытып, қуатты бүкіл денеге таратып, барлық мүшелерді қанағаттандырып, оларға күш-қуат береді.

Абай бұл өмірдің қысқа және өткінші екенін ескеріп, адамды тура жолға салу үшін былай дейді:

Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,

Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.

Ертең өзің қайдасың, білемісің,

Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ. [1] Абай білдірген адамның үш болмысы (рухани, нәзік, тұрпайы) туралы ислам классиктері де қолдайды. Жан таза рух болғандықтан, оны адамның сезім мүшелерімен қабылдау және материалдық әдістермен зерттеу мүмкін емес. Жан мәңгі. Жанның мәңгілік екеніндігін Абай «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» өлеңінде:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,

«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі, [1]

- деп білдіреді. Бұл өлең жолдары тән мен жанның өзіндік қасиеттерін көрсетеді. Мен – ақыл мен жан, ал тән «менікі», яғни «мен» тән емеспін. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, яғни «мен» жанмын, сондықтан мәңгілікпін. Ал «менікі», яғни тән өлсе өлсін, оған яғни тәннің өлгеніне көп қайғырма. Осылайша данышпан адам болмысын анықтап және олардың әрқайсының қасиеттерін көрсетеді. «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі», яғни тәннің өлгеніне бекіп, көп қайғырма дегенге саяды.

Жанның мәңгілікті қасиетін білмейтіндер және өмірін тән құмарымен өткізетіндер өлуді басқаша түсінеді. Бұл туралы да ақын өз танымын өлең жолдарымен ерекше өрнектей білген. Абай тәнді-«табиғат» деп, ал жанды-«адам» деп атап отыр. Ақынның ойынша, жан мен тәннің айрылғанын өлді деп атау білместік болады. Жанның сапасы Жоғары Жанмен ұқсас, өзгермейтін мәңгілікті. Ал дене - табиғат болғандықтан үнемі өзгерісте болатын уақытша нәрсе. Дененің өзгергіш екенін медицина ғылымы да құптайды. Әр сәт сайын мындаған клеткалар өліп, олардың орнына жаңалары туып, адам денесі өзгеріп, жеті-сегіз жылда тән толық өзгеріп, адам жаңа дене алады екен. [4]

Шынында, “аят,сүре сөздің басы” дейтін Абай «Құран-Хадиспен» сабақтас ой, тұжырамдамаларын үш имани сүюге (“Алла”, “адамзат”және “Хақ жолы – әділет”) негіздейді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында: “Абайдың ... шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге... Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы” [5] – десе, бұл қазақ баласы үшін үлкен мәртебе әрі кемел келешекке апарар даңғыл жол болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құнанбайұлы А. Шығармалары. Бір томдық. – Алматы, 1961. – 267 б.
2. Абай. Қара сөз. Книга слова. – Алматы: Ел, 1992. – 272 б.
3. Абдрахманова А. Абай – дана ақын. –Алматы. //Ұлағат, № 6, 2007. – 123 б.
4. <https://abai.kz/post/39273>
5. Тоқаев Қ-Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. // Егемен Қазақстан, № 5, 9 қаңтар, 2020, 1-3 беттер.

Абай мұрасы - рухани жаңғыру өзегі

Хайроль Бахытгул, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, ГҒЖМ-нің IV курс студенті.

Ғылыми жетекші - Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, ГҒЖМ-нің профессоры Сүтжанов Сейфитден Назымбекұлы

Түйіндеме: Мақала Абай мұрасының рухани жаңғырумен байланыстылығы тұрғысында сипатталады. Негізгі зерттеу объектісі ретінде – Абай мұрасы

алынды. Абай шығармашылығы қазақ халқының ең негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырылып, оның артықшылықтары турасында баяндалады.

Кілт сөздер: Абай мұрасы, рухани жаңғыру.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басында елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» деп ой қорытады. [1]

Расында, қазіргі заманда басты мәселе ол – білім. Ескі әдет-ғұрып, салт-саналар қазіргі заманға сай өзгеріске түсуде. Себебі, қазіргі күн – білім мен бәсекелестіктің заманы. Қазіргі заманда білім жолын қуған, ізденіс үстінде жүрген адамдарды – рухани жаңғырған адамдар қатарына жатқыза аламыз. Олай дейтініміз: олар әрқашан білімге ұмтылып, ізденіс жолында жүреді, өзіндік көзқарастарын ортаға ашық айтып, адалдық пен адамгершілік жолынан ауытқымайды. Бұндай адамдармен толысқан қоғам да міндетті түрде көш басынан көрінері сөзсіз. Бүгінгі күнде ата-бабамыздан жалғасқан қазақ салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптардың кемшіл тұстары да кездесетіні өтірік емес. Оларды қазіргі заманға сай саралап, тозығын тастап, озығын қалдыру керек. Бұндай кемшіліктің болуы – қалыпы жағдай. Себебі, әрбір мемлекет өз даму тарихын бастан кешіреді.

Басқа мемлекеттер секілді, біздің мемлекетіміз де даму үстінде. Жалпы, даму үлкен қадамды қажет етеді. Демек, біздің елімізде өз даму алдында үлкен қадам жасауға тура келеді. Бұл дегеніміз - жаңашылдық пен өзгерістерге бейімделіп, ұлттық сана-сезіміз бен білім көкжиегімізді тереңірек жетілдіруге қадам жасау деген сөз. Бұны іске асыру үшін әр адам өзі қадам жасау керек. Қазіргі демократиялық қоғамда рухани кемелденген адам болу маңызды болып тұр. Адам баласының рухани кемелдену процесін Абай шығармашылығы арқылы жүзеге асыруға болады десек артық етпейді. Ұлы ойшыл данышпанның әрбір шығармасы адамның рухани дамуының, білім мен өркениеттің асқақ шыңын көрсетуші қазына.

Рухани жаңғыру дегеніміз - мәдениетіміз бен әдебиетімізді ұлттық кодмызға сай жаңғырту болса, Абай жай ұлы ойшыл ғана емес, нағыз рухани дамыған, рухани әлемді түсінген, рухани адам. Абай өзінің әрбір шығармасында білім мен адамның рухани дамуын көрсеткен. Ең маңыздысы, қай шығармасы болса да айтқысы келген дүниені екі жақты таразылап жеткізген. Бұл Абайдың рухани байлығын, өмірлік дүниетанымының кеңдігін көрсетеді. Мысалы:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.,
Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын,сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз,

- деген өлең жолдары арқылы өз өмірлік тәжірибесімен бөлісе отырып, осы айтқан сөзімді әрбір білімді, бойында рухы бар жалпы адам баласы түйіп алсын деген үлкен өсиет қалдырған. Абайдың осы тәріздес өлеңдерін, шығармаларын, өсиеттерін оқып, оқығанымызды ой елегінен өткізіп, жан-жақты таразылаған сайын рухани кемелдене түсеріміз сөзсіз. Себебі, оның шығармаларының мазмұны қарапайым өмірде кездесетін жағдаяттарды қамтып, одан шығудың жолын көрсете білгенінде.

Сонымен қатар адам баласы тек ғылым-біліммен ғана шектеліп қалмау керектігін, осы ғылым мен білімнің биігіне жетелейтін рухани азығы ақыл, қайрат, жүректі қалай тең ұстау керектігін де Абайды оқу арқылы түсіне аламыз. Адамның рухани даму сатысының ең негізі ішкі жан дүниесінің кемелденуінде. Ішкі жан дүниенің кемелденуі дегеніміз: ақыл, қайрат, жүректі тең ұстауда жатыр. Абай осылайша рухани жетілудің сатыларын өз шығармаларында арқау етеді.

Осы сатылардан ауытқымай рухани жетілген адамның әлемді тануы, дүниедегі өзгерістерді саралап, дұрыс қалыптаса алатыны сөзсіз. Бұндай адамдармен толыққан қоғамдағы елде әлем елдерімен иық тіресіп, биіктен көріне алады. Осы себепті де, Абайдың шығармаларын зерделеп, тану қажет. Ол үшін ең әуелі, Абай шығармаларын қабылдап, оны ой елегінен өткізе отырып, жан-жақты ұғынсақ, рухани жаңғыру жолының есігі айқара ашылады.

Абай шығармаларының ішінде ең құнды туындысы – қара сөздері. Абайдың қара сөздерінде айтылмай қалған дүние жоқ десек артық етпейді. Қазіргі жаңашыл қоғамда дұрыс сұрақ қою білу, оның жауабын дұрыс бере білу өте маңызды. Ақын әр қара сөзінде сұрақтар қоя отырып, оның жауабын берген. Абайдың қара сөздерін оқыған кезде адам баласы өзінің көкейіндегі сұраққа жол тауып, ойланып, ақынның берген жауабымен өз жауабын салыстырып отырып, бір нақты ой түйері сөзсіз.

Бүгінгі күні ақын мұрасын жаңаша көзқарастар мен теориялар тұрғысынан зерттеу міндеті қойылды. Осы бағыт бойынша көптеген ғалымдар өз зерттеулерін жүргізуде. Ғалым Омаров А. «Бүгінгі Абайтану» атты ғылыми-зерттеу мақалалар жинағында: «Тоғызыншыдан он төртке дейінгі алты қара сөзін қазақтың мінез-қылығын сынаған және оны түзеуге қатысты өсиеттері» деп бөліп көрсетеді [2,157 бет].

Бұл сөздерден: Қазақ халқының болашағын ойлаған ұлы ойшылдың бейнесін көре аламыз. Олай дейтін себебіміз, мінез-қылықтың адамның жеке басы үшінде, қоғам үшінде және мемлекет үшінде өте маңызды екені белгілі. Мінездің қандай болуы адамның, қоғамның, түптің түбінде ел болып қалыптасудың көрсеткіші. Сол себепті де Абайдың мінез-қылық турасында бірнеше қара сөздеріне тоқталғанды жөн санадық.

Он бірінші қара сөзінде қазақ деген халықтың мінез-қылығына жат дүние ол «бұзақылық пен ұрлық» деп нақты көрсетеді. Оларды былайша сипаттайды: «Ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылып алып, тағы да байимын деп жүр... Екінші – бұзақылыр біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең көп боласың, бүйтсең кек алсың, мықты атансың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр» [3, 31 бет]. Байқағанымыздай, Абай жоғарғыда айтылған мінез-қылықтарды сынай отырып, адалдықтың пен арамдықтың, қулық пен сұмдықтың ара-жігін көрсетеді.

Ал, он төртінші қара сөзінде «жүрек» жайында баяндайды. «Жүрек ісі дегеніміз-мейірбандылық пен рақымдылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді деген қасиеттерді жинақтауды айтамыз» [3, 37 бет]. Бүгінгі таңда адамдардың басым көпшілігінде іш тарлық, бірін-бірі көреалмаушылық сезімдері байқалады. Жоғарыда айтылған қара сөзінде осындай жат мінез-қылықтан аулақ болып, әрбір қазақ бір-бірін бауырым деп болашақты бірге құруға жол сілтейді.

Қорыта келгенде, қазақтың бас ақыны - Абай Құнанбайұлының шығармашылығы әрбір қазақты рухани кемелдендіріп, әртүрлі ағымдар арқылы еніп, қазақтың болашағы болған жастардың бойын улап жатқан жат мінез-қылықтарды жою алатын бірден-бір құнды мұралардың бірі болып табылады. Сол себепті де Абайдың шығармашылығын оқу, оқыған білгенімізді саралап, әрбіріміз өз өмірімізде жарата білуіміз аса маңызды. Одан бөлек, Абай мұрасы тек қазақты ғана емес, күллі адамзат баласына жол көрсетуімен құнды. «Абай мұрасы - рухани жаңғырудың өзегі» - деп айтуымыздың да себебі осы да жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

2. Омаров А.Қ. Бүгінгі Абайтану. Ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. – Семей: «Интеллект», 2011. – 262 бет

3. Абай. Қара сөз. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2011. – 184 бет

Концепт термині орыс тіл білімінде 20 ғасырдың 20-30 жылдары қоршаған орта құбылстарының тіл әлемінде бейнеленуін зеттеумен байланысты пайда болды. Бұл терминді теориялық негізде көптеген ғалымдар зерттеген, атап айтсақ, Д.С.Лихачев, Д.Артюнова, А.Я.Гуревич, А.Вежбицкая, В.А.Маслова, Н.К.Рябцева.[1.51б]

Зерттеуші Нұрдәулетованың еңбегінде: «Индивиттің, тілдік ұжымның дүние, жаратылыс, оның түрліше заттары мен құбылыстары туралы өмір тәжірибесі, білімдік аясы негізінде, өзі өмір сүретін әлеуметтік ортаның мәдениетінен қабылдап, қалыптастырған танымдық, білімдік жүйесі. Француз тілінің этимологиялық сөздігінде 15-16 ғасырларда концепт сөзі жоспар, ой, жоба мағынасында жұмсалаған деп көрсетіледі. Италиян тіліндегі мағынасы ой, идея, пікір. Концепт жеке, сонымен бірге жалпылама қабылдау мен сезіну деуге болады. Танымға да, сезінуге де бірдей қатысты болуы концептінің түрлі дискурсқа бейімділігін көрсетеді» деп атап өтеді. Демек, өлім, қайғы, пайда, дос, жол концептілерін қарастыру жөн.

Жол концептісіне тоқталатын болсақ, жол біздің күнделікті өмір сүріп жатқан ортамызда қолданылатын сөз екені баршамызға мәлім.

Жол концептісі қазақ концептосферасында ерекше орын алады және де бұрыннан қарастырылып келе жатыр.[2.134б] Бұл сөз қазақ халқында үлкен мағынаға ие. Жол концептісі Мақал-мәтелдерде, ақын-жыраулардың өлең шығармаларында көрініс табады. Мысалға:

1. Алыс жүрсең де, **жолмен** жүр.
2. Әңгіме **жол** қысқартады.
3. Жортуылшының басы **жолда** қалады.
4. Жүрместен бұрын,
Жолыңды байқа,
Киместен бұрын,
Тоныңды байқа.
Жол сұраған кісі адаспайды,
Жөн сұраған кісі жаңылыспайды.
5. Жолаушыны жол сынайды.
6. **Жолға** шықсаң жолдасыңның

Жүгі болма, жұбы бол.

7. **Жолға** шыққан жолаушы

Жол амалын сұрайды.

Артта қалған ауылда

Ел аманын сұрайды.

8. **Жолда** жүрген май ішер,

Үйде қалған қан ішер.

9. **Жол** азабы — көр азабы.

10. Жолаушының азығы **жолында**.

11. **Жақсы жол**

Ұзақ та болса — жақын.

Жаман жол

Жақын да болса — алыс.

12. **Жол** жүрсең,

Шабанға кіріптар қылмасын.

Жолдас болсаң,

Наданға кіріптар қылмасын.

13. **Жол** болмайды асусыз,

Той болмайды шашусыз.[3.896]

Осы аталған мақал-мәтелдер, адамның жүретін жолы туралы болып келеді. Жол концептісі өте кең қолданыста. Біздің өміріміздің өзі жолдан тұрады. күнделікті жолдан да өтеміз. бір жаққа сапарға аттанғанда, қанша әлі жол бар деген сұрақтар қойылады, яғни ара қашықтықты да білдіреді.

«Әңгіме жол қысқартады» , осы мақал-мәтелді мән-мазмұнын ашатын болсақ, жол ұзақ болғанмен, жанындағы жолаушың әңгіменің сусынын қандырып тұрып айтса, жол қысқарып қалғандай болады. Ал жалғыз жүрсең, ұзақ болып көрінеді.

Келесі кезекте, адамның жолы, бағы деген мағынаға тән.«Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» , деп бекер айтпаған, бағың жансын, жолың болсын,қиын кезеңдерде бағың болып, жолын болса, тығырықтан шығасың,

Мысалға:

1. Желді қуған жоғалар,

Жолды қуған оңалар.

Жолы болар жігіттің

Желі оңынан тұрады.

2. Жолдасың жақсы болса

Жолым ұзын деме,

Жолдасың жаман болса,
Қолым ұзын деме.
3.Жолдасы көбейсе — **жол** кеңейеді.
4.Жолдастының жолы кең.
5.Жолдас,
Жолдассыз **жолың** болмас.

6.Жолы болар жігіттің
Жөнге басар бәр ісі.
Жолы болмас жігіттің
Ілік іздер әр ісі.
7.**Жолы** болар жігітке
Жолдан жолдас қосылар.
8.Жұлдызы жанған жігіттің
Жүрсе, **жолы** болады.
Жарқырап оты үміттің
Желі оңынан тұрады.
9Ата **жолы**— бала **жолы**.
10. Сара **жолдың** қадірін
Адасқанда білерсің.
Қарындастың қадірін
Қарасқанда білерсің.[3.90б]

Бұл мақал-мәтелдердің түпкі мағынасы, адамның жолы болуы, жолдасы көбейсе-жол кеңейеді дейді, қол ұшын беретін жан-жолдасы болса, далада қалмайды, әрқашанда жолы болады. Ата жолы-бала жолы, яки, атасы қандай адам болса, немен шұғылданса, балада сол жолмен кетеді, жолын қуады.

Жол мағынасын ашып алдық, оның екі түрі бар. Адамның жолы болуы және жол жүруі. Бұған тән көптеген мысалдар келтірілді. Ендігі айтатын, мәселе,жолдың құрылымы,климаттың өзгеруіне байланысты түрлері болады. Мысалға, төмендегідей:

Жол түрлері: шоссе, трасса, автосрада, шлях, грейдер,магистраль,авеню,алея.

Жол құрылымы: бұрылыс,тротуар,өтетін жол, қиылыс,өткел, асу.

Климаттың өзгеруіне байланысты жолдар: дымқылды жол, батпақты жол.

Жолдың өзі сөз тіркестерімен, фразеологиялық тіркесімдермен де беріледі, мысалға, салт-дәстүргебайланысты:

Салтқа байланысты сөз тіркестері,мақал-мәтелдер: жолға жиналу, жол жүруге мақтанба, келуіңе мақтан. Не жаяу адамға, не салтты адамға жол жоқ. Жол концептісінің мінездемесі де болуы шарт.

Лексикалық жақтан қарастыратын болсақ, оның антонимдік мағыналары өте көп екен. Мысалға: Жол мінездемесінің антонимдік мағынасы: алыс-жақын, ауыр-жеңіл, қисық-түзу, жіңішке-жуан. [2.135б]

Ата-бабаларымызда, тіптен де, жолға байланысты, тыйым сөздерде, қазақ елінің наным-сенімінде, бата-тілектерінде де айтып кеткен. Мысалға, жолды кеспе, үлкенге жол бер, жолда тұрма т.с.с. бұлардың мағыналары, үлкен сыпайылық, кішіге кішіпейілділік таныта білу, үлкендерді сыйлау, құрметтеу, жолдарын кеспеу. Осындай тыйым сөздерді сақтай отыра, ұрпағымыздың дәстүрімізді ұмытпау, тоқсан ауыздың түйні- үлкенге ізет, кішіге індет.

Наурыз мерекесінде, бәйшешектің жайқалып, гүлденіп шығуы, даланың табиғат құбылысының жаңаруы, сондай керемет. Осы қасиетті күні, халық бір-бірін кешіріп, ыза сақтамай, жақсы ниетпен тойлайды, тойлау барысында ақсақалды аталарымыз, бата-тілектерін береді. Мысалға:

«Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, қайда барса жол болсын» деп бата айтылады. Демек, наурыз мейрамы тек қана ақ жолмен басталуын, әрдайым жақсылықтар, өмірдің тек нәрін көруін тілейді.

Жол деп айтқан кезде, «Абай жолы» романы мен «Ұлы Жібек жолы» міндетті түрде есімізге келеді. Абай жолы қазақ елін барша ұлтқа танытқан роман, қазақтың ең көркем, үлгілі романы болып есептеледі.

«Қалың елім қазағым, қайран жұртым» деп жырлаған Абайдың жүрегі туған халқымен бірге соқты. Халқының қайғы-қасіретіне күйініп, оның келешегінің бақытты болуын армандады. [4.45б] Романда, жолы дегеніміз, өмірі жайлы, балалық шағынан бастап, дүниеден өткеніне дейін баяндалып суреттеліп келеді. Ұлы Абай атамыздың даналылығын, ақылдылығын, ақындығын, сөзге шешен, тілмаштығын, сегіз қырлы, бір сырлы екендігін бейнелейді. «Ұлы Жібек жолы» туралы мәлімет беретін болсақ, қазақ пен қытай елі арасындағы сауда-саттық деуге болады. яғни, үлбіреген жібек мата сатқан себептен, экономикалық қарым-қатынаста болған.

Тоғыз жолдың торабы дегенде бар, Қазақстан Республикасының кіндігі- Астана. Астана – өркендеген, сұлу да әсем қала.

Абай жолы романында тоғыз жолдың торабы – Семей деп айтылған. Абайдың даналығы қанат бітіріп, дем берген қадірлі де қасиетті атаммен, міне, Семей! Міне, осындай Семей – қазір тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орта Азиядағы ең ірі мәдениет және өндіріс орталықтырының бірі. Семей республикамыздағы жеңіл және тамақ өнеркәсібінің құрылыс материалдарынан әзірлейтін өндіріс орталығының ең біліктілерінен саналады. [4.46б]

Мындаған қазақтың ұлы ақындары, жол концептісін түрлі мағынада қолданған. Мысалға, атап айтсақ, Ж.Аймауытовтың әдемі мағынасы өте терең жазған сөзі бар –«Дүние бір қисық жол бұрандаған».[6.56] Адамның өмірі әрқашанда, бір түп түзу жол болмайды, адам не болса да көне білуі тиіс. Бұл өмір, сынақ болғандықтан, оның ащысы мен тәттісі, ақ пен қарасы, нәрі мен зары болуы да әбден мүмкін. Жол туралы өлең де бар. Мысалға:

Ақ пен қара жолдардың жолағы

Жолағы да уақыттың қонағы... (Р.Нұрбай)деген үзіндіні алсақ, жоғарыда айтып кеткендей, адамның өмірі ақ пен қараны ажырата білу. Ақ түсінігі – жақсы жақтарды, қара- қиын кезеңдерді, қайғы-мұңды білдіреді.

Айтыс пен жыраулардың өзінен жол концептісі көрініс табады.

Біржан мен Сара айтысында:

Арғынға жол бермеген есіл тілім,

Күн өтпей қор боп ұшқан қызыл гүлім [3.916]...деген үзіндеде, Сара тек өз басының мұңды халін ғана емес, қазақ қыздарының мұң-шерін де білдірген.

Жыраулардан келтіретін болсақ, атап айтсақ, Қазтуған Сүйіншіұлы, Доспамбет, Шалкиіз т.б. [5. 3156] Мысалға:

Шағырмақ бұлт жай тастар,

Ағытқан қойды жол бастар,

Ақ желкенді жел бастар,

Батыр жігіт қол бастар. [5.3166]

Шалкиіз жұртты әділдік пен жақсылыққа үндеп, барша жамандықтан аулақ болуды нақыл сөздерімен келтірген.

Жол сөзін морфологиялық жағынан қарасақ, ол сын есім мен етістіктермен тіркесіп келеді.қисық жол, қисық(қандай?) – сын есім, жолда (не істеу)тұру, тұру- етістік, алыс жол(қандай жол?)-алыс-сын есім, жолды кеспеу (жолы не істемеу?)-кеспеу-етістік.

Сонымен қатар, жол жүрудің өзіндік ережелері де бар. Заңды түрде ережелерді білуіміз тиіс,сонда,жолда ешқандай жағдайға ұшырамаймыз. білмегендіктен, жолда қақтығыстар тұнып тұр. Жол ережелерін білу, сақтау,әр жолаушы мен жүргізушілердің жадында сақтауы міндет. Қазіргі таңда, жолдағы көлік жүргізушілердің елу пайызының жүргізу құқығы, еш емтихан тапсырылымсыз, тәжірибесіз құжат сатып алынған. Сол себептен, күніне ондаған, жол апаттары кездеседі. Сақтанам десең, құдай сақтайды, сондықтан ережелерді білу керек.

Қорыта келе, концепт, адамның танымы, қабылдауы. жол концептісі кең мағынада қолданылады. Оны жан-жақты, зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып, қарастырдық. Жолдың түрлері, типтері, құрылымы, антонимдік

мағынасы болады. жол туралы мақал-мәтелдер де, өлеңдер де, шығармалар да, жұмбақтар да өте көп деуге болады. Қазақ халқының жолға байланысты тыйым сөздері де ертеден келе жатыр. Жол концептісін орыс ғалымдары зерттеген болатын. Әлі зерттелу үстінде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Когнитивті лингвистика. Б.И. Нұрдаулетова. Алматы. 2011.-312 б; 51-53б.б
2. Методологическое проблемы когнитивной лингвистики. И.А. Стернин. ВГУ. 2001.-182б-134б.б
3. Қазақ әдебиеті. С. Дүйсебаев. Алматы. 2003.-365б-88б.
4. Абай ауылына саяхат. К. Оразалин. Алматы. Жалын. 1994. 288б-45б.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. Х. Сүйіншәлиев. Алматы. Санат. 1997.-982б-315б.б.

Ақбілек романы. Ж. Аймауытов. Алматы. 395б-5б

3 секция

Проблемы преподавания естественно научных дисциплин в условиях модернизации педагогического образования.

Білім беруде виртуалды шындықты пайдалану мәселесі туралы

А.Ж. Асамбаев, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
А.А. Асамбаев, Облыстық көпсалалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.

Аннотация. Қазіргі білім беруді оны цифрландыру контекстінде дамыту қолданыстағы білім беру ресурстарын жаңа цифрландырылған түрде ұсынуға және пайдалануға, сондай-ақ мектепте де, ЖОО-да да оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігі мен тиімділігіне ықпал ететін жаңа ресурстар мен модельдерді, әдістерді, оқыту нысандары мен құралдарын іздеуге байланысты мәселелерді өзектендіреді. Бұл ретте виртуалды шындық құралдары мен технологияларын оқытуда пайдалану есебінен оқу процесін виртуалдандыру мәселелері ерекше маңызға ие болады. Бұл тұрғыда педагогика үшін «виртуалды шындықты» және білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі оқу процесін виртуалдандыру құралдарын пайдалану тәжірибесін сипаттау ерекше маңызға ие.

Аннотация. Развитие современного образования в контексте его цифровизации актуализирует вопросы, связанные с представлением и использованием существующих образовательных ресурсов в новом оцифрованном виде, а также с поиском новых ресурсов и моделей, методов, форм и средств обучения, способствующих результативности и эффективности учебно-воспитательного процесса как в школе, так и в вузе. При этом особую значимость приобретают вопросы виртуализации учебного процесса за счет использования в обучении средств и технологий виртуальной реальности. Особое значение для педагогики в данном контексте приобретает описание опыта использования «виртуальной реальности» и средств виртуализации учебного процесса на разных уровнях образования.

Annotation. The development of modern education in the context of its digitalization actualizes issues related to the use of educational resources in digitized form, as well as the search for new methods, forms and means of teaching that contribute to the effectiveness and efficiency of the educational process both at school and at university. At the same time, the issues of virtualization of the educational process through the use of virtual reality tools and technologies in training are of particular importance. It is also important for pedagogy in this context to describe the experience of using "virtual reality" and means of virtualization of the educational process at different levels of education.

Кілт сөздер: білім беруді цифрландыру, виртуалды шындық, мультимедиа, виртуалды әлем.

Ключевые слова: цифровизация образования, виртуальная реальность, мультимедиа, виртуальный мир.

Keywords: digitalization of education, virtual reality, multimedia, virtual world.

Қазіргі қоғамды жаһандық ақпараттандырудың жаңа кезеңі білім беру саласына да әсер етеді. Бұл процесс өз кезегінде білім беруді цифрландыруды және ашық ақпараттық кеңістік жағдайында білім беру жүйелерінің

шекараларын кеңейтуді тудырады [1, 17–18 б.; 2, 6 б.; 3, 1640 б.], бұл оқу процесінің өзін виртуалды процеске айналдырады [4, 13 б.; 5, 112 б.; 6, 272 б.].

Бұл тенденциялар жоғары оқу орны мен мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, педагогикалық қоғамдастықтың алдына оқу-тәрбие процесінің тиімділігі мен тиімділігіне әсер ететін оқытудың жаңа әдістерін, нысандары мен құралдарын іздеу бойынша, сондай-ақ білім беру процесінде заманауи ақпараттық технологиялар мен ресурстардың барлық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану бойынша жаңа міндеттер қояды, мысалы, жаңа цифрланған түрде және т.б.

«Виртуалды шындық» терминінің алғашқы анықтамасы 1980 жылдардың соңында пайда болды және олар жасанды үш өлшемді әлемді немесе компьютер арқылы жасалған және адам арнайы құрылғылар арқылы қабылдайтын киберкеңістікті белгілей бастады.

«Кирилл мен Мефодийдің электронды энциклопедиясында» виртуалды шындық «арнайы компьютерлік құралдардың (компьютер, аудиовизуалды дулыға, қолғап, күштік жилет, етік және т.б.) көмегімен қоршаған шындыққа (көрнекі бейнелер, дыбыс, салынған объектілердің көлемі) еліктеуді жүзеге асыратын ақпараттық технология» ретінде анықталады [7].

«Виртуалды шындық» терминінің басқа анықтамалары бар. [8, 116 б.] атап өткендей, бұл ұғым көбінесе мультимедиялық технологиялармен, үш өлшемді графикамен және анимациямен байланысты, бұл ақпаратты кодтаудың барлық түрлерін бірыңғай ақпараттық ортада біріктіруге мүмкіндік береді.

Виртуалды шындық деп біз адам ойлап тапқан немесе имитациялаған нәрсенің (яғни, іс-әрекеттің өнімі — шығармашылық, ғылыми және т.б.) болуын ғана емес, сонымен бірге оның (өнімнің) адаммен белсенді өзара әрекеттесуін де түсінеміз.

Көптеген зерттеушілер білім берудегі технологиялық революция ретінде анықтайтын оқу процесіне техникалық оқыту құралдарын енгізу 1930 жылдары АҚШ-та алғашқы аудиовизуалды оқыту бағдарламаларын әзірлеуден басталды.

Мектепте бұл қаражат 1940 жылдары пайда болады. 1950 жылдардың ортасынан бастап оларды қолданудың технологиялық тәсілі белгіленді, оның теориялық негізі бағдарламаланған оқыту идеясы болды. Оқу мақсаттары үшін арнайы арналған аудиовизуалды құралдар: кері байланыс құралдары, электрондық сыныптар, оқыту машиналары, лингафондық кабинеттер, тренажерлер және т.б. әзірленуде. 1970 жылдары оқыту процесінде техникалық құралдарды қолданудың теориялық дамуы күшейіп, бейнемагнитофондар, проектор, полиэкран, электронды тақта және т.б. сияқты соңғы құралдар пайда болды. 1980 жылдары дисплей сыныптары құрылды, педагогикалық бағдарламалық құралдардың саны мен сапасы, интерактивті бейне жүйелерін қолдану артып келеді. 1990 жылдары білім

беру мекемелерінде мультимедиялық жабдықтар қолданыла бастады [9, 31-33 б.].

Қазіргі уақытта оқу процесінде мультимедиялық тақталар белсенді қолданыла бастады. Оқушыларға зерттелетін процесті немесе құбылысты көрнекі түрде көруге мүмкіндік беретін виртуалды білім беру шындығының құралдары белсенді қолданылады.

Информатика және ақпараттық технологиялар саласындағы болашақ мамандарды даярлау кезінде виртуалдандыруды ұйымдастыру үшін арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету белсенді пайдаланылады, мысалы, бір физикалық компьютерде виртуалды машиналар (виртуалды компьютерлер) деп аталатындарды жасауға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету. Мұндай виртуалды машиналар оқу процесінде келесі тапсырмаларды үйрену үшін қолданылады:

- бірнеше операциялық жүйелердің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- перифериялық құрылғылардың қосылуын немесе компьютерлік желінің жұмысын эмуляциялау;
- компьютерлік желіні басқару негіздерін оқыту және т.б.

Оқытушылар мен студенттерге оқу орнынан тыс жерде оқу қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ақпараттық білім беру порталдары мен ақпараттық-білім беру ресурстары кеңінен қолданылды.

Қазіргі уақытта біздің елде де, шетелде де қашықтықтан оқыту технологиялары жаңалық болып табылмайды, олар өз негізінде интернет кеңістігінің ресурстарын ғана емес, сонымен қатар әртүрлі интерактивті құралдар мен оқу орталарын да пайдаланады. Қазір компьютерлік коммуникациялар мен қашықтықтан оқыту технологиялары білім алушыға да, оқытушыға да үйден шықпай-ақ білім беру процесіне қатысуға мүмкіндік береді. Бұл сонымен қатар білім беру процесін виртуалдандырудың көрінісі.

Бұл ретте білім беру процесін компьютерленген ортаға көшіру нұсқаларының бірі ретінде жаңалықтар серверлерінде ұйымдастырылған және интернетке қосылған жергілікті телеконференциялар пайдаланылады. Көбінесе виртуалды білім беру ортасы қашықтықтан оқытумен анықталады. Өкінішке орай, бүгінде әртүрлі сипаттағы бірқатар себептерге байланысты қашықтықтан оқытуды енгізу әрқашан тиімді білім беру нәтижелерін бере бермейді деп айтуға болады.

Егер педагогикалық жүйе жасаушыларды емес, орындаушыларды дайындауды мақсат етсе, онда ол классикалық, «үйрететін» педагогиканың негізінде жұмыс істей алатындығын ескеріңіз, ол студенттерге белгілі бір стандартты шындықтарды — зерттелетін пән немесе шындық туралы білімді енгізуге тырысады. Егер педагогикалық жүйенің мақсаты шығармашылық тұлғаларды тәрбиелеу болса, онда оған классикалық көзқарас қолайсыз. Ол үшін педагогика шығармашылық болуы керек, өйткені виртуалды Білім беру ортасы дегеніміз - білім беру процесінде тұрған, жаңа білімді де, жаңа

еркіндік дәрежелерін де игеретін тұлғаны шығармашылық түсінуге ықпал ететін орта [10, 25 б.].

Білім беруде виртуалды шындықты қолдану қатысудың әсерін тудырады, бұл бүкіл оқыту мен тәрбиелеу жүйесін өзгертуге мүмкіндік береді. Білім алушыға көптеген ақпараттық материалдарды оның зерттелетін объектілермен және құбылыстармен тікелей байланысы арқылы беруге, білім алушыға қандай да бір шешімдер қабылдауға және белгілі бір әрекеттер жасауға тура келетін оқу-тәрбие жағдайларын жобалауға мүмкіндік бар.

Қазіргі уақытта қазіргі заманғы компьютерлік және ақпараттық технологиялар білім беру процесінде белсенді қолданылады:

- оқытудағы виртуалды технологиялар, олармен немесе олардың ішінде белсенді өзара әрекеттесу үшін виртуалды кескіндер мен орталарды құру және енгізу құралдары мен әдістерінің жиынтығын қолданады;
- виртуалды оқыту технологиялары қашықтықтан, веб-оқытумен, электронды немесе онлайн оқытумен синоним ретінде, яғни уақыт пен кеңістікте оқу пәні мен объектісінің бөлінуімен болатын оқыту.

Виртуалды шындықты толықтырылған шындықпен шатастыруға болмайды, оны нақты уақыт режимінде нақты әлеммен өзара әрекеттесетін және, мысалы, белгілі бір себептермен қол жетімді емес объектіні зерттеуге мүмкіндік беретін техникалық құралдармен жасалған виртуалды объектілер ретінде қарастыруға болады.

Мысалы, оқытуда аудиовизуалды сипаттағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бүгінгі таңда оқушыны өзінің қиялымен құрылған өзінің виртуалды шындығына батыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз оқу процесінің виртуалды ақпараттық-білім беру ортасын оқу процесінің кез келген субъектісі ішінара батырылуы мүмкін виртуалды шындықтың кейбір құрамдас бөлігі ретінде қарастырамыз (студент немесе мектеп оқушысы – бәләм алушы, оқытушы немесе мұғалім - оқытушы).

Оқу процесінің әрбір субъектісінің виртуалды білім беру ортасы осы субъект қызметінің мақсаттарымен анықталады:

- оқытушы үшін басты мақсат – «үйрету» және оның виртуалды білім беру ортасының бар екендігі туралы айтуға болады;
- студент үшін негізгі мақсат – «үйрену», сондықтан оның виртуалды оқу ортасының болуы туралы айтуға болады.

Біздің пікірімізше, аталған екі виртуалды білім беру ортасының (оқыту және оқу) қиылысы оқу процесінің білім беру ортасы болып табылады.

Негізінде, әр адамның виртуалды білім беру ортасы осы адамның жан-жақты дамуына бағытталған білім беру процесінің барлық субъектілерінің өзара іс-әрекетімен анықталады деп айтуға болады.

Қорытындылай келе, көптеген ғалым - педагогтар мен психологтардың пікірінше, виртуалды шындықты оқытуда қолдануға кедергілер болып табылады, оларды ескермеуге болмайды [10, 27 б.]:

- 1) медициналық-физиологиялық және психологиялық кедергілер:
 - көру және вестибулярлық аппараттың бұзылуы;
 - оқиғалардың виртуалды шындықтан нақты әлемге ауысуы, бұл әлеуметтену мен қайта бейімделу процесінің қиындауына әкеледі және т.б.;
- 2) этикалық-педагогикалық кедергілер:
 - оқушы виртуалды әлемдегі әрекеттерді таңдау еркіндігін шектей ме;
 - жасанды әлемдегі білім алушының мінез-құлқын бағалаудың моральдық-этикалық критерийлері қандай;
 - виртуалды әдістерді қолданудың жас шектеулері бар ма;
 - педагогикалық практикада қолданылатын виртуалды педагогикалық бағдарламалық құралдардың сценарийлерін құру мен сараптаманы қалай құруға болады және т.б.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, бүгінгі таңда білім арудың заманауи процесі «желілік технологиялардың заманауи мүмкіндіктерімен, атап айтқанда, оқу процесі мен ғаламдық Интернет желісін немесе киберкеңістікті виртуалдандыру мүмкіндіктерімен анықталатын сызықтық емес және үйлесімділік ерекшеліктеріне ие болды» деп атап өтеміз [6, 271 б.]. Сонымен қатар, қазіргі заманғы білім берудің бірлескен білім алу және бірлескен құру сияқты ерекшеліктері бар, бұл оқу процесінде әлеуметтік желілік қызметтерді, оқытуды басқару жүйелерін, мобильді оқыту технологияларын белсенді қолданумен дәлелденеді. Мұндай жұмыстың мүмкіндігі қоршаған әлемнің нақты объектілерін зерттеу және жаңа білім алу үшін заманауи технологияларды қолдану процестерінің мүмкіндіктерін органикалық түрде біріктіретін белгілі бір ортаның болуын талап ететіні түсінікті. Мұндай орта бүгінде балалар мен жасөспірімдердің ақпараттық қауіпсіздік критерийлеріне сәйкес келетін виртуалды ақпараттық-білім беру ортасы болып табылады.

Әдебиет

1. Цифровая трансформация и сценарии развития общего образования / А.Ю. Уваров; Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», Институт образования. М.: НИУ ВШЭ, 2020. 108 с. - (Современная аналитика образования. № 16 (46)). <https://ioe.hse.ru/pubs/share/direct/418229279.pdf>
2. Каракозов С.Д., Уваров А.Ю., Рыжова Н.И. На пути к модели цифровой школы // Информатика и образование. 2018. № 7. С. 4–15.
3. Karakozov S.D., Ryzhova N.I. Information and education systems in the context of digitalization of education // Журнал СФУ. Гуманитарные науки. 2019. Т. 12. № 9. С. 1635–1647. <http://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/125581>
4. Левченко И.В., Гриншкун А.В. Технология дополненной реальности как объект изучения в курсе информатики основной школы // Информатика и образование. 2019. № 9. С. 12–19. DOI: 10.32517/0234-0453-2019-34-9-12-19

5. Уваров А.Ю. Технологии виртуальной реальности в образовании // Наука и школа. 2018. № 4. С. 108–117.
6. Королева Н.Ю., Митина Е.Г., Рыжова Н.И. Принципы взаимодействия образовательных сред в условиях виртуализации учебного процесса (на примере подготовки учителей биологии и информатики) // Мир науки, культуры, образования. 2011. № 6-2. С. 271–274.
7. Левин В.И. Виртуальная реальность. https://megabook.ru/article/Виртуальная_реальность
8. Коловоротный С.В. Суггестивный фактор в работе систем виртуальной реальности. М.: Научная библиотека Порталус, 2005. https://portalus.ru/modules/psychology/rus_readme.php?subaction=showfull&id=1106588498&archive=01&start_from=&ucat=&
9. Коджаспирова Г.М., Петров К.В. Технические средства обучения и методика их использования. М.: Академия, 2001. 256 с.
10. Калмыков Д.А., Хачатуров Л.А. Опыт организации виртуальных образовательных сред // Школьные технологии. 2000. № 2. С. 23–28.

«Физика сабақтарында мектеп оқушыларын проблемалық зерттеушілік әрекетті оқытудың әдістемелік ерекшеліктері»

А.О. Асенова

**Павлодар педагогикалық университеті
жаратылыстану жоғары мектебі магистранты,
«№25 ЖОББМ» КММ физика және информатика мұғалімі
Р.Н. Асылбаев**

**Павлодар педагогикалық университеті
жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебінің доценті,
Физика мамандығы бойынша PhD докторы**

Аңдатпа. Мақалада жалпы орта білім беру мектептеріндегі физика сабақтарында проблемалық-зерттеушілік әрекетті оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін тиімді пайдалануды жүзеге асыру үрдісі қарастырылған. Оқушылардың проблемалық-зерттеушілік әрекетті оқу дағдыларын оқу процесінде пайдалана алу артықшылықтары көрсетілген.

Кілт сөздер: проблемалық-зерттеушілік әрекетті оқыту тәсілі.

Аннотация. В статье рассматривается процесс эффективного использования методических особенностей обучения проблемно-исследовательской деятельности на уроках физики в общеобразовательных школах. Показаны преимущества возможности использования проблемно-исследовательской деятельности учащихся в учебном процессе.

Ключевые слова: метод обучения проблемно-исследовательской деятельности.

Abstract. *The article discusses the process of effective use of methodological features of teaching problem research activities in physics lessons in secondary schools. The advantages of the possibility of using the problem-research activity of students in the educational process are shown.*

Key words: *method of teaching problem research activities.*

Физика сабақтарында проблемалық-зерттеушілік әрекетті оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін зерттеудің өзектілігі оқушылардың білім үрдісінде өз бетінше ойланып, туындаған проблеманы шеше алу, эксперимент жасап, зерттеушілік әрекет етулері жеткіліксіз. Сондықтан осы проблеманы шешуде мектеп оқушыларына білімді дайын бермей бір оқу міндетін басқа түрлі жолдармен өзгертіп, шеше білу қабілеттерін, алынған білім-білік дағдыларын қазіргі өмір мен ғылыми техника жаңалықтарымен байланыстырып, салыстырып, зерттеп өз болжамдарын жасау қабілеттерін жетілдіруге баули оқыту басты мәселе болып отыр. Енді бұл проблемаларды шешу үшін, білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәрбиеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологияларды кеңінен қолдана отырып білім беруге, яғни физика сабақтарында мектеп оқушыларын проблемалық-зерттеушілік әрекетті оқытуда тәсілдің әдістемелік ерекшеліктерін саралау қажет.

Заманауи білімдендірудің мақсаты мектеп оқушыларын шығармашылыққа дайындау екені даусыз. Шығармашылық дегеніміз жаңалықты (жаңа нысана, жаңа білім, жаңа проблема, жаңа әдіс) ашу. Осыған орай, проблемалық-зерттеушілік іс-әрекетті оқытудың өзі де шығармашылықты қажет ететін процесс: бейқалыпты ғылыми-оқу мәселесін бейқалыпты әдістермен шешу. Соңғы кезде кең тараған оқу түрінің мазмұн мәні: оқытушы оқушыға жаңа білімді дайын түрде баяндамай, олардың алдына проблемалық сұрақтарды қойып, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеуге, зерттеуге және сол процестен нәтижені ала алуға бейімдейді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында айтылған «Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп тауып, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады» - деп тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаевтың қол қойған мемлекеттік білім бағдарламасына жоғары білім мен ғылымды ұштастыра жүргізу сол кезде жан-жақты айқындалған.

Оқушыларды ізденушілікке баулу, оларға зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады. Қазіргі жаңа жағдайда да бұл мәселе өзінің өзектілігін жойған жоқ. Сондықтан егер әр оқушының, жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету қажет болса, онда олардың қабілетін түрлі әрекетте көрсету үшін зерттеуге, ізденуге дайындау қажет.

Физика сабақтарында оқушылардың проблемалық-зерттеушілік қабілетінің дамыту деңгейі мен қазіргі талаптар жүйесі арасындағы қайшылықтардың болуы педагогикалық оқу тақырыбын: «Физика сабақтарында мектеп оқушыларының проблемалық зерттеушілік әрекетті оқытудың әдістемелік ерекшеліктері» деп таңдауымызға себепші болды.

Негізгі мақсат: Физика сабағында оқушыларды проблемалық зерттеушілік әрекетті оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін теориялық тұрғыда негіздеп, тәжірибе барысында зерттеу.

Проблемалық зерттеушілік әрекетті оқыту жаңадан ғана пайда болған жоқ. Осы проблеманы зерттеуге кезінде өз үлестерін қосқан педагог-ғалымдар: Сократ, Руссо, Дистерверг, Ушинский. Мысалы, Дистервергтің дәлелдеуінше, *«жаман ұстаз ақиқатты айта салады, ал жақсы ұстаз оны іздеп табуды үйретеді»*.

Оқытушы ұстаз физика сабақтарын оқыту барысында оқушы ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отыра, проблемалық зерттеушілік әрекетті талап ететін жауап табу әдістерін үйретеді. Әдетте, оқытудың бұл түрі жаңа оқу материалын түсіндіру кезеңінде қолданылады. Сонымен, проблемалық зерттеушілік әрекетті оқытудың ерекшелігі: оқушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу және оны зерттеу талап етіледі.

Проблемалық зерттеушілік әрекетті оқытудың күшті жақтары:

- Білім алушылардың физикалық проблемаларды шешу жолында логикалық ойлау қабілеттерін арттырады;

- Физикалық құбылыстарды зерттеу еңбегіне қабілетті белсенділігін арттырады;

- Оқушыларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді;

- Сапалы білім алуға және оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.

Проблемалық зерттеушілік әрекетті оқытудың кемшіліктері:

- Оқушылардың танымдық, ізденушілік, зерттеушілік іс-әрекетін басқаруға әлсіз ықпал ету;

- Мақсатқа жету үшін көп уақыт жұмсалуды.

Қазіргі мектептерде түсіндірмелі және проблемалық зерттеушілік әрекетті оқыту түрлері қатар қолданылады. Білім беру – оқытудың тәрбие мен дамытудың үздіксіз үдерісі. Белгілі балалар психологы Д.Б.Эльконин дәлелдегендей, біріккен мәдени – білім беру саласында ортақ өмірмен дами отырып, ортақ тәрбиеленіп, ортақ оқып үйреніп өмір сүру керек. Яғни бұдан шығатын қорытынды – баланың тілін ой-өрісін, қиялы мен шығармашылығын дамыту болып, жаңа заман талабына сай жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде оқытып тәрбиелеу. Көрнекті психолог Л.С.Выготскийдің негізі бойынша «Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы», деген екен.

Физика сабақтарында мектеп оқушыларына проблемалық зерттеушілік әрекетті оқыту әдістемесі ерекшеліктерін зеріттей келе біз көрнекі ғалымдардың еңбектерін оқып, сараладық. Проблемалық оқыту

теориясының негізін қалаушылар, яғни В.Т. Кудрявцев, И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, А.М.Матюшкин, М.Н.Скаткин оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді.

А.М. Матюшкиннің «Проблемалық оқытудың теориялық мәселелері» еңбегіне шолу жасасақ, ол кісінің тұжырымдамасы бойынша проблемалық оқыту педагогикалық қоғамдастық арасында айтарлықтай қызығушылық тудырды, себебі ол білімді шығармашылықпен игеруге жағдай жасайды және сол арқылы оқушылардың интеллектуалдық шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Атап айтсақ проблемалық оқыту теориясын Жоғары білім беретін мектептің міндеттеріне сүйене отырып, оқытудың дәстүрлі типін проблемалық оқытумен салыстырудан шығарылған қорытындылар негізінде проблемалық оқытудың негізгі міндеттерін тұжырымдауға болады. Оларды шартты түрде жалпы және арнайы қызметтерге бөлеміз.

1-кесте

Проблемалық оқыту міндеттері

Проблемалық оқытудың жалпы міндеттері:	Проблемалық оқытудың арнайы міндеттері:
- оқушылардың білім жүйелері мен ақыл-ой және практикалық қызмет тәсілдерін меңгеру;	- білімді шығармашылық меңгеру дағдыларына тәрбиелеу (логикалық әдістерді немесе шығармашылық қызметтің жекелеген тәсілдерін қолдану);
- танымдық дербестігі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;	- алған білімді шығармашылықпен қолдану дағдыларына (жаңа ситуацияларда) және оқу проблемаларын шешу шеберлігіне тәрбиелеу;
- оқушылардың өз бетінше ойлау қабілеттерін дамыту.	- шығармашылық қызмет тәжірибесін қалыптастыру және жинақтау (ғылыми зерттеу, практикалық проблемаларды шешу және шындық болмысты көркем бейнелеу әдістеріне ие болу);

Проблемалық оқыту технологиясы негізінде оқушылардың білімді меңгерудің ғылыми дәрежесін арттыру екі әдіс арқылы қамтамасыз етіледі:

Бірінші әдіс - оқытушының түсіндіруін күшейту. Әңгіме дәстүрлі оқыту жағдайындағы оқыту материалын сипаттай түсіндіруден проблемалық оқыту жағдайындағы дәлелді түсіндіруге көшу туралы болып отыр. Мұғалімнің негізгі міндеті - түсіндіру жаңа сапаға ие болады, бұл сапа мыналармен сипатталады, оқытушы:

а) өзі жасаған проблемалық ситуация арасында жаңа ұғымның мәнін түсіндіреді;

ә) түсіндіре отырып, сол ғылым тарихында белгілі бір проблеманы шешуге алып келген ғылыми зерттеудің жолдарын, логикасын көрсетеді.

Меңгерудің ғылыми дәрежесін арттырудың екінші әдісі - сабақ беру мен оқудың жаңа қатынасын белгілеу, атап айтқанда, мұғалімнің түсіндірушілік міндетін орынды түрде шектеп, оқу проблемаларын шешу жолымен оқушылар мен студенттердің ұғымдарды өздігінен ашу және түсіндіру жөніндегі іс-әрекетін кеңейту. Бұл анағұрлым маңызды тәсіл болып табылады. Өйткені проблемалық оқыту процесінде жаңа ұғымдардың мәнін оқушылар мен студенттердің өздері продуктивтік шығармашылық қызмет барысында (оқытушының көмегімен және басшылығымен) ашады, оның үстіне қызмет зерттеу әрекеттерінің шеберліктері мен дағдыларын қалыптастырады, ал, білімді бір ғана «зердемен емес, өз ойының күш салуымен» алады.

Проблемалық оқыту – ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың негізгі тәсілі, ол адамның танымдық және практикалық қызметін реттеп отыратын белгілі бір жеке бастық субъективтік тұрғы ретінде ұғынылады, дүниетаным теориялық білімнің, практикалық тәжірибенің, идеялық-эмоциялық бағалардың жоғары синтезі ретінде анықталады.

Проблемалық оқытудың жеті қадамы

Алғашқы қадам: Оқушыларды топтарға бөлу

1.1 Топ мүшелерін енгізу, хатшыны тағайындау, негізгі ережелерді белгілеу, жетекші мен оқушының ролін анықтау.

Екінші қадам: Проблеманы ұсыну

2.1 Проблеманы ұсыну

2.2 Проблеманы табу және нақтылау

2.3 Проблеманы сипаттау

Үшінші қадам: Идея тудыру

3.1 Проблеманы түсінуге немесе оны шешуге мүмкіндік беретін идеяларды тудыру және сұрау

Төртінші қадам: Сұрақтарды зерттеу

4.1 Проблеманы түсіну немесе оны шешу үшін нені оқып білу керектігін анықтау

4.2 Оқу сұрақтарын және іс-әрекет жоспарын тудыру

4.3 Зерттеу көздерін, әдебиеттерді тұжырымдау

Бесінші қадам – Өзін-өзі оқыту

5.1 Сәйкес ақпараттарды іздеу және жалпылау

Алтыншы қадам – жинақтау және қолдану

6.1 Ақпарат көздерінің нақтылығы мен шынайылығын бағалау

6.2. Өзара көрген-білген ақпараттармен алмасу

Жетінші қадам: Рефлексия (өз ойларын, бастан кешіргендерін талдау) және кері байланыс

Физика пәні бойынша нақты проблеманы таңдап алу:

Оқушылардан құрылған топтардың жұмысын жетекке ала отыра, басқару.

Мотивация жасау, шынайы өмірден алынған оқиға, не оқытылатынын, не үшін оқылатынын айқындап алу.

Оқытылатын тараудың мазмұнын ашып, мақсатқа жету.

Оқушылардың өздігімен проблеманы шешуі.

Проблемалардың кейбір сипаттамалары:

- Оқушыларды ойлануға, жаңа білім алуға, оны терең ұғынуға мәжбүрлеу.

- Жас ерекшеліктеріне қарай, оқушыларды еліктіретін «қармақ тастау» (зацепка, крючок).

- Проблема оқушының еліне, халқына сәйкес болуы.

- Тапсырманың түрі, қиындығы оқушылардың білім деңгейіне сай болуы.

- Мұғалім аз беріп, оқушы көп білім алатын технология түрлерінің қолданылуы.

Оқылып отырған пәннің тақырыбына сай, оқушы алдына мұғалім проблема қояды. Оны шешу жолы жеті қадамнан тұрады.

Сыныптағы оқушыларды бірнеше топқа бөлінеді. Мұғалім тарапынан проблема ұсынылады да, оқушылар көмегімен нақтыланып тақтаға жазылады. Ары қарай проблеманы түсінуге немесе оны шешуге мүмкіндік беретін бірнеше идеяларды хатшы қағазға түсіріп отырады. Келесіде осы идеяларды шешу үшін, бірнеше туындайтын сұрақтар жазылады. Соңында іс-әрекет жоспары жасалады.

Сыныптағы оқушылар бірнеше топқа бөлінеді. Мұғалім тарапынан проблема ұсынылады да, оқушылар көмегімен нақтыланып тақтаға жазылады. Ары қарай проблеманы түсінуге немесе оны шешуге мүмкіндік беретін бірнеше идеяларды хатшы қағазға түсіріп отырады. Келесіде осы идеяларды шешу үшін, бірнеше туындайтын сұрақтар жазылады. Соңында іс-әрекет жоспары жасалады.

2-кесте

Іс-әрекет жоспары

<i>F</i> : Фактілер	<i>I</i> : Идеялар	<i>L</i> : Оқыту сұрақтары	<i>A</i> : Іс-әрекет жоспары
<u>Проблема</u> мазмұнынан алынатын <u>мәліметтер</u> .	Фактілерге негізделіп анықталады. Гипотезалар	<u>Сұрақ</u> түрінде құрылады. Онда жауаптар проблеманы	Проблеманы шешу үшін туындаған олқылықтардың орнын толтыруға

Мүмкін жағдайларда тақырыптар бойынша топтастыруға болады.	айтылады. Талқылаусыз қабылданады. Уақытпен біртіндеп дамиды.	шешуге мүмкіндік туғызуы керек.	бағытталған шаралар, мысалы, ғылыми зерттеу жүргізу, сұхбат жүргізу. Сұрақтар/ ақпараттар мазмұнға сәйкес алынуы керек.
--	---	---------------------------------	---

Қорытындылай келе, баланың бойындағы шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау міндеттерін шешуде орта және кәсіби мектептердің алатын орны ерекше. Оқушыларға білім берудің нәтижелі дамуын анықтайтын негіз – олардың білім алудағы дербестігі мен жаңа оқыту әдістемелері негізінде оқыта отырып, қажетті құралдармен, заманауи технологиялармен қамтамасыз ету және проблемалық зерттеушілік оқыту негізінде оқушылардың таным белсенділігін қалыптастыру.

Әдебиет:

1. «ҚР білім беру жүйесінің 2015 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасы». Астана, 2005.
2. Әбілқасымова А.Е. «Оқушылардың танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру» Алматы «Білім» 1994ж.
3. Лернер И.я. Вопросы проблемного обучения на Всесоюзных педагогических чтениях. Советская педагогика, 1968. №7
4. Махмутов М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории. – М.: Педагогика, 1975
5. Матюшкин М.А. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – М: Педагогика, 1972
6. Ковалева А.Т. «Ойлау қабілетін дамыту» Общая психология. Просвещение 1991ж.
7. Мұсабекова О. «Логикалық ойлау тәсілдерін қалыптастыру» //Қазақстан мектебі. №3.2004ж.

«Применение электронных образовательных ресурсов на уроках физики, на примере созданного мобильного приложения, на базе операционной системы Android»

Шестопалова А.В.

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

Ann.shestopalova@mail.ru

Аннотация. Мақалада сабақтарды дидактикалық қамтамасыз ету үшін электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу мәселесі келтірілген. Мысал ретінде Бірыңғай ұлттық тестілеуге және физика бойынша қорытынды аттестаттауға дайындық кезінде қолданылатын Android операциялық жүйесіне негізделген мобильді қосымшаны келтіруге болады.

Кілтті сөздер. Электрондық білім беру ресурстары, мобильді қосымша, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Аннотация. В статье представлена проблема разработки электронных образовательных ресурсов для дидактического обеспечения уроков. Примером служит мобильное приложение на базе операционной системы Android, используемый при подготовке к единому национальному тестированию и итоговой аттестации по физике.

Ключевые слова. Электронные образовательные ресурсы, мобильное приложение, информационно-коммуникационные технологии.

Annotation. The article presents the problem of developing electronic educational resources for didactic support of lessons. An example is a mobile application based on the Android operating system, used in preparation for the unified national testing and final certification in physics.

Keywords. Electronic educational resources, mobile application, information and communication technologies.

Основной тенденцией развития общества в XXI веке становится невероятный темп развития технологий. Информационные технологии предоставляют возможность и одновременно вызывают необходимость изменений в организации учебного процесса. По словам М. Хашеми, М. Азизинежад и соавт., [1, с.2477-2481] электронное обучение и все возрастающая роль мобильных устройств в повседневной жизни стали причиной появления нового способа обучения, который называется мобильным обучением. Мобильные приложения при этом являются важнейшей составляющей мобильного обучения, обладающей значительным потенциалом для повышения качества преподавания и обучения.

Согласно свежим данным StockApps, [2, с.13-16] в июле общее количество людей, пользующихся мобильными телефонами во всём мире, приблизилось к 5,3 миллиардам, или 67% населения мира. Согласно данным, опубликованным в отчёте We Are Social Digital 2021, этот показатель вырос более чем на 117 миллионов человек, или на 2,3%. По данным Hootsuite, по состоянию на июль на смартфоны приходилось 6,4 миллиарда, или 79%, всех мобильных подключений в мире по сравнению с 310 миллионами маршрутизаторов, планшетов и портативных ПК, которые в сумме составляют 3,8% рынка.

Множество программных продуктов в эру цифровых технологий, разрабатывается для мобильных телефонов. [3, с.57-58] Большинство последних передовых моделей электронных устройств не уступают по

функционалу и характеристикам громоздким мобильным телефонам и компьютерам.

Сейчас в мире практически не осталось людей, которые бы не пользовались мобильными устройствами. Причинами их популярности можно назвать: функционал, доступ ко всем способам связи и, конечно же, небольшой размер устройства.

Практически у всех обучающихся есть персональные компьютеры, планшеты, смартфоны или другие современные гаджеты. [4, с.481] Научиться работать на компьютере – это прежде всего научиться взаимодействовать с операционной системой устройства. Носимая электроника в настоящее время уже не является просто модным аксессуаром, сейчас это некий технологический тренд, который необходим не только обычным пользователям, но и крупным корпорациям. [6, с.37-38]

Мобильное устройство – портативное, переносное электронное устройство для оперативного сопровождения текущих действий пользователя, связанных со сбором, отображением, хранением, обработкой и передачей информации, в том числе в глобальной сети.

Мобильное приложение - является программным обеспечением, которое специально разработано для конкретной мобильной платформы (iOS, Android, Windows Phone и др). [5, с.57] Предназначен для применения на смартфоне, планшете, умных часах и иных мобильных устройствах.

Возможности мобильных устройств в современном образовательном процессе многогранны. Одним из направлений является так называемый Internet of Everything, буквальный перевод этой идеи «Интернет всего», появилось как идея «умного дома» и успешно переносится сегодня в образовательные организации на урок. [6, с.41-43] Мобильное устройство становится манипулятором всех образовательных действий:

- контроль и запуск электронных приложений, учебников, пособий, практикумов, которые необходимы для развития урока;
- работа с другими гаджетами, такими как интерактивная доска, мультимедиа установка, принтер, роботы и т. д.;
- организация образовательно пространства на творческих минутах урока: подключение музыки, показ видеоролика, и т. д.

Особенностью создания мобильных приложений в настоящее время является разработка их цифровых версий. Это обусловлено в значительной мере появлением мобильных цифровых устройств и их широким распространением среди пользователей. [6, с.64-65]

В рамках проектной и исследовательской деятельности, совместно с обучающейся одиннадцатого класса, было разработано мобильное приложение для совершенствования практики цифровой поддержки физического образования, которое школьники могут использовать в любое удобное для них время. Цель исследования заключается в изучении различных видов мобильных приложений, а также востребованности подобных образовательных программ.

Перед тем, как приступить к процессу разработки мобильного приложения, было проведено исследование среди учащихся 7-11 классов КГУ «ОСШ №2» отдела образования Железинского района, управления образования Павлодарской области. В опросе приняли участие 88 учащихся. Заполненные анкеты обрабатывались, а результаты заносились в таблицы, на основании которых были построены диаграммы и проведен анализ.



Рис. 1 Результаты анкетирования

По данным исследования «Gatner» 2020 г., самым продаваемым являются мобильные устройства на базе Android – 87,8 %. Операционная система IOS занимает второе место по продажам – 11,5 %, на третьем месте Windows – 0,4 %, и другие – 0,3 %. Стоимость мобильного устройства тоже является одним из важных критериев его выбора для личного пользования. Анализ рынка мобильных устройств показал, что самыми бюджетными из них являются смартфоны на базе Android. Именно поэтому нами было

принято решение разрабатывать приложение для смартфонов и планшетов с операционной системой Android. [7, с.108-110]

В создании приложения использовалась облачная среда визуальной разработки приложений для платформы OS Android, MIT App Inventor, работа в которой не требует знания языка программирования Java и Android SDK, достаточно знания элементарных основ алгоритмизации. Для работы в MIT App Inventor необходимо наличие Google или Google Apps аккаунта, а построение программ осуществляется в визуальном режиме с использованием блоков программного кода. [8, с.516]




Рис. 2 Конструктор App Inventor




Рис. 3 Редактор блоков App Inventor

При запуске программы отображается главная страница приложения, на которой представлена информация о пользователе, обучающие модули по различным темам школьного курса физики.




Рис.4 Главная страница приложения




Рис.5 Страница приложения

Разработанное мобильное приложение по подготовке к единому национальному тестированию и итоговой аттестации по физике является не только источником учебной информации, но средством для ее повторения, закрепления и систематизации, формирования познавательных умений, а также контроля успешности учащихся в ее освоении. Принцип «обучение здесь и сейчас» позволяет школьнику неоднократно в любое время обращаться к содержанию ресурса, уточнять и повторять учебный материал, работать над заданиями в компании своих сверстников или совместно с родителями. Учебный материал, находящийся всегда «под рукой», лучше запоминается и успешнее применяется в дальнейшем.

Обработав результаты анкетирования, выяснили, что старшеклассники считают мое приложение полезным, и хотели бы, чтобы подобные приложения были разработаны по другим предметам. Поэтому, в планах внедрение мобильного приложения в учебную деятельность и последующее размещение в официальном магазине «Google Play» и обеспечить возможность бесплатного скачивания приложения.

Практическая значимость заключается в том, что созданное приложение может быть использовано обучающимися старших классов для подготовки к ЕНТ и итоговой аттестации по физике. Кроме того, материалы моей работы позволяют создать подобные приложения и по другим предметам.

Таким образом, использование мобильных приложений для учебного процесса позволяет школьникам формировать образовательную траекторию, получать доступ к новейшим образовательным ресурсам, расширять круг образовательных организаций по всему миру. А учителям, посредством автоматизации, способствует снижению ежедневной нагрузки на контроль выполнения учащимися заданий, повышению удобства контроля учебного процесса, созданию новых условий для мотивации учащихся при создании и выполнении заданий, созданию новых условий для смены активности образовательного процесса на обучающегося; облегчению условий формирования индивидуальной образовательной траектории ученика.

Литература

1 Хашеми М., Азизинежад М., Наджафи В., Несари А. Что такое мобильное обучение? Проблемы и возможности// Procedia – Социальные и поведенческие науки. 2011. № 30. С.2477-2481 2.

2 Mitra S., Gupta S., Mobile learning under personal cloud with a virtualization framework for outcome based education [Электронный ресурс] // Education and Information Technologies, part of Springer Nature. URL: <https://doi.org/10.1007/s10639-019-10043-z> (дата обращения: 31.08.2020).

3 Гриншкун В. В. Проблемы и пути эффективного использования технологий информатизации в образовании // Вестник Московского университета. Серия 20. Педагогическое образование. 2018. № 2.

4 Баданов А. Г., Баданова Н. М. Мобильные инструменты смартфона // Школьные технологии. 2016. № 1

5 Зильберман М. А. Использование мобильных технологий (технологии BYOD) в образовательном процессе // Дидактика XXI века: инновационные аспекты использования ИКТ в образовании: материалы Международной научно-практической заочной конференции (19 мая 2014 г.): в 2-х ч. Самара: ПГСГА, 2014. Ч. 2.

6 Сеницын С. В., Батаев А. В., Налютин Н. Ю. Операционные системы: учебник. М., 2013. 295 с.

7 Гриффитс Р. Д. Head First. Программирование для Android [Текст] / Р. Д. Гриффитс – Санкт-Петербург: Питер, 2016. – 704 с.

Дэрсси Л. Разработка приложений для Android-устройств. Базовые принципы [Текст] /Л. Дэрсси, Ш. Кондер – Том 1. – Москва: Эксмо, 2014. – 598 с.

«Химиялық эксперимент арнайы оқыту әдісі ретінде»

Мұхамбетәлиева З.Ш. педагогика ғылымдарының магистрі

Муканова Р.Ж. х.ғ.к., доцент

Якупова Л.Р. х.ғ.к., Генетика және химия кафедрасының доценті

Рашидова С.Т. х.ғ.к., Генетика және химия кафедрасының доценті

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласы

e-mail: mukhambetaliyeva_zukhra@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада оқытудың арнайы әдісі химиялық эксперимент туралы айтылған. Химиялық эксперимент химияны оқытудағы маңызды әдіс. Химиялық тәжірибелер теориялық білімді практикада сәтті қолдануға мүмкіндік береді. Химияны оқыту кезінде тәжірибелердің келесідей түрлері бар: зертханалық жұмыстар, практикалық жұмыстар және демонстрациялық жұмыстар. Әр жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар, ортақ нәрсе барлығында жұмыс түрлерінде химиялық тәжірибелер орындалады. Химиялық тәжірибе оқушылардың химияны оқуға деген қызығушылығын арттыруға, қоршаған әлемді тануға көмектеседі. Тәжірибелер арқылы білім алушылар пән мазмұнын сәтті игере алады. Оқытудағы маңызды әдіске жатқызудың басты себебі міне осында жатыр.

Кілтті сөздер: химиялық тәжірибе, зертханалық жұмыс, тәжірибе, химияны оқыту, оқыту әдісі

Аннотация: В этой статье рассказывается о специальном методе обучения химическом эксперименте. Химический эксперимент – важный метод обучения химии. Химические эксперименты позволяют успешно применять теоретические знания на практике. При обучении химии существуют следующие виды практик: лабораторные работы, практические работы и демонстрационные работы. Каждая работа имеет свои особенности, общим является то, что во всех видах работ выполняются химические эксперименты. Химическая практика помогает повысить интерес учащихся к изучению химии, познанию окружающего мира. С помощью практик обучающиеся могут успешно усвоить содержание дисциплины. Вот в чем заключается основная причина приписывания важному методу обучения.

Ключевые слова: химическая практика, лабораторная работа, практика, преподавание химии, метод обучения

Abstract: This article describes a special method of teaching a chemical experiment. Chemical experiment is an important method of teaching chemistry. Chemical experiments make it possible to successfully apply theoretical

knowledge in practice. When teaching chemistry, there are the following types of practices: laboratory work, practical work and demonstration work. Each work has its own characteristics, the common thing is that chemical experiments are performed in all types of work. Chemical practice helps to increase the interest of students in the study of chemistry, knowledge of the surrounding world. With the help of practices, students can successfully master the content of the discipline. This is the main reason for attributing an important teaching method.

Keywords: chemical practice, laboratory work, practice, teaching chemistry, teaching method

Мектептегі химия курсы оқушылардың санасында әлемнің химиялық бейнесін қалыптастыру үшін қажетті химиялық білім көлемін қамтиды. Химиялық білімнің белгілі бір көлемі күнделікті өмір үшін де, ғылымның, халық шаруашылығының барлық салаларында, соның қатар химиямен тікелей байланысты емес салалар үшін де қажет. Осы білімдерін іс жүзінде қалыптастыру үшін, теориялық білімді практикада қолдану да химияның негізгі бөлігі – химиялық эксперимент оқытудың арнайы әдісі ретінде ұсынылады. Химиялық эксперимент – бұл оқыту процесінде теория мен практиканы байланыстырудың сенімді әдісі.

Осы тақырыптағы мақаланы жазудың негізгі мақсаты оқушыларда табиғатты жаратылыстану-ғылыми білімнің тұтас бейнесін қалыптастыру үшін химиялық экспериментті ұйымдастырудың маңыздылығы мен әдістемелік ерекшеліктерін анықтау. Қойылған мақсатқа байланысты зерттеу міндеттері анықталды: 1. Химиялық эксперименттің мәні мен түрлерін анықтау. 2. Жаратылыстану білімін қалыптастыруға бағытталған химия сабақтарында оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің технологиясын қолдану. 3. Әлемнің тұтас жаратылыстану-ғылыми бейнесін қалыптастырудың негізгі критерийі ретінде химиялық эксперимент арқылы оқушылардың эксперименттік дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Мектеп химия бағдарламасында химиялық эксперимент маңызды орын алады. Химиялық тәжірибелер барысында оқушылар бақылау, талдау, қорытынды жасау, нәтижеге жету дағдыларын дамытады. Сонымен бірге, химия ғылымының заңдарымен және ғылыми әдістерімен танысады. Бұл пәнге деген қызығушылықты оятуға және оны игеруге септігін тигізеді. Тәжірибелерді орындау кезінде білім алушылар заттардың қасиеттері мен химиялық процестер туралы біліп қана қоймай, сонымен қатар, өздігінен ізденіске үйренеді.

Әдістемелік әдебиеттерде оқыту үшін қолданылатын химиялық эксперимент тұжырымдамасының көптеген әртүрлі тұжырымдарын кездестіруге болады мысалы «мектептегі химиялық эксперимент», «химиядағы тәжірибе», «зертханалық жұмыс». Эксперименттік дағдыларды игеру химия курсының мазмұнын сәтті игеру үшін ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарында және болашақ өндірістік қызмет үшін де қажет.

Эксперименттерді жүйелі түрде жүргізу, оны түсіндіру барысында балалар келесі дағдыларды қалыптастырады, атап айтқанда химия бойынша оқу үлгерімін жақсарту, уақытты тиімді пайдалану, қауіпсіздік ережелерін сақтау, бақылау және талдау. Алынған дағдылар оқушылар білім алу кезінде білімді өз бетінше және белсенді игеру үшін ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеу барысында да пайдаланады.

Химиялық эксперимент бірнеше кезеңмен жүзеге асырылады: біріншісі – тәжірибе қоюдың негіздемесі; екіншісі – жоспарлау және өткізу, үшіншісі – алынған нәтижелерді бағалау. Сонымен бірге, мектеп химия курсындағы химиялық эксперимент тек зерттеу әдісі емес, жаңа білімнің қайнар көзі мен құралы.

Химиялық эксперименттің негізгі функциялары ақпараттық, эвристикалық, критериалды, түзетуші, зерттеушілік, жалпылау және идеологиялық. Ақпараттық функция химиялық эксперимент заттар мен құбылыстар туралы білімнің бастапқы көз ретінде қызмет ететін жағдайдаларда көрінеді. Эксперимент арқылы оқушылар заттардың қасиеттерімен танысады. Бұл функцияда құбылыстар мен заңдылықтар нақты жағдайдағы күйде қарастырылады.

Эвристикалық функция фактілерді бекітуді ғана қамтамасыз етіп қоймайды, сонымен қатар химиялық заңдылықтарды, эмпирикалық түсініктерді және қорытындыларды қалыптастырудың белсенді құралы қызметін атқарады. Ең қарапайым мысал, тәжірибе негізінде фактіні анықтағанда: оқушы натрий гидроксиді ерітіндісіне индикатордың (фенолфталеин) бірнеше тамшысын қосқанда ерітінді түсі өзгереді. Бұл сілті әсерінен индикатордың түсін өзгертетініне көрсеткіш бола алады. Көп жағдайда фактілерді анықтау қиын, алайда химиялық эксперимент арқылы сатылы түрде фактілерді анықтауға болады. Мысалы, мырыштың бір бөлігіне тұз қышқылы ерітіндісімен әрекеттестірсек

Оқу барысында химиялық тәжірибелер фактілерді анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, көптеген химиялық ұғымдарды қалыптастырудың белсенді құралы ретінде қызмет етеді. Мысалы, «катализатор» ұғымының алғашқы қалыптасуы марганец(IV)оксидінің

қатысуымен сутегі асқын тотығының ыдырауының қарапайым химиялық тәжірибесіне негіздеп түсіндіре аламыз. Тәжірибе барысы: сынауыққа 2 мл 3% сутек перкосидін құйып оның үстіне марганец(IV) оксидінің ұнтағын қосамыз. Бұл тәжірибеде оттегі бөлінеді оны шырақты жағып артынша тез өшіріп сынауыққа саламыз. Сонда шырақ қайта жанады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы экспериментті тікелей эвристикалық қорытындыларды ұйымдастыру үшін қолдануға болатындығын көрсетеді.

Химиялық тәжірибенің келесі функциясы критерийлік. Тәжірибелердің нәтижелері бақылай отырып пайымдаулардың, тұжырымдардың дұрыстығын немесе қателігін практикалық дәлелдеудің, сондай-ақ бірқатар белгілі ережелерді растаудың қызметін атқарады. Химиялық эксперимент – бұл сезімдер арқылы алынған сыртқы әлемнің субъективті көрінісімен пайымдауды салыстыру құралы. Сондықтан оны адамның сыртқы әлем туралы білімін тексеру құралы ретінде қабылдауға болады. Химияны оқыту процесінде әрбір теориялық пайымдауды эксперимент арқылы дұрыстығын тексере аламыз. Көбінесе эксперимент гипотезаны жоққа шығару немесе растау құралы ретінде қарастырылады. Мысалы, бензолды зерттегенде, оның молекулалық формуласын талқылағанда химиялық тәжірибе арқылы дәлел жасауға болады. Тәжірибе бензолды қанықпаған көмірсутектер қатарынан деген болжамды қолдамайды: бензол бром суының қанықпаған көмірсутектерге тән түссізденуін тудырмайды.

Келесі түзету функциясы теориялық білімді игерудегі қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Эксперименттік дағдылар бар білімді нақтылау, алған білімдерін бақылауға қызмет етеді.

Химиялық тәжірибенің зерттеу функциясы. Заттарды талдау және синтездеу, заттардың қасиеттері туралы білімді іздеу және олардың қарапайым белгілерін зерттеу, аспаптар мен қондырғыларды жобалау, яғни ғылыми-зерттеу жұмысының қарапайым әдістерін игеру бойынша практикалық дағдылар мен дағдыларды дамытумен байланысты. Осы функцияға сәйкес оқу химиялық эксперименті ғылыми әдістің негізгі әдістерін қолдануды оқушылардың оқу-зерттеу тапсырмаларын орындауымен байланыстырады.

Ең кең таралған және қол жетімді зерттеулер – заттарды сапалық талдау бойынша практикалық жұмыстар. Эксперименттік зерттеу жұмыстары шығармашылық тұрғыдан құнды және білім алушыларға заттарды зерттеу үшін тәжірибелік қондырғылар жасауға мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстар

барысында заттар зерттеліп қана қоймай, химияда қолданылатын әртүрлі эксперименттік әдістер де игеріледі.

2. Рябова Н.В., Лаврентьева М.Ю. Сетевое взаимодействие как фактор эффективной деятельности образовательной организации // Современные наукоемкие технологии.- 2016. №9-2.-С.322-326
3. Третьяк Т. М. Организация сетевого взаимодействия на основе веб-сервиса. / Т.М. Третьяк. Открытое образование. -2012 №1-С.201-203
4. Доррер Г.А., Иванилова Т.Н., Попов А.М., Цибульский Г.М. Об опыте сетевого взаимодействия в образовательной деятельности университетов в г. Красноярске // Открытое образование.-2015. №5(112).-С.63-68

«Ұлттық бірыңғай тестілеудегі концентрацияға арналған мәтінді есептерді шешудің тиімді әдістері»

Б. Дәулетбек

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Түйіндеме. Мақалада ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде кездесетін әртүрлі типтегі практикалық мазмұндағы есептер, оның ішінде концентрацияға арналған мәтінді есептерді шешудің бірнеше тиімді әдістері және оларды шығару жолдары көрсетілген..

Кілтті сөздер: концентрация, ұлттық бірыңғай тестілеу, ерітінді, зат массасы, алгебралық тәсіл.

Аннотация. В статье рассмотрены различные виды задач практического содержания, в том числе эффективные способы решения текстовых задач на концентрацию встречающиеся при проведении национального единого тестирования.

Ключевые слова: концентрация, единый национальный тестирование, раствор, масса вещества, алгебраический метод.

Annotation. The article discusses various types of tasks of practical content, including effective ways to solve text problems for concentration encountered during national unified testing.

Key words: concentration, unified national testing, solution, substance mass, algebraic method.

Қазіргі таңда химия пәні мен математика пәні арасында өзара байланысқан практикалық мазмұндағы есептер көптеп кездеседі. Солардың ең кең тараған түрі концентрацияға байланысты есептер деп айтуға болады. Қоспаның құрамындағы компоненттерге сандық және сапалық талдау жасаудың маңызы зор болғандықтан, қоспалардың құрамын талдауға арналған есептер практикада көп кездеседі. Мұндай есептерді көбінесе алгебралық тәсілдермен шығару тиімді болып табылады. Егер оқушы мұндай есептерді шешудің алгебралық тәсілін жақсы меңгере алса, онда олардың химия пәніне деген қызығушылықтары да арта түсер еді [1].

Концентрация есептері қазіргі кезде тек мектеп оқулықтарында ғана емес ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде математикалық сауаттылық пәнінде де қолданылып келеді. Сондықтан оқушылар ҰБТ-дан ұпай жоғалтпауы үшін концентрация есептерін шығара білуге міндетті. Тапсырмаларды шешу оқу материалын сенімді меңгерудің бірлігі болып табылады, себебі теориялар мен заңдарды қалыптастыру, ережелерді, формулаларды есте сақтау, химиялық теңдіктер құру іс-әрекеті жүреді.

Кез келген мәтінді есепті шешуде қандай да бір нақты шешу әдісі жоқ. С.И.Колесникова, Т.Е.Демидов және Л.А.Гороховцеваның еңбектеріне сүйене отырып, мәтінді есептерді шығарудың әртүрлі әдістері бар екені айқындалды, олар: арифметикалық, алгебралық, геометриялық, логикалық, практикалық, кестелік, аралас, сынақтан өткізу әдістері. Әрбір әдістің негізінде әртүрлі математикалық модель құрастырылады [2; 3; 4].

Сол себепті концентрацияға арналған есептерді шешуде есептің шартына үңіліп, толық түсінген абзал. Оқушыларды есеп шартын дұрыс жазуға дағдыландыру керек. Тек сонда ғана есепті математикалық тілмен жазып, қарапайым түрге келтіре алады. Қоспа мен концентрацияға берілген есептеулер «Массалық концентрация», «заттың концентрациясы» ұғымдарымен байланысты. Мынадай бір есепті қарастырып көрейік:

1-есеп. Екі ерітіндіден қоспа ерітінді дайындалды. Бірінші ерітіндінің массасы 500 гр, концентрациясы 22%, екінші ерітіндінің массасы 300 гр, концентрациясы 30%. Осы екі ерітіндіден даярланған қоспа ерітіндінің концентрациясы неше процент? [5].

Шешуі. Есепті кестелік әдіспен шешеміз.

Берілгені: $m_1=500\text{гр}$, $m_2=300\text{гр}$, $C_1=22\%$, $C_2=30\%$.

Табу керек: $C_{\text{ер}}=?$

Қоспаның күйі	Қоспаның, ерітіндінің массасы m	Массалық концентрациясы C	Таза заттың массасы $m_a = m \cdot C$
I ерітінді	500	22%=0,22	$500 \cdot 0,22 = 110$
II ерітінді	300	30%=0,3	$300 \cdot 0,3 = 90$
I+II	$500 + 300 = 800$	x	200

Берілген кесте арқылы теңдеу құрастырамыз: $800x = 200$, осыдан

$$x = (200 : 800) \cdot 100\% = 25\%.$$

Жауабы: қоспа ерітіндінің концентрациясы 25%.

Ұлттық бірыңғай тестілеуде келетін осы тектес есептерді қарапайым пропорция арқылы шешуге де болады. Ол арқылы оқушылар тестілеу кезінде уақытты да үнемдей алады.

2-есеп. Стакандағы 100г ерітіндінің құрамындағы қанттың концентрациясы 15%. Оның үстіне 250г қайнаған су құйылып, 50г қант салынды. Пайда болған ерітіндідегі қанттың концентрациясын табыңыз.

Шешуі. Пропорция құру арқылы шешеміз. Алдымен сызба түрінде есептің шартын көрсетейік (1-сурет).



1-сурет

Ең алдымен бастапқыда шайдың құрамындағы қанттың массасын тауып аламыз:

$$100\text{г} \cdot \frac{15\%}{100\%} = 15\text{г қант}$$

Демек, бізде жалпы қоспаның массасы 400 г болса, ондағы қанттың массасы 65 граммды құрайды. Осыны пайдалана отырып, пропорция құрамыз. Сол арқылы қанттың концентрациясын анықтаймыз.


$$\frac{400\text{г}}{65\text{г}} = \frac{100\%}{x\%}, \text{ осыдан } 400x = 6500\% \text{ аламыз.}$$

$$x = 16,25\%$$

Жауабы: қанттың концентрациясы 16,25%.

3-есеп. 120г шайдың құрамындағы сүттің концентрациясы 5%. Егер шайға тағы 30 г сүт қоссақ, шыққан шайдағы сүттің концентрациясын табыңыз [6].

Бұл есепті де пропорция құру арқылы шешеміз. Алдымен сызба түрінде есептің шартын көрсетейік (2-сурет).



2-сурет

Ең алдымен бастапқыда шайдың құрамындағы сүттің массасын тауып аламыз:

$$120г \cdot \frac{5\%}{100\%} = 6г \text{ сүт}$$

Демек, бізде жалпы қоспаның массасы 150 г болса, ондағы сүттің массасы 36 граммды құрайды. Осыны пайдалана отырып, пропорция құрамыз. Сол арқылы қанттың концентрациясын анықтаймыз.

$$\frac{150г}{36г} = \frac{100\%}{x\%}, \text{ осыдан } 150x = 3600\% \text{ аламыз.}$$

$$x = 24\%$$

Жауабы: сүттің концентрациясы 24%.

Концентрацияға берілген есептерге қойылатын біршама талаптарды айқындадық. Олар: практикалық мазмұнды есептер және математикалық жаттығулар математика бағдарламасының талаптарына, оқушылардың білім, іскерлік дағдыларына сай болуы тиіс; олар оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған (қысқаша жазу, оған сызба сызу, кесте толтыру, сурет салу, қарапайым диаграммаларды, графиктерді оқу және сызу, практикалық жағдайларды модельдеу және т.б.) білім, іскерлік дағдының қалыптасып, дамуына ықпал етуі қажет.

Практикалық мазмұнды есептердің мазмұны оқушылар үшін таныс математикалық аппараттың практикада қолданылуын, сандық мәліметтерді пайдаланудың ерекшеліктерін (сандық мәліметтердің шынайылығы, сұрақтардың қойылу дәрежесі, алынған жауаптың шындыққа сәйкес келуі) ашу керек. Есептің мазмұнында оқушылар қабылдап, түсіне алатындай шынайы мәліметтер болуы керек, оқушылардың өмірлік тәжірибелеріне, жас ерекшелігіне, білім дәрежесіне және танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы қажет; есептің сюжеті және сандық мәліметтері айналадағы шындықтың озық жақтарын, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріндегі мәліметтерді бейнелеуі қажет; тәрбиешілік, танымдық сипатқа ие болып, математикаға қызығушылық тудыру керек. Сұрақтардың қойылу мәнері

шынайы жағдайда туындауы мүмкін болатын сұраққа сай болуы керек (жете ме, жеткілікті ме, бола ма және т.б.).

Қорыта айтқанда, ұлттық бірыңғай тестілеудегі концентрация есептерін шығару барысында оқушыда туындайтын қиындықтарды анықтау және оларға тиімді әдіс-тәсілдерді үйрету оқушылардың математикалық білім деңгейлерін арттыра түсуіне, сонымен қатар химия пәніне деген қызығушылықтарының артуына өз әсерін тигізеді.

Әдебиеттер

1. Қазақбаева Д. Пәнаралық байланыстырды жүзеге асыру //ИФМ. - №2. - 1997. – Б.10-12.
2. Колесникова С.И. Текстовые задачи. Математика. – М.: ООО «Азбука-2000», 2014. – 112 с.
3. Демидова Т.Е. Текстовые задачи и методы их решения / Т.Е. Демидова, А.П. Тонких. – М.: издво Моск. унта, 1999. – 261 с.
4. Гороховцева Л.А. Процесс решения текстовой задачи при изучении математики в средней школе // Теория и практика высш. проф. обр. – 2003. – №9. – С.14–21.
5. А.Е.Әбілқасымова, Т.П.Кучер, З.Ә.Жұмағұлова, В.Е.Корчевский. Алгебра. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2018. - 200 б.
6. А.Е.Әбілқасымова, Т.П.Кучер, В.Е.Корчевский, З.Ә.Жұмағұлова. Алгебра. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: Мектеп, 2019. - 176б.

Педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында жаратылыстану пәндерін оқыту мәселелері.

Сағынтай Әмина Рахымжанқызы

Павлодарский педагогикалық университет, Павлодар қ.

Sagyntaia@mail.ru

Аннотация. Баяндамада педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында жаратылыстану пәндерін оқыту мәселелері туралы айтылады. Педагогтардың жауапкершілігі, жаңартылған білім берудегі өзгешелік мәселелері қозғалады

Ключевые слова: Педагогика, жаратылыстану, білім

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес,
ол жаңадан жаңаны табатын өнер»
Жүсіпбек Аймауытов

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің

қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Болашақ маман – бүгінгі студент педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды бастауыш мектептің оқутәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс. Қазіргі заманғы озық технологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап етеді. Сондықтан да аталмыш курс кредиттік жүйе бойынша білім беретін мамандықтардың оқу жоспарына енгізілген.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Оқушы бойында әлеуметтік дағдылар, жалпы білімнің іргетасы, танымдық белсенділігі, жүйелі оқу әрекетінің қалыптасуына бастауыш сынып оқу бағдарламаларында көңіл бөлінген.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту — оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз дұрыс.

Жас өркеннің жақсы азамат, білікті тұлға ретінде қалыптасуы мұғалімдердің білімі мен кәсіби шеберлігіне, мемлекет пен халық алдындағы азаматтық парызына деген жауапкершілігіне тікелей қатысты. «Мектептің жүрегі — жақсы мұғалім» деп ұлы даланың дана педагогы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, бүкіл мемлекеттің, тұтас ұлттың болашағы – ұстаздардың қолында. Жеке тұлғаның танымдық үрдістерін дамытуда, сондай-ақ, білім, білік, дағдыны, жалпы дүниетанымын қалыптастыруда оқыту әдістерін, жаңа оқыту технологияларын оқыту үрдісінде тиімді пайдалана білу мұғалім шеберлігіне байланысты. Қазіргі заман талабына сай «қазақ тілі» пәнін оқыту да жаңа тақырыптарды оқушылардың өздеріне

меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген танымал әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Мен сындарлы оқыту бойынша қазақ тілі пәні бойынша әдіс-тәсілдерімен оқытып жатырмын. Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді.

Жаратылыстану ғылымдары жүйесінде физика терең философиялық және ғылыми – техникалық мазмұнымен ерекшеленеді, негізгі рөлге ие болады. Мұғалім мектепте білім алушыларға физиканы үйрету арқылы олардың дүниеге көзқарасының алғы шарттарын қалыптастырады. Қазіргі физиканың мазмұны осы күнгі теориялық зерттеулер бойынша кванттық, релятивистік және статистикалық заңдылықтардың жалпылама заңдарына жақындауда. Бүгінгі мектеп оқушысы физиканы осындай үрдісте білуі қажет.

Физика – табиғат жайлы ғылым. Оның негізгі мақсаты заттар мен денелердің, құбылыстар мен процестердің физикалық қасиеттерін білу, табиғат құбылыстарының заңдылықтарын зерттеу. «Физика» пәнін нәтижелі оқыту мұғалімнің тікелей кәсіби тәжірибесі мен құзыреттілігіне, оқу үдерісі нәтижелеріне басым көңіл бөлуге байланысты. Әрбір ұстаз оқушының білім алу үдерісінде оның оқу мақсатына жету үшін өзіндік реттелуі арқылы ойлау және іс – әрекетін нақты жоспарлауы қажет.

Жаңартылған білім беру бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыруда қажет құндылықтар (шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас жасау қабілеті, өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау, жауапкершілік, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету, өмір бойы оқуға дайын болу.) мен дағдылар (сын тұрғысынан ойлау, білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті, проблемаларды шешу қабілеті, ғылыми-зерттеу дағдылары, қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда), жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті, АКТ саласындағы дағдылар.) анықталған. Осы құндылықтар мен дағдыларды физика пәнінен қысқа мерзімді жоспар жасауда пайдалануға болады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральді қағидаттың ерекшелігі, тақырыптарды меңгеруде білім алушы негізгі мәселені назардан тыс қалдырмай, қозғалған тақырыпқа қатысты білімін үздіксіз кеңейтіп, тереңіне үңіле білуіне ықпал ететіндігінде. Осылайша оқушылар нақты оқу мәселесіне қатысты білімін біртіндеп және үздіксіз кеңейту мүмкіндігіне ие болады.

Деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отырады. Жаңа бағдарламаның негізі, оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектепте алған білімін өмірінде пайдалана

білуі .

Келесі маңызды мәселе- мектеп оқушыларының физика пәнін терең оқуға деген қызығушылығының төмен болуы. Е. В. Луцай айтқандай: «Физика көптеген оқушылар үшін күрделі пән болып табылады. Әрбір мұғалім өз тәжірибесінде ерте ме, кеш пе, кейбір оқушыларда пәнге оқу ынтасының болмауы мәселесіне тап болады. Бұл табиғи нәрсе- адам бәрін бірден ұната алмайды». Бұл ынтаны арттыру үшін мұғалім оқушыларды жаңа білім алуға ынталандыруы, итермелеуі керек. Оқушының іс-әрекетін түзету қажет, өйткені оқушы физикаға қызығушылық танытатын, сабақта белсенді болған, бірақ қай бағытта қозғалуды және кейде неден бастау керектігін білмейтін жағдайлар бар. Мұндай мәселелерді шешу үшін түрлі әдістер бар. Бұл семинарлар, жобалар әдісі, презентациялар және т.б. болуы мүмкін. Жобалық әдіспен қатар презентация әдісін қолданғанда мұғалім қызықты, әдемі ғана емес, сонымен қатар мазмұнды және тиімді презентация жасау проблемасына тап болады. Бұл мәселені шешу үшін мұғалім, жоғарыда айтылғандай, компьютермен және тиісті бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеу дағдыларын игеруі керек.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, мұғалім өз сабақтарын шығармашылық іс-әрекеттің негізі болып табылатын психологиялық тетіктердің дамуына ықпал ететіндей құруы керек: есте сақтау, қиял, назар, стандартты емес ойлау. Ол үшін мұғалім оқушыға аталған қабілеттердің барлығын дамыта алатын материалдар әзірлеуі керек. Жоғарыда аталған уақыттың жетіспеушілігіне әдістемелік әдебиеттердің жеткіліксіз саны, мұғалімнің шығармашылық ойлауын дамыту қажеттілігі қосылады, және бұл бәріне оңай бола бермейді.

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу қажет. Олар:

- компьютерлік техника;
- интернет;
- компьютерлік желі;
- электрондық және телекоммуникациялар құралдары;
- электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын көтеру және танымдық белсенділігін қалыптастыру.

Оқытудың компьютерлік технологиясы деп оқушының өз бетімен танымдық іс — әрекетін дамытуға, оқыту мен оқуды басқаруға, сондай — ақ оқу мен практикалық есептерді ойындық тұрғыдан шешуге бағытталған әдіснамалық, психологиялық, педагогикалық, бағдарламалық — техникалық және ұйымдастыру құралдарының кешенін айтады.

Ал педагогика ғылымы оқу құралдарын, мектеп оқулықтарын жасауда осы ғасырлар бойы алған білімімізді жинақтайды. Осы жағдайларды ескере отырып соңғы жылдары мейлінше білім беру мазмұнын гуманизациялауда зерттеулер жүргізуде.

Қазіргі оқу жүйесінде мұғалім әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде бағалағандықтан, мұғалім білімнің нақты көзі емес, оның ұйымдастырушысы болып табылуда. Оқыту үрдісі бір жақты жүрмеу үшін оқу әдістерін белсенді түрлендіріп жүргізе отырып, белсенді жүргізу үшін «жақсы оқулықтар» керек. Яғни осыдан келіп, қазіргі таңда білім беру жүйесін жетілдіруде физикадан оқу-әдістемелік кешенін (ОӘК) жасаудың дидактикалық негіздері қарастырылуда. Олар:

- a) Оқушыларға арналған оқулық дайындау;
- b) Мұғалімге арналған көмекші құралдар;
- c) Ата-аналармен бірігіп жұмыс жасауға арналған оқулықтарды дайындау.

Сонымен қатар, жалпы білім беру жүйесінің басты мақсаты — қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен кұзырлықтардың негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Соның бірі:

1. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
2. Білім беруді ақпараттандыру;
3. Халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу.

Пәндерді бір – бірімен байланыстырып оқыту педагогика тарихында ерте кезден белгілі. Ол Я. А. Коменскийдің, И. Г. Песталотцидің, К. Д. Ушинскийдің еңбектерінде зерттеліп дамытылған. Я.А. Коменский оқу пәндерін байланыстырып оқыту кезінде оқушылардың ұғымында оқу материалы жайлы толық мағлұмат қалатынын, оның терең, әрі жүйелі білімнің шарты екенін түсіндіре келіп, пән аралық байланыстың мақсатты және тиімді болуына мән береді. Пәнаралық байланыс мәселесі жан – жақты әрі жүйелі түрде ұлы орыс педагогы К. Ушинскийдің еңбектерінде де дәлелденді. Оның пікірінше әр түрлі ғылым саласынан тамшылап берілетін ғылым, адамның сыңарында жаттанды түрде жинақталмай, сапалы түрде меңгерілуі керек. Білім сонда ғана берік, жүйелі және терең болады.

Физика сабағында пәнаралық байланысты қолданудағы мақсатым: Физика пәні бойынша білім, білік дағдыларын қалыптастыру; Оқушылардың ой — өрісін, логикалық ойлау қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру; Өзіндік танымдық — шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың жолдары мынандай:

- Әрбір жеке пәнді оқытқанда басқа пәндерді оқыту ісіне өз ықпалын тигізетіндей болуын көздеу;
- Түрлі пәндерді оқып үйренуде – өтілетін материалдарды уақыт жағынан үйлестіріп отыру.
- Оқушылардың ғылыми теориялар мен заңдылықтарды игеруін, олардың жинақтылығымен әдістерімен, дағдыларымен сабақтастыра қалыптасатыру.
- Жалпы теориялық білім алуды және практикалық іскерліктер мен дағдыларды бірыңғай әдіспен жүзеге асыру.

- Оқушыларға (білім алу, икемділік пен дағдыларды қалыптастыру барысында) бірдей талап қою.
- Оқушылардың бір пәннен білім алуға икемі мен дағдыларын пайдалана білуге әдеттендіру.
- Әр түрлі пәндердің зерттеу әдістерінің ортақтық ерекшеліктерін көрсете білу.
- Әр пән сабақтарында оқылатын құбылыстардың өзара байланысын ашып, дұрыс дидактикалық дүниетаным қалыптастыру.

Физика ғылымы табиғатта болатын құбылыстарды, олардың заңдылығын зерттеумен айналысады. Физика — техника негізі. Физика — эксперименталды ғылым. Адамзаттың осы заңдылықтарды ашудағы ғылыми жетістіктері адам баласы үшін күнделікті тұрмыс тіршілігіне қажетті қарапайым еңбек құралдарынан бастап түрлі деңгейдегі техникалық құралдар мен қондырғылар жасауы адамның құдіреттілігін көрсетеді. Бүгінгі таңдағы жан — жақты саладағы жаңа заманауи техникалардың атап айтсақ ауыл шаруашылық машиналары, су асты мен үсті, әуе техникалары, нанотехнология т, б білім мен ғылымның дамуының айқын себептері. Осындай құралдар мен есептеулердің нәтижесінде адам баласы бізді қоршаған орта – табиғат туралы біршама жаңалықтарды ашты, әлі де табиғаттың ашылмаған қыр — сырларын ашуда.

Сөзімнің соңын қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.А.Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. // Ана тілі газеті. № 5, 2-8 ақпан, 2012 ж.
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
3. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. ІҮ том. Алматы, Ғылым, 1998ж – 437 бет.
4. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. V том. Алматы, Ғылым, 1999ж – 301 бет.
5. Құзыреттілік және ойын технологиясы // С.Буланов.
6. «Ойын әрекеті арқылы белсенділікке баулу». Петров А.В. 2001.
7. Ойын технологиясының ерекшеліктері // Интернет.
8. Баспасөз материалдары.

Индикаторлы өсімдіктерді қолдана отырып топырақтың сапасын анықтау

Уйсимбаева Ж.Т., Жангубекова А.Ж.,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
asel.zhangubekova@bk.ru

Аңдатпа. Мақалада біз қаланың екі учаскісінен топырақ жамылғысының ластану дәрежесін анықтауды қарастырдық. Біздің зерттеуімізде қолданған әдіс-биоиндикация әдісі. Биоиндикациялық әдістер арнайы қымбат жабдықсыз, аспаптарсыз және реактивтерсіз тірі объектілердің көмегімен қоршаған ортаның жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. Кейбір тірі организмдер қоршаған ортаның өзгеруіне өте сезімтал және олардың қатысуымен, мөлшерімен немесе даму ерекшеліктерімен табиғи процестерді, жағдайларды және тіршілік ету ортасының антропогендік өзгерістерін бағалауға болады.

Түйінді сөздер: Кресс-салат, биоиндикация, индикатор

Аннотация. В статье мы рассмотрели определение степени загрязнения почвенного покрова с двух участков города. Метод, который мы использовали в нашем исследовании, - это метод биоиндикации. Биоиндикационные методы позволяют оценить состояние окружающей среды с помощью живых объектов без специального дорогостоящего оборудования, приборов и реактивов. Некоторые живые организмы очень чувствительны к изменениям окружающей среды, и с их участием, размером или особенностями развития можно оценить естественные процессы, условия и антропогенные изменения среды обитания.

Ключевые слова: Кресс-салат, биоиндикация, индикатор.

Abstract. In the article, we examined the determination of the degree of soil contamination from two sections of the city. The method we used in our study is the bioindication method. Bioindication methods make it possible to assess the state of the environment with the help of living objects without special expensive equipment, devices and reagents. Some living organisms are very sensitive to environmental changes, and with their participation, size or developmental features, it is possible to assess natural processes, conditions and anthropogenic changes in the habitat.

Keywords: watercress, bioindication, indicator

Кіріспе

Топырақтану ғылымының қалыптасуы орыстың аса дарынды табиғаттанушы ғалымы В.В. Докучаевтың (1846-1903) есімімен тығыз байланысты. В.В. Докучаевтан кейін оның енбегін көптеген талантты

шәкіріттер жалғастырды. Адамзат баласы жерді қасиетті санап анаға балаған, өйткені адам үшін тамақ, шикізат, қазба байлық, қазына жер көзі болып табылады. Қазіргі түсінік бойынша топырақ - жер бетінің майда ұнтақталған құнарлы қабаты, тірі мен өлі табиғатқа тән бірнеше сипаттары мен қасиеттері бар ерекше құрылым. Топырақтың негізгі қасиеті- құнарлылығы деп, оның өсімдіктерді барлық қоректік заттармен және ылғалмен қамтамасыз етуін айтады. Құнарлы қабат бір себептерден шайып кеткен топырақтардың қалпына келуі үшін өте ұзақ уақыт керек. Табиғи жағдайда топырақтың түзілуі ұзаққа созылатын құбылыс. Мәселен, қалыңдығы 20 см жыртылатын топырақ қабаты түзілуі үшін табиғи жағдайлардың өзгешеліктеріне қарай 3-7 мың жыл уақыт керек [1].

Құнарлы қабаты түгелдей жойылған топырақтар болжамды уақыттарда өз-өзінен қалпына келмейді. Сондықтан адам өзінің тыныс-тіршілігінде топырақтың құнарлы қабатын су және жел эрозиясынан, басқа да экологиялық апаттардан қорғай отырып, топырақ құнарын жылма-жыл арттыру және жақсарту шараларын іске асыруы қажет [2].

Топырақты толық талдау көп уақыт пен еңбекті қажет етеді. Алайда, топырақтың көптеген ерекшеліктерін, соның ішінде топырақтың ластануын биоиндикаторлардың көмегімен анықтауға болады. Бұл жұмыста топырақ сапасын кресс-салат индикаторлы өсімдігімен зерттей отырып, топырақтың ластануын қалай анықтауға болатындығы қарастырылған.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Биоиндикация – бұл тірі объектілердің көмегімен қоршаған ортаның жағдайын бағалау. Тірі заттар (немесе жүйелер) – бұл жасушалар, организмдер, популяциялар, қауымдастықтар. Олардың көмегімен абиотикалық факторларды (температура, ылғалдылық, қышқылдық, тұздылық, ұшу құрамы және т.б.) және биотикалық (организмдердің, олардың популяциялары мен қауымдастықтарының әл-ауқаты) бағалауға болады. "Биоиндикация" термині еуропалық ғылыми әдебиеттерде жиі қолданылады, ал американдық әдебиетте ол әдетте мағынасы ұқсас "экотоксикология" атауымен ауыстырылады.

Биоиндикаторлар- бұл қоршаған ортаның жағдайын бағалау үшін қолданылатын биологиялық объектілер (жасушалар мен биологиялық макромолекулалардан экожүйелер мен биосфераға дейін). Биоиндикаторлар тірі ұйымның әртүрлі деңгейлеріне жататындығын атап өткісі келгенде, олар "биоиндикатор жүйелері" терминін қолданады. Топырақ сапасын анықтауға кресс-салат индикаторын көмегімен анықтауға болады

Биоиндикаторды таңдау критерийлері:

- жылдам жауап;
- сенімділік (қате <20%);
- қарапайымдылық;
- бақылау мүмкіндіктері(табиғатта үнемі болатын объект) [3].

Кресс-салат - бұл топырақтың ауыр металдармен ластануына, сондай-ақ ауаның газ тәрізді шығарындылармен ластануына жоғары сезімталдыққа ие көкөніс өсімдігі. Бұл ерте суыққа төзімді өсімдік, бірақ топырақ ылғалдылығын қажет етеді. Ол барлық топырақтарда жақсы өседі, бірақ құнарлы жерді жақсы көреді. Индикатор ретінде ыңғайлы, өте қысқа мерзімде өсіп шығады. Сулы тұқымдар 3-4 күнде өніп шығады және эксперименттің көптеген сұрақтарына 10-15 күн ішінде жауап алуға болады. Сонымен қатар, бұл өсімдіктің өсінділері мен тамырлары ластаушы заттардың әсерінен айтарлықтай морфологиялық өзгерістерге ұшырайды (өсудің тежелуі және қисаюуы, тамырлардың ұзындығы мен массасының төмендеуі, сондай-ақ тұқымның саны мен массасы). Үлкен ауданды қажет етпейді, аз ауданда (Петри ыдысы, кювет, одноразовый контейнерлерде және т.б.) өседі[4].

Тәжірибе нәтижелеріне байланысты субстраттарға ластанудың төрт деңгейінің бірі беріледі.

Зерттеу нәтижелері

Эксперимент 2022 жылдың 30 қыркүйектің 12 күн бойы бақыланды алынған топырақ үлгілерінде кресс-салат тұқымдарының өнуі. Әрбір зерттеуде топырақ үлгісі анықталды: кресс-салат тұқымдарының өну энергиясы және олардың кресс көшеттерінің өнгіштігі, сабақтары мен тамырларындағы морфологиялық өзгерістер. Нәтижелер 1-кестеге енгізілді.

Кесте 1. Кресс-салат тұқымдарының өну энергиясы және олардың топырақ өнгіштігі

№	Зерттелгентапырақ үлгілері	Өскендәндер саны, пайызы, (%)				
		өскен күні	3 күн	8 күн	10 күн	12 күн
1	НДФЗ	50 (100%)	17 (34%)	16 (32%)	16 (32%)	0
2	Массив көктем	50 (100%)	37 (74%)	37 (74%)	38 (76%)	38 (76%)



2-сурет. 3күн өнуі

Өну энергиясының ең жоғары көрсеткіші бақылауда көрсетілген №2 массив көктем үлгісі. Онда 3-ші күні егілген 50 өсімдіктің 38-сы көтерілді тұқым. 12 күннен кейін көшеттер топырақ үлгілерінен қазылып зерттелді, олардың сабақтары мен тамырларындағы морфологиялық өзгерістер. Алынған мәліметтер кесте 2 .

Кесте 2. Морфологиялық өзгерістердің салыстырмалы сипаттамасы кресс-салат көшеттеріндегі сабақтар мен тамырлар.

№	Зерттелген топырақ үлгілері	Отырғызылған дәндер саны	Өскен дәндер саны	Өну пайызы	Сабақ см	Тамыры см
1	НДФЗ	50	0	0	-	-
2	Массив көктем	50	24	76%	6,5	4,5

Нәтижелерге байланысты ластанудың екі деңгейі анықталы.

1. Әлсіз ластану: өнгіштігі 60-90%. Көшеттер қалыпты дерлік ұзындығы, күшті, тіпті.

2. Қатты ластану: тұқымның өнуі өте әлсіз (20% - дан аз). Көшеттер кішкентай, әлсіз немесе өліп қалуы. Бұл белгілер №1 үлгіге тән.



2-сурет. Өну нәтижелері

Кесте 3. Зерттелетін үлгілердің ластану деңгейі

№	Топырақ үлгілер	Ластану деңгейі	Өну пайызы	Морфологиялық белгілері
1	НДФЗ	қатты	-	-
2	Массив көктем	әлсіз	76%	Сабақтары орташа, бір көшет ұзын - бірі қысқа, тамыр орташа ұзындығы

Қорытынды

Мен әр түрлі қашықтықта алынған екі учаскіден топырақ алдым. Мен оған бірдей мөлшерде кресс-салат тұқымын отырғыздым. Ластанудың тікелей орнына (біздің жағдайда өндірістік орын) неғұрлым жақын болса, соғұрлым өнген тұқымдардың саны, демек, пайызы азаяды. Тікелей ластану орнынан неғұрлым алыс болса, өнген тұқымдардың саны соғұрлым көп болады. Кресс-салат биоиндикатор ретінде топырақтың күйін анықтады. Кресс-салат тұқымдарының максималды өнгіштігі үй учаскесінен топырақ үлгісінде байқалды, бұл 76% құрады. Ластану деңгейі анықталды: әлсіз ластану (76%) - үй учаскесіндегі топырақ, қатты ластану (20%) - дан аз. Бұл тәжірибе топырақтың ластануының жоғарылауы өсімдіктердің өсу процесін баяулатып, жақын жерде өсетін өсімдіктерге теріс әсер ететінін және олардың өліміне әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Кресс-салат топырақты анықтауға қол жетімді индикатор болып табылады. Сол себепті біз осы индикатор арқылы тәжірибе жүргіздік. Тәжірибе нәтижесіне сәйкес өндіріс орынныңдағы топырақтың сапасының ластану деңгейін анықтадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1]. Мотузова Г.В., Безуглова О.С. Топырақтың экологиялық мониторингі: Оқулық/Ауд. А.Т. Нұркенова, А.Қ.Әуелбекова.-Алматы, Экономика.- 2013-252 бет.
- [2].Қабышева Ж.К. Топырақтану: Оқулық.- Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір»,2013.-416 бет
- [3]. Ж.Т.Уйсимбаева, Г.Ә.Сарбасова. Биоиндикация және биоиндикациялық әдістер:оқу құралы.- Тараз: «ТИГУ» баспаханасы,2017.
- [4].<https://school-science.ru/5/1/35976>

REFERENCES

- [1]. Motuzova G. V., Bezuglova O. S. environmental monitoring of the soil: textbook / AUD. A. T. Nurkenova, A. K. Auelbekova.- Almaty, Economy.- 2013-252 pages.
- [2]. KabyshevaZh. K. Soil Science: Textbook.- Almaty, LLP RPBK дә era", 2013. -416 pages
- [3]. Zh.T.Uysimbayeva, G. A. Sarbasova. Bioindication and bioindication methods: a training manual.-Taraz: «Tigu Printing House, 2017.
- [4].<https://school-science.ru/5/1/35976>

«Биология сабақтарында білім беруді жаңғырту жағдайында сыни ойлауды дамыту»

А.И.Женисова

Павлодар педагогикалық университетінің магистранты, Павлодар қ.
alina.zhenisova@mail.ru

Б.А.Байдалинова б.ғ.д профессор

Павлодар педагогикалық университетіні, Павлодар қ.
baidalinovaba@mail.ru

А. Ерболқызы

Павлодар педагогикалық университетінің магистранты, Павлодар қ.
aizereerbol655@gmail.com

***Аңдатпа:** Дәстүрлі қоғамда оқыту мұғалімнің ақпаратты таратуы арқылы құрылады. Мектепте біз мұндай проблемаға жиі кезігеміз: мұғалім сабаққа дайын, қызықты идеяларға толы, балалармен қалай айналысатынын күтеді, бірақ... сабақ басталды, сабақ аяқталды, оқушылар бей-жай қалды, мұғалім ұсынғанның бәріне баяу жауап берді.*

Динамикалық өзгерістер дәуірінде ең бастысы-өз бетінше оқу қабілетін қалыптастыру. Бүгінгі таңда білім беруді дамытудың негізгі шарты оның жеке тұлғаға бағытталған бағыты болып табылады. Жеке тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыру оқушылардың жеке функцияларын көрсетуге мүмкіндік беретін осындай педагогикалық басшылықты жүзеге асыруды қамтиды (мағынаны іздеу, өмір салты мен моделін құру, шығармашылық таныту, фактілерге, олардың әрекеттеріне сыни баға беру). Виртуалдылық пен компьютерлендіруге көшу дәуіріндегі мұғалімнің міндеті-балаларды қызықтыру, виртуалды әлемді өзінің көмекшісі ету және тікелей қарым-қатынас жасау-ол мен оқушы арасындағы басты құндылық.

Кілт сөздер: сыни ойлау, жеке тұлға, дамыту технологиясы

Аннотация: В традиционном обществе обучение строится через распространение информации учителем. В школе мы часто сталкиваемся с такой проблемой: учитель готов к уроку, полон интересных идей, ждет, как он будет заниматься с детьми, но... урок начался, урок закончился, ученики остались равнодушными, медленно отвечали на все, что предлагал учитель. В эпоху динамических изменений главное-формирование способности к самостоятельному обучению. Сегодня основным условием развития образования является его лично-ориентированная направленность. Реализация лично-ориентированного обучения предполагает осуществление такого педагогического руководства, позволяющего проявить индивидуальные функции учащихся (Поиск смысла, построение образа и модели жизни, творческое самовыражение, критическую оценку фактов, их действий). Задача учителя в эпоху ухода в виртуальность и компьютеризацию увлечь детей, заинтересовать и сделать виртуальный мир своим помощником, а живое общение основной ценностью между ним и учеником.

Ключевые слова: критическое мышление, личность, технология развития

Summary: In a traditional society, education is built through the dissemination of information by the teacher. At school, we often face such a problem: the teacher is ready for the lesson, full of interesting ideas, waiting for how he will deal with the children, but... the lesson began, the lesson ended, the students remained indifferent, slowly answered everything that the teacher offered.

In the era of dynamic changes, the main thing is the formation of the ability to learn independently. Today, the main condition for the development of education is its personality-oriented orientation. The implementation of personality-oriented learning involves the implementation of such pedagogical guidance that allows students to manifest their individual functions (Search for meaning, building an image and model of life, creative self-expression, critical assessment of facts, their actions). The task of a teacher in the era of going into virtuality and computerization is to captivate children, interest and make the virtual world his assistant, and live communication is the main value between him and the student.

Key words: *critical thinking, personality, development technology*

Кіріспе. Сыни ойлауды дамыту технологиясы-оқытуды тұлғаға бағытталған тәсілге айналдырудың бір әдісі. Технология қарым-қатынас тұрғысынан да, білім құру тұрғысынан да тең серіктестікті қамтиды. Мұғалім негізгі ақпарат көзі болуды тоқтатады және оқушыға салынған бейімділіктерді жүзеге асыруға жағдай жасайды. Жаңа ақпарат ала отырып, студенттер оны әр түрлі тұрғыдан қарастыруды, оның құндылығы туралы қорытынды жасауды үйренуі керек. Қазіргі өмір өзінің басымдықтарын белгілейді: фактілерді қарапайым білу емес, алынған ақпаратты пайдалану мүмкіндігі, ақпарат көлемі емес, оны алу және модельдеу мүмкіндігі, тұтынушылық емес, құру және ынтымақтастық.

Сыни ойлауды дамыту технологиясы еркін, сыни тұрғыдан ойлайтын тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етеді, жеке өсуге, даралықты дамытуға мүмкіндік береді. [6]

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын қолдану арқылы сабақтың технологиялық кезеңдері

Қызығушылықты ояту.

- бар білімді өзектендіру
- жаңа ақпарат алуға қызығушылықты ояту
- оқушының өз оқу мақсаттарын қоюы

Мағынаны ашу:

- жаңа ақпарат алу
- жаңа ақпаратты түсіну
- оқушының қойылған оқу мақсаттарын түзетуі

Ой-толғаныс:

- тұтас түсіну, зерттелетін материалға өзіндік көзқарасты дамыту
- жаңа білімнің пайда болуы
- танылмағанын анықтау, оқушының жаңа оқу мақсаттарын қою (жаңа "шақыру")

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы оқушының өз алдына мақсат қою қажеттілігін қарастырады. Егер бала не оқып жатқанын және не үшін екенін түсінсе, онда ассимиляция процесі жемісті болады.

Қызығушылықты ояту кезеңінде маңызды:өз көзқарасын қате жіберуден және түзетуден қорықпай еркін білдіру;барлық мәлімдемелерді бекіту;өз білімдерін жаңарту және баламалармен танысу үшін жеке және топтық жұмыстың үйлесімі. Кезеңін сәтті жүзеге асырған кезде оқушылар жаңа ақпарат алу сатысында жұмыс істеуге ынталандыруы керек. [8]

Қызығушылықты ояту кезеңінде біздің сабақтарымда келесі стратегиялар бар: кластерлер, сөзжұмбақтар, қауымдастықтар, "ми шабуылы". Мұнда біз белгілі бір тақырыптағы жұмбақтарды ұсынамын. Мұндай сұрақтар оқушыларлын өмірден алынған мысалдарға сүйене отырып, ақпаратты кеңейту, бағалау және талдау қабілеттерін талап етеді. Сұрақтарға

жауап беру үшін оқушылар бұрын алған білімдерін көрсетеді және айтылғанды растау үшін өмірден мысалдар келтіруге тырысады, болжамдар жасайды, жаңа материалды зерттегенге дейін ақпаратты жүйелейді, жауап алғысы келетін сұрақтар қояды. Бұл сөйлеудің дамуына ықпал етеді, өз ойларын логикалық дәйектілікпен айтуға көмектеседі. Жоғары деңгейдегі сұрақтар мен оқушыларға ойлау қабілетін дамытуға және кеңейтуге мүмкіндік беру үшін ұсынамын. Олардың жауаптарын тындай отырып, мен оқушылардың назарын маңызды фактілерге аударуға тырысамын. Қорытындылай келе, оқушылар толық мазмұнды жауаптар береді.[1]

Мазмұнды түсіну кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен байланысқа түседі. Осы кезеңді жүзеге асыру барысында мұғалімнің басты міндеті-оқушылардың "ескі" білімнен "жаңа"білімге деген қызығушылығын қолдау. Мазмұнды түсіну үшін параграфтың ең қиын жерлерін оқып, маңыздылығын атап өтуге болады, зейінді ынталандыру әдістерін (проблемалық мәселелер, қызықты фактілер, суреттер, сызбалар) көбірек қолдануға болады. Жеке жұмыс барысында оқушылар ең маңызды ақпаратты таңдайды, оны өз сөздерімен білдіреді, себеп-салдар байланысын дербес жасайды. [7]

Сабақтарымда түсіну кезеңінде біз "INSERT" стратегиясын қолданамыз (жазбалармен оқу). Бұл жұмыс жаңа ақпаратпен тікелей жұмыс жасау кезінде тақырыпқа деген қызығушылықты сақтауға, "ескіні" білуден "жаңасына"біртіндеп жылжытуға бағытталған. Балалар алдын-ала бөлінген таныс мәтінмен жұмыс істейді, олардың әрқайсысына сұрақтар (қарапайым фактілер, ақпаратты көбейту), нақтылау, түсіндіру (неге?), шығармашылық. Бұл сабақтарда жаңа материалды меңгеру барысында мен сұрақтар қоямын жоғары тәртібін оқушыларының алдында басталғанға дейін мәтінді оқу. Бірінші кезеңде оқушылар сабақ тақырыбы бойынша өз білімдерін қалпына келтіреді, оларды қызықтыратын сұрақтарды кестеге жазады. Оқушылар бұрын білгендерінің бәрін жалпы назар аудару және түзету үшін және бағалаусыз "білемін" бағанына жазады. Мәтінді оқығаннан кейін оқушылар естімеген фактілерді "білдім" бағанына жазуды ұсынамын, бірақ мәтінмен жұмыс жасай отырып, білдім. Бұл жұмыс көкжиегін кеңейтуге, алынған ақпаратты түсінуге мүмкіндік береді. Осы жұмысты орындағаннан кейін топтар өздерінің жаңалықтарымен бөліседі, мәтіннің соңында берілген сұрақтарға жауап береді, өз топтарының жауаптарын басқа топтардың жауаптарымен салыстырады, өз білімдерін мәтінде келтірілген мәліметтермен талдайды. Тақырыпты зерттеу барысында үшінші баған толтырылады, яғни қойылған сұрақтарға жауаптар, тақырып бойынша жаңа ақпарат. [5]

Оқушыларды зерттеу әңгімесіне қатыстырған кезде мен топтардағы жұмысты қолданамын, онда қатысушылар ортақ проблема тудырады, бірлескен түсінік қалыптастырады, пікір алмасады, бір-бірінің идеяларын талқылайды және бағалайды, ұжымдық білім мен түсінік қалыптастырады, атап айтқанда, бірге ойлайды, дауыстап ойлайды: гипотеза жасайды және пайымдайды. Осылайша, түсіну кезеңінде оқушылар мәтінді оқу арқылы

жаңа ақпаратпен байланыс орнатқан кезде, олар өздерінің түсініктерін қадағалап, олқылықтарды елемеуге емес, болашақта түсіну үшін түсінбейтін сұрақтар түрінде жазуды үйренеді. Әркім оған қандай нұсқаулар көмектескені туралы айтады. Біз балаларды осындай интроспекцияға үйретуге тырысамын. Білімді одан әрі өңдеу және бекіту жұмыстың басқа формаларында жүреді: жұптық, топтық және жеке жұмыстар. Топтық жұмыста екі элемент бар: жеке іздеу және идеялармен алмасу, ал жеке іздеу, әрине, пікір алмасудан бұрын болады. Оқушылар жаңа технология идеяларын бірден түсінбегенін және түсінбегенін мойындау керек. Олар дәстүрлі түрде мұғалімнің түсіндірмесінен білім алуға дағдыланған. Бірақ бірте-бірте олар бұл жұмысқа қызығушылық таныта бастады. Оқушылар өз оқулары үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. [3]

Ой-толғаныс кезеңінде жаңа болған ақпарат өзінің біліміне айналады, ақпараттық өрісті кеңейтуге түрткі болады. Жаңа білімді шоғырландыратындығымен және оларға жаңа ұғымдарды енгізу үшін өздерінің бастапқы идеяларын белсенді түрде қайта құруымен сипатталады. Осылайша, жаңа білімді "иемдену" және оның негізінде зерттеліп жатқан адамның өзіндік дәлелді идеясы қалыптасады. Өзіңіздің ақыл-ой операцияларыңызды талдау осы кезеңнің өзегін құрайды.

Ой-толғаныс кезеңінде мен "еркін жазу", "авторлық орындық" әдістерін жиі қолданамын. Бірнеше минут ішінде оқушылар эсседе оқыған материал туралы өз ойларын көрсетуге тырысады. Біз оқушыларға алған білімдерін, дағдыларын қолдануды көрсету үшін шығармашылық жұмысты ұсынамын. Әр топ қосымша ресурстарды қолдана отырып, шығармашылық қабілеттерін, қиялын, қиялын, эстетикалық талғамын дамытуға ықпал ететін шағын жобалар жасайды. Сондай-ақ, рефлексияда мен "сіз қалай ойлайсыз ..." ойындарын қолданамын..?", "Дұрыс-бұрыс", бұл маған жаңа материалдың қаншалықты игерілгенін көруге мүмкіндік береді.

Бұрын, сабақты жоспарлағанда, өзіміз дайындаған ақпаратқа көбірек көңіл бөлдік және осы ақпарат негізінде одан әрі практикалық жұмыс жасалды. Ал қазір сабақты сын тұрғысынан ойлау әдістері қамтылатындай етіп жоспарлаймыз: төмен және жоғары тәртіптегі сұрақтарды пайдалану, кластерді пайдалану, эссе жазу және т.б. [2]

Сабақтарда сыни ойлаудың стратегиялары мен әдістерін қолдана отырып, оқушылардың өнімділігін көрдік. Шынында да, осы әдістерді қолдана отырып, осы тапсырмаларды орындау барысында өз ойларын нақты, сенімді түрде жеткізе білу; топта жұмыс істей білу және ынтымақтастық, алған білім негізінде өз пікірін дамыта білу, өз бетінше оқу қабілеті сияқты мақсаттарға қол жеткізіледі. Оқушылар пәнге қызығушылық танытты. Сабақтарда сыни ойлау технологиясын қолдана отырып, тек жағымды жақтарды тізімдей аламын, өйткені бұл менің сабақтарымды безендіруге, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға көмектесетін сыни ойлау әдістері мен әдістері, мәтінмен жұмыс жасау кезінде қызығушылық пайда болды, топта жұмыс істеу мүмкіндігі пайда болды. әртүрлі ақпарат көздері бар. Сыни

ойлаудың басты ерекшелігі- оқушылар мәтінмен өз бетінше жұмыс істеуге, негізгі жұмысты орындауға және өз жұмысын түсінуге, диалогтық оқыту арқылы білім алуға үйренеді, бұл параллельді сөйлеуді дамытуға және оқушыларды қарым-қатынас пен рефлексиямен байытуға көмектеседі. Біздің міндетіміз-баланы сөйлеуді сауатты меңгеруге үйрету, кеңістіктік ойлауды дамыту, барлық сабақтарда ойлауды жүйелі түрде дамыту, шығармашылық таланттарды зерттеу және дамыту. Сыни тұрғыдан ойлау балаға айналасындағы әлемді білуге, өмірден алынған мысалдарға негізделген алған білімімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді және ақыл-ойдың белсенді функциясы болып табылады.[4]

Қорытынды. Сыни ойлауды дамыту технологиясы: ақпаратты қабылдаудың тиімділігін арттырады; зерттелетін материалға да, оқу процесінің өзіне де қызығушылықты арттырады; басқалармен ынтымақтастықта жұмыс істеуге үйретеді; өзінің "білімін" және "білмеуін" көруге мүмкіндік береді; алынған білімді жалпылауға және жүйелеуге үйретеді.

Сабақтарда "сыни тұрғыдан ойлау" технологиясын қолдану маңызды қадам және қазіргі кездегі ең өзекті мәселе болып табылады. Осы технологияны оқу процесіне белсенді енгізудің арқасында біз ең бастысы – оқушылардың тек оқуда ғана емес, күнделікті өмірде де қажетті ойлау дағдыларын дамытуға қол жеткіземіз.

Ақпараттық кеңістікті кеңейту кезеңінде сыни ойлауды дамыту ерекше өзектілікке ие болатындығын атап өткіміз келеді. Оқушылардың сыни ойлауын дамыту оқушылардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау болып табылады. Біз балаларға қораптан тыс ойлауға, яғни сыни тұрғыдан тыңдауға және қабылдауға, жаңа ақпаратты түсінуге және талдауға, өз білімдерін шығармашылықпен қолдануға, сыни тұрғыдан дамытуға және жетілдіруге үйреткіміз келеді. Сыни тұрғыдан ойлау әдістерін қолданудың оң мотивациясы-бұл оқыту мен тәрбиені шығармашылық тұлғаны дамытудың біртұтас процесіне біріктіруге мүмкіндік береді. Сабақтарымдызды қорытындылай келе, сабақта бастысы оқушылардың іс-әрекеті болды деп сенімді түрде айта аламыз, ал мұғалім оқушылардың қызметін үйлестіруші ретінде қызмет етеді. Болашақта оқушыларымыз алдағы жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін нақты тұжырымдау, проблемаларды бірлесіп шешу дағдыларын дамытуды жалғастырамыз. Егер сіз әр сабақта әр түрлі әдістерді үнемі қолдансаңыз, оқушылардың сыни ойлауы дамитынын атап өткіміз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сын тұрғысынан ойлау: әдіс, теория, практика. Оқу.- әдіс. Жәрдемақы. М.: Мирос, 2002.
2. Селевко г.К. балама педагогикалық технологиялар. М., мектеп технологиялары ФЗИ. 2005.

3. Зағашев и.о., Заир-Бек С. и. сыни ойлау: даму технологиясы. -Санкт-Петербург: Альянс Дельта, 2003. — 284 б.
4. Зағашев И. О., Заир-Бек С. И., Муштавинская И. В. балаларды ойлауға. Бас. 2-Е. - Санкт-Петербург: "Дельта Альянсы "sovм. "Речь" баспасымен, 2003. — 192 б.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012, Б.154-155.
6. Заир-Бек С. и. оқу және жазу арқылы: кезеңдері мен әдістемелік тәсілдері // мектеп директоры. 2005. № 4.
7. Заир-Бек С.и., Муштавинская и. в. сабақта сыни ойлауды дамыту - М.: "ағарту", 2011.- 233с.
8. Мұғалімге арналған нұсқаулық, "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ, 2012.

Formation of the necessary level of functional literacy of gifted children to participate in intellectual competitions

S.E. Zhumataeva¹, N.P. Korogod¹, N.I. Baranovskaya²

¹Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

²University of Tyumen, Russian Federation

Abstract: *One of the significant learning outcomes that will allow students to successfully continue their studies and achieve success is the formation of functional literacy. The problem of the development of functional literacy of schoolchildren is the main topic of the study, which is based on pedagogical literature. The conducted research made it possible to identify and systematize factors that can contribute to the formation of functional literacy at this level of general education. The results of diagnostic tests used to determine functional literacy in students can be used in the classroom to help students prepare for intellectual competitions in biology.*

Key words: *FL – functional literature, biology, intellectual competitions.*

Аңдатпа: *Білім алушыға оқуды табысты жалғастыруға және табысқа жетуге мүмкіндік беретін оқытудың маңызды нәтижелерінің бірі функционалдық сауаттылықты қалыптастыру болып табылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі педагогикалық әдебиеттерге негізделген зерттеудің негізгі тақырыбы болып табылады. Зерттеу жалпы білім берудің осы деңгейінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал ететін факторларды анықтауға және жүйелеуге мүмкіндік берді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын анықтау үшін қолданылатын диагностикалық сынақтардың нәтижелері оқушыларға биологиядағы*

интеллектуалды жарыстарға дайындалуға көмектесу үшін сабақтарда пайдаланылуы мүмкін.

Түйінді сөздер: функционалды сауаттылық, биология, зияткерлік жарыстар.

Аннотация: Одним из значимых результатов обучения, который позволит обучающемуся успешно продолжить обучение и добиться успеха является формирование функциональной грамотности. Проблема развития функциональной грамотности школьников является основной темой исследования, которое основано на педагогической литературе. Проведенное исследование позволило выделить и систематизировать факторы, которые могут способствовать формированию функциональной грамотности на этом уровне общего образования. Результаты диагностических тестов, используемых для определения функциональной грамотности у обучающихся, могут быть использованы на занятиях, чтобы помочь учащимся подготовиться к интеллектуальным соревнованиям по биологии.

Ключевые слова: функциональная грамотность, биология, интеллектуальные соревнования.

"Understanding, assessing, and using written materials and engaging with them to participate in society, attain one's goals, and develop one's knowledge and potential" is the definition of literacy [1,15 p]. Biology is a fundamental and applied science field that is rapidly growing. It is crucial to our understanding of life at all scales, from molecular biology to interactions on a global scale [2,35-47 pp].

The ability to function in the social roles of a voter, consumer, family member, and student is determined by functional literacy. It enables you to put your abilities to use in setting up various adventures, creating connections with various social structures and organizations, etc. [3, 206–238 pp].

PISA (Programme for International Student Assessment) understands functional literacy in a broad sense as a set of knowledge and skills that ensure the successful social and economic development of the country; [4] in a narrow sense, as the key knowledge and skills necessary for a citizen to fully participate in the life of modern society [5].

A person's capacity to answer questions about the natural sciences, as well as their preparedness to have a keen interest in scientific concepts, developments, and innovations [6, 52-75pp.]. PISA includes a set of specified competencies for science literacy. The ability of pupils to use the knowledge and abilities they have learned in school in real-world settings is referred to as competence [7, 224-263 pp.].

In PISA, there are three main categories of tasks:

С чисел начинается обучение математике в школе, и, естественно, смысл этих связей и отношений не могут быть достаточно полноценно аргументированы в младших классах. Но в последующих классах эта работа также не ведётся. Любое понятие можно вводить на разных уровнях: грубого и полного описания. С помощью грубого описания, например группа – это множество с заданной на нём одной бинарной операцией. Точное описание состоит в предъявлении всех аксиом группы. Каким описанием воспользоваться на том или ином этапе обучения зависит от подготовленности аудитории к восприятию, от возрастных особенностей и др.

Уже в среднем звене школы важно обращать внимание учащихся на то, что сумма и произведение натуральных чисел – числа натуральные, но разность – не всегда натуральное число, т.е. система натуральных чисел не замкнута относительно вычитания. Расширяя систему натуральных чисел до системы целых, мы добиваемся того, что на новой совокупности вычитание становится выполнимым для любых целых чисел. Теперь, замечая, что сумма, разность и произведение целых чисел – есть целые числа, обращаем

внимание на то, что система целых чисел не замкнута относительно операции деления. Расширяя систему целых чисел до рациональных, мы добиваемся того, что операция деления на неравное нулю числа становится выполнимой всегда. Причём при своеобразии каждой «новой» системы, свойства «старой» сохраняются.

Понятия алгебраических систем (не обязательно числовых) связаны с арифметическими операциями и их свойствами и понятно не требуется знакомство с ними учащихся среднего звена, но подготовка к ним возможна на этом этапе. Учителю важно понять, что в основе таких понятий как кольцо, поле лежат два набора операций. Первый набор включает сложение, вычитание, умножение. И если числовое множество замкнуто относительно этих операций, то оно называется числовым кольцом. Второй набор состоит из вычитания, умножения и деления на неравное нулю числа. Если числовое множество состоит не только из нуля и замкнуто относительно этих операций, то оно называется числовым полем. Понимая это, можно решать несложные задания на определение числовых систем типа: является ли множество натуральных (целых) чисел числовым кольцом; проверить, что множество чётных чисел – кольцо и др. При этом мы не вводим строгих, аксиоматических определений кольца, поля, но при этом готовим в дальнейшем к важным обобщениям. Из рассмотренных примеров понятна решающая роль школьного курса алгебры в синтезе целостного представления о числовой системе.

В связи с этим актуальной является задача отыскания места и доступных методов обоснования свойств операций над числами, а через сопоставление их со свойствами операций над другими объектами (векторами, многочленами и др.) подготовить учащихся к знакомству с основными понятиями общей алгебры и методами, работающими в этом важном разделе математики.

Если проводить эту работу в школе то студентам будет проще усваивать дисциплины логико-алгебраического цикла в вузе, а эти знания быстрее приведут к современным рубежам математической науки, готовить их к открытиям в математике, т.к. в основе и продвижении в математики лежат основные идеи современной, или как ещё её называют, общей алгебры.

Список литературы.

1. Блох А.Я. Школьный курс алгебры/ Методические разработки для слушателей ФПК. М.:1985
2. Дорофеев, Г.В. О принципах отбора содержания школьного математического образования / Г.В. Дорофеев // Математика в школе. — 1990. — № 6. С. 2-5.
3. Кадькалов В.Г. Теоретические и методические основы изучения элементов общей алгебры в средней школе Научный информационно-аналитический журнал Педагогический вестник Казахстана , ПГПИ ,2012,№3

4. Кадькалов В.Г. Элементы общей алгебры/ Методические рекомендации для углубленного изучения математики в школе. Павлодар, 1986.

Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау

п.ғ.к., доцент Жапарова Баглан Мағауовна
Павлодар Педагогикалық Университеті
Baglan_kaz@mail.ru

Каршиева Гулдона Кахрамонкизи
Павлодар Педагогикалық Университетінің магистранты
dana_24_08@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада жалпы мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуындағы әлеуметтік орта мен оның функциялары анықталды. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығының психологиялық, педагогикалық ерекшеліктері анықталып, ғалымдардың еңбектерін, педагогтердің озық тәжірибелерін талдау барысында дамуында ауытқуы бар балаларды тәрбиелеу мен оларға білім беру ісін әлеуметтік мәселе тұрғысынан қарастырылу керектігі анықталды. Осындай талдау негізінде инклюзивті білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану құзыреттілігі, оның деңгейі, сипаттамасы анықталды.

Тірек сөздер: инклюзивті оқыту, білім беру қағидаттары, әдіс-тәсілдер

Аннотация. В статье определены социальная среда и ее функции в образовании детей с ограниченными возможностями здоровья в целом. Выявлены психолого-педагогические особенности подготовки будущих учителей начальных классов к использованию информационно-коммуникационных технологий в условиях инклюзивного образования, в ходе анализа трудов ученых, передового опыта педагогов установлено, что воспитание и образование детей с отклонениями в развитии должно рассматриваться с точки зрения социальной проблемы. На основе такого анализа выявлены компетентность, уровень, характеристика применения информационно-коммуникационных технологий в сфере инклюзивного образования.

Ключевые слова: инклюзивное обучение, образовательные принципы, методы и приемы

Annotation. The article defines the social environment and its functions in the education of children with general disabilities. The psychological and pedagogical features of the training of future primary school teachers in the use of information and communication technologies in the context of inclusive education were identified, and in the course of the analysis of the works of scientists, the best practices of teachers, it was determined that the upbringing and education of children with developmental disabilities should be considered from the point of view of a social problem. Based on such an analysis, the competence of the use of

information and Communication Technology in the field of inclusive education, its level, characteristics are determined.

Key words: inclusive learning, principles of education, methods and techniques.

КІРІСПЕ

Инклюзивті білім беру жүйесі қазіргі кезде өзінің ғылыми негіздері мен әдіснамасын жетілдіруге ұмтылуда. Ол әдіснаманың басты ерекшелігі сонда, бұл сала бойынша бала - оқытуды қажет ететін, бірақ түрлі қажеттілік деңгейлері бар жеке тұлға. Инклюзивті білім беру түрлі деңгейде оқи алатын түрлі ерекшеліктері бар балаларды қанағаттандыруға икемді болып келетін тәсілді зерттеуде.

Осымен де байланысты, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «...Бесіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады», - деп мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетіп, олардың оқып-білім алуына, еңбек етуіне мүмкіндік туғызу керек екендігіне баса назар аударды [1].

Ерекше топқа жататын балалардың жалпы білім беру ортасына кіріктіру туралы ғылыми зерттеулер жеткіліксіз немесе жоқтың қасы. Сонымен қатар, жалпы білім беру ұйымдарындағы ерекше оқытуды қажет ететін балалар туралы мәліметтер қорын жасау мәселесінде қажетті дәрежеде қарастырылмай келеді. Осы ретте, инклюзивті білім беру жүйесін ұйымдастырып, оның міндеттерін жүзеге асыратын оқушымен бірге маңызды орын алатын тұлға - мұғалімді жан жақты даярлау мәселесі де өзектілікпен күн тәртібіне қойылады.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мен осы жүйеде қызмет ететін педагогтерді арнайы даярлау – әлі де болса толыққанды игерілмеген тың сала. Осы саланың тұжырымдамалық негіздерін және оны іске асырудың білімдік, ғылыми, оқу-әдістемелік, практикалық және ағартушылық тетіктерін зерттеу – қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

Қазақстан Республикасы заңнамасында балалардың құқығын қорғау құжаттарының негіздемесі болып «тең құқылы білім» қағидасы бекітілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясында ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың білім алуына берілетін кепілдіктер, ҚР "Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы" Заңында, ҚР "Білім туралы" Заңында, ҚР "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңында, ҚР "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңында, ҚР "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Заңында бекітілген [2-3].

Аталған Заңдар мен «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім берудің объектілеріне санитарлық-эпидемиологиялық талаптарын», «Мүгедектердің өмір сапасын жақсарту бойынша Ұлттық жоспарды», «Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартын (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім)» атты нормативтік құжаттар мен Актілерді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білім беру саласында арнайы әлеуметтік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы» Қаулысын талдай келе, барлық балалардың білім алуға деген құқықтарының кепілдіктері осы нормативтік-құқықтық Актілерде бекітілгенін және елімізде инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жұмысты жетілдіруге мүмкіндік жасалып отырғанына көз жеткіземіз [4-5].

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларды жалпы білім беруге қосу нысандары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларында» баяндалған. Құжаттың мазмұнында арнайы және инклюзивті білім беру барлық оқушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған психологиялық, медициналық және педагогикалық кеңес беру ұсынымдарын ескере отырып әзірленген арнайы және жалпы білім беретін оқу бағдарламалар арқылы жүзеге асырылатыны айқын көрсетілген [6]. Бастауыш мектепте ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындысына сәйкес ҚР Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен бекітілген арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқып келеді.

«Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерінде» білім беруге ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға мына санаттағы балалар жататыны белгіленген:

- мүмкіндіктері шектеулі балалар;
- мигранттардың, оралмандардың, босқындардың, саны аз ұлттар отбасыларынан шыққан балалар;
- қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар (жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалар) [7].

Бұл санаттағы балалар – өмірде түрлі қиын жағдайларға душар болған, қиындықтарға тап болған балалар екені белгілі. Осыны ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға ерте бастан кіріктірілуі, олардың болашақта толыққанды қоғам мүшесі болуына мүмкіндік жасалуда.

Білім беруді гуманизациялау оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде баланың жеке басы, танымдық қызығушылығы, тұлғалық қасиеттері дамуын тиімді ететін оқыту мен тәрбие әдістері мен формаларын қолдануын қажет етеді әрі талап етеді. Қоғамдық дамудың басты ұстанымдары әрбір адамның өзінің білім алу қажеттілігін қанағаттандыру құқығы мен сапалы базалық білім

алуы құқығын қамтамасыз ету болып табылады. Дегенмен педагогикалық ЖОО-ның түлектері және жұмыс жасап жатқан мұғалімдердің АКТ-ны қолдану жайы мен осы бағыттағы ғылыми зерттеулерді талдау барысында қазіргі болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы инклюзивті білім беру үдерісіндегі дидактикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігінің төмен екендігін көрсетіп отыр.

Осынысымен де бұл тақырып күн тәртібінде тұрған өте өзекті мәселе болып табылады. Осыған байланысты, қазіргі заманғы инклюзивті білім беру саласындағы өзгерістер жағдайында, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқу-тәрбие үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану мүмкіндігін жоғарылатудың өзектілігі мынадай қарама - қайшылықтар негізінде айқындалады:

– қоғамның ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану даярлығына ие болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне деген сұранысы мен бұл мәселенің теориялық-әдістемелік негіздерінің жеткілікті дәрежеде қарастырылмауы арасында;

– инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін пайдалана алмау мен оларды жоғары оқу орнында қолданудың жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылықтар анық байқалады.

Инклюзивті білім берудің міндеттері:

1. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану даярлығының теориялық негіздерін анықтау.

2. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындау.

3. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығының құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.

4. Инклюзивті білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығының әдістемесін жасау және оның тиімділігін дәлелдейтін тәжірибе жүргізу. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсетуге арналған нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау барысында олардың инклюзивті білім беруді дамытудың негізін қалаған құқықтық реформалар болып табылатыны анықталды. Дүние жүзіне белгілі арнайы мекемелерде әлемге танымал инклюзивті білім беру формалары қолданылып келеді. Ондай білім беру формалары әрбір жекелеген баланың өзінің тұрғылықты мекен-жайында білім алуына мүмкіндік туғызады.

«Инклюзивті білім беру» ұғымының мәні ағылшын термині «inclusion», яғни «кіріктірілу, ендіру» дегенді білдірсе, француз тілінен аударғанда «inclusif» «өзіне ендіру», латын тілінен аударғанда «include» - «ену» дегенді білдіреді. Сөздіктерде инклюзивті білім беру дегеніміз – жалпы білім берудің

даму үдерісіндегі барлық адамдарды оқыту, сонымен қатар әр түрлі қажеттіліктерге ие балаларға қарай бейімдеу арқылы ерекше мұқтаждықтары бар балалардың білім алуына қол жеткізу екендігі көрсетілген.

Қабылданған халықаралық құқықтық актілер адамның жынысы, нәсілі, діни, мәдени-этникалық немесе тілдік белгілері, денсаулық жағдайы, әлеуметтік шығу тегі, қашқын мәртебесі болуы, тағы басқалай белгілері бойынша еш кемсітушілікті болдырмайтын білім алу құқықтарын белгілейді.

Арнайы білім берудегі интеграциялық үдерістер тек XX ғасырдың 90-шы жылдарында, ал біздің елімізде 20 жылдай кеш басталды. С.Н. Маслиева арнайы білім беруден бастап мамандандырылған білім беруге дейінгі жолды еш дайындықсыз келген жол деп атады. Оның айтуынша, кеңестік дәуірден кейін пайда болған елдердің білім беру үдерісіне интеграцияны енгізу әлеуметтік-экономикалық құрылыстағы өзгерістерден туынған [8].

Инклюзивті білім беру саласындағы зерттеулерді шолу және талдау барысында Қазақстанда инклюзивті білім беру кеңістігін құрудың ең жиі аталатын және белгілі бір мөлшерде тұрақты болып келе жатқан қиындықтарын анықтауға мүмкіндік болды. Оларға мыналар жатады:

– мектептердің материалдық-техникалық жабдықталуының жеткіліксіздігі (кітаптар мен әдістемелік әдебиет, арнайы жабдықтар, техника);

– сыныптардағы оқушылар санының көптігі (инклюзияны қиындатады, денсаулығында ақауы бар балаларға ерекше көңіл бөлуге мүмкіндік жоқ);

– педагогтің күн тәртібінің тиімсіздігі (өз бетінше дайындалуға уақыты жоқ);

– мүмкіндігі шектеулі оқушылардың бойында өзіне деген сенімсіздіктің қалыптасуы [9].

Инклюзивті оқытуды бастауыш мектептерге енгізу ісі осы жүйенің тетіктерін анықтау үшін нақты және жан-жақты тәсілдеме қолдану керектігін дәлелдеп келеді. Нақты және айқын ашып айтатын болсақ, инклюзияның күрделілігі ерекше қажеттіліктері бар балалардың табиғи мектеп кеңістігіне бейімделуінен емес, білім беру мекемелерінің өздерінің осындай оқушыларға «икемделуінің» қиындықпен өтуінде болып отыр.

Инклюзивті білім беру үдерісінің әлеуметтік-психологиялық ресурстары әр

оқушының бойында мынадай маңызды қасиеттердің қалыптасуына тірек

болады:

- ынтымақтастықта жұмыс жасауға қабілетті болуы;

- білім беру үдерісіне және сабақтан тыс іс-шараларға белсенді қатысуы;

- жетекшілік етуге және жетекшіге еруге ынталы болуы;

- сыртқы келбетінің қанағаттанарлық болуы;

- қолайлы әлеуметтік мәртебеге ие болуы;

- дене белсенділігі өсуі т.б.

Мектептерде бірыңғай білім беру кеңістігін құру үшін әлеуметтік-психологиялық ресурстар пайдаланылады. Мектепте дамуында ерекшелігі бар балалардың әлеуетін ашуға басты назар аударылуы тиіс. Мұндай бағыт жан-жақты дамуға ұмтылған үйлесімді тұлғаны қалыптастыру мақсатында оның әлі де ашылмай, жасырын қалған ішкі қабілеттерін ашу үшін жеке тұлғаның болмысын белсенділікке негіздеп қайта құруға арналады.

Қорытынды

Демек, бала – болашағымыз, болашағымызға бәріміз жауаптымыз. Десек те, ата-аналардың басым бөлігі баласының оқу-тәрбие мәселесіне келгенде жайбарақаттық, салғырттық басым. Көптеген ата-аналар баласының тілі жай шыққанына, есте сақтау қабілетінің нашарлығына, өңі үнемі бозарып жүретініне дер кезінде мән бермейді, білікті маманға апарып көрсетуге мойыны жар бермейді, тіпті, баласының болашағына алаңдайды дегеннің өзінде қаражат жоқтығын сылтауратып, қозғала қоймайды.

Егер, ата-аналардың көбі психологиялық-медициналық, педагогикалық комиссияның қызметіне дер кезінде бармаса логопедтен, психологтан кеңес алмаса баласының осындай аурумен ауыратынын білмейді немесе баламыз ерке деп ойлап жүре береді. Міне, осыдан кейін барып Үкіметтің инклюзивті білім беру мәселесіне не үшін соншама баса назар аудара бастағанын түсінуге болады. Соңғы уақытта ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық тәсілдері көбірек ұсынылады. Әлеуметтік жағдайына, нәсілдік немесе конфессиялық тиістілігіне, физикалық және ақыл-ой қабілеттеріне қарамастан инклюзивті білім беру әрбір балаға өзінің даму қажеттілігін және оның білім беруді дамытудың барабар деңгейіне тең құқықты алуға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. С.В. Алехина, Н.Я. Семаго, А.К. Фадина «Инклюзивное образование». Выпуск 1. - М.: Центр «Школьная книга», 2010.
2. Интегрированное обучение детей с ограниченными возможностями в обществе здоровых детей / Ф.Л.Ратнер, А.Ю.Юсупов. – М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2006.
3. «Обучение детей с особенностями развития по технологии интегрированного обучения при внутренней [дифференциации](#) в общеобразовательном классе: [методические рекомендации](#)» / сост. , . - Челябинск: ИИУМЦ «Образование» - 2006. – С. 223. Педагогика.
4. Ярская-Смирнова Е.Р., Лошакова И.И. Инклюзивное образование детей-инвалидов // Социологические исследования.- 2003.- № 5.- С. 100-106
5. Н.Я. Семаго, «Справочник школьного психолога на начальных этапах организации инклюзивного образования в школе» / / Пути развития инклюзивного образования в Центральном округе: сб. статей // под общ. ред. . - М.: ЦАО, 2009. - С. 56. : 2004. - 68 с.

REFERENCES

1. S. V. Alyokhina, N. Ya. Semago, A. K. Fadina "Inclusive education". Issue 1. - Moscow: Center "School book", 2010.

2. Integrated education of children with disabilities in a society of healthy children / F. L. Ratner, A. Yu. Yusupov. - M.: Humanities. publishing house of the VLADOS Center, 2006.

3. "Teaching children with special developmental needs using integrated learning technology with internal differentiation in a general education class: methodological recommendations" / comp. , . - Chelyabinsk: IIUM "Education" – 2006. - p. 223. Pedagogy.

4. Yarskaya-Smirnova E. R., Loshakova I. I. Inclusive education of disabled children // Sociological research.- 2003. - No.

5. - pp. 100-106 5. n. ya. Semago, "specialist of a school psychologist at the initial stages of the organization of inclusive education at school" / / Ways of development of inclusive education in the Central District: collection of articles / / under the general ed. . - M.: CAO, 2009. - p. 56. : 2004. - 68 p.

Мектеп оқушыларына алгебралық есептерді стандартты емес тәсілдермен шешуге үйрету

К.М. Қайысбай

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Түйіндеме. *Мақалада математикалық есептер, оның ішінде стандартты емес есептерге түсініктемелер берілген. Мектеп математика курсынан есептерді шешудің стандартты емес тәсілдері жіктеліп, мысалдар арқылы көрсетілген.*

Кілтті сөздер: *алгебралық есептер, стандартты емес тәсілдер, теңсіздіктер, векторлық әдіс.*

Аннотация. *В статье представлены математические задачи, в том числе пояснения к нестандартным задачам. Классифицированы и показаны на примерах нестандартные способы решения задач из школьного курса математики.*

Ключевые слова: *алгебраические задачи, нестандартные способы, неравенства, векторный метод.*

Annotation. *The article presents mathematical problems, including explanations for non-standard problems. Non-standard ways of solving problems from a school mathematics course are classified and shown with examples.*

Key words: *algebraic tasks, non-standard methods, inequalities, vector method.*

Математиканы меңгеруде жетістікке жету үшін жай есте сақтау жеткіліксіз, логикалық ойлау, жүйелі түрде пайымдау және белгілі математикалық тұжырымдарға негізделген өз көзқарасын дәлелдеу

әлдеқайда маңызды. Мұндай дағдылар математиканы оқу барысында стандартты емес есептерді шешу арқылы қалыптасады.

Математиканы оқыту процесінде стандартты емес есептерді шешуге үйретуге байланысты мәселелерді қарастыратын Л.М.Фридман, Ю.М.Колягин, Г.Л.Балл, Е.В.Галкин, С.Ф.Митенева, Г.В.Дорофеев, М.К.Потапов, Н.Х.Розов, В.А.Далингер, Е.А.Пустовит, Н.А.Демченкова, А.Н.Афанасьев, И.Ф.Шарыгин, И.М.Смирнова, В.А.Смирнов, сондай-ақ Қазақстандық ғалым-әдіскерлері А.Е.Әбілқасымова, А.Қ.Қарабаев, Т.Д.Туканаев, Е.А.Тұяқов, А.Табарак және т.б. зерттеулері бар.

Л.М.Фридман, Е.Н.Турецкий «Как научиться решать задачи» кітабында стандартты емес есептерге мынадай анықтама берген: «стандартты емес есеп – математика курсына жалпы ережелері мен тәртібі жоқ, нақты шығарылу бағдарламасы анықталмаған есептер» [1].

Ю.М.Колягин «Стандартты емес есеп – шығарылуы оқушыларға белгілі іс-әрекеттер тізбегі болып табылмайтын есептерді айтады», берілген ұғымның салыстырмалы екеніне ерекше көңіл бөледі [2].

Г.В.Дорофеев, М.К.Потапов, Н.Х.Розов «стандартты емес есептер өте ерекше болып көрінуі мүмкін, сондықтан бастапқыда оларға қалай «жақындауға» болатыны түсініксіз. Кей есептер бүкпеленіп тұрады, түріне қарағанда қарапайым квадрат теңдеу болғанымен оны стандартты әдістермен шығару мүмкін емес. Ал үшінші есептер тобының шығарылуына өте шебер нақты және анық логикалық ойлау қажет болады», - деп тұжырымдайды [3].

Г.Л.Балл стандартты емес есептерді *жаңашылдыққа негізделген* есептер деп атайды. Егер есеп шығарушы есепті шығарудың алгоритмін білсе, онда есепті ескілікке негізделген деп атайды. Жаңашылдыққа негізделмеген есептерді ескілік есептер деп атайды [4].

Профессор А.Е.Әбілқасымова өзінің еңбектерінде стандартты емес есептерді кең мағынада қарастырған. «Стандартты емес есептің» анықтамасын стандартты есеп ұғымының анықтамасы тұрғысынан берген. «Стандартты есеп» деп шығару алгоритмі мектеп математика курсына қарастырылатын, оқушылардың шығара білуіне білім беру стандарты мен оқу бағдарламасы талап қоятын есептерді атайды. «Стандартты есептерден» басқа есептерді «стандартты емес» есептер деп бөліп қараған [5].

Мектептегі математика сабақтарында стандартты емес есептермен қатар есептерді әртүрлі тәсілдермен шешу қарастырыла бермейді. Оқу әдебиеттерін және педагогикалық іс-тәжірибені талдау есептерді стандартты емес тәсілдермен шешуге үйрету математиканы оқытудың маңызды аспектісі болып табылатынын көрсетеді. Стандартты емес тәсілдермен есептерді шешу оқушының оқу іс-әрекетінің маңызды түрі болып табылады, оның барысында оқушылардың логикалық ойлауы мен зияткерлік қабілеттері дамиды, бұл, әрине, математиканы оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, стандартты емес тәсілдермен есептерді шешуге үйрету кезінде оқушының өз қалауы мен мүмкіндіктерін объективті түрде өзін-өзі бағалауы үшін жағдай туындайды, бұл оның одан әрі өзін-өзі анықтауына көмектеседі.

Көптеген есептерді стандартты емес тәсілдермен шешу үшін оқушыларға ережелерді білу қажет емес; оқушылар жаңаша шешу тәсілін ойлап табуға мәжбүр болады. Стандартты емес тәсілдер оқушылардың есептерді шешудің жаңа алгоритмдерін өз бетінше құрастыру дағдысын дамытудың маңызды құралы бола алады. Стандартты емес тәсілмен есепті стандартты тәсілмен шешуден айырмашылығы, оларға белгілі кез келген алгоритммен шешу мүмкін емес. Мұндай тәсілдер оқушыны бір шешімнің қатаң болуымен шектемейді. Ойлаудың шығармашылық жұмысын қажет ететін және оның дамуына ықпал ететін шешімді іздеу керек болады.

Оқушылардың стандартты емес тәсілдермен есептерді шешуі тұрақты амалдар мен тәсілдерді меңгеру қабілетін емес, ақыл-ой әрекетінің әдістері мен шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттерге жетелейтін жаңа байланыстарды ашуға, білімді жаңа жағдайларға көшіруге, жаңаны меңгеруге бағыттайды. Бұл бір жағынан, оқушылардың жалпы және математикалық мәдениетін жетілдірсе, олардың математикалық ойлауының дамуына ықпал етсе, екінші жағынан, олардың бұрын зерттелмеген жаңа нәрсені ашуға ұмтылуына себепші болады.

Г.Л.Калл стандартты емес тәсілмен есептерді шешу үшін эвристикалық құралдар қажет деп есептейді. Ал А.Я.Хинчин стандартты емес тәсілмен есептерді шешу математикалық ойлаудың дамуына әкеледі деп есептейді, оның өзіне тән белгілері:

- 1) логикалық ойлау схемасының үстемдігі шегіне дейін жеткізіледі;
- 2) ықшамдық, берілген мақсатқа ең қысқа логикалық жолмен саналы түрде ұмтылу, абсолютті қажет емес нәрселердің барлығынан бас тарту;
- 3) дәлелдеу барысын нақты бөлу [6].

Математикадан оқу есептері туралы мәселелер қарастырылған А.Қ.Қарабаевтың диссертациялық жұмысында 10-11 сынып оқушыларына математикалық есептерді стандартты емес тәсілдермен шешуге үйретуге ықпал ететін есептер жүйесі құрастырылған және оларды оқу процесінде қолданудың әдістемесін ұсынады [7].

Математика курсынан есептерді шешудің стандартты емес тәсілдерін төмендегідей жіктеуге болады:

- 1) логикалық әдістер (Дирихле принципі, инварианттар әдісі, бояу әдісі, кестелік әдіс, графтар және т.б.);
- 2) математикалық индукция әдісі (көпмүшені зерттеуде, теоремалар мен формулаларды, тепе-теңдіктерді, бөлуге арналған есептерді, тригонометриялық функцияларды, теңсіздіктерді дәлелдеуде);
- 3) комбинаторикалық әдістер;
- 4) салыстырулар теориясы (бүтін сандар жиынында теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешу, Диофант теңдеулерін шешу);
- 5) функционалдық алмастыру әдісі (теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде);
- 6) тригонометриялық алмастыру әдісі;

7) классикалық теңсіздіктерді қолдану әдісі (орта шама теңсіздіктері, Коши, Коши-Буняковский, Бернулли, реттеу тәсілі мен Чебышев, Йенсен және басқа теңсіздіктері);

8) функцияның монотондығын қолдануға негізделген әдістер;

9) векторлық әдістер (теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде, теңсіздіктер мен тепе-теңдіктерді дәлелдеуде, функцияның ең үлкен және ең кіші мәнін табуда);

10) құрамдастырылған әдістер (параметрі бар есептерді, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде);

11) геометриялық әдістер (гомотетия, инверсия, проективті түрлендіру, аффиндік түрлендіру, центрлік симметрия, нүктелердің геометриялық орны, қосымша бұрыштар, қосымша салулар, көмекші шеңбер салу, планиметрияның қосымша теоремалары, координаталар әдісі, векторлық әдіс).

Ал, енді алгебралық есептерді стандартты емес тәсілмен шығарып көрелік.

1-есеп. $\sqrt{(a+c)(b+d)} \geq \sqrt{ab} + \sqrt{cd}$, $(a, b, c, d \geq 0)$ теңсіздігін дәлелдеңдер.

Осы есепті оқушыларға: 1) стандартты тәсілмен дәлелдеу; 2) стандартты емес тәсілмен, яғни векторлық әдіспен дәлелдеу; 3) осы екі тәсілдің қайсысының тиімді екенін айқындау ұсынылды.

Алдымен берілген теңсіздікті стандартты тәсілмен дәлелдеу кезінде оқушыларға мынадай сұрақтар қоямыз:

- 1) бұл теңсіздіктің ақиқаттығын қалай дәлелдеуге болады?
- 2) берілген теңсіздікті дәлелдеу үшін қандай тәсілдерді пайдаланамыз?
- 3) дәлелдеуді неден және қалай бастау керек?

Онан соң берілген теңсіздікті стандарт емес тәсілмен, яғни векторлық әдіспен дәлелдеуді қарастырамыз. Мұнда координаталарымен берілген векторлардың скаляр көбейтіндісін және ұзындықтарын еске алып, қайталау жасаймыз. Векторлардың скаляр көбейтіндісі үшін қандай векторлық теңсіздік орындалатынын еске түсіреміз.

Теңсіздіктің екі тәсілмен дәлелдемесін кесте арқылы көрсетейік.

Классикалық теңсіздіктерді қолдану әдісі	Векторлық әдісті қолдану
<p>Берілген теңсіздіктің екі жағы да оң, сондықтан оның екі жағын да квадраттап мынаны аламыз:</p> $(a+c)(b+d) \geq ab+cd+2\sqrt{abcd},$ $ab+ad+bc+cd \geq ab+cd+2\sqrt{abcd},$ $bc+ad \geq 2\sqrt{abcd}, \quad \frac{bc+ad}{2} \geq \sqrt{(ab)(cd)}$ <p>болады. Егер $bc=p$, $ad=q$ деп белгілесек, онда $\frac{p+q}{2} \geq \sqrt{pq}$ Коши теңсіздігі деп аталатын ақиқат теңсіздік шығады. Олай болса берілген теңсіздік</p>	<p>Берілген теңсіздікті $\sqrt{a} \cdot \sqrt{b} + \sqrt{c} \cdot \sqrt{d} \leq \sqrt{a+c} \cdot \sqrt{b+d}$ түрінде жазып алып, $u = (\sqrt{a}; \sqrt{c})$ және $v = (\sqrt{b}; \sqrt{d})$ векторларын енгіземіз. Сонда бұл векторлардың скаляр көбейтіндісі $u \cdot v = \sqrt{ab} + \sqrt{cd}$, ал сәйкесінше ұзындықтары $u = \sqrt{a+c}$ және $v = \sqrt{b+d}$ болады. Алынған теңдіктерді $u \cdot v \leq u \cdot v$ белгілі теңсіздігіне қоятын болсақ,</p>

те ақиқат болады.

$$u \cdot v = \sqrt{ab} + \sqrt{cd} \leq |u| \cdot |v| = \sqrt{(a+c)(b+d)}$$

теңсіздігі орындалады.

2-есеп. $a - 1 - c \leq \sqrt{3(x^2 - b^2 + c^2)}$, мұндағы a, b, c – оң нақты сандар) теңсіздігін дәлелдендер.

Осы есепті оқушыларға мынандай мақсатты көздей отырып ұсындық: 1) теңсіздікті стандартты тәсілдермен дәлелдеу; 2) стандартты емес тәсілмен, атап айтқанда векторлық тәсілмен дәлелдеу; 3) осы екі тәсілдің қайсысының тиімді екендігін айқындау.

Алдымен, берілген теңсіздікті стандартты тәсілмен дәлелдеу мәселесіне тоқталайық. Осы есепті ұсына отырып, оқушыларға: «Бұл теңсіздіктің ақиқаттығын қалай дәлелдеуге болады?», «Берілген теңсіздікті дәлелдеу үшін қандай тәсілдерді пайдаланамыз?», «Дәлелдеуді неден және қалай бастау керек?» деген сұрақтар берілді.

Теңсіздікті дәлелдеуді неден бастауды білмеген оқушылар тарапынан мынадай жауаптар түсіп жатты: «Алдымен теңсіздіктің екі жағын да квадрат дәрежеге шығару керек», «содан кейін $(a - 1 - c)^2 \leq 3(x^2 - b^2 + c^2)$ айырмасының оң емес екендігін дәлелдеп көрсету керек». Ал бұл айырманың оң емес екендігін қалай анықтаймыз деген сұраққа: «Жақшаларды ашып, соңғы айырманы ықшамдау керек» деген сияқты жауаптар алынды. Оқушылардың жоғарыдағыдай ой қозғалыстарының нәтижесінде келесі өрнек алынды:

$$(a - 1 - c)^2 - 3(x^2 - b^2 + c^2) = [(a + b) + c]^2 - 3x^2 - 3b^2 - 3c^2 = x^2 - 2ab - b^2 + 2a^2 - 2ac - c^2 - 3a^2 - 3b^2 - 3c^2 = 2ab + 2ac - 11bc - 2c^2 - 2b^2 - 1a^2$$

Бұдан әрі қарай оқушылар соңғы алынған өрнектің оң емес екендігін, яғни $2ab + 2ac - 11bc - 1a^2 - 2b^2 - 1c^2 \leq 0$ теңсіздігінің ақиқаттығын тағайындауда қатты қиналып, тығырыққа тірелді. Сондықтан соңғы теңсіздіктің ақиқаттығын дәлелдеудің екі жолын оқушыларға жеке-жеке көрсеттік.

1-тәсіл.

$$2ab + 2ac - 11bc - 1a^2 - 2b^2 - 1c^2 = -[(a^2 - 2ab - b^2) + (a^2 - 2ac - c^2) + (b^2 - 2bc - c^2)] = -\{[a - b]^2 - (a - c)^2 + [b - c]^2\} = -[a - b]^2 - (1 - a)^2 - [a - c]^2 - (1 - c)^2 \leq 0$$

2-тәсіл. $2ab + 2ac - 11bc - 1a^2 - 2b^2 - 1c^2$ өрнегіндегі әріптердің

біреуін ғана айнымалы деп қабылдап, ал қалғандарын тұрақтылар деп есептеп, мысалы, берілген өрнекті a айнымалысына тәуелді (онда b мен c тұрақтылар болады) квадрат үшмүшелік деп қарастырамыз:

$$2ab - 1ac - 1bc - 1a^2 - 2b^2 - 1c^2 = -2ac - 1(b+c)a + (2bc - 1b^2 - 1c^2)$$

Бұл квадрат үшмүшеліктің бірінші коэффициенті (-2)-ге тең болғандықтан, оның графигі – параболаның тармақтары төмен қарай.

$$L' = 4(1 + a^2) + 8(2ac - 2b^2 - 1c^2) = 4a^2 - 8bc + 4c^2 + 8ac - 16b^2 - 16c^2 = -12b^2 - 84bc - 12c^2 = -12(3b^2 - 1bc + c^2) = -12(b - c)^2 \leq 0$$

;

Демек, кез келген b, c нақты сандар үшін $L' \leq 0$ болады. Ендеше кез келген a, b, c нақты сандары үшін $2ab - 1ac - 1bc - 1a^2 - 2b^2 - 1c^2 \leq 0$ теңсіздігі орындалады.

Ең соңында $2ab - 1ac - 1bc - 1a^2 - 2b^2 - 1c^2 \leq 0$ теңсіздігінің орынды болатындығы тағайындалады. Осыдан келіп берілген теңсіздіктің де кез келген a, b, c – оң нақты сандары үшін ақиқат екендігіне оқушылардың көздері жетті. Дәл осындай есеп бұрығ да шығарылғанымен, оқушылардың көпшілігі оны шығара алмады.

Сонымен, стандартты емес тәсілдермен есептерді шығаруда ең бастысы – оқушыларды есептің шешімін ойлануға, дәлелдеуге, болжауға, дұрыс қорытынды жасауға үйрету. Есептерді шығару нәтижелері бойынша мұғалімнің ақыл-ой әрекетінің әртүрлі тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндігі бар: талдау, синтездеу, салыстыру, жалпылау, заттар мен құбылыстарды жіктеу, қорытынды жасау. Ал бұл дағдылар жалпылама, пәнаралық сипатта болады. Осы міндеттерді орындау білімнің тереңдігі мен толықтығы, саналылығы мен тиімділігі сияқты қасиеттерін тәрбиелейді.

Әдебиеттер

1. Фридман Л.М., Турецкий Е.Н. Как научиться решать задачи: кн. для старш. классов сред. шк. 3-е изд., дораб. М.: Просвещение, 1989. - 192 с.
2. Колягин Ю.М. Задачи в обучении математике. Обучение математике через задачи. Обучение решению задач. – М.: Просвещение, 1977. – 267с.
3. Дорофеев Г.В., Потапов М.К., Розов Н.Х. Пособие по математике для поступающих в вузы. – М.: Наука, 1968. – 640 с.
4. Балл Г.А. Теория учебных задач: психолого-педагогический аспект. - М.: Педагогика, 1990. –184 с.
5. Әбілқасымова А.Е., Тұяқов Е.А. Жалпы білім беретін мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2019. – 340б.
6. Галкин Е.В. Нестандартные задачи по математике: учебное пособие для учащихся 7-11 классов. – Челябинск, 2004. – 449 с.
7. Қарабаев А.Қ. Жоғарғы сынып оқушыларын есептерді стандартты емес тәсілдермен шығаруға баулу: п.ғ.к. ... диссертациясы. - Алматы, 2009. - 143 б.

Тіршіліктегі жасыл желектердің рөлі.

Мусабаева Ш.К., Лесбекова І.Н.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

musabaeva281180@gmail.com

i.lesbekova2003@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада жасыл желектер яғни жасыл ағаштармен жасыл жапырақтар, өсімдіктердің әлемдегі және біздің күнделікті тіршілігіміздігі рөлі мен маңыздылығы қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются зеленые насаждения, то есть зеленые листья с зелеными деревьями, роль и важность растений в мире и нашей повседневной жизни.

Annotation. The article discusses green spaces, that is, green leaves with green trees, the role and importance of plants in the world and our daily life.

Түйінді сөздер. Жасыл желек, Орман ресурсы, өсімдіктер, атмосфера, микроклимат, топырақ, фауна, биосфера.

Ключевые слова. Зеленый лес, лесной ресурс, растения, атмосфера, микроклимат, почва, фауна, биосфера.

Keywords. Greenery forest, forest resource, plants, atmosphere, microclimate, soil, fauna, biosphere.

Жалпы жасыл дегенді тіршілік ортасы яғни қоршаған орта деп түсінемін. Себебі айналадағы өсімдік пен ағаштар жасыл түсте. Көпшілік адам көшедегі өсіп тұрған ағаштар мен ормандарды әсемдік үшін және көмірқышқыл газын сіңіріп оттегіні шығарушы ретінде біледі. Алайда жасыл желектердің тіршілігіміздегі сізбен біз аңғара бермейтін қажеттіліктері өте көп.

Жасыл желектер өзендердегі судың қарқындылығы мен деңгейін реттейді, атмосфераның құрамын тұрақтандырады, қоршаған өрістердегі желдің жылдамдығын едәуір төмендетеді, пайдалы фауна мен микроорганизмдерді сақтайды. Көптеген орман өсімдіктері (ағаштар, бұталар және шөптесін өсімдіктер) патогендердің дамуына жол бермейтін және осылайша қоршаған ортаны қалпына келтіретін фитонцидтер шығарады. Осылайша, орман адам мен жердегі барлық тіршілік иелерінің өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ететін маңызды санитарлық фактор болып

табылады. Жасыл өсімдіктер қоршаған ортаны оттегімен байытады және түзілген көмірқышқыл газын сіңіреді. Орташа ағаш 24 сағат ішінде үш адамның тыныс алуы үшін қажет оттегін қалпына келтіреді. Бір жылы, шуақты күнде бір гектар орман ауадан 220-280 кг көмірқышқыл газын сіңіріп, 180-220 кг оттегін шығарады. Жасыл желектер қала аумағының микроклиматын жақсартады, топырақты, ғимараттардың қабырғаларын, тротуарларды шамадан тыс қызып кетуден қорғайды, ашық ауада демалу үшін "қолайлы жағдай" жасайды. [1] Міне біз аңғара бермейтін жасыл желектердің қоршаған ортамызға тигізер пайдасы мол. Қазіргі кезде адамның қажеттілігіне байланысты ормандарды көптеп кесіп жатыр. Ал кесілген ормандардың орнын қайта толтырып жатқандар шамалы. Ормандарды кесу проблемасы - планетадағы ең өзекті экологиялық проблемалардың бірі. Оның қоршаған ортаға әсерін бағалау мүмкін емес. Ағаштарды жердің өкпесі деп бекер айтпаған. Тұтастай алғанда, олар флора, фауна, топырақ, атмосфера және су режимінің әр түрлі түрлерінің өміріне әсер ететін біртұтас экожүйені құрайды. Көптеген адамдар, егер оны тоқтатпаса, орманды жоюдың қандай апатқа әкелетінін білмейді. Қазіргі уақытта ағаштарды кесу проблемасы жер шарының барлық континенттері үшін өзекті болып табылады, бірақ бұл проблема Батыс Еуропа, Оңтүстік Америка, Азия елдерінде ең өткір болып табылады. Ормандарды қарқынды кесу ормандарды жою проблемасын тудырады. Ағаштардан босатылған аумақ нашар ландшафтқа айналады, өмір сүруге жарамсыз болып қалады.

апаттың қаншалықты жақын екенін түсіну үшін бірқатар фактілерге назар аударған жөн:

- қазірдің өзінде әлемдегі тропикалық ормандардың жартысынан көбі жойылды, оларды қалпына келтіру үшін жүз жыл қажет;
- қазір орманның тек 30% -ы ғана алып жатыр;
- ағаштардың үнемі кесілуі атмосферада көміртегі оксидінің 6-12% -ға өсуіне әкеледі;
- минут сайын орман аумағы, оның көлемі бойынша бірнеше футбол алаңына теңеседі. [2]

Бүгінгі таңда ағаш орман ресурстарының ең маңызды өнімі болып саналады. Әдетте, одан қағаз, ағаш, фанера және т.б. сонымен қатар, көптеген елді мекендерде, тіпті елдерде ағаш жылу алу және тамақ дайындау үшін қолданылады. Мүмкін, барлық орман өнімдерін адамдар ресурсқа айтарлықтай зиян келтірместен пайдалана алады, бірақ, өкінішке орай, олай емес. Жидектер, саңырауқұлақтар, жанғақтар және т.б. сияқты көптеген басқа өсімдік тағамдары көбінесе ормандарда тұтыну үшін жиналады. Сонымен қатар, орман экожүйесі көптеген тірі организмдер үшін табиғи тіршілік ету ортасы болып табылады. Ормандар эрозиядан және әртүрлі катаклизмдерден қорғайды. Орман ресурстарының барлық осы ерекшеліктері

біздің өмірімізде өте маңызды, дегенмен көптеген адамдар оны байқамайды. [3]

Орман ресурстары-Биосфера ресурстарының маңызды түрі. Әлемнің ормандары ұзындығы бойынша екі үлкен орман белдеуін құрайды - Солтүстік және Оңтүстік. Солтүстік орман белдеуі қоңыржай және ішінара субтропикалық климат аймағында орналасқан. Ол әлемдегі барлық орман алқаптарының жартысын және барлық ағаш қорларының бірдей бөлігін құрайды. Бұл белдеудегі ең көп орманды елдер-Ресей, АҚШ, Канада, Финляндия, Швеция. Оңтүстік орман белдеуі негізінен тропикалық және Экваторлық климат аймағында орналасқан. Ол сондай-ақ әлемдегі барлық орман алқаптарының жартысына жуығын және жалпы ағаш қорын құрайды. Олар негізінен үш аймақта шоғырланған: Амазония, Конго бассейні және Оңтүстік-Шығыс Азия.

Әлемдік Орман ресурстары екі негізгі көрсеткішпен сипатталады: орман алқабының мөлшері (4,1 млрд.га немесе жер аумағының шамамен 27%) және тамырдағы ағаш қоры (350 млрд. м3), олар тұрақты өсімнің арқасында жыл сайын 5,5 млрд. м3-ке ұлғаяды. Ормандардың ең үлкен ауданы Еуразияда сақталған. Бұл әлемдегі барлық ормандардың шамамен 40% - ы және жалпы ағаш қорының шамамен 42% - ы, соның ішінде ең құнды түрлердің ағаш көлемінің 2/3 бөлігі. Австралия ең аз орман жамылғысына ие. Континенттердің өлшемдері бірдей емес болғандықтан, олардың ормандылығын ескеру маңызды, яғни. орман жамылғысының жалпы алаңға қатынасы. Бұл көрсеткіш бойынша әлемде бірінші орында Оңтүстік Америка тұр. Орман ресурстарын экономикалық бағалау кезінде ағаш қоры сияқты сипаттама өте маңызды. Осы негізде Азия, Оңтүстік және Солтүстік Америка елдері ерекшеленеді. Бұл салада Ресей, Канада, Бразилия және АҚШ сияқты елдер жетекші орын алады. Орманның іс жүзінде болмауы Бахрейн, Катар, Ливия және т.б. Соңғы уақытта тропикалық ормандарды апатты түрде тез араластыру жүріп жатыр. 80-ші жылдары жыл сайын осындай 11 миллион гектар орман кесілді. Олар толығымен жойылу қаупінде. Соңғы 200 жылда орман алқабы кем дегенде 2 есе қысқарды. Жыл сайын 125 мың км² аумақта орман жойылады, бұл Австрия мен Швейцария сияқты елдердің аумағына тең. [4]

Орман қорының сарқылып жатқаны және оның орнын толтыру үшін жасалып жатқан іс шаралар толығымен жүзеге асырылып жатқан жоқ. Бірақ бұл ештеңеде өнбейді дегенді шешпейді. Керісінше жаңа мүмкіндіктермен жаңа жобаларға бастама болады. Көптеген елдерде бұл шешімін тауыпта келе жатыр және орманды қорғау шаралары іске асырылуда. Ормандарды қорғау шараларына мыналар қамтиды:

- қорғау бойынша жобалық қызмет және профилактика;
- санитарлық-сауықтыру іс-шаралары;

- зиянкестер мен ауруларды ошақты жою;
- орман өнімдерін – ағаш және ағаш материалдарын қорғау;
- ормандардың орман патологиялық жай-күйінің мониторингі, қадағалау іс-шаралары;
- орман-патологиялық зерттеу бойынша экспедициялар;
- орман қорғау жөніндегі талаптарды орындау жөніндегі бақылау іс-шаралары.

Қорытындылай келе жасыл желектерсіз біздің жағдайымыз нашарлайтыны анық. Сол себептенде орман ресурстарына аса зор мән беріп қадағалауымыз керек. Ол үшін ең алдымен біз жасыл өсімдіктердің біз үшін тиімді жақтарын ескеріп біліп жүруіміз керек. Сонда ғана қарапайым халық орман ресурстарының ахуалын реттеуге ат салысады. Бір тал кессең он тал ек деп ата- бабаларымыз біліп айтып кеткендей. Біз бұл нақыл сөздің мағынасын жете түсініп ұстанымызға енгізуіміз қажет. Түптеп келгенде бұл біздің денсаулығымыз үшін маңызды.

Қолданылған әдебиеттер. Использованная литература. Used literature

1. [Роль зелёных насаждений в охране окружающей среды, сохранении здоровья и благополучия человека \(25fbuz.ru\)](http://25fbuz.ru)
2. [ОРМАНДАРДЫ КЕСУ - ПРОБЛЕМА, САЛДАРЫ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕРІ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР \(petmynet.ru\)](http://petmynet.ru)
3. <https://natworld.info/nauki-o-prirode/lesnye-resursy-zemli?ysclid=lal2lh6ksq843865021>
4. [Мировые лесные ресурсы: состояние и перспективы. Лесные ресурсы в Казахстане \(articlekz.com\)](http://articlekz.com)

Афтордың аты жөні (толық)	Мусабаева Шарбат Қолдасынқызы Лесбекеова Інжу Нұрғалиқызы
Ғылыми дәрежесі атағы.	Экология магистірі, аға оқытушы Студент
Жұмыс орны	Мусабаева Ш.Қ., экология магистірі, аға оқытушы М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті “Экология” кафедрасының жетекшісі,
Мекен жай (жұмыс орны)	Сатпаева 28
Байланыс телефонны	8 707 753 80 98 8 747 049 86 56
Е - mail	musabaeva281180@gmail.com i.lesbekova2003@gmail.com

Мақала тақырыбы	Тіршіліктегі жасыл желектердің рөлі.
Секция	Педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында жаратылыстану пәндерін оқыту мәселелері

Мектеп оқушыларының қолданбалы есептер арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру

А.К. Нурмахамбетов

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Түйіндеме. Мақалада «функционалдық сауаттылық», «математикалық сауаттылық» ұғымдарының мәні ашылған, сонымен қатар мектеп математика курсында қолданбалы есептерді шығаруға үйрету арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемелік аспектілері қарастырылған.

Кілтті сөздер: функционалдық сауаттылық, математикалық сауаттылық, қолданбалы есептер.

Аннотация. В статье раскрываются сущность понятия «функциональная грамотность», «математическая грамотность», также методические аспекты формирования функциональной грамотности учащихся посредством обучения решению прикладных задач в школьном курсе математики.

Ключевые слова: функциональная грамотность, математическая грамотность, прикладные задачи.

Annotation. The article reveals the essence of the concept of "functional literacy", "mathematical literacy", as well as the methodological aspects of the formation of functional literacy of students through teaching the solution of applied problems in the school mathematics course.

Key words: functional literacy, mathematical literacy, applied tasks.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында «Орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту (PISA)» міндеті алға қойылған [1]. PISA тестінің нәтижесі бойынша мектепте білім беру сапасын бағалаудағы нәтижелер көрсеткіштер келесідей: математика бойынша, орташа балл: 2021 ж. – 423 балл, 2022 ж. – 430 балл, 2023 ж. – 430 балл, 2024 ж. – 430 балл, 2025 ж. – 480 балл болуы көзделіп отыр.

Осы міндетті орындау және стратегиялық көрсеткішке қол жеткізу үшін математиканы оқытудың әдістемелік жүйесін, яғни оқыту мақсаттарын, мазмұны, әдістері, сабақты ұйымдастыру формалары мен тәсілдерін, құралдарды, яғни мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру жүйесін қайта қарау талап етіледі.

Орта мектеп оқушыларының математикалық білімдері мен сауаттылығын қалыптастыру мен дамыту бойынша зерттеу жұмыстары баршылық. Математикалық білім беру бойынша әдістемелер, яғни оқушылардың танымдық ізденімпаздығын дамыту, математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесін жетілдіруде ғалым-әдіскер А.Е.Әбілқасымованың [2], мектепте математиканы оқытудың нәтижесін әр деңгейлі жеке-дараланған есептер жүйесін қолдану негізінде, оның тиімділігін арттыру Л.Т.Искакованың [3], мектеп математика курсына қолданбалы есептерді шығаруға үйрету К.А.Таңатаровтың [4] және т.б. еңбектері бар.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымына қатысты зерттеулерді қарастыра келе, бүгінгі таңда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде «функционалдық сауаттылық» ұғымының мәнін ашуда әртүрлі көзқарастары бар екені айқындалды.

А.Е.Әбілқасимова өз еңбегінде «функционалдық сауаттылық дегеніміз тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі», - деп анықтаған [5].

А.М.Мүбараров функционалдық сауаттылықты жеке адамның мүддесін, ықыласын, қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамытумен сабақтастықта болу керек деп түсіндіреді [6].

Ә.К.Қағазбаева «функционалды математикалық сауаттылық деп шынайы өмірде кездесетін жағдайларды шеше алу, алған математикалық білімдерін жағдаяттарды шешуде қолдана алу қабілеті», - деп айтады [7].

Функционалдық сауаттылықты «адами іс-әрекеттің әртүрлі жағдайларында өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін мектепте алған білім, білік және дағдыны пайдалана білу қабілеті», ал «математикалық сауаттылық – оқушының өзі тұрып жатқан әлемде математиканың рөлін анықтау және түсіну, жасампаз, мүдделі және ойшыл азаматқа тән дәйектелген математикалық пікір айту және математиканы қазіргі таңда және болашақта қажеттілікті қанағаттандыру үшін қолдана алу қабілеті», - деп түсіну қажет.

Математиканы оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың бір жолы – сабақта қолданбалы есептерді шығаруға үйрету болып табылады. Сондықтан теория мен практиканы ұштастыруда қолданбалы есептердің атқаратын рөлі зор.

Қолданбалы есептер деп мазмұны сабақтас пәндермен ұштасып, еңбек іс-әрекеттерін орындаумен, тұрмыс, қызмет көрсету саласы, заманауи өндірістің технологиясы мен экономикасы, ұйымдар, құрылыстар,

ғимараттармен байланысқан және шынайы өлшемдерімен тұжырымдалған есептерді түсінеміз [4].

Сонымен, қолданбалы есептер оқушылардың математикалық біліктері мен дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың логикалық, кеңістіктік ойлауы мен сауаттылығын дамыту құралы болып, алған білімін шынайы өмірмен ұштастыруға, еңбекпен байланысты іс-әрекеттермен қолдана білуге, математикалық тілді қалыптастыруға – сауатты сөйлеуге, жазуға, білімді түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау дағдыларын үйретуге септігін тигізеді.

Мектеп математика курсының тақырыптарында күнделікті өмірде кездесетін ситуациялық мәселелер бойынша іс-жүзінде маңыздылығы бар бірқатар қолданбалы есептерге көңіл бөлуге болады. Атап айтқанда, геометриялық шамаларды табуға, бағалау, пайыз, масштаб, нақты тәуелділіктерге берілген диаграммалар мен графиктер, ықтималдық, статистикалық көрсеткіштерге және т.б.

Жалпы білім беретін мектептің 5-11 сыныптарына арналған математика, алгебра, алгебра және анализ бастамалары оқулықтарында (А.Е.Әбілқасымова және т.б.) және 7-11 сыныптарға арналған геометрия оқулықтарында (В.А.Смирнов, Е.А.Тұяқов) теориялық материалды ұсынудағы проблемалық тәсілге, сыни ойлауды дамытуға және оқушылардың математикалық білімді өздігінен игеруін ұйымдастыру үшін жаттығулар жүйесін, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын есептерге ерекше назар аударылған.

Енді оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған қолданбалы есептерді қарастырайық.

1-есеп. Пицца мейрамханасында екі қоспасы бар дайын пиццаны алуға болады: ірімшік және қызанақ. Сонымен қатар, өзіңнің де пиццанды қосымша қоспалармен жасауға тапсырыс беруге мүмкіндік бар, оған төрт түрлі қосымша қоспаларды таңдап алуға болады: зәйтүн, ветчина, саңырауқұлақ және салями. Ринат екі түрлі қосымша қоспасы бар пиццаға тапсырыс беру үшін қанша комбинацияны таңдай алады?


Шешуі. Бұл есеп мектеп математика курсындағы комбинаторика элементтеріне арналған. Сондықтан комбинаторика формулалары арқылы шешіледі. Терулердің жалпы санын есептейтін формуланы пайдаланып

шешеміз: $n = 2, m = 1$. Демек, $C_n^m = \frac{n!}{m!(n-m)!}$ формуласы бойынша,

$C_2^1 = \frac{2!}{1!(2-1)!} = 2$ болады.

Жауабы: 6 түрлі.

В свою очередь Н.В. Свирид отмечает, что многие проекты, в которых идея исходила из среды самих учащихся, оказались очень успешными для их развития в области информатики [3]. Так на первый взгляд можно предположить, что ученики, участвующие в проектах, идея которых исходила от них самих, должны иметь более высокие оценки, чем обучающиеся, участвующие в проектах, предложенных преподавателями. Причиной этого явления могут быть различные факты. Одной из вероятных причин является сложная организация проектов в информатике. Если ученики предлагают идею, они также отвечают за определение целей проекта. Но из-за отсутствия опыта в определении таких целей проекта эти цели имеют тенденцию быть недостижимыми. Результат обучения в таких ситуациях высок, даже если результаты проекта с точки зрения оценок невысоки. К.Ю. Гревцов перечислил ряд замечания, которые должны быть изменены в дальнейшей практике метода проектного обучения:

- рубрики для проектов не были исчерпывающими и требовали изменений на основе достижения результатов;
- необходимо четко определить результаты программы информатики, чтобы составить обратную связь для улучшения программы;
- необходимо включить непрерывную оценку хода проекта;
- продолжение темы проектов на следующий учебный год [4].

Проектное обучение в информатике имеет большую ценность для ученика, но требует большого внимания со стороны организации.

Вероятно, это связано с высоким уровнем мотивации учеников в таких обстоятельствах. Метод проектов на уроках информатики должен быть ориентирован на самостоятельную деятельность учащихся: индивидуальную, парную, групповую, которую учащиеся выполняют в течение определенного времени. Этот метод органично сочетается с групповым подходом к обучению. Метод проектов всегда предполагает решение какой-либо проблемы [5]. Многие задания на уроках информатики вряд ли можно назвать проблемными. Когда учащиеся выполняют проекты на уроках информатики, они не решают задачу, а выполняют определенные алгоритмы и упражнения. Проектная деятельность на уроках информатики:

- создает сильную положительную мотивацию к изучению соответствующего материала и самостоятельному решению прикладных задач;
- формирует чувство ответственности за выполняемую работу;
- создает условия для совместной работы учащихся;
- формирует навыки применения программного обеспечения в различных прикладных областях;
- программа призвана способствовать творческому решению проблем, умению находить и выбирать оптимальное решение проблемы;
- дает возможность создать реальный продукт.

Интеграция достигается только деятельностью практиков. Педагогическая деятельность редко бывает стабильной, что, пожалуй, особенно характерно для информатики, где учебные программы часто адаптируются к новым технологическим разработкам. Что касается проектной работы, то такие изменения влияют на технические цели и требуют постоянно развивающихся навыков как от учеников, так и от руководителей. Помимо этих дисциплинарных изменений, изменения могут быть вызваны требованиями процедур обеспечения качества или улучшения качества на уровне учебного заведения. Однако практики также вносят изменения, основываясь на ситуации, наблюдаемой или полученной из других мест, расположенных в других учреждениях и контекстах. Казалось бы, перенимать опыт из этого пула практик должно быть относительно просто и экономически эффективно. Качественный анализ проектов включает в себя начальное и заключительное «интервью» с учениками, а также непосредственное наблюдение за работой учащихся над проектами.

В заключении следует отметить, что метод проектов - это совокупность учебно-познавательных приемов, позволяющих решить проблему путем самостоятельных действий учащихся с обязательным представлением результатов. Так формируются определенные знания,

умения и навыки использования компьютерных технологий в учебной деятельности, что в свою очередь дает полное представление о теоретических информационных знаниях ученика, а также о развитии его информационных умений и навыков. Все вышесказанное позволяет сделать вывод, что использование метода проектов помогает в полной мере осуществить формирование информационно-технологических навыков учащихся.

Список использованной литературы:

1. Гаврильева М.В., Винокурова Е.С. Применение метода проектов на уроках информатики // Научные междисциплинарные исследования. - 2021. - №5. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-metoda-proektv-na-urokakh-informatiki>
2. Думин А.С. Метод проектов на уроках информатики. – Алматы: Интер, 2018. – 63 с.
3. Свирид Н.В. Использование метода проектов на уроках информатики // Проблемы педагогики. -2019. - №4(43). – 41-46.
4. Гревцов К.Ю., Сырицына В.Н. Метод проектов на уроках информатики с использованием визуальных средств информационных технологий // Ученые записки университета Лесгафта. - 2020. - №11(189). – 201-206.
5. Игнатьева Г.А. Проектные формы учебной деятельности обучающихся общеобразовательной школы // Психология обучения. - 2013. - № 11. - 20-33.

Оқу үрдісінде мобильді технологияларды қолдану

т.ғ.к., доцент Б.Тасуов, Ж.Т.Карибекова
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
Педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында
жаратылыстану пәндерін оқыту мәселелері
bolat_ktn@mail.ru karibekovazhanar@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада оқу үрдісіндегі жаңа технологиялардың бірі – мобильді оқыту технологиясының өзектілігі, қолданылу аясы туралы айтылады. Орта білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындарында мобильді құрылғыларды білім беруде қолданудың кемшіліктері мен артықшылықтары көрсетіледі. Білім беруде мобильді технологияларды қолдану дәстүрлі сабақтан қызық әрі есте қаларлық әсер береді.

Аннотация. В статье рассказывается об актуальности, сфере применения одной из новых технологий в учебном процессе – технологии

мобильного обучения. Показаны недостатки и преимущества использования мобильных устройств в образовании в учреждениях среднего образования и высших учебных заведениях. Использование мобильных технологий в образовании дает интересный и запоминающийся эффект от традиционного урока.

Annotation. *The article describes the relevance, scope of application of one of the new technologies in the educational process – mobile learning technology. The disadvantages and advantages of using mobile devices in education in secondary education institutions and higher educational institutions are shown. The use of mobile technologies in education gives an interesting and memorable effect from a traditional lesson.*

Кілтті сөздер: Мобильді оқыту, мобильді телефон, смартфон, мобильді қосымшалар.

Ключевые слова: Мобильное обучение, мобильный телефон, смартфон, мобильные приложения.

Key words: *Mobile learning, mobile phone, smartphone, mobile applications.*

Мобильді оқыту - білім беру процесінде смартфондар, ноутбуктер және планшеттік компьютерлер сияқты мобильді технологияларды қолдану әдістемесі болып табылады. Мобильді оқыту - жаңа технологияларды білім беру процесінде қолдануды білім алушылардың жеке кабинетінен РС (personal computer)-ден аудиторияға немесе сыныпқа көшіруді көздейтін электрондық оқытуды дамытудың жаңа кезеңі. Бұл үрдіс білім беру саласында технологияларды пайдалану принциптерін түбегейлі өзгертті. Егер бұрын технологиялар дәстүрлі оқытудан аралас және қашықтықтан білім беруге көшуді анықтаған болса, қазір мобильді құрылғылар дәстүрлі білім беру эволюциясының жаңа кезеңін қамтамасыз етеді.

Кез келген пәнді оқытуда мобильді құрылғыларды қолданудың тиімді әдістемесін қалыптастыру мен оқыту процесіне жаңа технологияларды енгізу үшін техникалық, әлеуметтік, психологиялық және мәдени базаны түсіну қажет. Қазіргі уақытта технологиялық прогрестің қарқынды дамуы мамандарды технологияны одан әрі жетілдіру векторын міндетті түрде болжай отырып, мобильді оқыту тенденцияларын қарастыруға мәжбүр етеді.

Оқытудың әлемдік практикасындағы мобильді оқыту ХХІ ғасырдың басында пайда болды. Осы салада тәжірибе алмасу жөніндегі алғашқы халықаралық іс-шаралар 2002 жылдан басталды. Мобильді оқыту Қазақстанда соңғы бірнеше жылда ғана қолданысқа еніп жатыр.

Мобильді технологиялар жабдықталмаған аудиторияда кеңейтілген шындықты жасауға мүмкіндік береді. Бұл әртүрлі формаларда қосымша материалдарды қолданудың шексіз мүмкіндіктерін ашып қана қоймай, мобильді технологиялар тапсырмалардың өзгеруіне ықпал етеді. Жалпы, мобильді оқыту жаңа мобильді технологияларды дамытудың жаңа

кезеңінің нәтижесі бола отырып, тілдік білім беру жүйесін жаңғыртуға әсерін тигізеді. Оқушылардың мобильді құрылғыларды сабақтарда жаппай ретсіз пайдалануы мобильді оқытудың жүйелі әдістемесін жасау және қолдану қажеттілігін негіздейді, ол арқылы аудиториялық/сыныптық жұмыста оқытуды дараландыру қағидаты іске асырылады. Осылайша, мобильді технологияның арқасында дәстүрлі техника мен инновациялық идеялар арасында ымыраға келу бар.

Білім беру процесінде мобильді құрылғыларды пайдалану соңғы кездері пікірталас объектісіне, көптеген жарияланымдардың негізіне және педагогикалық қоғамдастық ішіндегі даулардың тақырыбына айналды. Барлық жерде мұғалімдер мобильді технологиялармен жұмыс істеудің жаңа бағыттары мен әдістерін жобалайды және жүзеге асырады. Ал, оқушылардың сабақта өз смартфонын немесе планшетін қолдануы оқуға деген қызығушылықты және сөзсіз мотивацияны арттырады, өйткені дыбыс, кескін, анимация және геймификация жиынтығы оқу ақпаратының формаларын түбегейлі өзгертеді. Сондай-ақ, мобильді құрылғылар әр түрлі іс-шаралар үшін өте жақсы және оларды сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болатындығын атап өткен жөн[1].

Мобильді оқыту – бұл АКТ құралдарын қолдана отырып, қашықтықтан оқытудың бір түрі. Оқу үшін ең перспективалы мобильді құрылғы – смартфон. Қазірдің өзінде біздің өмірімізде смартфондар арқылы көптеген электрондық ресурстарды белсенді қолданамыз. Осыған орай, мысал ретінде орта білім беру мекемелерінде жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерде мобильді құрылғыларды пайдаланудың негізгі нұсқаларын қарастырайық:

1. Смартфон кейбір құралды ауыстыруға мүмкіндік береді.

Физика, математика және география сабақтарындағы мобильді құрылғылар транспортир, жарық өлшегіш, шу өлшегіш, сызғыш, деңгей, метроном, секундомер, компас, қашықтық өлшегіш және т.б. құралдарды алмастыра алады. Бұл құралдарды пайдалануды бастау үшін App Store немесе Play Market дүкенінен қолданбаларды жүктеп алу керек.

2. Смартфонды пайдалы қосымшалардың тасымалдаушысы ретінде қолдануға болады. Мобильді қосымша – бұл мобильді құрылғыда орнатылған арнайы бағдарлама. Бұл бағдарлама арқылы математика, информатика, химия, биология, география және физика сабақтарында белгілі бір пән үшін арнайы жасалған және әмбебап әр түрлі қосымшаларды қолданамыз. Мысалы, математика сабақтарында "Өлшем бірліктерінің түрлендіргіші", "Ұзындық өлшемдері", "Масса өлшемдері", "Аудан өлшемдері" тақырыптары бойынша материалды бекіту құралы ретінде пайдалануға болады. Алгебра мен геометрияда өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру үшін "Тендеулерді шешу", "Графер" немесе "ГеоГебра" (функциялар мен геометриялық фигураларды сызу) қосымшаларын, сондай-ақ "Кенгуру математикалық есептері", "Эврика!

Логикалық тапсырмалар, ойындар және басқатырғыштар" қосымшаларын қолдана аламыз.

Мобильді құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалану әсіресе информатика сабақтарына сәйкес келеді. "Санау жүйелері" бөлімінің сабақтарын "Санау жүйесінің калькуляторы" қосымшасы арқылы жүргізуге болады, ал логикалық алгебра элементтерін "Логикалық калькуляторда" қарастыра аламыз. Алгоритмдерді пысықтау және блок-схемаларды құру "Алгоритмдер: түсінікті және анимациялық" қосымшасына көшіруге болады. Сонымен қатар, программалауда есептер шығару үшін «Pydroid 3» қосымшасын Play Market дүкенінен жүктеп, оқушылармен жеке жұмыс жасауымызға болады.

Ұялы телефон электрондық оқулықтарды, оқыту курстарын және оқу ақпараты бар арнайы файл түрлерін пайдалана отырып оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқулықтар тікелей ұялы телефон платформалары үшін әзірленеді.

Оқыту үшін ұялы телефондарды қолданудың тағы бір тәсілі мамандандырылған электронды оқулықтар мен курстарды оқу және оқушылардың мобильді телефон арқылы оларды көріп, тапсырма орындауға бейімделу. Студенттерге телефондарына Java-қосымшаларын жүктеп алып, белгілі бір пәндер бойынша тестілеуді, сондай-ақ оларды сәтті орындау үшін қажетті ақпаратты (электрондық оқулықтар, дәріс мәтіндері) қамтитын қосымшаларды көруге мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы технологиялар осындай электронды құралдарды жобалауды және бағдарланған түрде жүзеге асыруды жеңілдетеді. Электронды оқулықтарға схемаларды, сызбаларды және формулаларды орналастыру арқылы ұялы телефондарды кез келген пәнге қолданамыз. Сондай-ақ, телефон графикасының мүмкіндіктерін қолдана отырып, ойын арқылы оқыту бағдарламаларын жүзеге асыруға болады, бірақ мұндай қосымшаларды жүзеге асыру өте күрделі және уақытты қажет ететін процесс. Нәтижесінде ұялы телефондарға арналған электронды оқулықтар мен пәндік тестілеу бағдарламалары перспективалы бағыт болып көрінеді. Қазір білім алушылар мен сайтқа кірушілер университет жаңалықтарын, қажетті карталар мен көптеген пайдалы ресурстарды өздерінің телефондарынан көреді.

Заманауи технологиялардың арқасында оқу әлдеқайда қызықты әрі қол жетімді болады. Өйткені, мобильді қосымшалардың көмегімен адамдардың шамамен 70 % - ы жолда, 7 % –кезекте тұрып және 3 % – ванна бөлмесінде тұрып-ақ қажетті ақпараттарды қабылдайды, өңдейді, жібереді [2, 126-131 б.].

Жоғары оқу орындарының студенттеріне де тапсырмалар бойынша бірлескен жұмыстарды орындауда мобильді құрылғылардың маңызы артып келеді.

Мобильді оқыту технологиясын қолдану:

- тестілеу жүйесінің көмегімен студенттердің білім деңгейін бақылауды қамтамасыз ету, осылайша сынақтар мен бақылау жұмыстарын жүргізуді жеңілдету;
- барлық қатысушылар арасында білім беру контентімен алмасуды жеделдету, бұл оқытушылар мен студенттердің өзара іс-қимыл процесін жеңілдетеді;
- оқу процесін қарқындату мен жаңғыртуды жүргізу;
- таратылған мобильді білім беру ресурсын ұйымдастыру;
- білім беру процесіне қатысушылардың орналасуына байланыссыз білім алушылардың бірлескен қызметін қамтамасыз ету;
- мобильді құрылғыны оқу-әдістемелік және анықтамалық материалдардың дербес құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Пандемия уақытында қашықтықтан білім беруде мобильді құрылғылардың тиімді екеніне көз жеткіздік. Әсіресе, «Zoom» платформасын жоғары деңгейде қолдандық. Zoom - бұл еліміздің мектептері мен жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуда бейнеконференцияларды, онлайн жиындарды өткізуге және топтық чаттармен жұмыс жасауға арналған платформа. Бұл платформаға тегін тіркеліп, таймер уақытысымен автоматты түрде 40 минуттық тегін конференция ұйымдастырып, сілтеме немесе идентификаторды аудиторияға жіберуге болады. Білім алушылар сілтеме арқылы конференцияға компьютер, планшет, телефон арқылы кіріп, вебинарларды тыңдап, мұғаліммен бейнебайланыс жасай алады.

Daqyn.Online платформасы - оқушыларға республикалық физика-математика және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, сондай-ақ орта мектептердің үздік мұғалімдері сабақ береді. Офлайн сабақтарға арналған мобильді қосымшасы да бар. Әр оқушыға тиесілі жеке кабинеттері бар. Оқушылар видеосабақтарды көріп, мобильді телефон арқылы тест тапсырмаларын орындап, өз білімдерін тексере алады.

Қазіргі таңда ең танымал платформа – электрондық күнделік жүйесі. Күнделік жүйесі бұрынғы қағаз журналдардың орнын басты деп айта аламыз. Мұғалімдер тек баға ғана қоймай, сонымен қатар үй тапсырмаларын беріп, кері байланыс орната алады. Смартфондар үнемі қолданыста болғандықтан, оқушылар мен ата-аналар күнделік жүйесіне кіріп, күнделікті алған бағалары мен үй тапсырмаларын көріп отырады, хабарлама жіберуге мүмкіндігі бар.

PanQuiz (panquiz.ru) - 360vr технологиясына негізделген виртуалды турлар мен викториналық ойындарды құрастыруға арналған платформа. Барлық жобаларды виртуалды шындық көзіндірігінде, кез келген компьютерде немесе смартфонда көруге болады. Сабақта смартфондарды қолданып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға арналған көмекші құрал.

И.Н.Голицына: "Қазіргі заманғы ұялы телефондар мен коммуникаторлардың саны дербес компьютерлерден бірнеше есе көп болса да, мобильді құрылғылар компьютерге қарағанда қол жетімді, ал қазіргі мобильді құрылғылардың қуаты 1990-шы жылдардың басындағы компьютерлерден асып түседі, біздің елімізде ұялы телефон оқыту үшін аз қолданылады" - десе, [3, 241-252 б.] Е. Вульфович: "Көптеген оқу орындарында сабақтарда мобильді құралдарды пайдалануды шектейді, өйткені мұғалімдер мен студенттер оларды электронды шпаргалка ретінде қабылдайды" деп көрсетеді[4, 161-164 б.].

Осылайша, оқу процесінде мобильді технологияларды қолданудың жоғары әлеуетіне қарамастан, бірқатар кемшілік тұстары да кездеседі. Атап айтсақ:

- оқытушылардың АКТ-құзыреттерінің әлсіз деңгейі, бұл өзінің педагогикалық қызметіне мобильді оқытуды дәрменсіз енгізуді қиындатады;
- сапалы оқытатын мобильді ресурстар мен бағдарламалық өнімдердің жеткіліксіз саны (шет тілін қоспағанда);
- мобильді оқытудың педагогикалық негіздерінің болмауы.

Оқытуда АКТ құралдарын пайдалану негізді болуы керек және дәстүрлі оқудан айқын артықшылықтар ұсынуы керек.

Б. Е. Старичченконың пікірінше, оқытуда қандай да бір акт құралын пайдалану туралы шешім қабылдаған кезде мұғалім келесі қағидаларды басшылыққа алуы керек [5, 6–15 б.]:

- АКТ қолдану оқу процесінің кез келген жағын едәуір жақсартуды қамтамасыз етуі керек:
- оқу практикасында дәстүрлі тәсілдерден айқын артықшылықтар берген жағдайда ғана енгізу керек;
- дидактиканың технологиядан таралуы: бірінші технология емес, дидактикалық міндет; технология дәстүрлі әдістерге қарағанда оны әлдеқайда сәтті шешуді қамтамасыз етуі керек;
- экономикалық орындылық –бірінші кезекте оқу процесінде АКТ-ны қолдану бағыттарын дамытып, енгізу керек, олар мұғалімнің аз уақытын алып, үлкен дидактикалық әсер береді.

Зерттеу тақырыбына байланысты 9-сынып оқушыларына арналған «Python программалау тілінде алгоритмдерді программалау» және «Python программалау тілінде 2D ойынын құру» тақырыптары бойынша сабақта қолданылатын цифрлық ресурс Actionscript негізінде жасалынып жатыр. Бұл цифрлық ресурс арқылы оқушылар мобильді телефонмен видеосабақтар, әртүрлі ашық, жабық және тест тапсырмаларын орындай алады. ActionScript программасы клипке (movieclip типті таңба), түймеге (түйме түріндегі таңба) немесе негізгі кадрға (Keyframe) бағдарламалар жасауға мүмкіндік береді. Әрбір осындай бағдарлама роликтің тиісті

элементімен байланысты. Роликті жариялау кезінде бағдарлама коды, модельдің басқа элементтері сияқты, SWF файлына экспортталады. Кодты кейінірек басқа модельде пайдалану үшін ас кеңейтімі бар бөлек файлға (кәдімгі мәтіндік файл) сақтау мүмкіндігі бар [6].

Қорытынды. Биылғы жылы қосылған ұялы телефондардың саны планета тұрғындарының санынан асып түседі. Бұдан мобильді құрылғыны қолданушылардың санының көп екендігін көруге болады. Мобильді құрылғыны тек ойын-сауық көзі ретінде пайдалану – оқушыларды білім беру процесінен алшақтататын фактор, бұл білім беру ортасында мобильді оқытудың тартымдылығын төмендетеді. Осындай жағдайда түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, сабақтарда мобильді білім беру ресурстарының мүмкіндіктерін барынша көрсетуге тырысу керек. Қызығушылықтарын тудыра отырып, оқыту және білім беру процесінде мобильді оқытудың тиімді жақтарын кеңінен қолдануға жағдай жасау керек.

Оқытудың кең таралуы мен бірегей мүмкіндіктерін ескере отырып, бұл технологиялар өзекті ақпарат алудың, өзін-өзі тәрбиелеудің және өзін-өзі дамытудың тиімді нысандарының бірі бола алады.

Мобильді оқыту – бұл жаңа білім беру технологиясы, оның негізінде оқу ортасы құрылады, онда білім алушылар кез келген уақытта және кез келген жерде оқу материалдарына қол жеткізе алады, бұл оқу процесін жан-жақты етеді және білім алушыларды өмір бойы үздіксіз білім алуға және оқуға итермелейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Виртуалды компьютерлік мұражай:
<http://www.computer-museum.ru/galglory/5.htm>.
2. Абдрашева, Г.К., Туткышбаева, Ш.С., Калибекова, Д.Ш. Мобильное обучение и мобильные приложения в образовании / Г. К. Абдрашева, Ш. С. Туткышбаева, Д. Ш. Калибекова, Д.Ш. // Проблемы и перспективы развития образования в России. - 2016. - № 39.
3. Голицына И.Н., Половникова Н.Л. Мобильное обучение как новая технология в образовании [Текст] // Образовательные технологии и общество. 2011. № 1.
4. Вульфович Е.В. Роль мобильного обучения в оптимизации преподавания иностранных языков [Текст] // Известия ВГПУ. – 2014. – № 6 (91)
5. Стариченко Б. Е. Профессиональный стандарт и ИКТ-компетенции педагога // Педагогическое образование в России. – 2015. – № 7.
6. Лозовая В.Э. «Разработка средствами Macromedia Flash компьютерной модели для формирования компьютерной грамотности школьников младших классов / ПГГПУ, Пермь, 2017. – 88 с. + Приложения на CD.

«Способы использования современных информационных технологий в обучении математике в общеобразовательных системах»

А.М. Тезекбаева, Т.И. Кадькалова

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

tezekbaeva.aygerim@mail.ru

Аннотация: в статье рассматриваются актуальные вопросы использования достижений информатики для обеспечения междисциплинарной интеграции в современную эпоху стремительного внедрения новых технических средств обучения математике, включая компьютерные и другие информационные технологии.

Ключевые слова: технологии, компьютерное образование, контент, информация, интернет, фактор.

Abstract: the article deals with topical issues of using the achievements of informatics to ensure interdisciplinary integration in the modern era of the rapid introduction of new technical means of teaching mathematics, including computer and other information technologies.

Key words: technology, computer education, content, information, internet, factor.

Аннотация: Мақалада математиканы оқытудың жаңа техникалық құралдарының, оның ішінде компьютерлік және басқа да ақпараттық технологиялардың қарқынды енгізілу дәуірінде пәнаралық интеграцияны қамтамасыз ету үшін информатика жетістіктерін пайдаланудың өзекті мәселелері қарастырылған.

Кілтмі сөздер: технология, компьютерлік білім, контент, ақпарат, интернет, фактор.

Учителя и ученики имеют постоянный доступ к технологиям, которые поддерживают и развивают математические знания, логическое мышление, решение проблем и общение в классе. Активные преподаватели оптимизируют возможности технологий для развития у учащихся понимания, интереса и знаний в области математики. Когда учителя используют технологии стратегически, они могут создать больше возможностей для всех учащихся, чтобы использовать математику.

Технологические инструменты включают инструменты, которые являются специфическими и структурно нейтральными.

Комплексные технологии в математическом образовании включают системы компьютерной алгебры, среды с динамической геометрией, интерактивные приложения, устройства ручных вычислений, сбора и анализа данных и компьютерное программное обеспечение. Эти технологии помогают учащимся изучать и определять математические концепции и отношения [].

Контентно-нейтральные технологии включают инструменты общения и совместной работы и цифровые средства массовой информации в Интернете, и эти технологии предоставляют учащимся информацию, идеи и знания, которые поддерживают и усиливают эмоции, которые важны в процессе приобретения знаний. Результаты ряда исследований показали, что стратегическое использование технологических инструментов помогает развивать математические способности, такие как решение проблем и обоснование, а также изучение математических процедур и навыков.

Были определены пути улучшения учебных программ по информационным технологиям и эффективные способы их реализации, но они еще не полностью поняты. Исследования показывают, что для улучшения учебной деятельности школьному сообществу необходимо планировать и разрабатывать элементы, которые развивают технологии, соответствующие характеристикам окружающей среды, в которой они реализованы. Кроме того, в исследовании подчеркивается, что реализация должна быть адаптирована для удовлетворения конкретных потребностей учащегося и решения проблем, наблюдаемых в процессе обучения. В процессе компьютерного обучения обучение организуется, управляется и контролируется в соответствии с отношениями между учеником и компьютером.

Образование предназначено для установления связи между учеником, учителем и учебным материалом. Организация учебной деятельности учащихся и их мотивация моделируются на основе соответствующих инструментов. Следует заметить, что существует множество материалов для электронного обучения, доступных для использования в образовательном процессе, таких как электронные учебники, руководства для электронного обучения и программные средства обучения. Они обеспечивают определенную эффективность в обучении за счет наличия таких функций, как управляемость, интерактивные методы, элементы искусственного интеллекта [5, с. 22-26].

Возможности математики очень широки и богаты. Не только в физике, астрономии, химии, биологии, экономике, но и в медицине, лингвистике, охране окружающей среды, изучении различных явлений в природе она смело внедряется в другие науки и дает эффективные результаты. Математика требует от учащихся изобретательности. Вот почему учебники должны больше касаться логических вопросов, рассматривать больше примеров и проблем из реальной жизни. Было бы полезно привести примеры четырёх-пяти сложных вопросов, связанных с темой в конце каждой темы, и, конечно же, с примерами решения проблем.

Математика требует определенного таланта. Математические способности не возникают сами по себе, нужно потрудиться, чтобы их показать. Математические навыки учащихся демонстрируются на уроках и в математических кружках. Нам нужно больше работать с каждым

учеником, чтобы математика стала более эффективной. В некоторых школьных классах учится 30 и более учеников.

Невозможно провести 40 минут с каждым из них. Если было бы возможно разделить класс на подгруппы, и если бы математика преподавалась в подгруппах в соответствии со знаниями и интересами учащихся, математические знания учащихся были бы значительно усилены, и между учащимися возникла бы конкуренция, а где есть конкуренция, конечно же, будет эффективность.

Появление Интернет-технологий в образовании помогло сформировать глобальную среду электронного обучения. В то время, когда онлайн-обучение только формируется, создание МООС (публичных открытых онлайн-курсов) за рубежом еще больше расширило возможности для 24-часового самостоятельного обучения. Примером этого является дистанционное обучение с помощью платформы дистанционного обучения Moodle.

Ключевые особенности системы Moodle. Система разработана с акцентом на современные педагогические достижения и на сотрудничество между учащимися и преподавателями. Имеет простой и эффективный веб-интерфейс. Конструкция имеет модульную структуру и легко модифицируется [1, с. 40-43].

Существует богатый набор модулей: для чата, опроса, форума, глоссария, лекции, задания, теста, анкеты, Scorm, Wiki, семинара, ресурса (в виде текста, веб-страницы или каталога). Изменения, произошедшие в курсе после последнего входа пользователя в систему, могут быть отражены на первой странице курса. Все оценки (из форумов, рабочих тетрадей, тестов и заданий) можно сгруппировать на одной странице (или в виде файла) [2].

Функции системы LMS Moodle в организации дистанционного обучения:

- регистрация студентов (преподавателей, преподавателей курсов и др.);
- исключение пользователей из курсов, создание независимой учебной среды для учащихся;
- организация взаимодействия учащихся и преподавателей индивидуально или в группах (с использованием веб-элементов);
- создание и управление группами;
- организация промежуточного, текущего и окончательного контроля и создание видов электронного контроля;
- организация различных видов социальных опросов, мониторинг знаний студентов;
- организация электронных информационных ресурсов (электронных библиотек) [3, с. 695-698].

Одним из преимуществ дистанционного обучения является реальная возможность наиболее полного учета индивидуальных особенностей

обучающихся и их образовательных потребностей при организации учебного процесса, в частности, самостоятельной работы учащихся и создании ситуации успеха для каждого ученика [4, с. 260-266].

Математика как учебная дисциплина обладает большими возможностями для реализации дистанционного обучения, так как использование компьютеров позволяет усилить прикладную и практическую направленность курса математики и создает условия для реализации индивидуального подхода на качественно новом уровне. Необходимость комплексного использования дистанционных и традиционных методов для обучения математике обусловлена активным внедрением в школьный учебный процесс дистанционных образовательных технологий с их широким применением. Однако необходимо иметь в виду, что дистанционное обучение предполагает тщательный отбор учебного материала, согласование его с государственным стандартом содержания образования и требованиями на вступительных экзаменах в ВУЗы, разноуровневую структурную организацию учебного материала, обеспечивающую наиболее эффективное достижение поставленных целей.

Литература:

1. Турдиева Г.С., Сулайманова М.А. Методы организации электронных учебных ресурсов в образовательном процессе через платформу дистанционного обучения moodle // АCADEMY. Научно- методический журнал, 2020. № 5 (56). Стр. 40-43.
2. Турдиева Г., Хотамова Д. Возможности программного обеспечения dreamweaver для создания образовательных сайтов // Научно-методический журнал "АCADEMY". № 5 (44), 2019.
3. Турдиева Г.С., Набиева Д. Методика создания тестовых вопросов в системе дистанционного обучения Moodle //Теория и практика современной науки, 2017. № 12. С. 695-698.
4. Турдиева Г.С. Технология организации самостоятельной работы студентов с помощью сайта Google // Научный вестник Бухарского государственного университета, 2019. № 2019. С. 260-266.
5. Хайитов У.Х. Педагогическое сотрудничество преподавателя и студентов в кредитно-модульной системе высшего образования// Наука, образование и культура. № 8 (52), М., 2020. С. 22-26.

Геометрия сабақтарында оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі

Ф.Б. Тугелбаева, А.К. Ардабаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Түйіндеме. Мақалада геометрияны оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша зерттеу жұмыстарына талдаулар жасалып, оқыту процесін ұйымдастырудың жаңаша тәсілдері, формалары мен әдістері қарастырылған. Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда топтық жұмыстарды қолданудың тиімділігі көрсетілген.

Кілтті сөздер: геометрияны оқыту әдістемесі, оқу іс-әрекеті, ұйымдастыру тәсілдері, топтық жұмыс.

Аннотация. В статье анализируются научные работы по совершенствованию методики обучения геометрии, а также рассматриваются новые приемы, формы и методы организации учебного процесса. Показана эффективность использования групповой работы в организации учебной деятельности учащихся.

Ключевые слова: методика обучения геометрии, учебная деятельность, методы организации, групповая работа.

Annotation. The article analyzes scientific work on improving the methods of teaching geometry, and also considers new techniques, forms and methods of organizing the educational process. The effectiveness of using group work in the organization of educational activities of students is shown.

Key words: geometry teaching methodology, educational activity, organization methods, group work.

Қазіргі кездегі білім жүйесінде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық жоба сапалы оқыту міндеттерін алға қояды [1]. Осы міндетті орындау үшін білім беру ұйымдарында оқу пәндерін оқыту мақсаты, мазмұны, формасы, әдістері мен құралдары арасындағы өзара байланысты айқындай отырып, әдістемелік жүйені жетілдіріп отыру керек.

Орта білім берудің жаңартылған мазмұндағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары оқушылардың білімді меңгеріп қана қоймай, оларды өмірдегі түрлі жағдайларда пайдалана білуге үйрету, функционалдық сауаттылығын дамытуды көздейді [2]. Бұл тұрғыда геометрияны оқыту мәселесін, оны заман талабына сай оқыту мәселесінен бөліп қарауға болмайды.

Мектептегі геометрия курсы оқушылардың логикалық ойлауын, интеллектуалды қалыптастыруда, кеңістіктік елестері мен түсініктерін дамытуда маңызды орын алады. Алайда оқушылардың геометрия пәніне деген қызығушылығы, геометриялық білімді меңгеру деңгейлері төмендігі баршамызға мәлім. Оның себептері әрине көп, бірақ негізгісі – мектептегі геометрияны оқытудың әдістемелік жүйесінің, ұйымдастыру тәсілдерінің ескіруі, оқыту процесі теориялық білімді жаттауға айналып, геометриялық есептерді шығаруға үйрету әдістемесінің жеткіліксіздігі болып табылады. Сондықтан да соңғы жылдары геометриялық білім берудің мазмұны мен

әдістемесін қайта қарау мәселесі жүзеге асырылып жатыр. Бұл – бүгінгі күннің талабы.

Геометрияны оқыту әдістемесіне үлес қосқан ТМД елдерінің ғалымдары Н.М.Бескин, А.П.Киселев, Н.А.Глаголев, В.А.Гусев, В.А.Смирнов, Г.Д.Глейзердің еңбектері бар. Сондай-ақ, қазақстандық ғалымдардың А.А.Бидосов, А.Е.Әбілқасымова, Қ.Жұбаев, Б.Б.Баймұханов, Ә.К.Қағазбаева, А.М.Мұбараков, Ж.Ж.Шілмағамбетова, Л.К.Жайдақбаева, Л.С.Қайынбаева, Б.Рабинович, Р.С.Шуақбаева және т.б. еңбектерінде де геометрияны оқытудың мазмұндық-әдістемелік идеялар бар.

Б.Д.Дыбыспаеваның жұмысы 7-9 сыныптарда геометрияны оқыту барысында оқушылардың танымдылық әрекеттерін ынталандырудың әдістемелік негіздеріне арналған. Танымдық әрекет процесс ретінде қарастырылып, оның пәрменділігін арттыру жолдары талданады және мұндағы ынталандырудың қызметі мен орны көрсетіледі. Ынталандыру формаларын кешенді қолдану идеясына үлкен мән беріліп, геометрияның жалпылаушы бір сабағының мысалында көрнекі түрде дәйектеледі [3].

А.М.Мұбараков кандидаттық диссертациясында 5-6 және 7-9 сыныптарға арналған математика курсына геометриялық материалды оқытудың сабақтастығы мәселелері қарастырылып, сабақтастық байланыстарының ерекшеліктері айқындалады, 5-7 сыныптарға арналған математика курсына геометриялық материалды оқытудағы өзара байланыстарды күшейту жолдары мен жүзеге асыру мүмкіндері, әдістемелік нұсқаулар ұсынылған [4].

В.В.Орловтың жұмысында геометрияның негізгі курсына оқытуды жүзеге асыру мазмұны мен әдістемесі, оқу танымдық геометриялық материалдар, геометрия курсының мазмұндық бағыттары, мақсаты мен оқу материалын оқытуды ұйымдастыру әдістемесі ұсынылады [5].

Геометрияны оқыту әдістемесіне арналған арнайы оқу құралдары да бар. В.А.Гусевтің орта мектепте геометрияны оқыту әдістемесі оқу құралында геометрияны оқыту тарихы мен оқытудың әдістемелік жүйесі және оқыту мақсаты, формалары қарастырылған [6].

Л.К.Жайдақбаева жұмысында мектепте геометрияны оқытуды ақпараттық технология негізінде жетілдіру әдістемесін қарастырды. Ол зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, дидактикалық тұрғыдан негізделген оқыту және оқушының оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарында ақпараттық технологияны қолдану моделін жасады [7].

Көрсетілген зерттеулер геометрияны оқыту әдістемесін жетілдіруде өз үлестерін қосты. Дегенмен, жаңартылған білім беру мазмұнына сай геометрияны оқыту процесін ұйымдастыру, оқушыларға геометриялық ұғымдарды меңгерту, есептер шығару мен теоремаларды дәлелдеу біліктерін қалыптастыру, оқу процесінде оқушылардың оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру әдістемесін жасау мәселелері өзекті болып табылады.

Геометрияны оқыту процесін ұйымдастыруда жанаша тәсілдерді, әдістер мен озық технологияларды пайдалану оқушылардың оқу іс-

әрекеттерін қалыптастыруға, яғни бір-бірін үйрете жүріп, өздері үйренуіне бағытталады. Ол үшін алдымен үйрену мен үйретудің басты әдістемесі мен технологиясы ретінде белсенді оқыту әдіс-тәсілдерін таңдауы және оларды дұрыс ұйымдастыру қажет (1-сурет).



1-сурет

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында геометрияны сабақтарында оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруда деңгейлік саралау негізінде топтық жұмыстарды іске асыру ең тиімді болып табылады. Мұнда сынып оқушылары білім мен білік деңгейлеріне (денсаулық жағдайына орай сабақ босатқанына байланысты білімдерінде олқылықтар бар немесе жеке оқу қарқыны) қарай топтарға бөлінеді [8].

Мысал ретінде, 7-сынып геометрия пәнінен «Тікбұрышты үшбұрыш» тақырыбын оқыту сабағынан үзіндіні ұсынамын.

Тақырып: Тікбұрышты үшбұрыш.

Әр топтың алдына мақсат қойылады: тақырып бойынша жаңа білімді меңгеру:

- 1) тікбұрышты үшбұрыштың қабырғаларының атауларын білу;
- 2) сызбаға қарап тікбұрышты үшбұрыштың қандай қабырғалары катет және гипотенуза болатынына қорытынды жасай білу;

3) тақырып бойынша негізгі есептерді шығара білу.

Сабақтың басында барлық оқушылар жалпы тапсырма алады:

- 1) сабақтың тақырыбын жазыңдар;
- 2) жоспарды пайдаланып, оқулықтағы мәтінді мұқият оқыңдар;
 - тікбұрышты үшбұрыштың анықтамасы;
 - тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары;
 - тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары.

3) сұрақтарға жауап беріңдер:

- қандай үшбұрыш тікбұрышты деп аталады?
- тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары қалай аталады?
- тікбұрышты үшбұрышта екі тік бұрыш, үш тік бұрыш, екі немесе үш гипотенуза, үш катет, бір немесе екі доғал бұрыш болуы мүмкін бе?

Жалпы тапсырмаларды орындау оқушылардың білімін жаппай тексеру үшін ұйымдастырылады. Одан әрі оқушылар топтық жұмыстарды орындауға кіріседі. Әр топ қиындық деңгейлері бойынша өзіндік деңгейлік тапсырмаларды алады.

В тобының тапсырмасы.

1. Тік бұрышы K нүктесінде, ал KH кесіндісі оның бір қабырғасы болатындай тікбұрышты үшбұрышты салыңдар (2-сурет). Үшбұрышты белгілеңдер. Оның катеттерін, гипотенузасын және сүйір бұрыштарын жазыңдар.



2-сурет



3-сурет

2. KH кесіндісі берілген (2-сурет). KH кесіндісімен O нүктесінде тік бұрыш жасап қиылысатындай CD кесіндісін салыңдар. Пайда болған тікбұрышты үшбұрыштардың катеттері мен гипотенузасын жазыңдар.

3. Үшбұрыштардың теңдігінің бірінші белгісінен тікбұрышты үшбұрыштардың теңдігінің белгісін тұжырымдаңдар. Өз қорытындыларыңды негіздеңдер.

С тобының тапсырмасы.

1. Тік бұрышы P нүктесінде, ал PE кесіндісі оның бір қабырғасы болатындай тікбұрышты үшбұрышты салыңдар (3-сурет). Үшбұрышты белгілеңдер. Оның катеттерін, гипотенузасын және сүйір бұрыштарын жазыңдар.

2. PE кесіндісі берілген (3-сурет). PE кесіндісімен O нүктесінде тік бұрыш жасап қиылысатындай CD кесіндісін салыңдар. POD үшбұрышының катеттері мен гипотенузасын жазыңдар.

3. Егер тікбұрышты үшбұрыштың бір бұрышы 45° -қа тең болса, онда ол теңбүйірлі болатынын дәлелдендер.

Сонымен, математика, әсіресе геометрия сабақтарында сараланған топтық жұмысты қолдану білім деңгейі төмен және орташа оқушыларға жаңа тақырыпты ойдағыдай меңгеру үшін қайталауға, олқылықтарды жоюға, білімдерін жаңартуға тиімді жағдай жасайды. Оқушылар сабақта белсендірек жұмыс істей бастайды, өйткені олардың пікірінше, есептерді жалғыз шешуге қарағанда, бірге ойлап, шешу онайырақ болады.

Оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша өзара сұрақ қою және бір-бірін тексерумен байланысты топтық немесе жұптық жұмыстарды ұйымдастыру ұнайды. Мұндай жұмыстарды орындау барысында оқушылар өз ойларын дұрыс айтуға, бір-біріне сұрақ құрастырып айтуға; есептің жалпы шешімін табуға; мәселелік жағдайлардан шығуға; басқалардың пікірін тыңдауға үйренеді.

Әдебиеттер

1. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы //Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген.

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

3. Дыбыспаев Б.Д. Методические основы стимулирования познавательной деятельности учащихся в процессе обучения геометрии в 7-9 классах средней школы: автореферат дисс. к.п.н. – Алматы, 1995. – 26с.

4. Мубараков А.М. Научно-методического основы преемственности обучения математике в системе непрерывного образования: дис.... д-ра пед. наук. - Алматы, 2003. – 225 с.

5. Орлов В.В. Построение основного курса геометрии общеобразовательной школы в концепции личностно ориентированного обучения : Дис. ... д-ра пед. наук. - СПб., 2000. - 384 с

6. Гусев В.А. Методика обучения геометрии /В.А. Гусев, В.В. Орлов, В.А. Панчицина и др. - М.: Издательский центр «Академия», 2004 - 368 с.

7. Жайдақбаева Л.К. Негізгі мектепте планиметрия курсының оқытуды ақпараттық технология негізінде жетілдіру әдістемесі: автореф. дис... канд. наук. - Алматы, 2009. – 26б.

8. Кулеш Л.П. Групповая работа с учащимися на уроках геометрии на основе уровневой дифференциации //Сборник трудов международной научной конференции «Геометрия и геометрическое образование в современной средней и высшей школе». – Тольятти: Изд-во ТГУ, 2012. – С.168-171.

Методические приемы использования мультимедийных средств обучения на уроках биологии

Тукенова Т.Б.

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар

Аннотация

Данная статья проведена по материалам педагогических исследований 2022 года на базе «Ленинская основная школа» село Эбжан, Актогайского района в 7 «Б» классе и 7 «А» классах. В работе была раскрыта опытным путем эффективность методических приемов с использованием мультимедийных средств на уроках биологии по сравнению с традиционным методом обучения.

Ключевые слова: биология, школа, урок, мультимедиа, информационные технологии, методы.

Введение. Компьютер позволяет создать условия для повышения эффективности процесса обучения, раздвигает возрастные возможности обучения. С развитием мультимедийных технологий компьютер становится средством обучения, способным наглядно представлять самую различную информацию. Как следствие, происходит развитие творческого потенциала обучаемого, способностей к коммуникативным действиям, навыков экспериментально-исследовательской работы; культуры учебной деятельности; интенсификация учебно-воспитательного процесса, повышение его эффективности и качества.

Формирование информационно коммуникативной компетентности школьников, становление их информационной культуры, компьютерной грамотности приобретает в настоящее время особую значимость. Информационное обеспечение уроков биологии открывает перед учителем перспективу реализации принципиально нового дидактического подхода в обучении, так как дает возможность соединения в одном высказывании письменной и устной речи. На этом фоне обучение созданию компьютерного ролика, мультимедийной презентации позволяет учащимся повысить мотивацию к изучению традиционной темы [1; с 87].

Использование возможностей информационных технологии на различных этапах урока биологии. Особенностью преподавания биологии в средней общеобразовательной школе является необходимость демонстрации различных форм наглядности на всех этапах урока: при опросе, при объяснении нового материала и в процессе закрепления новых знаний. Установлено, что эффективность усвоения материала при использовании одних словесных методов изложения возможна в пределах 10 – 15 %, при использовании только зрительной наглядности усвоение возрастает до 25 %, а при одновременном предъявлении звуковой и

зрительной информации эффективность усвоения материала достигает уже 65 %.

Компьютер используется на всех этапах урока биологии:

1. При объяснении нового материала (цветные рисунки, фотографии, диаграммы, графики, таблицы, слайд-шоу, видеофрагменты, анимации короткие и сюжетные, вспомогательный материал, электронные презентации);

2. Для закрепления полученных знаний (задания с выбором ответа, тренажеры, виртуальные лабораторные работы);

3. Для контроля знаний (компьютерное тестирование - в основном с использованием программы Power Point).

Также компьютер используется при проведении внеклассных мероприятий по предмету.

Для упрочнения знаний, развития интереса к предмету и взаимосвязи с другими предметами учащимся предлагаются творческие задания, которые могут выражаться:

1) в составлении кроссворда по теме, использовании его для контроля знаний других учащихся;

2) в составлении опорных схем и конспектов;

3) в подготовке различных сообщений и докладов;

4) в изготовлении презентаций.

Если технологические возможности сопровождаются соответствующей методикой использования, то это делает преподавание предмета более привлекательным как для учителей, так и для учеников, что может облегчить труд учителя, освободить его от рутинной работы на всех трех этапах обучения [2, с 105]. Для большей убедительности приведем характеристику типов объектов, представленных в электронных изданиях с указанием на возможность их использования на различных этапах.

Этап «объяснение».

Цветные рисунки, фото-учебники, методические пособия не могут иметь большой иллюстративный материал, поскольку это резко повышает их себестоимость. Цифровые технологии позволяют при той же стоимости насытить издание большим количеством цветных иллюстраций. Однако цветные фотографии позволяют расширить иллюстративный ряд, придать ему приближенность к реальной жизни.

Этап «закрепления полученных знаний»

На этом этапе учащимся предлагается ряд индивидуальных или групповых заданий и задач разного типа. Среди них могут быть тестовые задания; теоретические вопросы, ответы на которые можно проверить при обращении к компьютерным моделям и вопросы, направленные на более углубленное понимание проиллюстрированного моделями теоретического материала. Этот этап требует тщательной подготовки дифференцированных заданий и бланков для оформления отчетов о проделанной работе. Следует также продумать эффективную и

прозрачную, понятную для учащихся систему оценивания результатов работы, и сделать ее известной для учеников до начала выполнения работы.

На этапе закрепления материала используются следующие виды учебной деятельности.

Работа с заданиями с выбором ответа – компьютерные технологии позволяют анализировать, сохранять и обрабатывать задания, где требуется один или несколько вариантов ответа из всех предложенных. Такие задания помимо текста могут содержать рисунки, а также фотографии, видео - и анимационные фрагменты. Выполнение учащимися таких заданий позволяет закрепить полученные ими знания по изучаемому материалу. Применение электронных образовательных ресурсов для закрепления материала позволяет сделать этот этап более привлекательным для учащихся и удобным для учителя [3, с 95].

Существуют различные задания с выбором ответа, например, на уроке «Класс Птицы» в 7 классе, с целью закрепления знаний о внешнем строении птиц можно использовать задание «Выявление особенностей внешнего строения птиц в связи с образом жизни». Учащиеся должны из предложенных вариантов названий органов птиц выбрать правильные. При заполнении всех окон учащиеся сразу получают результат своей работы, компьютер указывает им правильно или нет, выполнено задание, так как при проверке правильные ответы окрашиваются зеленым цветом, а неправильные – красным. Выполнение этих заданий может быть внесен индивидуальный и фронтальный характер. В первом случае один учащийся выходит к доске (компьютер, подключённый к проектору) и решает поставленную задачу самостоятельно [4, с 211].

Работа с тренажерами. Данный вид работы позволяет закрепить знания учащихся и отработать умения определять части и органы живых организмов, отработать терминологическую основу биологии. Например, при изучении темы «Птицы. Внутреннее строение» в 7 классе. На этапе закрепления знаний можно использовать тренажер «Сравнительная характеристика кровеносной и дыхательной систем у представителей различных классов позвоночных животных», что позволяет закрепить основные знания об особенностях строения кровеносной и дыхательной систем птиц, выявить отличительные черты их организации по сравнению с другими классами позвоночных животных.

Работа с кроссвордами.

Кроссворды позволяют в игровой форме закрепить либо проверить знания, умения и навыки учащихся. В работе используются возможности программ PowerPoint или Excel (ответы на задания кроссворда необходимо вносить в сетку и, при правильном ответе, цвет шрифта автоматически изменяется) (см. на диске).

Этап «контроль знаний»

Поскольку компьютер чаще всего используется на всем протяжении

урока и наиболее активно на этапе контроля знаний учащихся. При этом использование компьютерных программ решает ряд задач:

- повышает объективность оценки ответов;
- позволяет осуществлять индивидуальный подход к обучению;
- сокращает время проверки знаний учащихся.

Для контроля знаний используются тесты, форму организации которых условно можно назвать «выбери ответ из предлагаемых вариантов». Для выдачи ответа достаточно нажать клавишу с номером правильного ответа, выбрав среди перечисленных вариантов.

Иногда тестирование учащиеся выполняют самостоятельно в тетрадях, тогда тест просто демонстрируется на доске. Возможно использование его для групповой работы. В этом случае группа учащихся совместно выполняют тест у компьютера. И третий вид работы – это самостоятельная работа учащихся за компьютером, но это не всегда возможно в связи с материально-технической базой учебного заведения.

Основной формой организации тестирования на уроках является использование возможностей программы PowerPoint- программирование в среде VBA [5, с 142].

При контроле знаний можно использовать задания, которые предназначены для закрепления нового материала.

Опытно-экспериментальная работа по использованию информационно – компьютерной технологии в обучении биологии. Одним из условий повышение качества образования мы видим в использовании на уроках новых информационных технологий.

Эффективность использования компьютерной поддержки уроков биологии проверялась нами базе «Ленинская основная школа» село Эбжан, Актогайского района в 7 «Б» классе и 7 «А» классах.

В качестве компьютерной поддержки нами активно на протяжении всей практики использовалась мультимедиа-технология, которая, на наш взгляд, имеет неоспоримые преимущества.

Эксперимент проводился в двух классах: 7 «Б» - экспериментальный и 7 «А» - контрольный.

В контрольном классе обучение велось по стандартному методу (традиционным способом), а в экспериментальном классе с максимальным использованием компьютерной поддержки.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына, еліміздің дамуына, жеріміздің көркеюіне өз үлестерін қосып жүрген белді азаматтардың барлығы да ауыл мектептерінен білім алып, ауылда тәрбиеленгендер. Қоғамның дамуына байланысты ауылдарымыз да күннен-күнге жаңарып, жақсарып жатыр. Соның бірі – ауыл мектептерінің жағдайы. Ғылым мен технологияның дамыған заманында білім беру саласы да қарқынды дамуда. Қазіргі таңда ауыл мектептері жаңа технология құралдарымен жабдықталып, ұстаздар білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері бойынша білімдерін жетілдіру үстінде. Ендеше заманына қарай амалы, демекші бұрынғы кездегідей қарапайым дәстүрлі сабақтың мәні де сәні де кеткен уақыт. «Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі», -деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру.

Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру - қоғамның басты мәселесі. Мұғалімдердің кәсіби даму үдерісін дамыту барысында мектептің даму жоспарында желілік қоғамдастық, тәлімгерлік инновациялық, интерактивті әдістерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, интернет жүйесімен байланысты жандандыру, жаңа ақпаратты технологияны меңгеру, жан-жақты ұстаздар қауымымен пікір алмасу қарастырылған. Ал мұғалім үнемі ізденіп, білім қорымен өзінің іс-тәжірибесін таратып, өзгенің жаңалығын үйреніп отырса, оның сабақтары да қызықты, бала үшін тиімді болмақ. Ал бұл жағдай бүгінгі күні ауыл мектептері аталатын шалғайдағы ауылдар үшін де тиімді. Кәсіби тұрғыда жаңа сатыға қадам басып, білім жүйесіне енген жаңалықтың қыр –сырын зерттей бастаған сәтімде арнайы курсқа баруым бағдарлама туралы

туындаған сұрақтарымының жауабын табуға берілген мүмкіндік секілді көрінді. Әр күн жаңалықтарға толы болып, курс тыңдаушылары жаңартылған білім беру бағдарламасы, АКТ әлеуеті жайлы пікір алмасып және ауыл мектептерінің жоғары сапалы білім беруді қолжетімді ету үшін ақпараттық-білімдік ресурстарының қазіргі жағдайын талдадық. Педагогтер арасында өткізілген түрлі тақырыптардағы коучингтер, ықшамсабақтар бұған дейін өз жұмысын өзі жеке атқарып жүрген әріптестердің арасында ынтымақтастық орнап, ұстаздардың көзқарасы өзгеріп жаңа инновациялық мүмкіндіктерді пайдалануға талпынысы басым болды.

Заман талабына сай жабдықталған әр ұстаздардың осы талапқа сай жұмыстануға бетбұрыстары айқын көрініс тауып жатыр. Бүгінгі мұғалімнің еңбегі, тынымсыз ізденуді, үздіксіз кәсіби дамуды талап етеді. Қоғамның сұранысына лайықты ақпараттық -коммуникативтік технологияларды меңгерген мұғалім болып, өз бетінше білім алып, шешім қабылдай алатын, болашаққа жан-жақты көзқарасы бар, ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты тұлғаны қалыптастыруда.

XXI ғасыр жедел өзгеріп жатқан заманға бейімделуге мүмкіндік беретін түбегейлі өзгерістер енгізуді, өз кәсіби шығармашылығымызды шыңдауды талап етеді. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастырады. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) курс барысында ұғындық. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттары зерделей отыра тапсырмаларды ықшамсабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір – бірімен тығыз байланысты. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен

жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады. Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жана технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы» (М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев) пән сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова) т.б технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үрдістеріне кеңінен ендірілуде. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру-мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты. Деңгейлеп оқыту технологиялары баланың жеке мүмкіндігіне бағытталған. Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин, тағы басқа ғалымдар осыны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тығыз байланысты анықтаған. Ж.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы оқушылардың жеке қабілеті мен мүмкіндіктеріне, қызығушылығына, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім деңгейіне жетуіне жетелейді/

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Кларин М.В. Шетелдік педагогикалық зерттеулердегі оқытудың инновациялық үлгілері. – М.: Дело, 2014. – 226 б.
2. Воронов, В.В. Орта мектептегі қазіргі бағалау жүйесі [Мәтін] / В.В.Воронов // Ярославль педагогикалық хабаршысы. - 2018. - No 7. - Б.112-117.
3. Steedle, J. Kugelmass, H. Nemeth, A. (2017) Олар нені өлшейді?үш оқу нәтижесін бағалауды салыстыру. The Magazineof HogherLearning Vol.42(4), 2-бет. 33-37.
4. Ефремова, Н.Ф. Оқушылардың жетістіктерін тәуелсіз бағалаудың мотивациялық аспектісі [Мәтін 1 / Н.В. Ефремова // Ресейлік психологиялық журнал. - 2017. - No 14. - С. 227-245.

Менің өлкем – менің тарихым (қазақ фольклоры негізінде)

Серикбаева Тансамал Сериковна

Павлодар қаласы 40 ЖОББМ КММ тарих пәні мұғалімі

Аңдатпа. Мақалада тарихты зерттеу арқылы адамның дүниетанымы кеңейе түспек екендігі қарастырылған. Бізге белгілі түбі бір түркі тілдес халықтардың фольклоры ортақ сипаттағы шығармалар арқылы көрініс табады. Мақала туыстық, көне көршілік, тарихи тағдырластық түркі тілдес халықтың саяси-экономикалық және мәдени-әдеби өміріне өзіндік әсерін тигізіп, олардың өзара байланыс жасап, жақындасуына тірек болған түркі халықтары әдебиетіндегі ортақ сипаттарды қамтиды.

Кілт сөздер: фольклор, өлең, эпос, образ, тақырып, идея, мазмұн, жанр.

Аңдатпа. Благодаря изучению истории и литературы мировоззрение человека будет расширяться. Мы знаем, что фольклор тюркоязычных народов находит отражение в произведениях общего характера. В статье включены общие черты в литературе тюркских народов, родство, древнее соседство, историческая судьба которых оказали влияние на политическую, экономическую, культурную и литературную жизнь тюркоязычных народов, способствуя их взаимодействию и сближению.

Ключевые слова: фольклор, поэма, эпос, образ, тема, идея, содержание, жанр.

Through the study of history and literature, a person's worldview will expand. We know that the folklore of the Turkic-speaking peoples is reflected in the works of a common nature. The article includes common features in the literature of the Turkic peoples, whose kinship, ancient neighborliness, historical destiny have had an impact on the political, economic, cultural and literary life of the Turkic-speaking people, supporting their interaction and rapprochement.

Key words: folklore, poem, epic, image, theme, idea, content, genre.

Көптеген халықтар әдебиетінің пайда болу және қалыптасу тарихы ғасырлар бойы қалыптасқан. Қазақ фольклоры мен әдебиеті дегенде біз бұрынғы қазақ хандықтары мен қазіргі еліміздің аумағында қалыптасып, дамып келе жатқан біртұтас ұлттық фольклор мен жазба әдебиетті айтамыз.

Ғылыми зерттеулер қазақ-қарақалпақ әдебиетінің алғашқы қайнар көздері сақ-массагет аңыздары, әсіресе біздің дәуірімізге дейінгі 8-6 ғасырларда жасалған бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ эпикалық шығармалар екенін көрсетеді. Бұл халық шығармалары поэтикалық құдіретімен, ой тереңдігімен, мазмұн байлығымен ерекшеленеді және барлық түркі тілдес халықтар сияқты қазақ-қарақалпақ фольклоры мен әдебиетінің алғашқы қайнар көздеріне айналды.

Қазақ пен қарақалпақтар ежелден әуендес халық. Олардың сыртқы түрі ғана емес, тілі, әдебиеті, тарихи өзгерістері жағынан да ұқсас. Сол кездегі қиыншылықтар мен қиыншылықтарды бірге өткерді.

«Алқа көлді сұламалы ақтабан».

Қаратаудың төбесінен көш келіп,
Жапа шегіп, ұйқысынан сестеніп,
Ата – ұлдан, ана – қыздан айрылған,
Қара көзге мөлдіреген жас келіп, - деп жазады [8.10-бет].

Бұл өлеңдер қазақтың «Елім-ай», «Көп қылған», «Шанды жорық» сияқты өлеңдерін еске түсіреді. Мұндай өлең жолдары басқа қарақалпақ ақындарында да жиі кездеседі. Мысалы, қарақалпақ жазушысы С.Бекназаров «Ақтабан шұбырынды» туралы 1200 жолды өлең жазған. Қазақтарда қарақалпақтардың «Заурия-зибар» жырының 1500 жолдық нұсқасы бар. Оны қазақтың ақыны Тоғжан жазған [7, 3 б.]. Сол кездегі қазақ, қарақалпақ жырларының негізгі тақырыбы мен идеясы – елді бірлікке шақыру.

Көптеген қарақалпақ жырлары мазмұны жағынан қазақ, өзбек халықтарының эпостық жырларына ұқсас келеді. Мысалы, қарақалпақтардың «Шарьяр» эпосының кейбір бөліктері қазақтың «Қыз Жібек» эпосына ұқсас. Қарақалпақтың «Едіге», «Ер Қосай», «Ер Шора» т.б. дастандар қазақ жырларына ұқсайды. Туысқан халықтардың эпостық жырларының ұқсастығы олардың шаруашылық және мәдени өмірінің ежелден тығыз байланыста болуымен байланысты. Ш.Уәлиханов қазақ эпостары мен еуропалық халықтардың ұқсастығын көрсетті [6, 9 б.]. Зерттеушілер бірнеше халықтардың эпостарының ұқсастығын осы халықтардың өткендегі тарихи өмірінің бірлігімен байланыстырады. Идеялық мазмұны мен көркемдік формасы жағынан өте ұқсас эпикалық шығармалар ерте заманда бір негізде тарағанын дәлелдейді. Н.Г.Чернышевский: «Кер Оглу» - восточный поэт-Наездник» деген кітапта және «Современник» журналына басылған рецензиясында Көрұғлы эпосының көп халықтар арасына кең таралғандығының себебін түсіндіріп: «Белгілі бір эпосқа ие болған халық өз алдына ажырап бөлініп еткен уақытта бір айырым рулар эпостағы негізгі кейіпкердің тұлғасын өзінше өзгертіп алуға тырысады, сол кейіпкердің атын немесе бір жеке оқиғалар басқа бір таныс орындармен біріктіреді., яғни поэтикалық жырларды өз жағдайына қолайластырады. Осындай тарихи көп өзгерістерге байланысты тарихта болған адам жөніндегі естеліктер жойылады да, тек халық батырының образына қосылып кетуге тырысады, - деп жазады [4, 12 б.].

Алтай эпосын зерттеуші Л.П.Потаповтың дұрыс көрсеткеніндей, эпостардың ұқсас болуының себебі – олардың ерте заманда бір негізден келіп шығуынан, яғни олардың өткендегі тарихи тұрмысының бір-біріне ұқсастығынан [8, 59 б.].

Тарихи мағлұматтарға қарағанда қазақ, қарақалпақ және басқа халықтардың этногенезіне көңіл аударғанда тарихи тұрмысына сәйкес,

ұқсастығына байланысты халықтардың барлығына ортақ фольклорлық шығармалар жазылған.

Қарақалпақтарда «Қобыланды» жырының бірнеше нұсқасы бар. Олар да бір дәуірден екінші дәуірге қарай ерекшеленеді. Қарақалпақтардың «Қобылан» дастаны мен «Қобыланды батыр» эпосы мен қазақтың «Қобыланды» жырының ортақ тұстары көп. Екі жырдың да жалпы идеясы – ел қорғау, ерлікке, имандылыққа тәрбиелеу. Екі дастанда да басты кейіпкерлердің мінез-құлықтары бір бағытта суреттеледі. Қазақ-қарақалпақ ауыз әдебиетінің басқа жанрларында ортақ нәрсе көп. Кейбір ертегілердің сюжеті мен идеясы кейіпкер есімімен сәйкес келуі ғажап емес. Жиренше шешен – қазақ, қарақалпақ халықтарының ауыз әдебиетіндегі аты аңызға айналған тұлғалардың бірі. Бұл туралы аңыз-әңгімелерде ханның зұлымдығын көрсету үшін ханның әйелі осы Жиреншаның басындағы данышпанның ойларын жинап алған. Қазақ-қарақалпақ ауыз әдебиетінде кең тараған образдардың бірі – Алдар Көсе. Алдар халықтың аузынан шыққан өткір сарказм, жалынды сатира, әзіл-қалжың арқылы жоғарғы таптың зұлымдығын, ақымақтығын, сиқырын әшкерелейді. Алдар мен Жиренше – екі халықтың ауыз әдебиетіндегі тұрақты образдар. Халық әндерінен ұқсастықтарды көреміз. Ауыз әдебиеті үлгілеріне қарасақ, қарақалпақ тілінде де, қазақ тілінде де ұқсастықтарды байқаймыз. Біздің қарақалпақ топырағында «Жар-жар» былай көрініс табады:

Қой сүйеді баласын
Қозым-ау деп, яр-яр!
Ешнәрсені көрмеген
Бозым-ау деп, яр-яр!

Ұзатқанда қыз жылар
Өксіп-өксіп, яр-яр!
Енді менің қурайдай
Солғаным деп, яр-яр!

Қазақ, қарақалпақ халықтарының мақал-мәтелдерінде де, жұмбақтарында да ұқсастықтар аз емес. Мысалы:

- Ағасы бардың ырысы бар, інісі бардың тынысы бар.
- Жол азабы көр азабы.
- Жорға мінген жолдасынан айырылады,
Көп жасаған құрдасынан айырылады т.б.

Қарақалпақ классигі Бердақ шығарламаларын туыстас халықтардың көбі жақсы біледі. Өлеңдері орыс, өзбек, қазақ тілдеріне аударылған. Абай да, Бердақ та бақытты, еркін заманды аңсап өткен еді. Туысқан қазақ еліне бауырлас қарақалпақ халқының әдеби мұраларын таратушылардың бірі – Тұрмағамбет Ізтілеуов. Ол бұрын Түркістан өлкесіне қараған Сырдария облысының Қазалы уезінде дүниеге келген.

Жастайынан жетім қалған оләмірдің ауыртпалығын арқалап, жетідіктің қиыншылығын тартып өседі:

Кедей ем, киім-тамақ зорға тапқан,

Жамаулы үйім жыртық қара-құрым, - деп баяндайды ақын өз өмірін.

Ол қазақ арасына қарақалпақ классигі Бердақтың шығармаларын насихаттаса, қарақалпақтарарасына ұлы Абайдың шығармаларын көп таратқан. Осы бір шындықты З.Даулетбаев өзінің «Сұлу Сырдария сәйгүлігі» деген өлеңінде анықтап береді:

Тілінмен түйредің бай, манапты,

Көрсең дағы тар жол, кешу тайғақты.

Келдің дағы Жайхун, Амудария бойын аралап,

Қазақтарға жырлап бердің Бердақты.

Тұрмағамбеттің тамаша ойы өзінен бұрынғы ұстаздары Бердақ пен Абай идеяларымен ұштасып жатыр.

Бердақта:

Алтын әрбір айтқан сөзім,

Сөзім емес, ол бір өзім,- деп келсе, қазақтың ұлы ақыны Абайда:

Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,- деп жазылған.

«Қарақалпақ халқының құрамындағы қазақтың белді рулары үйсін, балғалы және қайшылы (жалайыр), қаңлы, қарамойын (қыпшақ), ашамайлы және шереуші (керей), бағаналы, терістамғалы, қара-керей және садыр (төртеуі де наймандар), байбақты, адай, сумұрын, беріш және таз (бесеуі де алшын)» [9, 27 б.].

«Өзімізден айрылған қарақалпақ деген ел бар. Ол тіпті қазақ атанған соң айрылған. Олар Сырдарияға барып, орнығып, бұрынғы сарт атанып тұрғандармен бірге сарт атанған» [10, 65 б.].

«Алпамыс батыр» дастаны – түркі халықтарының түп-төркіні бір екендігіне басты дәлелдердің бірі. Дастанның оқиға желісі Маңғыстаудан бастау алған. Дастанның оқиға желісі сәйкесінше Маңғыстауда өтті. Жырда аталған жер-су, тау, елді мекен атаулары Маңғыстауда әлі күнге дейін сақталған. Бұл жырды (дастандар мен ертегілер циклі) қазақтар мен қарақалпақтар «Алпамыс», өзбектер «Алпамыш», башқұрттар «Алпамыпыс мен барсын қылу», татарлар «Алпамша», «Алы манап» деп атайды. алтайлықтар, «Манасты» қырғыздар. Бұл эпостың барлық нұсқалары (оғыз, қоңырат, қыпшақ) олардың пайда болған уақытын көрсетпейді. Алайда жырдың Дешті Қыпшақ даласында пайда болып, дамығаны анық.

Әдебиет – тарих. Тарих – әдебиет. Өзге халық мәдениетіне үнілгіміз келсе, бірінші кезекте оның әдебиетіне зер салуымыз керек. Әдебиет арқылы ұлт мәдениетін, ұлт қаһармандары мен ұлт тарихын білеміз. Тереңірек үнілсек өз тарихымызбен ұқсастықтар табуымыз да

мүмкін. Ал, ұқсастық табатын болсақ, ағайын халық екеніміз белгілі болады. Осылайша, әдебиет кеңейеді, тарих та ашылады. Осы орайда қазақ-қарақалпақ арасындағы мәдени, әдеби байланыс толығып, зерттеле түсті. Қазақ пен қарақалпақ тек әдебиет шеңберінде ғана үндесіп қоймай, діни бағытта да байланыс тапқан халықтар. Сол себептен де біздің достығымыз нығайып, тарих пен әдебиетіміз толығып түспек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы: Қазақстан. 1996. – 256 б.
2. Егеубай А. Құлабыз. – Алматы: Санат, 1999. – 262б.
3. Валиханов Ч. Статьи и переписки. Алма-Ата, 1947.
4. М.Тынышбаев «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» Ташкент-1925
5. Ш.Құдайбердіұлы «Түрік, Қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» Орынбор-1911.

Жүсіпбек Аймауытов шығармаларындағы ұлттық дүниетаным

Сапина Гүлнар Калихановна

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ

***Аңдатпа.** Ж.Аймауытов кейіпкерлерінде қазақтың тұтас бір ұрпағы бойында қалыптасып келе жатқан азаматтық сана-сезімінің қыр-сырлары аңғарылады, бірақ сонымен қатар, оларда ұлттық мінез типтерін айқындайтын жеке, даралық ерекшеліктер де көптеп кездеседі. Автор реализмінің уағызшыл күші сондай – ол ұлттың санасы мен психологиясында қандай өзгерістер болып жатқанын, ұлттық сипат өзінің кең, жалпылама мағынасында тарих барысында қалай өзгеріп жатқанын көрсете білуінде.*

***Аннотация.** В образах Ж. Аймауытова прослеживаются тонкости гражданского сознания, формирующегося у целого поколения казахов, но в них также много личностных, индивидуалистических особенностей, определяющих национальные типы характера. Проповедническая сила авторского реализма также заключается в том, что он способен показать, какие изменения происходят в сознании и психологии нации, как национальный характер меняется в течение истории в ее широком, обобщенном смысле.*

Жүсіпбек Аймауытов – қоғамымыздағы таңғажайып құбылыс. Ол санқырлы дарын иесі: ақын, прозаик, драматург, сыншы, аудармашы, публицист, әнші, режиссер, осының бәріне қоса, ағаштан ою өнерінің шебері болған. Талантты қаламгер бола отырып, ол қазақ әдеби

жанрларының дамуына орасан зор үлес қосты. Ж.Аймауытовтың есімі ақталғаннан кейін қазақ әдебиеті айтарлықтай байыды. Бүгінгі таңда әдеби процестерді, оларда болып жатқан өзгерістерді тереңірек зерттеудің, көркем шығармалардағы белгілі бір тарихи жағдайды, сол кезеңнің әлеуметтік мәселелерін, батырлар бейнесін, олардың мінез-құлқы мен сөйлеу мәнерін ашудың әдіс-тәсілдерін қолдану ерекшеліктерін белгілеу, автордың поэтикалық жүйесінің ерекшеліктерін айқындау тұрғысынан зерттеудің жана мүмкіндіктері пайда болды.

Ж.Аймауытовтың көркем мұрасы тақырыбы жағынан да, жанрлық жағынан да алуан түрлі – бұл лирикалық шығармалар, әңгімелер, драмалық романдар және әдеби-көркем мақалалар мен публицистика. Оны фольклор қызықтырды, ол халық ауыз әдебиетін білді және зерттеді, айтыстарға қатысуды жақсы көрді. Фольклорға бет бұру Ж.Аймауытовқа қазақ халқының дүниетанымын, ой-өрісін, көңіл-күйін, адамгершілік идеяларын түсінуге, жеткізуге көп көмегін тигізді. Жазушы шығармашылығының тереңдігі мен оның ұлттылығы – шындықтың күрделі үдерістерін халық санасы тұрғысынан айшықтай білуінде. Жазушының фольклорға жүгінуі ол үшін ерекше маңызға ие болды: бұл оның халық тұрмысын өзгеше бейнелеуге құқығын растауға көмектесті және ұлттық дүниетанымды тереңірек ашуға өз септігін тигізді.

Аймауытов шындықтың нақты материалына сүйене отырып, дүниежүзілік маңызы бар проблемаларды, қоғам өміріндегі жақсылық пен зұлымдық арасындағы күрес мәселелерін, адамдардың ішкі болмысын, адам тұлғасын өмірлік тану, қасірет пен наразылық тақырыптарын алға тартып қамтыды. Жазушы өз дәуірінің өмірімен тығыз байланыста болды. Оның шығармаларының идеялары мен образдары нақты тарихи негізде туындады, олар қазақ халқының рухани өмірінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бірақ көрнекті жазушының әлеуметтілігі жергілікті сипаттың шеңбері мен белгілі бір уақыттың ерекшелігімен ғана шектелмейді. Суреткердің шығармашылық көкжиегі неғұрлым кең болса, ол белгілі бір тарихи шындықтың тенденцияларын терең ашады, оның болашақпен байланысы соғұрлым тығыз болады. Аймауытов нақты құбылыстар мен процестерді жинақтай отырып, үлкен шындыққа ұмтылды. Аймауытовтағы қаһарманның барлық объективті қасиеттері, оның әлеуметтік жағдайы, типтік қасиеті, психикалық бітім-болмысы, келбеті кейіпкердің өзінің бейнелеу объектісіне, өзіндік санасының субъектісіне айналады. Автор өзіне «бір маңызды қасиет қалдырмайды, ол бәрін кейіпкердің көкжиегінен көреді, оны өз санасының ортасына тастайды. Бұл таза өзіндік сана тұтастай автордың көкжиегінде көзқарас пен бейненің объектісі ретінде қалады. Осы жерден біз оның кім екенін емес, өзін қалай жүзеге асыратынын көреміз, біздің көркемдік көзқарасымыз оның осы шындықты танудың таза функциясына тап болады. Өзін-өзі тану процесіне кейіпкердің өзі ғана емес, оны қоршаған сыртқы дүние де қатысады, авторлық көкжиектен кейіпкер көкжиегіне ауысады».

Ж.Аймауытов кейіпкерлерінде қазақтың тұтас бір ұрпағы бойында қалыптасып келе жатқан азаматтық сана-сезімінің қыр-сырлары аңғарылады, бірақ сонымен қатар, оларда ұлттық мінез типтерін айқындайтын жеке, даралық ерекшеліктер де көптеп кездеседі.

Ұлттық мінез нақты бір образға қатысты – бұл, біріншіден, адам, жеке тұлға, - және осында әлеуметтік ұстаным шешуші дауыс құқығына ие болады. Автор реализмінің уағызшыл күші сондай – ол ұлттың санасы мен психологиясында қандай өзгерістер болып жатқанын, ұлттық сипат өзінің кең, жалпылама мағынасында тарих барысында қалай өзгеріп жатқанын көрсете білуінде. Ұлттық сипат образ жасауда белгілі бір априорлы міндеттілік пен жалпыға бірдей толықтықты талап етсе, соңғы кезде ол дараланған нақтылық болып табылады. Сондықтан кейіпкердің ұлттық қасиеті туралы сөз қозғасақ, дұрыс болады. Бұл мағынада, бірақ тек осы тұрғыдан алғанда ғана, әрбір кейіпкер бір адам сияқты, ұлттық мінез-құлықпен байланысты, оның кейбір белгілерін сол немесе басқа формада бейнелейді, бірақ оның барлық толықтығын қамти алмайды.

Кейіпкердің мінезі ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр негізінде қалыптасып, адамның айналадағы дүниені бағдарлау қабілетіне қарай қалыптасады. Аймауытов қаһармандарының ерекшеліктерінде де, қоршаған дүниені суреттеуде де ұлттық қасиеттерді жаңғыртады. Жазушы қаһарман тұлғасын шынайы суреттеген кезде ұлттық дүниетаным көрініс табады. Сонымен бірге ұлттық ұстаным, ұлттық мінез ерекшеліктерін ол өзгермейтін, мәңгілік нәрсе ретінде қарастырмайды; ол үшін ұлт – әлеуметтік-тарихи категория.

Жүсіпбек Аймауытовтың классикалық әңгімелерінің бірі – ол «Әнші» атты әңгімесі. Бұл әңгіменің басты кейіпкері – Әмірқан. Әмірқанның прототипі – қазақтың жезтаңдай әншісі, тума талант – Әміре Қашаубаев. Ол 1925 ж. Парижде өткен дүниежүзілік этнографиялық концертте бүкіл әлем жұртшылығына қазақ ән өнерінің құдіретін мойындатқан тарланбоз әнші.

Әміре Қашаубаев – тарихи тұлға. Қазақтың вокалдық, орындаушылық өнерін бүкіл әлемге танытты. Әміре өз даласын, халқын білген. Бұл нағыз халық әншісі еді. Ол қазақ халқының ән байлығын түгел игеріп, осы байлықты бүгінгі күнге дейін жеткізе білді.

Қазақстан композиторлар одағының төрағасы Балнұр Қыдырбек Әміре Қашаубаевтың даусы зор, мықты болғанын атап өтті.

«Диапазоны өте мықты, дауысы зор әнші еді. Оның дауысы 2,5 октава. Бұл екі адамның даусы бар деген сөз. Яғни, бір жағынан жоғары лирикалық тенор болса, ал төменгі жағынан драматикалық баритон бар сияқты», - дейді ол.

Ал тарихшы, зерттеуші Жарқын Шәкәрім Әміре Қашаубаев «бір әнді бір ғана деммен айтатын» деген деректі мысалға келтіреді.

«Әміре бір әнді бастаса, аяғына дейін бір ғана деммен айтып шығатын деген деректер бар. Себебі, оның оң жақ алқымында өкпенің тұсында

дауыс сақтайтын қалтасы бар екен. Ол соған ауаны толтырып, бір деммен ән айтқан көрінеді», - дейді ол.

Қазақ әні – халық даналығының сарқылмас қазынасы. Ол еңбек қызметінің сан алуан қырларын, тарихи оқиғаларды, ең нәзік рухани тәжірибелерді көрсетеді. Сонымен қатар қазақ халқының болмысын, ерекшелігін айқындай түседі. Қазақтың халық өнерінде лирикалық әндер ерекше орын алады. Олар Отанға, табиғатқа, адамға деген сүйіспеншіліктің тамаша сезіміне арналған. Олар әрқашан сазды, әуенді, қарапайым және орындауға қолжетімді. Қазақ әндерін Әміре Қашаубаев шетелге танытты.

...«Әмірқан шығысымен шапалақ шартылдады. Өзге шығушылардан Әмірқанның киімі де, түрі де, жүріс-тұрысы да жат еді, қазақтың еркіндігін еске түсіруші еді» -деп жазған Жүсіпбек Аймауытов өз әңгімесінде. Міне, осы үзіндінің өзінде автор қазақ халқының ерекшелігін, даралығын көрсетіп отыр. Әмірқанның ұлттық нақыштағы киген киімінің өзі көрерменге зор әсер етті.

...Домбырасын күйлеп, екпіндетіп бір-екі сарындатып алды да, айқайға басты.

Зал тым-тырыс болды...

Топ көргенде Әмірқан аруақтанып, көтеріліп кетеді екен. Бұрынғы дауысы астар болмай қалды. Зал жаңғырып, күңгірлеп кетті.

Сұңқылдаған көмейі

Сыбызғының үніндей;

Ескектеген толқыны

«Бозайғырдың» күйіндей;

Аспандап соққан айғайы

Алтайдың асқар тауындай;

Желпілдеткен түндікті

Күздігүнгі дауылдай;

Төмендете сорғалап,

Тас бұлақтың суындай;

Әсем, әсем нақысы

Айдынның сұлу қуындай;

Қалықтатып созғаны

Сарыарқаның беліндей,

Жаяулатса, баяулап,

Арқаның қоңыр желіндей;

Тамылжытып, сынықсып,

Жаңа түскен келіндей;

Қалың қазақ даласын

Әнімен залға сыйғызды,

Дауысын көпке сүйгізді,

Шапалақ та шапалақ...

Пәле шіркін! Бис-бис...

Тағы да шық, тағы да!..

Тағы шықты Әмірқан.

Бұ жолы Әмірқан басқа әнге салды.

Әңгіменің негізгі тақырыбы – өнер, музыка тақырыбы. Ал осы тақырыпта бұл әңгіменің негізгі мәселесі жасырылған. Бұл әннің, музыканың адам жан дүниесіне әсері. Өйткені Әмірқан ән айта бастағанда, оның таза, керемет дауысы жан дүниеміздің терең сезімдерін оятады.

Оқырманға жазушы сұлулық пен қарапайымның арасында шекара бар деген ойын жеткізгісі келген. Бұл тыңдарманның ішкі сезімдерін оята білген Әмірқанның ән айтуымен айқындалады. Бұл жай ғана қойылым емес, шынында да өте әдемі, ақынжанды.

Жүсіпбек Аймауытов өз шығармасында қазақ адамы туралы бар шындықты ашқысы келді, сондай-ақ оның қалай өмір сүріп, тыныс алатынын айтқысы келді. Қазақ даласында, қазақ тұрмысында көптеген өзгерістер болып жатса да, ол қазақ халқының өз салт-дәстүрін ұмытпағанын көрсеткісі келді. Мысалы, Әмірқанның әндерін киелі қазақтың домбырасымен сүйемелдеуі. Әмірқан Еуропаға тек қана қазақтың әнін ғана емес, киелі домбырасын да паш етті. Домбыра – қазақ халқы болғаннан бері келе жатқан көне музыкалық аспап. Домбыра қазақтың қайғысын да, қуанышын да бірге бөлісетін жан досы болған және бола да бермек. Еуропалықтардың таңқалғаны: қалай ғана екі ішекті аспап сондай дыбыс шығарады?

Ж. Аймауытовтың өмір шындығын көркем шығармаға айналдырудағы, кейіпкер сомдаудағы қолтаңбасы мен көзқарасын саралап шықтық.. Өлеңдері мен әңгімелерінің тақырыптық-идеялық бағыт-бағдары мен жанрлық, сюжеттік, композициялық құрылымын ұлттық дүниетаным тұрғысынан қарастырып, ұлтымыздың ерекшеліктерін анық көрдік.

Ұлттық тұрмысты, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, тарихты, тілді, өзіндік сана-сезім мен ұлттың өзін-өзі анықтауын зерттеу тұрғысынан Ж.Аймауытовтың шығармашылық мұрасының маңызы өте зор және ол өзі - бөлек бір дүние екеніне көзіміз жетті. Сондықтан Аймауытовтың шығармасының тілін зерттеу - тілді зерделеу үшін өте бай азық. Оның грамматикалық және лексикалық құрылысы, сөз құрылысы, синтаксистік және стилистикалық ерекшеліктерін зерттей отырып, тіл байлығы мен тереңдігіне таң қаламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Шұғыла шашқан үш тұлға // Оңтүстік Қазақстан. - 1989. - 15 февр. М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытовтар туралы.

2. Тұрысбеков Р. Шығарма шырайы - шындық // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 1991. - № 4. - 61-66 б. "Күнікейдің жазығы" повесінің көркемдік әлемі туралы.
3. Тәжібаев Ә. Жүсіпбек Аймауытов // Тәжібаев Ә. Есімдегілер. - Алматы, 1993. - 336-339 б.
4. Смайылов А. Жүсіпбек Аймауытов // Арай. - 1989. -№ 12. - 21-22 б.
5. Жұматаева Е. Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесінің теориясы : монография. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ,2002. – 243 б.
6. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы: Ана тілі, 1993ж.-182 бет

Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек (Өмірі мен қаламгерлік қызметі): көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 1997. - 224 б.

TARİHİ COĞRAFYA PERSPEKTİFİNDEN ORTAÇAĞDA BİR GEZGİN: MARCO POLO

*Hüseyin MERTOL

Doç. Dr.PhD Tokat Gaziosmanpaşa Üniversitesi

Huseyin Melih OZDEMİR¹

Assist.prof., Dr.PhD İstanbul Marmara Üniversitesi

Berna ARIKAN²

Yüksek Lisans Öğrencisi, Tokat Gaziosmanpaşa Üniversitesi

Bibigül AKŞULAKOVA³

Doktora öğrencisi, Pavlodar Pedagoji Üniversitesi

ÖZ

Marco Polo 1254-1324 yılları arasında yaşamış bir İtalyan gezgindir. Babası Nicolo Polo ve Maffeo Polo 13. yüzyılın ikinci yarısında Asya Kıtası'nın içlerine doğru bir seyahat düzenlemişler ve Kubilay Han'ın huzuruna kadar çıkmışlardır. Kubilay Han'ın kendi dinlerini tanıttacak din adamları getirmeleri talebi üzerine Papa'nın huzuruna geri dönmüşlerdir. İkinci seferlerine çıktıklarında bu sefer Marco Polo'da kendilerine eşlik etmiştir. 24 yıl süren Asya yolculuğu sonunda Orta Çağ Hristiyan gezginlerin en deneyimli, verimli ve etkili olarak tanımlanmaktadır. Marco Polo, İpek Yolu'nu izleyerek Orta Doğu, Ermenistan, Gürcistan, Anadolu ve İran üzerinden Türkistan, Hindistan ve Çin'e kadar uzanan seyahatini anlatan seyahatnamesi ile Avrupalıların Asya kültürüne ilgi duymalarını sağlamıştır. Bunun yanı sıra Avrupalıların barut, kömür, matbaa, kağıt para ve pusula ile tanışmasını sağlamıştır. Ayrıca eserinde yer alan bilgiler, harita oluşturmak amacıyla ve deniz yolculuklarında kullanılmıştır. Bu araştırmanın amacı, bir gezgin olarak çok önemli eserler bırakan Marco Polo'nun coğrafya ve tarih bilimlerine katkısını incelemektir.

Anahtar Kelimeler: Marco Polo, Seyahatname, Tarihi Coğrafya, Coğrafi Perspektif

ABSTRACT

Marco Polo was an Italian traveler who lived between 1254-1324. In the second half of the 13th century, his father Nicolo Polo and Maffeo Polo organized a journey to the interior of the Asian continent and went as far as Kublai Khan. Upon Kublai Khan's request to bring clergymen to promote their religion, they returned to the Pope. When they embarked on their second expedition, Marco Polo accompanied them this time. At the end of his 24-year journey in Asia, he is described as the most experienced, efficient and influential Christian traveler of the Middle Ages. Marco Polo made

Europeans interested in Asian culture with his travelogue describing his journey through the Middle East, Armenia, Georgia, Anatolia and Iran to Turkestan, India and China following the Silk Road. In addition, he introduced Europeans to gunpowder, coal, printing press, paper money and compass. In addition, the information contained in his work was used to create maps and for sea voyages. The aim of this study is to examine the contribution of Marco Polo, who left very important works as a traveler, to geography and history sciences.

Key Words: Marco Polo, Travelogue, Historical Geography, Geographical Perspective

Giriş

Tarih ve coğrafya disiplinleri eski dönemlerden beri var olan ve önemlerini günümüzde de devam ettiren bilim dallarıdır. Tarih bilimi geçmiş kültürel konular üzerinde yoğunlaşırken, coğrafya güncel kültürel konular üzerinde yoğunlaşmıştır. Bu durumda coğrafya kültürel konulara tarihi derinlikten uzak yaklaşırken tarih bilimi ise genel olarak mekânsallıktan uzak bir yaklaşım göstermektedir. Tarihi coğrafya sahip olduğu geniş bakış açısı ile önemini ortaya koymaktadır (Gümüşçü, 2018:99).

Coğrafya'nın ortaya çıkışı Eskiçağ'a kadar dayanmaktadır. Adı, önemi ve sahip olduğu özellikleri günümüze kadar muhafaza etmeyi başarmıştır (Tümertekin, 2009:95). Tarihi coğrafya araştırmaları her ne kadar ele alan araştırmacılar tarafından tarihi coğrafya adında sınıflandırılmış olmasalar da İlkçağ'a kadar uzanmaktadır. Örneğin; Herodotos'un MÖ. 5. yüzyılda Nil Nehri'nin oluşumu üzerine yazdığı yazılar tarihi coğrafyanın ilk örnekleri sayılabilmektedir (Yiğit, 2013:1). Tarihi coğrafya, Avrupa'yı etkisi altına alan ve birçok bilimin çağına göre daha modernize hâle gelmeye başladığı Aydınlanma Çağı'nda ortaya çıkmıştır. O dönemde hemen her bilim dalı gibi coğrafi yaklaşımlarda da daha modern anlayışa geçilmiştir. XVIII. yüzyıl başlarında Edward Wells öncülüğünde "historical geography" adı altında tarihi coğrafya araştırmaları gerçekleştirilmeye başlanmıştır (Gümüşçü, 2018:101-Gümüşçü,2014:251).

Seyahatnameler tarihi coğrafya çalışmaları için önemli tarihi kaynaklardır. Araştırmalara sağladığı fayda bakımından sadece tarihi coğrafya ile sınırlandırmak doğru değildir. Şayet seyahatname yazarının ilgi ve gözlemlerine dayalı olarak birçok bilim dalı için de kaynaklık etmektedirler. Geçmişe dair gerçekleştirilen araştırmalarda seyahatnamelerin yeri ayrıdır. Seyyahlar seyahat ettikleri alanlara ve kültüre yabancı olmaları sebebiyle dışarıdan bir göz olarak çok daha farklı bakmışlar ve yorumlamışlardır (Gümüşçü, 2010:288).

Marco Polo, 1254 yılında İtalya'nın Venedik şehrinde doğmuştur. Gezgin olmasında ailesinin etkisi büyüktür. Babası Nicolo ve amcası Maffeo da gezgin olup 1260 yılında Venedik'ten o zamanki adı

Konstantinopolis olan İstanbul'a gelerek tüccarlık yapmıştır. Sonra Volga nehri üzerinden geçip Rusya'nın güneyine, oradan da Moğol İmparatorluğuna gitmişlerdir. Marco Polo'nun babası ve amcası Çin'e giden ilk Avrupalılardır (Tural, 2015). Polo kardeşleri kabul eden Moğol Hanı Kubilay, Avrupa prensleri ve Hristiyanlık inançları konularında merak ettiği soruları sormuş, Hristiyanlık ile ilgili bilgi vermek üzere yüz bilgili din adamı göndermesini Papa'ya iletme üzere onları görevlendirmiştir (Rugoft, 2003; Şatıroğlu, 2000). Ayrıca Hristiyan olan ölmüş annesi için Kudüs'teki İsa'nın kabrinde bulunan kandilden kutsal yağ getirmelerini istemiştir (Cebeci, 2019).

Kubilay Han, Polo kardeşlere üzerinde "Ebedi cennetin gücü, kutsal hanın adıyla; ona hürmet etmeyen her kimse öldürülür." yazan altın bir tablet vererek yolculuk boyunca güvende olmalarını sağlamıştır (Rugoft, 2003). Kubilay Han'ın verdiği görevi yerine getirmek üzere 1269 yılında Venedik'e dönen Polo kardeşler, 1271'de Marco ile birlikte Çin yolculuğuna çıkmışlardır. Moğol Hanı Kubilay'ın güvenini kazanan Marco Polo, 17 yıl boyunca Kubilay Han'ın hizmetinde bulunmuştur (Barthold, 2000).

Marco Polo'nun İpek Yolu'nu izleyerek Orta Doğu, Ermenistan, Gürcistan, Anadolu ve İran üzerinden Türkistan, Hindistan ve Çin'e kadar uzanan seyahati Avrupalıların Asya kültürüne ilgi duymalarını sağlamıştır (Kocal, 2021). Batı dünyası için gizemli bir yer olan Uzak Doğu ve Çin'i Avrupa'ya tanıtan, Marco Polo'nun Kubilay Han'ın güvencesinde yaptığı seyahat sonunda yazdığı seyahatnamesi olmuştur (Yıldırım, 2014). Güçlü gözlemlerine dayanan, detaylı ve zengin tasvirler içeren seyahatnamesi Ortaçağ'daki Doğu kültürüne ilişkin çok önemli bir kaynak olmasının yanı sıra Christopher Columbus başta olmak üzere birçok kâşifin yolculuğuna da esin kaynağı olmuştur.


Marco Polo'nun Yolculuğu

13. yüzyıla kadar Avrupa toplumlarının yaşantısı dış dünyadan daha izole bir şekilde devam etmekteydi. Sahip oldukları sınırların dışı hakkında edinmiş oldukları bilgi oldukça kısıtlıydı. Dış dünyaya dair sahip oldukları bilginin artışı XV ve XVI. yüzyıllar arasında gerçekleştirilen keşifler ile olmuştur. XVI. yüzyıla kadar edindikleri bilgilerin kaynakları ise daha çok mitler ve bazı seyyahların hazırladığı seyahatnamelerdir. Bu seyahatnameler içerisinde ise en kapsamlısı Marco Polo'nun sunduğu geziler kitabıdır (Şatıroğlu, 2000:35).

Ortaçağda Avrupa'dan Çin'e seyahat etmek maddi açıdan zorlukların yanı sıra yolculuk sırasında olası tehlikeler nedeniyle zengin tüccarların dahi gözünü korkutuyordu (Tural, 2015). Yuan Hanedanı Kubilay Han tarafından güvenliğin sağlanmasından sonra uzun yolculukların yapılması kolaylaşmıştır. Rugoft (2003) Ortaçağda Avrupa'ya kıyaslandığında daha zengin ve gelişmiş bir medeniyete sahip olan Moğolların savaşçı olmalarına karşın yabancılara hoşgörülü davrandıklarını belirtmektedir. Marco Polo'nun babası ve amcası, ilk tanışmalarında Kubilay Han'ın istediği Hristiyanlık hakkında

bilgi vermesi için Papa IX. Gregoire tarafından görevlendirilen iki misyoneri (keşiş) ve genç Marco Polo'yu da alarak tekrar Çin'e gitmek üzere yola koyuldular. Kubilay Han aslında yüz bilgili din adamı talep etmesine karşın bu görev için ancak iki misyoner bulunabilmişti. Dahası Ayas (Layazzo) limanından Anadolu'ya geçtikten sonra misyonerler bu uzun ve tehlikeli yolculuktan vazgeçerek geri döndüler (Şatıroğlu, 2000).

Polo (2003) görevlendirilen iki keşişin can korkusuna kapılarak geri döndüklerini, kendisinin ise babası ve amcası ile birlikte hiçbir tehlike ve güçlükten yılmayarak yolculuğa devam ettiğini belirtmektedir. İpek Yolu'nu izleyerek Orta Doğu, Ermenistan, Gürcistan, Anadolu ve İran üzerinden Türkistan, Hindistan ve Çin'e gitmişlerdir (Görsel:1).



Görsel 1: Marco Polo'nun seyahatlerinin güzergahını gösteren harita (Kaynak: Oğuz, 2020: 31)

Kubilay Han, Marco Polo ile babası ve amcasını yazlık sarayında misafir etmiştir (Toprak, 2019). Güvenini kazandığı Kubilay Han tarafından resmi olarak görevlendirilen Marco Polo, hem Çin'in birçok yerine hem de Hindistan'a gönderilmiştir (Nasıroğlu, 2010). Böylece yaşadığı dönemde çok az Avrupalının görme şansına sahip olduğu Asya'yı gezmiş, farklı kültürleri görmüş ve henüz Avrupalıların hayatında olmayan barut, kömür, matbaa, kağıt para ve pusula ile tanışmıştır. Moğolların baharat, ipek, kıymetli taş ve inci ticareti yaparken, altın ve gümüş yerine üzerinde

imparatorluğun mührü bulunan “chao” adı verilen kağıt paraları kullandıklarından bahsetmektedir. Yavuz (2020) Marco Polo'nun Çin'de gördüğü baskı makinesinin modelini Avrupa'ya döndüğünde resmetmesinin 1450 yılında Gutenberg'in icadında etkili olduğunu belirtmektedir.

Marco Polo'nun Seyahatnamesi

Marco Polo, henüz 17 yaşında iken çıktığı Asya gezisinden 1295 yılında döndüğünde 41 yaşına gelmiştir. Venedik'e döndükten sonra, Venedik ile Cenova arasındaki savaşa gemi kaptanı olarak katılmış ve Cenevizliler'e esir düşmüştür. Yaklaşık üç yıl savaş esiri olarak tutuklu kaldığı Cenova Hapishanesi'nde Rusticiano adındaki Pisa'lı yazarla tanışmıştır (Kurt & İspir, 2014; Rugoft, 2003). Asya seyahati sırasında gördüklerini ve başından geçen anıları anlattığı Rusticiano da okuyucuların ilgisini çekeceğini düşündüğü bu seyahat anılarını yazarak kitaplaştırmıştır. Eserde Asya kültürü, yaşam tarzı ve yetiştirilen ürünler ile ilgili detaylı bilgiler yer almaktadır (Ersoy vd., 2020). Daha sonra Venedik'te matbaanın kurulması ile basılarak çoğaltılmıştır. Ayrıca kitaba eklenen minyatür çizimler de oldukça dikkat çekicidir. Ancak daha sonra esere ait 120 nüsha ortaya çıkmıştır. Bunların içerisinde sonradan eklendiği anlaşılan farklı içerikler bulunmakta olup Marco Polo'nun anlatısına dayanarak yazılan orijinal nüshanın hangisi olduğunu belirlemek mümkün değildir (Jacoby 2006:193).

Polo'nun seyahatnamesi 1298 yılında Fransızca ve İtalyancanın karışımı olan bir Ortaçağ dilinde yazılmıştır. Fransızca “Livre des Merveilles du Monde” (Dünyanın Harikuladelikleri Kitabı), İtalyanca “Il Milione” (Milyon) ve İngilizce “Description of the World” (Dünyanın Tarifi) adıyla yayımlanmıştır (Soydaş, 2016). Türkçe'ye ise “Dünyanın hikaye edilişi” şeklinde tercüme edilmiş ve iki cilt halinde basılmıştır (Polo, 2003, 2004).

1299'da Cenova ve Venedik arasında ateşkes imzalanması ile serbest kalan Marco Polo'nun eserinde anlattıkları Avrupalılara inandırıcı gelmemiş ve “Il Milione” yani “Milyon tane yalan” şeklinde adlandırılmıştır. O zamana kadar kimsenin gitmeye cesaret edemediği Uzakdoğu ve Doğu Asya'nın gizemli dünyasını anlatan bu eser önceleri bir hayal ürünü zannedilmiştir. Wood (1995) bazı konularda oldukça detaylı açıklamalar yapmasına karşın, Çin Seddi, çay geleneği, Çinli kadınların ayaklarının küçük olması için ayaklarını bağlamaları gibi ilginç özelliklerden hiç bahsetmemesinden yola çıkarak, Marco Polo'nun Çin'e gitmemiş olabileceğini iddia etmektedir. Rugoft (2003) ise Marco'nun ölüm döşeğindeyken günah çıkartması için gelen rahibin anlattıklarının yalan olduğunu ima etmesine karşılık, insanların inanmayacaklarını düşünerek, gördüklerinin yarısını anlatmadığını söylediğini belirtmektedir. Daha sonra coğrafi, tarihi, sosyal ve kültürel açılarından araştıran çalışmalar sonucunda eserde yer alan bilgilerin doğruluğu teyit edilmiştir (Ersoy vd., 2020; Haw, 2006; Rossabi, 2014; Vogel, 2012). Ortaçağ dönemini anlatan batı, Çin, Arap ve Fars kaynaklarındaki Yuan Hanedanlığındaki ticaret, vergi, kağıt para ve tuz üretimi ile ilgili bilgileri karşılaştıran Vogel (2012) Marco Polo'nun eserinin hayal ürünü olmadığı sonucuna ulaşmıştır. Rossabi (2014) de benzer şekilde

kağıt para ve kömür kullanımına ilişkin bilgilerin o döneme ait Çin kaynaklarında yer aldığını belirtmektedir. Bu bağlamda eserin değeri sonradan anlaşılmış ve pek çok kişiyi etkisi altına almıştır (Doğan, 2016). Eserde Cengiz Han'ın torunu olan Kubilay Han'ın yaşamı ve mücadelesi ayrıntılı olarak yer almaktadır. "Dünyanın tüm büyük hükümdarları bir araya gelse bile, Büyük Han'ın zenginliklerine ulaşamazlar" sözüyle Kubilay Han'a olan hayranlığını ifade etmektedir (Cavallo, 2015).

Gümüşçü (2010) yabancı gezginler tarafından yazılan seyahatnamelerin, o topraklarda yaşayan insanların dikkat etmedikleri özellikleri içermesi bakımından önemli kaynaklar olduğunu belirtmektedir. Bu bağlamda Marco Polo'nun seyahatnamesi, sadece yazıldığı Ortaçağ döneminde Avrupalıların Doğu'ya ilişkin bilgi edinmelerini sağlamakla kalmamış, günümüzde de Ortaçağ dönemindeki Doğu hakkındaki yazılı kaynakların en önemlilerinden biri olma özelliğini korumaktadır (Baydar, 2012). Eserin birçok dile çevrilerek günümüze kadar gelmesi ve geniş bir okuyucu kitlesine ulaşması bunun göstergesidir.

Marco Polo Seyahatnamesinde Coğrafi Bilgiler

Marco Polo seyahati boyunca yerinde gerçekleştirmiş olduğu gözlemler sonucunda seyahatnamesinde o döneme dair önemli coğrafi bilgiler sunmuştur. Bu bilgiler; klimatoloji, jeomorfoloji, nüfus coğrafyası, ticari coğrafya, idari coğrafya, tarım ve hayvancılık vb birçok alanı kapsamaktadır. Anlatmış olduğu dönemden günümüze değişimi anlamak ve gözlemek adına vermiş olduğu bilgiler oldukça kıymetlidir.

Marco Polo 13. yüzyıl şartlarında Avrupa şartlarına görece daha zengin ve bol kaynaklara sahip Asya topluluklarını gördükçe hayran kalmıştır. Anadolu topraklarından geçerken; "Türkiye'de üç grup yaşamaktadır. Bunlardan ilki Türkmenler ve genellikle dağlık ve ovalık sahalarda yaşamaktadırlar. Temel geçim kaynakları tarım ve hayvancılıktır. Çok iyi atlar ve besili sığırlar yetiştirmektedirler. Yaşayan diğer iki grup ise Ermeniler ve Yunanlardır. Onların yaşam alanları daha çok kasaba ve şehirlerdir. Ekonomik uğraş alanları ticaret ve zanaatçılıktır. Dünyanın en iyi halıları burada dokunmaktadır" demiştir (Polo, 2021a:6-Polo, 2021b:50-Polo,2020:19- Polo:2019:67-68).

Ermenistan'ın güney doğu sınırlarını oluşturan Moksul (Musul) Krallığı sahip olduğu toprakların genişliği ve üzerinde yaşayan çeşitli insanların varlığı ile kıymetlidir. Burada değerli ürünler alınıp satılmaktadır. Özellikle dünyada tanınmış olan "müslin" kumaşları için tacirler uzak yollardan gelmektedirler. Musul'un kuzeyinde Muş ve Mardin adında iki şehir vardır. Yetiştirdikleri pamuk oldukça kaliteli, pamuklu dokumada oldukça ileri düzeydedir. Dolayısıyla birçok ülkede pamuklu dokumaları oldukça meşhurdur. Halk el sanatlarında ustalaşmış ve büyük bir kısmı tüccar veya zanaatçıdır. Baldak'ta (Bağdat) şehrin ortasında büyük bir nehir geçmekte Basra Körfezi'ne

dökülmektedir. Şehre mal almaya gelen tüccarlar bu nehir vasıtasıyla Basra Körfezi'ne taşımaktadırlar. Körfezden gemilere yüklenip gidecekleri yerlere ulaşımı sağlanmaktadır. Bağdat doğudan gelen değerli taşların işlendiği önemli bir merkezdir. Bilhassa Uzak Doğu'nun değerli incileri burada işlem görmektedir (Polo, 2021a:11).

Seyahatin ilerleyen rotasında günümüz İran sınırlarında bulunan Tebriz şehrinden bahsedilmektedir. Dönem şartlarında Tebriz'in Irak sınırında yer aldığı anlaşılmaktadır. Marco Polo burada şehirlerin sayısal çokluğundan ve nüfus bilgilerinden bahsetmiştir. Hırak (Irak) eyaletinde çok fazla şehir yer almaktadır. Bunların arasında nüfus ve gelişmişlik açısından en büyüğü Tauris (Tebriz)'dir. Halkın büyük kesimi ticaret ve zanaat ile yaşamını idame ettirmektedir. Dokumacılık faaliyetleri altın ile kumaş dokuma şeklinde yapılmaktadır ve ipekli kumaşları oldukça meşhurdur. Şehrin coğrafi konumu

öylesine elverişli bir konumdadır ki buraya Baldak (Bağdat), Moksul (Musul), Kremessor (Hürmüz), Hindistan ve Hristiyan ülkelerden tüccarlar sıklıkla gelir ve alışveriş yaparlar (Polo,2021b:62- Polo, 2021a:14-Polo, 2020:25- Polo, 2019:77-78).

Marco Polo seyahatinde sadece insanların sahip oldukları maddi varlıklar veya yaşayış biçimleri hakkında bilgi vermekle kalmamıştır. Aynı zamanda insanların yaşamış oldukları mekânların fiziki coğrafya özellikleri ve dönemin siyasi sınırları hakkında da bilgiler vermiştir. Asya kıtası iç kesimlerine doğru ilerlerken Gürcistan toprakları üzerinden de geçmiştir. Gürcistan hakkında; “Zorzania (Gürcistan) bir tarafı deniz diğer tarafı dağlık sahadır. Ülke iki deniz arasında yer almaktadır. Batısında Büyük Deniz (Karadeniz), doğusunda ise Abakku (Hazar Denizi) bulunmaktadır. Etrafı yüksek dağlarla çevrili olan bu su kütlesi aslında denizden farksız bir göldür. Bu gölün üzerinde birçok ada bulunmaktadır ve üzerinde meskûn köyler ve kasabalar vardır. Hazar Gölü'nün bir kıyısından diğerine yaklaşık 12 günde gidilmektedir şeklinde bahsetmiştir (Polo,2021a:10-Polo,2021b:53-54, Polo, 2020:21-Polo, 2019:72). Abakku Denizi'ne (Hazar Gölü) Herdil (Volga), Geihon (Amuderya) Kur (Kura) ve Araz (Aras) nehirleri dökülmektedir (Polo, 2021b: 55).

Seyahati güzergahında geçmiş olduğu şehirlerin jeomorfolojik yapılarına da değinmiştir. Kirman'dan yola çıkan bir yolcu en az 7 gün boyunca bir ovada seyahat edecektir. Bu ova hafif dağlıktır ve birkaç sulak alana da denk gelebilirsiniz. Rudhbar'dan geçerken oldukça dağlık bir alan olduğu görülmektedir. Deniz seviyesinden yaklaşık olarak 1500 metre yüksekliğe sahiptir. Ovalık alanlarda mevcuttur. Ancak bu ovalar da yüksekte yer almaktadır. Rudhbar şehrinden çıktıktan sonra yine hafif dağlık bir bölge ile karşılaşmaktadır (Polo, 2021a:20-23).

